ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ТАРИХ ФАКУЛЬТЕТІ

*Қ.Қ.ҚҰНАПИНА*

# Мамандығым - мұғалім

(жоғары оқу орындарының студенттері мен орта мектеп мұғалімдеріне арналған оқу-әдістемелік құрал)

**Алматы 2011**

**УДК 371**
**ББК 74.20**
**Қ76**

Тарих факультетінің Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды
№6 хаттама, 21.06.2011 жыл

**Пікір жазғандар:**

**Ә.Т.Төлебаев,** тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры.

**А.Сәденова,** жоғары санатты тарих пәнінің мұғалімі, Алматы қаласы, №161 мектеп-гимназия.

**Ж.Имашева,** Алматы облыстық мамандар кәсіби дамыту институтының қоғамдық-гуманитарлық пәндер кабинетінің меңгерушісі.

**М.Өскенбай,** «Қазақ тарихы» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналының әдістеме бөлімінің редакторы.

**ISBN 978-601-247-225-7**

Автор 40 жылға жуық орта мектепте, Білім департаментінде, ЖОО-да ұстаздық қызмет атқарған, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.

Автордың бұл еңбегі — ұзақ жылғы іс-тәжірибе нәтижесі. Оқу-әдістемелік құралда орта мектептегі оқу-тәрбие үдерісінде күнделікті кездесетін жоспарлардың түрлері, пән кабинеті, сабақты өткізу әдістері, сабақты талдау түрлері, әртүрлі жадынамалар, жиі кездесетін термин сөздерге түсініктемелер берілген. Сонымен қатар, жалпы тарих пәнінің мұғалімдерінің теориялық дайындығы үшін тест сұрақтары, ЖОО-дағы студенттердің тарихты оқыту әдістемесі пәні бойынша сұрақтар және мектепте өтетін педагогикалық практика жөнінде мағлұмат берілген.

Кітап ұстаздарға, студенттер мен жалпы оқырмандарға арналған.

**ISBN 978-601-247-225-7** **© Құнапина Қ.Қ., 2011**

# МАЗМҰНЫ


**АЛҒЫ СӨЗ**.................................................................................4

**I-ТАРАУ. ҰСТАЗ — ҰЛЫ ТҰЛҒА**...........................................11
**II-ТАРАУ. МҰҒАЛІМ ЖҰМЫСЫ НЕДЕН БАСТАЛАДЫ?**..20
Күнтізбелік жоспар...................................................................21
Факультатив сабақ жоспары .....................................................24
Мектептегі үйірме сабақтары....................................................36
Тарих апталығының жоспары....................................................42
Кафедра жоспары.......................................................................47
Өзіндік білім көтеру жоспары....................................................76
**III-ТАРАУ. ПӘН КАБИНЕТІ**....................................................78
Паспорты ...................................................................................79
Көрнекі құралдар.......................................................................97
**IV-ТАРАУ. САБАҚ**...............................................................103
Сабаққа қойылатын талаптар..................................................104
Сабақты өткізу әдістері............................................................115
Сабақ жоспары..........................................................................121
Сабақ үлгілері...........................................................................132
**V-ТАРАУ. САБАҚТЫ БАҒАЛАУ, ТАЛДАУ ШАРТТАРЫ**.163
**VI-ТАРАУ. МҰҒАЛІМГЕ КӨМЕК**.........................................185
Жадынамалар...........................................................................186
**VII-ТАРАУ. ЖАС МАМАН БІЛУГЕ ТИІСТІ** ..........................208
Бүгінгі студент — ертеңгі ұстаз (педагогикалық практика)......208
Жоғары оқу орындарының тарих факультетінің студенттері мен ұстаздарына арналған сұрақтар...........................................217
Мұғалімнің теориялық дайындығы үшін тест сұрақтары...........222
Термин сөздер..........................................................................263
Пайдаланылған әдебиеттер.......................................................268


~~МАЗМҰНЫ~~

**Отформатировано:** Шрифт: 16 пт, Цвет шрифта: Серый 85%, казахский

~~Алғы сөз...........................................................................................................~~

~~Ұстаз – ұлы тұлға..........................................................................................~~
~~Мұғалім жұмысы неден басталады..................................................~~
~~а) Сабақ жоспары.........................................................................................~~
~~б) Күнтізбелік жоспар...................................................................................~~
~~в) Өзіндік білім көтеру..................................................................................~~
~~г) Көрнекі құралдар.......................................................................................~~
~~д) Кафедра жоспары......................................................................................~~
~~ж) Дарынды балалармен жұмыс.....................................................~~

~~Тарих сабағы және оны өткізу әдістері~~
~~(әдістемелік карта, сабақ үлгілері, түрлері)~~
~~............................................~~
~~Сабақты талдау жоспары ..................................................................~~
~~Сыныптан тыс жұмыс жүргізу~~
~~а) Үйірме, факультатив жоспары~~
~~..............................................................~~
~~ә) Апталық жоспары ................................................................~~
~~Пән кабинеті .................................................................~~
~~Мұғалімге көмек~~
~~а) Жадынамалар (мектепті тексеру )~~
~~ә) Термин сөздер~~

*Бұл еңбегімді Құнапия әулетіне,*
*әкем Құдайберген,*

**Отформатировано:** Шрифт: 16 пт, курсив, Цвет шрифта: Серый 85%, казахский

*анам Зейнешке арнаймын.*

***автор***

# АЛҒЫ СӨЗ

*Келешекте мұғалім мамандығы ең беделді*
*әрі жоғары ақы төленетін*
*мамандықтардың бірі болуы керек.*
*Әрине, мұғалімнің өзі де уақыт талабына*
*сәйкес болуы міндетті.*

***Н.Ә.Назарбаевтың***
***Қазақстан халқына Жолдауынан***

*Мұғалім өзінің білімділігімен,*
*жүріс-тұрысымен, жайдары мінезімен,*
*тіпті сырт пішіні, киген киімімен де*
*оқушысына жақсы мағынада қатты әсер етеді.*

***Мәлік Ғабдуллин***

*«Жер бетінде мекен еткен адамзаттың бір бұтағы халықтың қандай да бір дара қасиетке ие болып, қандай бет-бейнемен көрінуі сол халықтың мектебінің бет-бейнесіне, өзіндік ерекшеліктеріне тікелей қатысты»* деген екен бір ғұлама.

Әрбір жасөспірімнің қалыптасуында екі үлкен фактор маңызды рөл атқаратыны белгілі. Бірінші — өз үйі, жанұясы, екінші — өскен ортасы. Ал отбасынан алған тәрбиені дұрыс өрбіту — мектептің міндеті. Ол міндетті орындаудағы басты тұлға, мектептің жүрегі — *мұғалім.* Мұғалім — берген білім, үйреткен тәрбиесімен мәртебелі.

**Отформатировано:** Шрифт: 16 пт, курсив, Цвет шрифта: Серый 85%

**Отформатировано**

**Отформатировано:** Отступ: Слева: 0 см, Первая строка: 0 см, Поз.табуляции: 8,5 см, по левому краю

**Отформатировано:** Шрифт: 16 пт, курсив, Цвет шрифта: Серый 85%

**Отформатировано:** По правому краю, Отступ: Слева: 0 см, Первая строка: 0 см, Поз.табуляции: 8,5 см, по левому краю

**Отформатировано:** Шрифт: 16 пт, курсив, Цвет шрифта: Серый 85%

**Отформатировано:** Шрифт: 16 пт, полужирный, курсив, Цвет шрифта: Серый 85%

**Отформатировано:** По правому краю, Отступ: Слева: 0 см, Первая строка: 0 см, Поз.табуляции: 8,5 см, по левому краю

**Отформатировано:** По правому краю, Отступ: Слева: 0 см, Поз.табуляции: 8,5 см, по левому краю

**Отформатировано:** Отступ: Слева: 0 см, Поз.табуляции: 8,5 см, по левому краю

**Отформатировано:** Шрифт: 16 пт, курсив, Цвет шрифта: Серый 85%

Бәрімізді толғандыратын осы киелі мамандық туралы ғұламалардың пікіріне тоқталайық.

*«Егер мұғалім өн бойына өз ісіне, шәкіртіне деген сүйіспеншілікті жинақтаса, ол — нағыз ұстаз».*

***Л.Н.Толстой.***

*«Мұғалім өз ісіне жан-тәнімен берілген артист, суретші болуы керек».*

***А.П.Чехов.***

*«Кісінің бойындағы үйрену құмарлығын оятқан адам — ең жақсы мұғалім».*

***А.Фердинанд.***

*«Жақсы оқытушы болу үшін оқытатын пәніңді де, оқушыларды да сүюің керек».*

***В.О.Ключевский.***

*«Мұғалімге сөз өз ойын сапырылыстырып айту үшін берілмейді, басқаның ойына қозғау салу үшін беріледі».*

***В.О.Ключевский.***

*«Өзін тәрбиелей білмеген өзгені де тәрбиелеп оңдырмайды».*

***Я.Корчак.***

Ендеше, мұғалім жұмысының негізгі ісі — өзінде. Ең қиын мамандық — *адам бола білу.* Адам болудың әліппесі — *әділдік. «Қиянатқа көнбе, әділдікке атса да көн»* деп М.Әуезов айтқандай, *«әділдіктің екі қайнар көзі бар: ешкімге зиян шектірмеу және қоғамға пайда келтіру»* (Цицерон).

Қай қоғамда болмасын, ұстаз еңбегі жоғары бағаланған. Ұстаз алдын көрмеген пенде жоқ қой. Дана халқымыз:

*Жалғыз баласы бардың — шығар-шықпас жаны бар,*
*Екі баласы бардың — өкпе-бауыр, жалы бар.*
*Үш баласы бардың — Самарқант пен Бұқарада шайы бар,*
*Төрт баласы бардың — аспанға салған жолы бар,* – деген.

Ал *жүздеген шәкірті бар ұстаздың мәңгілік қалар ізі бар* екендігі сөзсіз.

*Бір мұғалім бар — алдынан тез кеткің келеді,*

*Бір мұғалім бар — қуып жеткің келеді,*

*Ұстаз бар — алдынан мәңгі жүгініп өткің келеді,* – деп ақын жырлағандай, қазіргі мұғалімнің ұлы тұлға екендігін білдіретін маңызды белгілеріне тоқталайық: білімділік, тәртіптілік, кәсібилік, қызығушылық, шығармашылық, бейімділік, зиялылық, әділдік, тыңғылықтылық, кеңпейілділік, әдептілік, ұқыптылық, ізденімпаздық, аққөңіл-ашықтық, тәрбиелілік, ұйымдастырушылық-шеберлік, кішіпейілділік, белсенділік, балаға деген сүйіспеншілік, мейірімділік, ақылдылық.

***Ұстаз, мұғалім!*** Осы сөзді айтқанда, ең сүйікті ұстазың, қымбатты адамың көз алдыңа келеді.

***Ұстаз!***

**Ұ** — ұстамды, ұқыпты, үлгілі...

**С** — сабырлы, салмақты, салиқалы...

**Т** — тәрбиелі, тәлімгер, тәртіпті...

**А** — адал, адамгершілігі мол, азамат...

**З** — зиялы қауым мүшесі...

*«Ұстазы жақсының — ұстамы жақсы»* деп жатады.

Бұл — жақсы ұстаздың алдын көрген, жүрегіндегі пәк сезімін тиек еткен шәкірттің ойтолғауы.

Білім саласында көп жыл әртүрлі ұстаздармен бірге қызметтес болдық, пікірлес болдық. Әсіресе егемендік алып, төл оқулықтарымыз алғаш рет жазыла бастаған кездегі тарих оқулықтарын, әдістемеліктерін жазу барысында майталман тарихшы ғалымдармен талай кездесулер өтіп, шығармашылық жұмыстар жасалынды.

Ұстаз деген ұлы атқа лайық сол бір адамдармен жүздесу сәттерінен естеліктер келтіруді жөн деп санаймыз.

**Академик Манаш Қозыбаев** 10-сыныптың «Қазақстан тарихы» оқулығының авторы ретінде бірнеше рет ұстаздар қауымымен кездесулер өткіздік. Кішіпейіл, ақжарқын, өте мәдениетті адам еді. Әлі есімде, Ғылым Академиясындағы жұмыс кабинетінің алдында бірнеше адамдар жиналып, ол кісіге кіруге кезекте тұрмыз, арасында әскери адамдар, біраз көзтаныс ғалым аға-әпкелеріміз де бар. №159 мектеп-гимназия мұғалімдері Әлия Көпекбаева, Баян Адырбекова үшеуіміз Манаш ағаның оқулығына жұмыс дәптерін және дидактикалық, әдістемелік құрал жазып, ағаға көрсетіп, пікірлесуге

келген едік. Манаш аға кезекте тұрған кісілерді бір шолып өтті де, әскери адамға қарап, әзілдеп: «Генерал бауырым, иығыңда погоның, астыңда мәшинең бар, «алты алаштың азаматы жиналғанда төрде отыратыны — ұстаз» деген, ренжімесеңдер, алдымен мына мектеп ұстаздарын қабылдайын» деп, сол кезде біздің мәртебемізді бір көтеріп еді жайсаң аға.

Манаш ағаның атында туған жерінде жоғары оқу орны бар. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде де М.Қозыбаев атында дәрісхана бар.

9-сыныптың «Қазақстан тарихы» оқулығының авторы — профессор **Жанұзақ Қасымбаев**. Тегінде, адам баласы неғұрлым білімді болса, соғұрлым кішіпейіл болатыны да заңдылық қой деймін. Жанұзақ аға біреудің кішкентай жетістігіне балаша қуанатын, аңқылдаған жайдары адам еді. Ол кісіден студент кезімізде дәріс те алғанбыз. Зейнолла Қабдолов ағамыздың бір естелігінде өзінің ұстазы Мұхтар Әуезов туралы: «ол кісінің дәрісін тыңдаудың өзі бір ғанибет, әсем әуен тыңдағандай әсер ететін» дегені бар еді. Міне, Жанұзақ аға да сондай жан еді. Ағамыз ешқашан қағазға қарап оқымайтын, көп нәрсені жатқа айтатын, тіпті дереккөздерінің баспа атын, авторын, бетіне дейін есте сақтайтын. Талай рет оқушы қауыммен кездескенде, өзінің білімдарлығымен ғана емес, өнерімен де жұртты тәнті ететін. Профессор аға аккардеонда өте жақсы ойнайтын. Өмірден ертерек кетті, қапыда кетті. Әлі де бергенінен берері көп еді.

Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық университетінде Ж.Қ.Қасымбаев атында дәрісхана ашылып, жыл сайын Қасымбаев оқулары өткізіліп тұрады.

**Дүйсен Бабаев** — 7-8-сыныптағы «Қазақстан тарихы» оқулығының авторы, ҚР білім беру ісінің үздігі, ҚР-на еңбегі сіңген қайраткер. Ол бар саналы ғұмырын мектепке арнаған.

Дүйсен аға өте еңбекқор еді. Халықтың даналық сөздерін өте көп білетін. Оқуға ынтасы бар, әділетті балаларды жақсы көретін. Талай рет ол кісінің сабағына өзім де қатыстым. Балаларға ата, әке ретінде қамқорлығын көрсететін. Журналға ешқашан «2» деген баға қоймайтын, баланың тілін табуға тырысатын. Әйтеуір, Дүйсен ағаның сабағында сабақ оқымай келетін бала болмайтын, себебі сабақты қызықты етіп баяндай білетін. Әлі есімде, 90 жылдардың ортасында Дүйсен ағаны іздеп мектепке барсам, жаңадан келген басшы «зейнеткер жасына келдіңіз, жастарға орын керек» деп, өзі оқулық жазған 7-сыныптарға ғана сабақ жүргізуге рұқсат беріпті. Ағаны

іздеп үйіне барсам, үйінің жанындағы көлдің жағасында бес-алты қойын жайып, кітап оқып отыр екен. Аға өте ұқыпты болатын. Сол тап-таза, мұнтаздай күйінде жайдары қалпымен қарсы алды. «Жастар істегені дұрыс, жастарға орын беру керек», – деді күлімдеп, бірақ ағаның мектепті аңсағаны көзінен көрініп тұрды. Тегінде, жасы келді деп зейнеткерді бірден жұмыстан босату жөн емес. Денсаулығы жақсы, мүмкіндігі болса, зейнеткерлердің мектепте жұмыс істегені дұрыс. Жастарға ақылшы, қамқоршы, білгенін үйретеді, көргені мол, тәжірибелі ұстаздан мектеп зиян шекпесі хақ. Мысалға, Алматы қаласындағы тарихшы, майталман ұстаздар, ҚР еңбек сіңірген қайраткер мұғалімдер Қарабалина Орынша, Құсанова Қатия, ҚР білім беру ісінің үздіктері Сәуенова Роза, Смағұлова Гүлдария, Имантаева Қарашаш әлі де 70-ке жақындап қалса да, өнегелі еңбек етіп, өз қалауларымен зейнеткерлік демалысқа шықты.

Сөйтіп, Дүйсен аға мектепке қайта толығымен оралды. Мектеп ұжымы 70 жылдық мерейтойын атап өтті. Бірақ көп ұзамай аға да өмірден өтті. Алматыдағы №115 орта мектептің іргесін өзі қалап, өмір бойы сол мектепте қарапайым ұстаз болған аға еңбегі ескерусіз қалған жоқ. №115 қазақ орта мектебіне Дүйсен Бабаев есімі берілді. Мектепте ағаға арналған мұражай да бар. Дүйсен ағаның жұбайы да ұстаз. Ұлболсын апа, балалары, қызы — әнші, композитор Айгүл Бабаева мектепке жиі барып, кездесулер өткізіп тұрады.

Міне, алғашқы егемен еліміздің «Қазақстан тарихын» жазған бақилық болған үш арыс ағамыз туралы болашақ ұрпақ біле жүрсін дегеніміз артық болмас.

Арамызда жүрген, бәріміз жақсы білетін өмірінің 50 жылдай ғұмырын тарих пәнінің оқулығы мен оқу-әдістемесіне арнаған профессор — **Тотай Тұрлығұлов**. Ұстаздардың ұстазы Тотай аға Ы.Алтынсарин атындағы білім Академиясында бірнеше жыл қоғамдық пәндер бойынша зертхана меңгерушісі болып істеді. Алғашқы қазақ тілінде жазылған оқулықтардың авторларын ұйымдастырып, мектеп ұстаздарын оқулық, оқу-әдістемелік құралын жазуға да баулыған осы кісі. Әрине, ол үшін жоғары жақтан талай сын-ескертпелер де естіді. Дегенмен де, Тотай ағаның еңбегінің нәтижесінде, Алматы қаласының өзінде ғана тарих пәні бойынша 20-дан аса мектеп ұстаздары — оқулық, оқу-әдістемелік құралдардың авторлары! Бұл ұстаздардың қолына қалам ұстап, шығармашылық жұмыс істеуіне тікелей әсер еткен — Тотай аға. Еңбекқор, өз ісіне

өте жауапты қарайтын ағаны қала тарихшылары өте қатты жақсы көріп, «біздің Геродот» деп атайды.

11-сынып «Адам және қоғам» оқулығының авторы — профессор **Нажман Күнқожаев**, 70-тен асып, 80-ге жақындап қалса да, әлі де кеудесін тік ұстап, қолынан қалам түсірмеген. 2006 жылы еліміздің 15 жылдық тарихын жазып, тікелей бір институт қызметкерлері атқаратын жүкті бір өзі көтеріп, 330 беттік кітабын аяқтады.

11-сынып «Қазақстан тарихы» оқулығының авторлары — академик **Кеңес Нүрпейісов** пен профессор **Бүркіт Аяғанов**.

Кеңес аға да арамызда жоқ. Өте мәдениетті, қазақтың зиялы қауымының бетке ұстар азаматтарының бірі еді. Кеңес ағаның ізбасары Талдыбек Нүрпейісов ұрпақ сабақтастығы ғана емес, ғылым жолында да ұстаздық қызметте.

Бүркіт Аяғанов — елге танымал тарихшы азамат. 2008 жылғы 5 мамырда ашылған ҚР Үкіметінің №416 қаулысымен Қазақстан Республикасы мемлекетінің Тарих институты деп аталатын ғылыми-зерттеу институты құрылған еді. Сол институттың алғашқы директоры болып қызмет атқаруда.

Мамандығымыз тарихшы мұғалім болғандықтан, тарихта ізі қалған және қазір арамызда жүрген алғашқы төл оқулықтарымыздың алғашқы авторлары, майталман ұстаз-тарихшылар жөнінде айтуды жөн көрдік. Бірнеше жыл Алматы қаласындағы қалалық мұғалімдер біліктілігін жетілдіру институтында тарих кабинетінің, қоғамдық пәндер кафедрасының меңгерушісі, әдіскер болып қызмет атқарғандықтан да жоғарыдағы аты аталған адамдармен қызметте етене жақын араластық.

Қазіргі таңда әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде тарих факультетінде болашақ тарихшы ұстаздарға дәріс оқимын. ҚазҰУ 2006 жылы «Алтын сапа» иегері атанды. Бұл жолда тарих факультетінің де рөлі бар десек, артық емес. Факультеттегі алты кафедраны алты профессор басқарып, республика, тіпті алыс-жақын шетелдерде еңбектерімен әйгілі болып отыр. Олар: Қ.Т.Жұмағұлов, Қ.С.Қаражан, Қ.М.Атабаев, Т.О.Омарбеков, Ә.Т.Төлебаев, А.Ш.Алтаев. Ал осы факультеттің мектеп оқулықтарын жазған ғалымдары: Ж.Қ.Таймағанбетов, Ә.Т.Төлебаев, М.С.Мәшімбаев, Қ.Қ.Құнапина.

«Болашақ бүгіннен басталады» дегендей, ертеңгі ұстаз тарихшыларды, ұстаз ғалымдарды дайындап жүрген қарапайым да

үлкен жүректі азаматтарға еңбектерінің жемісін көріп, дендері сау болсын дегіміз келеді.

*Құрметті әріптес!*

Атақты Саңлақ би былай деген екен:

*Адамдардың басшысы — ақыл,*
*Жетекшісі — талап,*
*Жолаушысы — ой,*
*Жолдасы — кәсіп,*
*Қорғаны — сабыр,*
*Қорғаушысы — мінез,*
*Сынаушысы — халық.*

Осы аталған адами қасиеттерді әр баланың бойына сіңіретін де *мұғалім,* қамсыз-қаракетсіз ойын баласын дана ететін де, дара ететін де *мұғалім.* Білім беріп, тәлім-тәрбие көрсеткен қарапайым мұғалім бейнесі мыңдаған шәкірттің жүрегінде әрқашан жарқырап тұрары сөзсіз.

Осындай киелі мамандық иесі болғанын әр мұғалім мақтан тұтатыны шынайы шындық.

Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құрал тек тарихшы мұғалімдерге ғана емес, сонымен бірге, жалпы орта мектептердің ұстаздарына, білім саласының қызметкерлеріне, студенттерге, басқа да оқырмандарға арналған.

# І-тарау

## *ҰСТАЗ — ҰЛЫ ТҰЛҒА*

*Ұстаз — кең, Ұстаз — биік, Ұстаз — арда,*
*Алдаспан жыр семсерін ағытар ма?!*
*Бүгінде басымды иіп алғыс айтам,*
*Жеткізген осы күнге Ұстаздарға!*
*С.Шабажанова*

**Отформатировано:** Отступ: Слева: 6,5 см

**Отформатировано:** Шрифт: 16 пт, курсив, Цвет шрифта: Серый 85%

~~***Жер бетінде материалдық игіліктің алуан түрін жасаған адамзат баласы өзін сол артықшылыққа жеткізген не нәрсе екенін ұмыта берді. Ол – жаратушы, тәнді, рухты, білімді серік ету үшін тәрбие керек.***~~

***Ұстаз...***

***Ұстаз деген кім?***

***Ұстаз*** — әкең мен шешеңдей қолыңнан ұстап, талабыңды көріп, жақсылыққа теліп, бағыт-бағдар беретін, өміріңе жол ашатын жанашыр жан.

***Ұстаз*** — шебер ұстадай ақ алмасты шыңдау үшін отқа салып, суға малып, не сан шытырманнан өткізіп алып, қайтадан суға салып, мың сан сыннан өткізіп барып, шикіні пісіруге, шамалы жетілдіруге, шыңдауға шыдамы мен төзімі жететін жан.

***Ұстаз*** — көзі ашық, көңілі тасып, өнері асып тұрса да, халқының ертеңін ойлайтын, бір күндікке қанағат етіп қоймайтын, болашағын болжайтын жан.

***Ұстаз —*** шәкірттің рухани әкесі.

***Академик М.Қозыбаев***

*Күнде «бестік» алсаң сен,*
*Онда басқа жоқ арман.*
*Ал оқымай барсаң сен,*
*Бір тал шашы ағарған, –*

Отформатировано: Шрифт: 16 пт, курсив, Цвет шрифта: Серый 85%

деп, ақын жырлағандай, алдында отырған баланы аналық махаббатпен, әкелік мейіріммен жақсы көріп, оны түсініп, сезінуге тырысқан ұстаз ғана ұлы ұстаз болатыны айдан анық.

Әр баланы жеке тұлға ретінде құрметтеу — педагогиканың алтын заңы десек, қателеспейтін шығармыз.

*Орташа ұстаз баяндайды,*
*Жақсы ұстаз түсіндіреді.*
*Тәжірибелі ұстаз көрсетеді,*
*Ұлы Ұстаз ғана шабыттандырады.*

Ғалым-ұстаз И.В.Синица педагогикалық әдеп және ұстаздық шеберлік туралы былай деп тұжырым жасайды.

***Педагогикалық әдеп және оны меңгеру жолдары.***

Оқушылармен қарым-қатынас тұрғысынан педагогикалық әдеп мұғалімнің жан-жақтылығының, оның идеялық сенімінің, жүріс-тұрыс мәдениетінің, жалпы және арнаулы білімінің, мамандығына байланысты ізденіс жұмыстары қорының жиынтығы іспеттес. Педагогикалық әдеп әр мұғалімде әртүрлі және әрқалай көрініс беруі мүмкін. Бұл оның жас мөлшерінің, темпераментінің, мінез-құлқының, т.б. ерекшеліктеріне байланысты.

*Байқағыштық*

Байқағыш мұғалім шәкіртінің ішкі әлеміне терең үңіліп, көңіл-күйлерін қабақтарынан байқап, әрқайсысының мінез-құлық темпераментімен санаса біледі (талдау). Байқағыш мұғалім шәкірттері талап-тілектерін қалай орындайды, қарсыласу бола ма, жоқ па — бәрін жан-жақты анықтайды.

Алайда, бұл қыбырлаған, жыбырлағанның бәрін қапы жібермеу деген сөз емес. Зерделі педагог оған мән бере бермейді. Егер сыныптағы қыбыр-жыбырдың бәріне ойымыз бөліне берсе, онда сабаққа және оқушыларға күшіміз де, уақытымыз да жетпеген болар еді.

*Ілтипаттылық*

Әдетте, оқушылар өте қатты жақсы көретін мұғалімдері өздеріне сәл ғана дауыс көтеріп сөйлесе, көңілдеріне ауыр алып қалады. Дауыс көтеру, жазықсыз жазғыру, әділ қойылмаған баға ғана емес, мұғалімдер көзге ілмей, өтініштерін құлықсыз, жүрдім-бардым тыңдаса да, ең болмағанда, жанына жақындап, жағдайын білмесе де олардың көңілдеріне келеді. Өздеріне мұғалімнің назарын аудару үшін әуелі тәртіп бұзатын балалар да бар. Біз көптеген оқушылардан өз мұғалімдерін қандай қасиеттері үшін жақсы көретіндіктерін сұрадық. Сонда мынандай да жауаптар ұшырасты: «әңгімелескенде сені жан-тәнімен тыңдайды, оны сол үшін де жақсы көрген үстіне жақсы көремін», «ол өзі сабақты қалай жақсы түсіндірсе, адамды солай тыңдай да біледі».

*Сенім*

Ұлы педагог А.Макаренконың пайымдауынша, қателесу қаупі төніп тұрса да, мұғалім оқуда болсын, тәлім-тәрбие жұмысында болсын, оқушыларға өзінің батыл-батыл ойларымен ықпал жасауы қажет. Оқушыларға сенім арту — тәрбие жұмысының негізгі принципі.

Оқушылардың келешектеріне күмәнмен қарайтын және ол күмән-күдіктерін қайтсе де оқушылардың беттеріне басуға тырысатын әдепсіз, саңылаусыз мұғалімдер де болады.

Әдепті мұғалім оқушылардың біреуінен түбі ештеңе шықпайтынына көзі жетсе де сыр бермейді.

Сенімсіз жұмыс — өнімсіз де көңілсіз. Сенім дегеніміз — істеген істің жартысы.

*Төзім және сабыр сақтау*

Ашу үстінде ешқандай шешім қабылдауға болмайды. Мұндай жағдайда мұғалімнің асығыс шешім қабылдамауы үшін «мен сенімен жеке әңгімелесемін», «сенімен айналысуға қазір уақытым болмай тұр» деген сияқты кінәлау түрлерін іздестіргені жөн. Ашуы басылған соң, мұғалім басқаша ойлайды.

Мектеп өміріндегі жұмыстардан қаншама ләззат алғанымызбен, неше түрлі көңілсіз жағдайлардың кездесетінін бәріміз де білеміз. Айталық, оқушылар менің сөзімді тыңдамас, маған мысқылдап ат

қояр, тереземді сындырып, сабақ кезінде сыртта қыдырып жүрер, үзілісте мені қағып кетер — бәрі мүмкін ғой. Осындай жағдайлардың болатынын күні бұрын біліп, оған алдын ала дайындалуға тиіспіз. Қиын жағдайларда оқушыларға ықпал ететін жақсы бір тәсіл — сабыр және төзімділік.

1. Ұстаз қызметінің мақсаты — өз пәнін жақсы үйретуден гөрі тереңіректе. Ол — адамды жасаушы адам.

2. Бала мектеп үшін емес, мектеп бала үшін жұмыс істейді.

3. Баға құнды емес, бала құнды.

4. Мұғалім өз сабағын білуі жеткіліксіз, оған қоса, бала жанын да ұға білсін.

5. Әр баланың өмірі, тіршілігі — өз алдына жеке бір тағдыр. Баланың тағдырына ойланып қара, сабаққа келмесе, себебіне үңіл, сабаққа қызықпаса да себебіне үңіл, себебін өзіңнен де ізде.

6. Шәкірттің кемшілігін ғана көргіш болсаң, ықыласын өлтіресің.

7. Балаға сыйлы боламын десең, баланы өзің де сыйла.

8. Көптің көзінше баланың кемшілігін бетіне баспа, сеніп айтқан сырын шашпа.

9. Мұғалімнің баламен қарым-қатынасы қуанышты әрі пайдалы болсын.

10. Мұғалімнің сөзі мен ісі жасанды емес, шынайы болуы шарт.

***А.И.Анастасьев*** 1852 ж. туылған. 1868 ж. Алатыр діни училищесін, 1874 ж. Сібір діни семинариясын, 1878 ж. Қазан университетінің тарих-филология факультетін бітірген. 1896-1902 ж.ж. Қазан мұғалімдер институтын, 1902-1909 ж.ж. Вятка Губерниясының халықтық училищелерінің директоры болды. Оның «Халық мектебін» замандастары «орыс мектебінің энциклопедиясы» деп атады.

А.И.Анастасьевтің *«Халық мектебі. Бастауыш училищелерінің оқушылары үшін»* кітабынан үзінді келтіре кетейік.

1. Бірде-бір сабақты алдын ала дайындықсыз өткізбе.

2. Сабаққа не дайындау керектігін күні бұрын біліп ал.

3. Оқушыларға түсіндіретін оқу материалын алдымен өзің оқып, бірнеше шағын бөліктерге бөліп ал және әр бөлікті оқушыларға жақсылап таныстыруды ойластыр.

4. Сабақты уақытында бастап, уақытында аяқта.

5. Оқушылардың сөзін бөлме, сөйлемін аяқтауға мүмкіндік бер.

6. Үнемі бір ғана оқушымен жұмыс істеп, қалғандарын жұмыссыз қалдырудан аулақ бол.

7. Дұрыс және түсінікті сөйле. Өз ойыңды қысқа да тұжырымды түрде жеткізуге тырыс.

8. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыр, сонда сыныптағы тәртіпсіздік мәселесі шешіледі.

9. Сыныпта мең-зең көңіл күйді болдырмауға тырыс.

10. Оқушыларға түсіндіргеніңді сол сәтте қайталап және оның олардың есінде қалуын мықтап қадағала.

11. Түсіндіргенде үнемі көрнекілік құралдарын қолдан (карта, сурет, үлгі, т.б., ең негізгісі — тақта).

12. Есіңде болсын, сен өзіңнің сөзшеңдігіңді көрсетуге емес, оқушыларды сөйлете білуге тырысуың керек.

13. Оқушылар алдында өзіңнің ғана білетініңді көрсетіп, мақтанудан аулақ бол.

14. Өз-өзіңді емес, оқытып тұрған пәніңді көрсет.

15. Барлық уақытта да оқушыларды назарда ұстауға тырыс.

16. Ешқашан ашулы күйінде сабақ берме.

17. Сабақта өзіңді-өзің салмақты ұста, сен борышыңды атқарып тұрсың, ал борышқа салмақты қарайды, сабаққа қатысты жоқ нәрсені айтудың қажеті жоқ.

18. Оқушылар алдында өзіңді білімді адам ретінде ұста.

19. Оқушылар арасында «сүйіктілерің» мен «бәрін жеткізушілерің» болмасын.

20. Оқушының адамгершілігі мен үлгерімі жағынан түзелмейтінін бетіне баспа.

21. Ешкімге «шығып тұр» дегенді айтпа.

22. Ешқашан жекіп ұрыспа. Сондай-ақ, ұзақ тәрбие сөздерін оқыма, одан гөрі, әзіл мен күлкіні көбірек пайдалан. Көп жағдайда қатаң түрде, бірақ айқайсыз оқушылардың фамилиясын ата.

23. Егер бұл көмектеспесе, оқушыны оны жазып алуға тиіс екенін ескерт және өз сөзіңде тұр.

24. Жаза қолданғаныңды жаза кітабыңа түсіріп отыр.

25. Әрқашан оқушылар үшін өмір суретіңіңді ұмытпа!

### *Ұстаздық қабілет — тәлімгерлік өнер*

**Ұстаз** — өзі үшін уақыты жоқ, **ұстаз** — өзгелер үшін уақыты көп адам.

Ұстаз — ұрпақ тәрбиелеп өсіруші қоғам тапсырып сенген өкіл. Ұстаздық қызметтің қыры мен сыры мол, сан қилы және әр тарапты.

Ол — әдіскер де білімдар және өз ісінің ұңғыл-шұңғылын жетік білетін маман. Қабілет әрбір адамның дара басына тән. Сондықтан әр адамның өзіндік психологиялық қасиеті болады. Тәлім-тәрбие психологиясында ұстаздық қабілет айрықша мән-жайы бар өзекті мәселе ретінде қарастырылады. Оның өзіндік сипат-қасиеттері жеке-жеке атап көрсетіледі:

1. Ұйымдастырушылық;
2. Конструктивті (құрылымдық);
3. Коммуникативті;
4. Экспрессивті;
5. Перцептивті (сергектік);
6. Академиялық;
7. Дидактикалық.

***Ұстаздың ұйымдастырушылық қабілеті*** — мұғалімнің оқу-тәрбие істеріне көп күш жұмсамай, оларды тиімді әрі әдеттегі үйреншікті түрде жүзеге асырып отыруы. Оқу материалдарының мазмұнын меңгеру үшін шәкірттердің бойындағы күш-қуаты мен ықылас-ынтасын жандандырып отырудың әдіс-тәсілдерін жете білетіндігі. Оқушыларды сабақтан, мектептен тыс шараларды орындауға, алға қойған мақсат-міндеттерін шеше білуге үйретіп, соған баурап отыру. Ұстаздың ұйымдастырушылық дарынының айқын көрініп, нәтижелі істерге қол жеткізуі тәжірибеде сирек кездесетін *дарындылық* қасиет деп саналып, ондай қабілетті әлеумет өте жоғары бағалап, құрмет тұтады. Мәселен, ұлы орыс педагогі К.Д.Ушинский, қазақтың ұлы ағартушысы Ы.Алтынсарин, педагог Спандияр Көбеев, т.б. секілді ұстаздар.

***Конструктивті қабілет.*** *Конструкция* — латын сөзі. Мағынасы, құрылымы, түзілісі, үйлесімі деген ұғымдарды білдіреді. Ұстаздың конструктивті қабілеті оқу-тәрбие материалдарын жоспарлы түрде іріктеп алып, оларды тәлім-тәрбие ісінде жүзеге асырудың өнімді жолдарын іздестіреді. Шәкірттерімен тығыз қарым-қатынас орнатып, олардың білімін өрістетіп отыруды көздейді. Мұндай мақсатты іс-әрекетті жүзеге асыру жолында мынандай міндеттерді шешу басты назарға алынады: мұғалімнің сабақ үстінде шәкірттердің толық оқып, білімді меңгеруі мен тәлім-тәрбие алуын жүйелі түрде іске асыруға қол жеткізуі және шәкірттердің сабақ үрдісіндегі іс-әрекетін дамытып, оның бір ізді әрі жоспарлы түрде жүзеге асырылуына қолайлы жағдай тудыру.

Мұндай талап оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының мүлтіксіз орындалып отыруын талап етеді. Сонымен бірге, мұндай міндеттерді шешу ұстаздың өзіндік тапқырлығы мен жасампаздық қасиетін, әсіресе, іске жанашырлық сезіммен қарауын қажетсінеді. Нақтысы, ұстаздың дербестік ісі мен әдісі айқын көрініс табуы тиіс.

Ұстаздың конструктивті қабілетінің оқу-тәрбие жұмыстарын жүйелі түрде үйлестіруі, оқу бағдарламасын және жоспарлы түрде шәкірттерге білім негіздерін үйретуі, олардың мазмұнын тиянақты меңгертуі ұстаздың мамандық даярлығының жоғары сапада екенін көрсетеді. Ұстаздың білім беруі және бұл мақсатты жүзеге асыруы мамандық қабілеттегі өзекті де жүрекжарды мәселе болып табылады.

***Коммуникативті қабілет.*** Қарым-қатынас жасау мен қатынас орнату нәтижесінде адамдар өзара түсінісіп, қажетті хабарларды біріне-бірі жеткізеді. Мұғалім шәкірттермен тұрақты қатынас орнатып, олар өзара бірлесіп, оқу-тәрбие ісінің жоспарланған, белгіленген әрекеттерін іске асырады. Мұндай қарым-қатынастың нәтижелі болып, алға қойған мақсатқа жетуінде ұстаздың әдептілігі мен орынды талабы шешуші рөл атқарады.

Ұстаз бен шәкірттер арасындағы қарым-қатынасты тұрақтандыру мынандай жайттарға ерекше зейін аударып отыруды талап етеді:

1. Хабар түрінде оқушыларға жеткізілетін оқу материалдарының мазмұны мен түр-сипаты;
2. Оқушылардың меңгеруі тиіс оқу материалдарына ықылас-ынта қоюы;
3. Шәкірттердің дәрісті тыңдап, одан әсерленуі, көңіл күйінің тебіреністері;
4. Мұғалім мен шәкірттер арасындағы үздіксіз байланыс.

Ұстаздың коммуникативті қабілеті тек шәкірттермен қарым-қатынас орнатумен ғана тұйықталмайды. Ұстаз әлеуметтік жауапкершілікті атқарушы маман ретінде оқушылардың ата-аналарымен, олардың туыстарымен, өзімен қызметтес әріптестерімен, ұжымдағы өзге де адамдармен үздіксіз қарым-қатынас жасайды. Бұл ұстаздық өнерін шыңдап, қабілетінің қат-қабат қасиеттерін жетілдіре түседі.

***Ұстаздың экспрессивті қабілеті.*** Ұстаз қабілетінің бұл түрінде оның сырт пішіні, бет құбылысы, қимыл-қозғалысы сияқты жеке басының өзіндік көріністері жатады. Ал *экспрессия* — француз сөзі, латынша да солай аталады. Мағынасы айқындық, бейнелілік, мәнерлілік дегенді білдіреді, яғни ұстаздың сөз қолданысы, сөйлеу

жүйесі арқылы оқушыларға ойын әсерлі, мәнерлі түрде жеткізе алуы. *Мәнерлеп сөйлеу* — сөздің айқындығын, бейнелілігін, кестелілігін білдіретін ой жүйесі. Ондай сөз шәкірттердің қабылдауына күшті әсер етіп, сезім күйлерін толқытады. Жеткізбек болған хабарларын жандандырады. Ұстаздың экспрессивтік қабілеті оның бет-әлпетінен, сезімдік күйінен, түрлі жарасымды қимыл-қозғалысынан айқын аңғарылады. Қазақ халқы көркемсөзге, сөйлеу өнеріне, әсіресе, шешендік сөзге айрықша мән берген. Оны ұйып тыңдаған. Шешендік сөздің жүйесі мен дауыс ырғағы, сөйлеудің әуезділігі (интонациясы) шәкірттердің оқу материалдарын тиянақты меңгеруінде аса қажетті әрі ықпалы күшті факторлардың бірі болып саналады.

***Перцептивті қабілет.*** Ана тілімізде қабілеттің бұл түрін ұстаздың сергектік қабілеті деп атаймыз. *Перцепция* — латын сөзі. Мағынасы — қабылдау. Заттар мен құбылыстардың біздің санамызда тұтас және көрнекі түрде бейнеленуін *қабылдау* дейміз. *Қабылдау* — тікелей сезімдік таным. Ұстаздың перцептивтік (сергектік) қабілеті — сабақ үстінде оқушыларды бақылай отырып, олардың жай-күйін айқын аңғарып, түсіне білуінде. Ұстаз шәкірттердің оқу материалдарын қалай қабылдап, мазмұнын ұғу жайын үнемі жеке-жеке бақылап, олардың ықылас-ынтасын, зейіні мен ойлау әрекеттерін, ой өрістерін бағдарлайды. Әрбір шәкірт дәріс барысында ұстаздың бақылауында болады. Олардың іс-әрекеттерін, қимыл-қозғалысы мен тәртібін өз қолында ұстайды. Әсірелеп айтатын болсақ, сабақ үстінде шәкірттер ұстаздың «ашса алақанында, жұмса жұдырығында» болу керек дегенді білдіреді. Мұндай талап қою ұстаздың шексіз қаталдығы емес, шәкірттерге тәлім-тәрбие берудегі сергектігі мен жауапкершілігі деп бағаланады.

–***Ұстаздың академиялық қабілеті***. Бұл атау оқу үрдісіндегі бұрыннан қалыптасқан уақыт мөлшеріне байланысты. Мерзім өлшемі бір сағат астрономиялық есеп бойынша 60 минут болса, ал академиялық сағат — 45 минут. Ұстаз академиялық сағат мөлшерімен дәріс өткізеді. Сол оқу сағатын тиімді пайдалану — әрбір ұстаздың шеберлігіне, іс-тәжірибесіне байланысты. Шәкірттердің бағдарлама бойынша оқу материалдарының мазмұнын тиянақты меңгеруі де осы сабақ уақытын өнімді етіп пайдалануда жатыр. Әр сабақтың уақыт мерзімін ұтымды пайдаланатын ұстаз өзінің іскерлік және шеберлік қабілетімен көзге түседі.

***Дидактикалық қабілет.*** *Дидактика* — грек сөзі. Мағынасы оқытамын, үйретемін дегенді білдіреді. *Ұстаздың дидактикалық қабілеті* — оның өткізетін сабағы мен оқыту үрдісінде тиімді әдіс-тәсілдерді біліктілікпен қолдана білуінде. Мектептегі оқыту, негізінен, сыныптық сабақ жүйесі арқылы жүзеге асатын болғандықтан, ұстаздың оқыту теориясында тірек ететін ертеден қалыптасқан қағида-ережелері, ұстанымдары бар. Сондай ұстанымдар өмір тәжірибесінде ғасырлар бойы сыналып, тексерілген және қажетті нәтижелерге қол жеткізген. Осындай ұстанымдарды жетік меңгеріп, өзіндік күнделікті ісінде шеберлікпен қолданып отыратын ұстаздар дидактикалық қабілеті жетілген, өнегелі мамандар делінеді.

Ұстаздық қабілет — адамда жүре пайда болатын, өмір тәжірибесінен тірнектеп жинақталған мамандық қасиет. Мұндай қасиеттерді жоғарыда аталған ерекшеліктерден басқа да өлшемдермен анықтауға болады. Ондай қасиеттерді топтастырып қарастырсақ, ұстазға тән сипаттарды да даралап көрсетуге болады.

1. Ұстаздық мамандыққа тән қасиеттер: ұстаздың адамгершілігі және білімдарлығы. Бұл қасиет ұстаз тұлғасының мынандай сипаттарынан байқалады:

- ұстаздың дүниетанымдық көзқарасы, сенімі мен ізгі мұраты;
- ұстаздың қызметке бейімділігі мен мамандық даярлығы;
- ұстаздық қабілет (оның басты жеті сипатын жоғарыда талдай отырып қарастырдық);
- кәсіптік білімі мен біліктілігі, мамандық ісіне төселіп, әдет-дағдыларын қалыптастыруы.

2. Ұстаздық қызмет — қыры мен сыры мол, біртұтас гуманистік мамандық. Осындай қасиеттерді өз бойына сіңіріп, игі мақсатқа ұмтылған адам ғана аса құрметті мамандықты игере алады.

1. Ұстаздың тұлғалық қасиеттерінің өзге мамандар мен түрлі қызмет атқаратын адамдардан айырмашылығы мынандай:

- ұстаздың шәкірттерге деген ықылас-ынтасы, балаларға деген сүйіспеншілігі мен жанашырлық көзқарасы;
- ұстаздың ұстамдылығы мен байсалдылығы; мінез-құлқын, сезім күйін билей алуы;
- мұғалімнің жан дүниесінің тебіреністер мен көңіл күйін басқара аларлық өзіне-өзінің сыншылдық көзқарасы.

Ұстазға жарасымды осындай қасиеттер ғана оның кісілігі мен мамандыққа тән қабілеттілігін білдіретін сапалар деп бағаланады.

Ұстазға тән сапалар мен қабілеттерді мынадай жүйемен жіктеуге болады.

1. Ұстаздық мамандықтағы айрықша белгі — балаларға деген қамқорлық көзқарас, шәкірттерге деген сүйіспеншілік сезім.

2. Шәкірттерді оқу-тәрбие ісінде ғылым негіздерімен қаруландырып, саналы түрде тәртіпке баулу. Ұстаздың қызметіндегі мұндай қасиетті дидактикалық қасиет деп атауға болады.

3. Мұғалімнің шәкірттерді әр алуан іс-әрекеттерді орындауға жаттықтырып үйретуі және олармен ұстаздық қарым-қатынас орнатуы — оның ұйымдастырушылық-коммуникативтік қабілетіне байланысты.

Тәлім-тәрбие беретін негізгі тұлға — ***ұстаз***. Ол шәкірттердің жан дүниесінің сырына терең бойлай отырып, олардың сенімін арттырады. Ерік-жігер қасиеттерін жетілдіреді. Осы орайда, халқымыздың *«Әке — балаға сыншы»* дейтін ұлағатты сөзін ескере отырып, ұстаздың да тәлім-тәрбие берген шәкірттеріне сын көзімен қарап, елі мен халқының болашақ өнегелі азаматтарын жан-жақты етіп баули білуі — әрі парыз, әрі қарыз.

Отформатировано: Отступ: Первая строка: 0,95 см

# II-тарау

Отформатировано: Шрифт: 20 пт, полужирный, Цвет шрифта: Серый 85%, казахский

## *МҰҒАЛІМ ЖҰМЫСЫ НЕДЕН БАСТАЛАДЫ?*

Отформатировано: Шрифт: 16 пт, курсив, Цвет шрифта: Серый 85%

### *Мұғалімде болатын негізгі құжаттар*

Әрбір орта мектеп мұғалімінде қай пәннен сабақ берсе де төмендегідей негізгі құжаттар болғаны дұрыс.

1. Мемлекеттік стандарт бойынша ҚР Білім министрлігі бекіткен пән бағдарламасы.
2. Әр оқу жылының басында ҚР Білім министрлігінің нұсқау хаты.
3. ҚР Конституциясы.
4. «ҚР Білім туралы» заңы.

5. «ҚР Тіл туралы» заңы.

6. «ҚР балалар құқықтары туралы» конвенция.

7. Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы (10 желтоқсан 1948 ж.).

8. Елбасы Жолдаулары.

9. Еліміздегі елеулі оқиғаларға байланысты құжаттар (Саммит, Азиада, т.б.).

***Мұғалімнің өзінің шығармашылық жұмысына арналған іс қағаздары***

1. Мұғалімнің өзінің шығармашылық іс қағазы (көшірмелерімен).
2. Дипломы, білім жетілдіру курсынан өткен куәліктері.
3. Мақтау, мадақтау қағаздары.
4. Әр жыл сайынғы білім көрсеткіштері (жалпы білім сапасының көрсеткіші).
5. Олимпиада, ғылыми жоба жарысындағы жеңімпаздар тізімі (жылы, күні, пән мұғалімінің аты жазылуы керек).
6. Баспада жарияланған мақалалары (баспасөз аты, күні, нөмірі көрсетілуі керек).
7. Ғылыми еңбектері немесе ғылыми еңбектерге жазған пікірлері.
8. Мәжілістердегі, педагогикалық, әдістемелік кеңестердегі баяндамалары (айы, күні, хаттама нөмірі).
9. Әкімшілік тарапынан берілген марапаттаулар (бұйрық, педагогикалық кеңес нөмірі).
10. Өз пәні бойынша жоғары оқу орнына түскен оқушылардың тізімі.
11. Мұғалім жөнінде жазылған мақалалар, пікірлер (ақпарат құралдары, айы, күні), т.б.

**Отформатировано:** Отступ: Слева: 0 см, Первая строка: 0,95 см, нумерованный + Уровень: 1 + Стиль нумерации: 1, 2, 3, … + Начать с: 1 + Выравнивание: слева + Выровнять по: 0 см + Отступ: 0 см, Поз.табуляции: 0 см, по левому краю + 1 см, по левому краю + нет в 1,27 см

***Әр пән мұғалімінде болатын жоспарлар*** (үлгі)

1. Күнтізбелік жоспар.
2. Сабақ жоспарлары.
3. Тәрбие жоспары.
4. Мұғалімнің өзіндік білім көтеру жоспары.
5. Үйірме жоспары.
6. Факультатив жоспары.
7. Пән бірлестігінің (кафедра) жоспары.
8. Дарынды оқушылармен жұмыс жоспары.
9. Үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс жоспары.

10. Ата-аналармен жұмыс жоспары.
11. Кабинет жоспары, т.б.

## ***Күнтізбелік жоспар***

Күнтізбелік жоспар — оқу жылының басында пән мұғалімі жасайтын негізгі құжаттардың бірі. Аты айтып тұрғандай, бұл жоспар сабақтың өтілу уақытын белгілейді.

Күнтізбелік жоспар жасағанда мына мәселелерге көңіл бөлген жөн:

1. Күнтізбелік жоспарда пән бойынша белгіленген сағат саны өзгермейді (жылдық сағат 68 сағат, 34 сағат, т.б.).
2. Егер жылдық сағат саны 68 сағат болса, аптасына 2 сағат, 34 сағат болса, 1 сағат сабақ өтіледі.
3. Негізінен, аптасына 1 сағат болатын пәндер екі тоқсанда бір қорытылады.
4. Күнтізбелік жоспар жасағанда міндетті түрде әр тоқсанның соңында қорытынды сабақ жүргізу қажет, ал жылдық қорытындыға мүмкіндігі болса, бір-екі сағат бөлген жөн.
5. Күнтізбелік жоспар жасағанда мұғалім 10-12 пайызын шығармашылық жұмыстарға арнап, кейбір жеңіл тақырыптарды бірге қосып, қиын тақырыптарды жеке өткізуіне болады. Тек өте мұқият болғаны жөн.

~~А.~~6.Күнтізбелік жоспар жасау барысында көбінесе мынандай үлгі пайдаланылады:

| **№** | **Сабақ тақырыбы** | **Сағат саны** | **Уақыты** |
|---|---|---|---|
| 1. | 1917 ж. Ресейдегі ақпан және қазан төңкерісі | 1 | 20.09.-25.09. (дүйсенбі)-(сенбі) |
| 2. | Кеңес еліндегі 1920 ж. экономикалық саясаттың бағыттары | 1 | 27.09.-02.10. (дүйсенбі)-(сенбі) 04.11.-09.11. (дүйсенбі)-(сенбі) |

**Есте сақта:** уақытын белгілегенде дүйсенбі мен сенбі аралығын алған дұрыс. Өйткені көп жағдайда сабақ кестесі тоқсан бойы, жыл бойы өзгеруі мүмкін. Ал сіздің сабағыңыз аптасына бір рет, әйтеуір сол белгіленген дүйсенбі (20.09.)-сенбі (25.09.) аралығында өтеді. Көп

**Отформатировано:** Шрифт: 18 пт, полужирный, курсив, Цвет шрифта: Серый 85%

**Отформатировано:** Шрифт: 18 пт, полужирный, курсив, Цвет шрифта: Серый 85%

**Отформатировано:** Шрифт: 16 пт, полужирный, Цвет шрифта: Серый 85%

**Отформатировано:** Отступ: Слева: 0 см, Первая строка: 0,95 см, нумерованный + Уровень: 1 + Стиль нумерации: 1, 2, 3, … + Начать с: 1 + Выравнивание: слева + Выровнять по: 0 см + Отступ: 0 см, Поз.табуляции: -6 см, по левому краю + 0 см, по левому краю + нет в 1,27 см

**Отформатировано:** Поз.табуляции: -6 см, по левому краю

**Отформатированная таблица**

**Отформатировано:** По центру, Отступ: Слева: 0 см, Первая строка: 0 см, Поз.табуляции: -6 см, по левому краю + нет в 1,27 см

**Отформатировано:** По левому краю, Поз.табуляции: -6 см, по левому краю

**Отформатировано:** Отступ: Первая строка: 0,06 см, Поз.табуляции: -6 см, по левому краю

**Отформатировано:** По центру, Отступ: Первая строка: 0,06 см, Поз.табуляции: -6 см, по левому краю

**Отформатировано:** По центру, Отступ: Слева: 0 см, Первая строка: 0 см, Поз.табуляции: -6 см, по левому краю + нет в 1,27 см

**Отформатировано:** По левому краю, Поз.табуляции: -6 см, по левому краю

**Отформатировано:** Отступ: Первая строка: 0,06 см, Поз.табуляции: -6 см, по левому краю

**Отформатировано:** По центру, Отступ: Первая строка: 0,06 см, Поз.табуляции: -6 см, по левому краю

**Отформатировано:** Отступ: Первая строка: 0,95 см, Поз.табуляции: -6 см, по левому краю

жағдайда тура сабақ басталатын (дүйсенбі) күнді жазып, ол кейін өзгеріп кетсе, мұғалімнің күнтізбелік жоспар күнін қайта өшіріп жазуына тура келеді.

7. Күнтізбелік жоспарда сабақтың жоспарын, пайдаланылатын әдебиетін, сабақтың әдісін, қолданатын көрнекілік құралдары сияқты мәселелер қарастырылмайды. Ол сабақ жоспарында жазылады (қыркүйекте жазылған күнтізбелік жоспарға, наурызда болатын сабақтың әдіс-тәсілін мұғалім қайдан алып жазады?). Кейбір мектеп басшылары осындай күнтізбелік жоспарын (тіпті 19-20 бөліктен тұратын) мұғалімнен талап етеді. Сондықтан мұғалім жұмысын, жоспарын осы үлгіде жазған жөн.

8. Күнтізбелік жоспар соңында пән бойынша осы сынып оқушылары оқитын қосымша әдебиеттер тізімін берген дұрыс.

9. Күнтізбелік жоспарда тоқсан аяғында болатын бақылау жұмыстары тоқсан аяқталуға екі-үш сабақ қалғанда жазылғаны дұрыс. Өйткені оқушы нашар баға алса, қалған уақытта бағасын түзетуге мүмкіндігі болады.

10. Күнтізбелік жоспар қыркүйектің 1-не дейін толық жасалып, бірінші әдістемелік бірлестікте қаралып, талқыланып, әкімшілік тарапынан келісіліп, мөр басылады.

**Күнтізбелік жоспарсыз мұғалімнің сабақ беруге құқы жоқ!**

Отформатировано: Отступ: Слева: 0 см, Первая строка: 0,95 см, нумерованный + Уровень: 1 + Стиль нумерации: 1, 2, 3, … + Начать с: 7 + Выравнивание: слева + Выровнять по: 0 см + Отступ: 0 см, Поз.табуляции: -6 см, по левому краю + нет в 1,27 см

**Күнтізбелік жоспардың** шенді бетінің (титульный лист) үлгісі:

**Бекітемін**

**Мектеп директоры:**
**Ахметов Ө.А.**
**күні:**

**Келісемін**
**оқу ісінің меңгерушісі:**
**Абаева Қ.Қ.**

**Әдістемелік бірлестіктің жетекшісі:**
**Қазбеков М.Д. ____________**
**күні: ____________________**

**Күнтізбелік жоспар**

**6-сынып**

**Қазақстан тарихы**

**Пән мұғалімі: ____________**

**Алматы**
**№12 орта мектеп**
**20.....-20 ..... оқу жылы**

**ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕРДІҢ АЛДЫНДА ТҰРҒАН ТАЛАПТАР:**

1. Қоғамдық пәндерді оқыту барысында оқушыларға білім беруде білімділік, дамытушылық, тәрбиелік міндеттерді басшылыққа алу.
2. Оқушыларға жалпының, ерекше мен жекенің бірлігі, нақты фактілер мен дүниежүзілік дамудың тұтас көрінісі арқылы адамзаттың ежелгі, қазіргі уақытқа дейінгі тарихи жолы туралы білім негіздерін меңгерту.
3. Оқушылардың бойында өткен дәуір мен қазіргі заманның қоғамдық құбылыстарына тарих тұрғысынан, тарихтың, қоғамның

көп өлшемділігі мен қарама-қайшылығын диалектикалық тұрғыдан түсіну көзқарасын қалыптастыру.

4. Алуан түрлі тарихи және осы заманғы деректерді,құжаттарды жан-жақты, сын тұрғысынан талдай білу, өткен дәуірлер мен қазіргі уақыттағы қоғамдық даму проблемаларын өз бетінше қорытынды жасау және шығармашылықпен ұғына білу қабілетін дамыту.

5. Оқушылардың Адам қоғам, hhhh пәндері бойынша, тарих пәні бойынша алған білім жүйесіндегі сенімдері мен құндылық бағдарларын қалыптастыруға, оларды адамгершілік, демократия, патриотизм, өзара түсіністік, халықтар арасындағы достық, бейбітшілік пен ынтымақтастық және ұлтжандық мұраттарына сәйкес тәрбиелеуге жәрдемдесу.

6. Ұлттық және дүниежүзілік тарих пен мәдениетке деген ынта мен құрмет,өз республикасы мен адамзаттық материалдық және рухани мәдениет саласындағы игіліктерін сақтап еселей түсу сезімін дамыту

**Мұғалімнің құқығы:**

Халықтық білім беру жүйесіндегі бұқараландыруға байланысты әр педагог, азамат және дәстүрлі жалпылама құқықтан басқа, келесі құқықтарды толық көлемде иемденуге құқықты

1.Өзінің оқу-тәрбие орындарындағы жұмыстарды ұйымдастыруға, конференция, семинарға кез келген сайлау ұжымының отырысында және дауыс беру құқы бойынша сұрақтарды талқылауға құқықты

Формат: Список

2.Еліміздегі аймақтық кез - келген халыққа білім беру жүйесінің оқу-тәрбиелік білім орындарындағы сайланатын қызметке өзінің кондидатурасын ұсынуға

3.Еліміздің аймақтық халыққа білім беру жүйесіндегі кез-келген қызметкерге, басшыға өз сынын айтуға құқылы

4.Кез келген ұжым мен ақпарат құралдарына өзінің пікір қолдауымен үндеуге

5.Оқу-тәрбие жұмысында өз әдістері мен тәжірибесін өзіндік пікір қолдауымен үндеуге

6.Өз жұмысының сұрақтары жайында басшы және қызметтестерінің ұсыныстары, ескертпелеріне келісу, келіспеуіне

7.Оқу-тәрбие жұмысындағы міндетінен басқа әкімшілік тапсырманы орындау, орындамауға

8.Оқушы мемлекеттік бағдарлама бойынша мәліметті оқу жылының соңына дейін, меңгеруі үшін мұғалім өзінің қалауы

бойынша оқу бағдарлама тақырыбы бөлімдерін зерттеп білу, уақыттарын өз қалауы бойынша анықтауға.

9.Мұғалім оқу-тәрбие жұмысының барысында әкімшілік немесе басқа адамды қатыстыруға не қатыстырмауға құқылы

10.Толық жабдықталған жұмыс орнына керекті құрал әдістемелік оқулықтарымен жабдықталған кабинетке құқылы

11.Педагогикалық ұжым, психолог, сынып пікірін ескере отырып мінез құлқы сай келмейтін оқушыны оқытпауға құқылы

12.Психологтың шешімі бойынша, баланың оқуға психологиялық дайынсыздығына байланысты жасына қарамастан қабылдамауды ата-анаға айтуға құқылы

13.Кәсіпкерлік жұмысына байланысты, ғылыми жұмыспен айналысуға, ізденуге

14.Оқу-тәрбие жұмысына, өміріне, денсаулығына зиян болмаса, эксперимент жасауға құқылы (егер эксперимент күдікті болса, мектеп кеңесінің келісімі керек).

## МҰҒАЛІМ ЖҰМЫСЫ НЕДЕН БАСТАЛАДЫ?
## ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕРДІҢ АЛДЫНДА ТҰРҒАН ТАЛАПТАР:

1. Қоғамдық пәндерді оқыту барысында оқушыларға білім беруде білімділік, дамытушылық, тәрбиелік міндеттерді басшылыққа алу.
2. Оқушыларға жалпының, ерекше мен жекенің бірлігі, нақты фактілер мен дүниежүзілік дамудың тұтас көрінісі арқылы адамзаттың ежелгі, қазіргі уақытқа дейінгі тарихи жолы туралы білім негіздерін меңгерту.
3. Оқушылардың бойында өткен дәуір мен қазіргі заманның қоғамдық құбылыстарына тарих тұрғысынан, тарихтың, қоғамның көп өлшемділігі мен қарама-қайшылығын диалектикалық тұрғыдан түсіну көзқарасын қалыптастыру.
4. Алуан түрлі тарихи және осы заманғы деректерді,құжаттарды жан-жақты, сын тұрғысынан талдай білу, өткен дәуірлер мен қазіргі уақыттағы қоғамдық даму проблемаларын өз бетінше қорытынды жасау және шығармашылықпен ұғына білу қабілетін дамыту.

5. Оқушылардың Адам қоғам, hhhh пәндері бойынша, тарих пәні бойынша алған білім жүйесіндегі сенімдері мен құндылық бағдарларын қалыптастыруға, оларды адамгершілік, демократия, патриотизм, озара түсіністік, халықтар арасындағы достық, бейбітшілік пен ынтымақтастық және ұлтжандық мұраттарына сәйкес тәрбиелеуге жәрдемдесу.

6. Ұлттық және дүниежүзілік тарих пен мәдениетке деген ынта мен құрмет,оз республикасы мен адамзаттық материалдық және рухани мәдениет саласындағы игіліктерін сақтап еселей түсу сезімін дамыту

## МҰҒАЛІМНІҢ ЖЕКЕ ЕРЕКШЕЛІГІН ТАНЫП-БІЛУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР ЖОБАСЫ

1.Пәндік даярлықты оқытатын пәндердің міндеттерін жүзеге асырумен тығыз ұштастыра ала ма?

2.Ғылым негіздерін оқып-үйренуде оқушылардың білім, білік дағдысын сапалы түрде қалыптастыруға қалай қол жеткізеді?

3.Өзіне де, оқушыларға да молшерден тыс күш түсірмей, уақытты ненің есебінен үнемдейді?

4.Тәрбие ісін, ата- аналармен жұмысты қалай ұйымдастырылып, жүзеге асырады?

5.Туындаған қарама-қайшылықтардың шешімін қалай табады?

6.Өз қызметінде міндетті жұмыс пен шығармашылық ізденісті қалай ұштастырады?

7.Өз жұмысын жоспарлаған кезде ең басты, бірінші кезектегі мәселені ажырата ала ма?

8.Тапсырылған іске, артылған міндетке қалай қарайды?

9.Бос уақытты, қарама-қатынасты ұйымдастыруда қандай білім мен біліктілік танытады?

10.Өз пәнін (пәндерін) оқытуда материалдық-техникалы база, оның ішінде кабинет құру, жабдықтау мәселесін қалай іске асырған?

11.Өз біліктілігін арттыру жұмыстары: нені пайдалы деп есептейді, қажетті әдебиеттерді таңдап алуы, жоспар құрып, оны орындауы қалай, оз бетімен білім алу жұмысын қалай бағалайды?

12.Қай мәселеде даярлығы неғұрлым жоғарырақ?

13.Басқа мұғалімдерге, ата-аналарға, оқушыларға қандай комек корсете алады?

14.Оқу -тәрбие мәселесі туралы жаңа әдебиеттерді қадағалап, ондағы нұсқаларды өз тәжирбесіне енгізіп отырама?

15.Өз әрекетіне талдау жасай ма, жұмыс тәжірбиесін жетілдіруге, тиімділігін арттыруға бағытталған зерттеу жұмыстарын жоспарлай ма?

16.Не нәрсемен міндетті түрде жұмыс істеу керек?

17.Педагогтың өз шеберлігін арттыруына түрткі болатын нәрселер:

- шәкірттердің нағыз адам болып өсуін көздеу;
- адал еңбек ету дағдысы;
- қоғамға көбірек пайда келтіруді қалау;
- өмір ағымынан қалмауға ұмтылу;
- өзін өз ісінің маманы санауға тырысу;
- оқушыларды пәнге қызықтыруды ойлау;
- мәртебеге лайық болуды қалау;
- оқушылармен жұмыс кезіндегі қиындықтарды негұрлым табысты түрде жеңу;
- жетістік пен сәтсіздікке әкімшілік және әріптестер тарапынан ізгі көзқарас қажет ету;
- әкімшілік қойған талаптарды орындау қажеттігі;
- әріптестерінің сеніміне лайық болуды ойлау;
- ұжымның талабын орындау қажеттігі;
- алдыңғы қатардан көрінуге ұмтылу;
- материалдық қызығу;
- ұжымға өз тәжірибесін енгізу мүмкіндігі;
- әкімшіліктің алғысына ие болу мүмкіндігі;
- құрметті атаққа, наградаға ұсынылу мүмкіндігі;

## МҰҒАЛІМНІҢ ӨЗДІГІНЕН БІЛІМ АЛУЫНА ТАЛДАУ

1. Жоспар өзін-өзі ақтады ма, ол мектептің жалпы проблемасымен және өз бетімен білім алудың жеке тақырыбымен қалай ұштасты, өздігінен білім алу барысында оқып-үйрену үшін алынған негізгі сұрақтар қалай құрастырылған, зерттеу жұмысы жоспарланды ма?

2. Материалмен жұмыс кезеңдерінде өздігінен білім алудың жеке тақырыбына сәйкес қандай мәселелер бойынша, кімнің педагогикалық тәжірибесі оқып үйренілді, нақты қандай әдебиет оқылды: психологиялық, педагогикалық, ғылыми т.б.

3. Нақты бір тақырыпты (тезистер, баяндамалар т.б.) талқылаудан кейінгі практикалық қорытындылар.

4. Шығармашылық ынтымақтастық (педагогпен, ғылыммен, әдіскермен нақты түрде)

– Айта біл!

- Айтып үлгере біл!

5. Даусыңды қатты, анық шығарып сөйле.

6. Көрнекі құралдар мен иллюстрацияны дайындап ал.

7. Сұрақтарға жауап беруге, өз көзқарасыңды қорғауға даяр бол.

**Жауапқа пікір жазу**

Жолдасының жауабына баға бергенде төмендегі талаптарға сай келе ме, соны ойлан:

1.Фактілердің, қорытындылардың, оқиғалардың толық әрі дұрыс баяндалуы.
2.Айтар ойдың сабақтастығы және дәлелдігі.
3.Жаңа тарих терминдерді пайдалану және түсінік беру.
4.Карталарды, хронологияны, сандық мәліметтерді пайдалану.
5.Сөз қолданысындағы қателерді белгіле.

Осы ескертпелерді есепке алып, жауапқа объективті түрде баға бер.

## ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА МҰҒАЛІМ ЖҮРГІЗЕТІН БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫНЫҢ КҮНДЕЛІГІ

1.Мектебі, класы, мұғалімнің фамилиясы, болған күні.

2.Сабақтың тақырыбы.

3.Сабақтың білімділік, тәрбиелік, дамытушылық міндеттеріне нелер белгіленеді, олар қалай жүзеге асырылады?

4.Сабақтың ғылыми дәрежесін көтеру, білім беруді жақсарту талабы қалай орындалады?

5.Оқушылардың таным, ойлау, қызыметін дамыту қалай және сабақтың қай кезеңдерінде іске асырылады?

6.Үй тапсырмасын неше оқушы жақсы, өте жақсы, орта және нашар біледі?

7.Жаңа сабақты оқып үйренуге сыныпты қалай дайындадыңыз, осы мақсатта не істедіңіз, бұған неше минут кетті?

8.Жаңа материалды оқытып үйретуге қанша уақыт жібердіңіз, неше минут тақта, карта, көрнекі техникалық құралдармен т.б. жұмыс істедіңіз?

9.Оқушылар өздігінше қанша жұмыс түрлерін орындады, оған қанша уақыт кетті?

10.Осы сабақта қолданған әдістеріңіздің, оқушылардың өздігінше атқарған жұмыстарының қайсысы тиімдірек болды?

11.Оқулықпен, басқа кітаптармен оқушылар өздігінше жұмыс атқардыма, ол қалай ұйымдастырылды?

12.Тарихи материал оқушыларға ұлттық тәрбие беруге және идеялық-саяси, еңбек, адамгершілік тәрбиесін беруге қаншалықты тиімді пайдаланылды?

13.Жаңа материалда қандай ұғымдар, терминдер кездесті, оларды барлық оқушылар меңгерді ме, ол үшін қандай әдіс, тәсілдер қолданылды?

14.Жаңа сабақтың ең негізгі материалдарын іріктеп алу, оны маңызды шамалы, қайталанатын материалдан арылту, сөйтіп оқушылардың оқу жүктемесін жеңілдету талабы қалай орындалады?

15.Пәнаралық, курсаралық байланыстар қалай жүзеге асырылады?

16.Шеберліктерді жетілдіру, не қалыптастыру жөнінде қандай жұмыстар жүргізіледі?

17.Сабақта неше оқушы, қандай бағалар бар?

18.Пысықтау қалай ұйымдастырылады, неше оқушы қатысты, қанша уақыт бөлінді?

19.Жаңа материалды неше оқушы жақсы, орташа,нешеуі нашар түсінді, ол неліктен? Оқытуға, түсінуге қиын тиген материал болды ма, олар қайсысы?

20.Сабақ қандай типпен (аралас сабақ, жаңа сабақты оқытып, үйрету т.б.) Оның негізгі элементтеріне (тапсырманы сұрау, жаңа материалды түсіндіру т.б.) қанша уақыт кетті?

21.Сабақта қандай қиындық, кемшілік кездесті?

22.Оқытудың семинар, лекция, практикалық т.б. формаларын пайдаландыңыз ба? Пайдаланбасаңыз себебі неліктен?

## БАҒДАРЛАМА ТАЛАПТАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫН БАҚЫЛАУ ҮШІН ҰСТАЗДАР ӨЗІ ҚАТЫСҚАН ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕР САБАҒЫНДА ТӨМЕНДЕГІЛЕРГЕ КӨҢІЛ БӨЛУІ ҚАЖЕТ

1.Сабақтың білімділік, тәрбиелік және дамытушылық міндеттері қаншалықты сәтті белгіленген және олар қалай жүзеге асырылады?

Сабақта бұл неден байқалады?

2.Сабақтың ғылыми және идеялық дәрежесін көтеру талабы қалай жүзеге асты?

3.Осы тақырыпшаға байланысты бағдарламада болған өзгерістер қалай іске асырылады?

4.Бағдарламалардың төмендегі компоненттерге байланысты талаптарды қалай жүзеге асырылады?

а)тарихи ұғымдарды қалыптастыру;

ә)шеберліктерді меңгерту;

б)курсаралық, пәнаралық байланысты жүзеге асыру;

г) оқушылардың білімін бағалау нормаларын іске асыру;

5.Оқушыларға берілетін үй тасырмасын ретке келтіріп, жеңілдету талабы қалай орындалады?

6.Өткен және жаңа сабақтың қандай материалдарын оқушылар жақсы түсінген, қандай материалды нашар біледі? Нашар меңгерілудің себебі не?

7.Мұғалімнің өзі бағдарламаның өзгешеліктері мен талаптарын жақсы біле ме? Оның жақсы не нашар білетіні неден байқалады?

8.Жаңа сабақты оқушылар қандай дәрежеде меңгерді, жалпы осы сабақ туралы, оның нәтижесі туралы қандай қорытынды жасауға болады?

## САБАҚ

**Қазіргі сабаққа қойылатын талаптар:**

Сабақ - бұл оқу-тәрбие үрдісінің логикалық жағынан аяқталған, біртұтас, белгілі бір уақыт шеңберінде өтетін бөлігі. Онда оқу-тәрбие үрдісінің барлық негізгі элеметтері: мақсаты, мазмұны, құралдары, әдістері, ұйымдастыру ісі көрініс табады. Сабақтың сапалы болуы да осылардың әрқайсысын дұрыс анықтап, өзара ұштастыра білуге байланысты.

Сабақты құраған кезде қандай білім меңгерілуі тиіс екенін ғана емес, оның қай деңгейде меңгерілуі керектігін де анықтау қажет.

**Сабақтың негізгі мазмұнын меңгертудің мынадай үш деңгейі бар:**

- қабылдау, түсіну, есте сақтау деңгейі;
- білімді үлгі бойынша қолдану деңгейі;
- білімді жаңа сатыда қолдану деңгейі;

1.Сабақта материалдың мазмұны ғана емес, онда алған білімді іс жүзінде қолдануға байланысты тапсырмалар да қарастырылуы тиіс.

2.Бұл білімнің бір бөлігін оқушылар өз бетінше меңгереді.

3.Сабақ материалының мазмұны құрлымы жағынан вариативті болуы керек.Кей жағдайда түсінік беру түріндегі дайын ақпарат беріледі, ал кейде мәселе қойып, оның дәлелді шешу жолдарын табу әдісі қолданылады.

4.Тек бір сабақта оқытудың барлық міндеттері шешуі мүмкін емес, ал оқу пәнінің, курсың, тақырыптың бөлігі ғана болып табылады. Ең маңыздысы - оқу пәнінің жүйесінде сабақ қандай орын алатынын білу. Сабақ педагогикалық шығарма, сондықтан ол тұтастығымен, мұғалім мен оқушы әрекетінің ортақ логикасымен ерекшеленуі тиіс. Сабақ бөліктерінің үйлесуін ескере отырып, мұғалім сыныптың ерекшелігі мен өзінің ұстаздық шеберлігіне қарай өзіндік әдістемелік қолтаңбасын енгізеді.

5.Сабақта білім түрлі жағдайларда қолдануға арналған тапсырмаларды, білік пен дағды қалыптастыру жаттығуларын орындау арқылы білімді бекіту міндетті түрде орын алуы керек.

6.Білім мен білікті қайталап, пысықтау сабақ мазмұны мен мақсатына байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

7.Сабақта оқушылардың білімді меңгеру сапасы жүйелі, әрі жоспарлы түрде бақылауға алынуы тиіс. Сабақ сапасының басты критерии-оқушылардың білім алуы, сабақ мақсатының жүзеге асуы. Мұғалімнің мәдениеті, ақыл-ой және адамгершілік бет-бейнесі де сабақтың әсерін арттыратын негізгі шарттардың бірі.

## САБАҚҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Сабақ оқу-тәрбие үрдісінің белгілі-бір уақыт шектеуіндегі, біртұтас логикалық аяқталған бөлігі. Онда оқу-тәрбие үрдісінің барлық негізгі элементтері: мақсаты, құралдары, әдістері,

ұйымдастыру ісі көрініс табады. Сабақтың сапалы болуы осылардың өзара ұштаса жүруіне байланысты.

- Білімдік міндеттер мен оның құрамдас бөліктерінің нақты белгіленуі, олардың тәрбиелік және дамытушылық міндеттерімен байланысты. Сабақтың жалпы жүйесіндегі орнын анықталуы;
- Оқышылардың дайындық дәрежесін ескере отырып, оқу бағдарламасы талаптары мен сабақ мақсаттарына сай сабақтың ең тиімді мазмұнын анықтау;
- Сабақта, сабақтың жеке кезеңдеріне оқушылардың ғылым негіздерін меңгеру және кезеңдеріне оқушылардың ғылым негіздерін меңгеру және білік, дағдыларының қалыптасуын алдын-ала болжау;
- Әдіс-тәсілдердің ең ұтымдысын таңдау, олардың әр сабаққа тиімді әсер етуі. Оқушылардың өз бетімен оқуын және олардың танымдық белсенділіктерін арттыратын сабақтағы ұжымдық, жеке жұмыс түрлерінің бірлігін таңдау;
- Сабақта дидактиканың барлық принциптерін жүзеге асыру;
- Оқушылардың табысты оқуларына жағдай жасау.

Қазіргі таңда орта мектепте сабақ берудің жүздеген түрлері бар. Қандай әдіс-тәсілмен сабақ берсең де, қандай сабақ түрін таңдасаң да, ұстаздың басты ұстанымы:

1.Нені айту керек?
2.Қалай айту керек?
3.Қанша уақытта айту керек?
4.Нәтижесі болу керек?

Осыны есте сақтау қажет сияқты.

Сабақты өткізудің бірнеше түрлеріне, әдіс-тәсілдеріне шолу жасайық.

1. **Дәріс сабақ.** Бұл сабақ негізінен жоғары сыныптарда жүргізіледі. Қандай жағдай болмасын сабақ 30-35 минуттан аспағаны дұрыс. Бұл сабақты өту барысында мынандай әдіс-тәсілдерді қолдануға болады.

1. Тақтаға алдын-ала сабақ тақырыбын, термин сөздерді, хронологиялық кестені, т.б. жазып қойған дұрыс.
2. Сыныптың деңгейіне қарай, егер сыныптың білім деңгейі жоғары болса, дәріс соңында, оқылған тақырып бойынша жоспар жасауды тапсыруға болады.

Формат: Список

Формат: Список

3. Сыныптың деңгейі орташа болса, бірінші, екінші жоспарды тақтаға жазып, қалған 3-4 жоспарды оқушылардың өздері жазуға тапсыруға болады.

4. Дәріс соңында оқушыларға белгілі-бір уақыт беріп (5-6 минут) дәріс бойынша жоспар жасау, сұрақтар ойластыру, термин сөздерге анықтама беру, хронологиялық тізбек жасау, т.б. тапсырмалар беруге болады.

5. Дәріс соңында оқушыларға дәріс бойынша өз пікірлерін қорытынды жазуды тапсырып, алғашқы дұрыс өз ойларын жазған 2-3 оқушыны бағалауға болады.

6. Дәріс негізінен жоғарғы сыныптарда өтетіндіктен үйге тапсырма бергенде мұғалім міндетті түрде пайдаланылатын әдебиеттер тізімін бергені дұрыс.

Әрине, орта буындағы сыныптарда дәріс сабағының кейбір бөліктерін пайдалануға болады. Жас ерекшеліктеріне байланысты сабақ үстінде 5-6 сөйлемді жазғызып, немесе үйде мәтін бойынша түсінгенін жазып келу, сурет бойынша әңгіме жазуды, т.б. тапсыруға болады.

**2. Кіріктірілген сабақ.** (интегралды сабақ). Бұл сабақты барлық сыныптарда қолдануға болады. Бір сабақта бірнеше пәнді кіріктіріп өткізу. Яғни 45 минут бойы түгел өткізу, немесе жаңа сабақты түсіндіру барысында кіріктірілген сабақты жүргізуге болады. Мысалы: 1. Ертедегі Египет тақырыбы жаңа сабақты түсіндіру барысында (география, тарих, сурет). 2. Ұлы Отан соғысы кезіндегі әдебиет пен мәдениеттің даму (тарих, әдебиет, музыка). 3. Адам және табиғат (биолог-химик, физика-тарих).

Бұл сабақты өту барысында жоғарғы сыныптарда алдын-ала оқушыларға тапсырма беріп, әр пәннің мұғалімі ретінде (немесе сол мамандық иесі ретінде биолог, эколог, журналист, т.б.) оқушылар пікірін тыңдаған дұрыс.

**3. Конференция сабақ.** Негізінен жоғары сыныптарда жүргізіледі. Бұл сабақты алдын-ала, белгілі бір тақырыпты алып, мектептен әкімшілігімен қаралатын мәселелерді келіседі.

Конференция сабақты өткізу барысында мына мәселелерге көңіл бөлген жөн.

1.Алдын-ала хабарландыру (мектеп әкімшілігі).

2.Баяндамашылар. 1) 4-5 минут яғни уақытын белгілеу.

2) баяндамашылар саны (3-4 оқушы).

3. Пікірлесу, өз ойларын ортаға салу (3-4 оқушы, мұғалім, т.б.)

Формат: Список

4. Қорытынды қаулы қабылдау.

5. Сабақ соңында оқушыларға үйге тапсырма беру.

Ескерту: Оқушылар баяндамасын өз сөзімен айтып бергені дұрыс. Мүмкіндігі болса техника қолданып, әйтпесе тақтаға жоспарын жазып сыныптағы оқушылар баяндамашының сөзінен негізгі ұғымдарды жазып отыру қажет. Сабақ соңында үйге тапсырма берілгенде оқушылар пайдаланатын 2-3 әдебиеттер тізімі нақты берілгені дұрыс.

**4. Өлкетану – саяхат сабағы.** Бұл сабақты барлық сыныптарға да жүргізуге болады. Мұғалім күтізбелік жоспарын жасағанда өлкетану сабағыма 1-2 сағат бөлгені дұрыс. Оқушылар дүние жүзі тарихы, еліміз тарихынан хабардар болады да, өз облыс, аудан, ауыл тариыхынан бейхабар болатын жағдайлар кездеседі. Сондықтан, бұл сабақтың оқушылар бойында елжандылыққа, отаншылдыққа тәрбиелеудің маңызы зор. Сабақ барысында мына мәселелерге көңіл аудару.

1. Бір (екі-үш немесе топқа) оқушыға алдын-ала бір облысты ауданды немесе ауылды болса белгілі бір отбасы тарихын зерттеуге беруге болады. Мысалы: ауылдық жерлерде өлкетану сабағында мынандай тақырыптар беруге болады:

1. ауыл қариялары өмірінен
2. ауылдық алғашқы басқармасы
3. ауылдағы алғашқы ұстаз, дәрігер, т.б.
4. ауылдағы алғашқы еңбек ардагері, еңбек ерлері
5. ауылдағы алғашқы батыр аналар
6. ауылдағы алғашқы ҰОС батыр ардагерлері
7. ауылым кеше, бүгін
8. ауыл болашағы т.б.

Бұл оқушылардың зерттеуі алғашқы ғылыми еңбегінің бастамасы болса, мұғалім шығармашылығының да бастамасы, болашақ мектептегі мұражайдың алғашқы құжаттарының бірі болатыны сөзсіз. Үйткені, қазіргі тарихшы мағұлімдер негізінен әр мектептегі мұражайдың «мөрі жоқ директоры» десек қателеспейміз.

**5. Театрландырылған сабақ.** Барлық сыныптарда қолдануға болады. Көбінесе сыныптан тыс сабақ түрлеріне көп қолданылады. Бірақ театрландырылған сабақтың бөлігін (элементін) сабақ үрдісінде мұғалімдер жиі қолданады. Мысалы: Төле бидің, Қарлығаш би атануы, Махамбеттің, Сырымның аталы сөздері, т.б. Желтоқсан оқиғасы т.б.

**6. Деңгейлі сабақ.** Бұл сабақты әсіресе үй тапсырмасын сұрай барысында, немесе қайталау сабақтарында жиі қолданылады. Жалпы ғылымдардың пайымдауынша (елімізде белгілі ғалым профессор Ж. Қараев) сабақты өткізуді 4 деңгейге бөледі.

Ол үшін : 1) алдын-ала тақтаға (интерактивті тақтаға, плакатқа) мынандай кесте дайындау керек.

| **№** | **Аты-жөні** | **1 деңгей** | **2 деңгей** | **3 деңгей** | **4 деңгей шығарма** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Шалқар | + | + | | |
| 2 | Әлжан | + | + | + | |
| 3 | Данияр | + | + | + | |
| 4 | Ұлжан | + | | | |

2) Әр оқушыға мүмкіндігі болса жеке тапсырмалар таратып беріледі (болмаса тапсырманы тақтаға жазуға болады).
3) Тапсырманы орындаған оқушы тапсырманы мұғалімге көрсетіп, 2-ші тапсырманы орындайды. Мұғалім немесе әр оқушы өзіне белгі (+) қойып отырады.

Ескерту: Тарих сабағында көбінесе 3 деңгейлі тапсырмалар көбірек пайдаланылады. Егер оқушы 3 деңгейді де орындаса – «5»ке, екі деңгейге – «4»г 1 деңгейге – «3» бағаланады. Ал төртінші деңгей оқушылардың шығармашылықпен ізденіс жұмысына мұғалім өз қалауынша қосымша бағалауына болады. Қалай дегенмен де оқушы өз білімінің нәтижесін байқап, бағалай алады.

**7. Модульдік технология** бойынша сабақ беру үлгісі. (М. Жанпейісова технологиясы бойынша).

Модульдік сабақ өткізу барасында мұғалім берілген м\сағат санын модульға кіру, модульді орындау, шығу, т.б. сияқты бөліктергебөледі. Мысалы: Ұлы Отан соғысы тақырыбына этнсотар бойынша 6 сағат берлсе, алғашқы екі сағатты дәрңс ретінде өткізуге болады. Төртінші-бесінші сабақтарды оқушылардан тест, бақылау, шығармашылық жұмыс, т.б. ал алтыншы сабақты қорытынды ретінде өткізуге болады. Бұл сабақтың ерекшелігі, әр оқушы сабақ бойынша толық бағаланады. Ең бастысы оқушының ізденуі, шығармашылық бейімділігі артады.

**8. Жарыс сабақ, КВН** (көңілді тапқыштар сайысы)**, пікір алысу сабақтары.** Топпен немесе жеке балалар арасында жүргізуге болады. Бұл сабақтарды өту барысында міндетті түрде шарттарын белгілеген дұрыс. Мысалы: 1) Жас ерекшіліктері.

2) Қаралатын мәселе алдын-ала оқушыларды хабардар ету.
3) Шақыратын адамдарды белгілеу.
4) Уақытын белгілеу.
5)Беретін сұрақтар саны.
6) Сабақтың әр кезеңін бағалау шарты (балы).
7) Әр топтағы балалар саны.
8) Тақырыпқа байланысты әдебиеттер.
9) Пікір түйін, қорытынды.

**9. Деректермен, қосымша көркем әдебиеттерді, тарихи шығармаларды, құжаттарды, т.б**. пайдалану арқылы сабақ өткізу.

Негізінен барлық сыныптарда жүргізу қажет. Кәзіргі таңда орта мектепте сабақ беру барысында жаңа технологиялар, ақпараттық технология қолдану кең өріс алуда. Дегенмен де, оқушылардың қосымша әдебиеттерді оқуына да көп көңіл болу қажет. Ұлттың ұлт болып қалыптасуына негіз болатын қасиеттердің бірі – ар-намыс. Ол жас өспірімнің ар-намысын, жалпы ұлт болып қалыптасуы үшін тарихы, әдебиеті, өнері қатар жүрсе ғана қанаты қатаятындығы түсінікті. Сондықтан сабақ үрдісінде орта мектепті бітірген оқушы қазақ әдебиетінің туындыларын оқу қажет және міндетті. Жалы күнтізбелік жоспарын жасау барысында мұғалім өте жан-жақты , мұқият дайындалуы қажет. Әр сыныпта оқушы қандай қосымша әдебиеттер оқу керек екенін мұғалім оқу жылының басында ескертіп, сабақ үрдісінде міндетті түрде оқушылармен жұмыс істеу керек. Сол шығрам бойынша ауызша сұрақтар дайындау, тарихи шығарма жазу, т.б. реферат жұмысын беруге болады. Мысалы: орта мектепті бітірген жас ұлан тарих пәні бойынша бірнеше төмендегі әдебиеттерді оқып, білгені дұрыс (жоба).

1)М. Әуезов «Абай жолы».
2)Абайдың «Қара сөздері».
3)С. Мұқанов «Ботагөз».
4)С. Мұқанов «Аққан жұлдыз».
5)С. Сейфуллин «Тар жол тайғақ кешу».
6)І. Есенберлин «Көшпенділер».
7)Ғ. Мүсірепов «Қазақ солдаты».
8)Ә. Нұрпейсов «Қан мен тер».
9)Б. Момышұлының шығармалары және Б.Момышұлы туралы шығармалар.
10)Ә. Нұршайықов «Ақиқат пен Аңыз».
11)М.Мағауин «Бір атаның балалары», «Аласапыран»

**Формат:** Список

12)М.Шаханов, Ш.Айтматов «Күз басындағы кездесу»

13)Д.Қонаев «Өттің дәурен осылай», т.б. және Қонаев туралы естеліктер.

14)Елбасы Н.Ә. Назарбаев еңбектері және елбасы туралы еңбектер (Мысалы: Қайнар Олжай «Президент пырағы» т.б.).

Сонымен қатар, Абайдың, Шәкәрімнің, Махамбеттің, Ж. Аймауытовтың, С, Торайғыровтың, Қ. Аманжоловтың, М. Шахановтың, О. Сүлейменовтың, Қ. Мырзалиевтің, Ф. Оңғарсынова, М. Мақатаевтың т.б. шығармаларымен танысса, білсе, жүрегімен ұғына білсе міне толыққанды ұлттық құндылықтардан хабары бар жас ұрпақ дер едік. Өкінішке орай, әлі де бұл мәселе өз дәрежесінде емес. Кәзіргі таңдағы емтихандағы тестілеу әдісі оқушыларды оқудан гөрі жаттауға көбірек дайындайтын сияқты.

**10. Сабақта ойын элементтерін қолдану.** Негізінен ойын элементтерін пайдалануға жас ерекшеліктерін, (5-7 сынып) сыныптың психологиялық ерекшеліктерін ескерген дұрыс. Тарих сабағында қолданылатын ойындардан мысал келтірейік.

**1) Шешендер сайысы.** Алдын-ала тақырыптар дайындалады. Сол тақырыптар бойынша оқушылар шешендік өнер сайысын өткіздеі. Шарттары:

1. Әр оқушыға 3-4 минут уақыт.

2. Сойлеу мәнері.

3. Сойлеу тіл шеберлігі.

4. Тақырыптың ғылымилығы, жаңалығы.

5. Әдебиеттерді, деректерді пайдалана отырып, өз пікірін дәлелдеп, қорытынды жасауы, т.б.

**2) Сурет бойынша әңгіме құрастыру.**

**3) Қайдан келген?** Оқушыларға әр түрлі заттар немесе суреттер таратылады (шай, қант, мақта, компас, т.б.). Оның қай елде жасалған, қалай пайдаланылғанын айту керек.

**4) Қатесін тап.** Үлестірмелі қағазға қате жазылған сойлемді жазып, қатесін табу тапсырылады. Мысалы:

а) 1 Петрдің Сібірге жорығы (дұрысы Ермактың жорығы);

б) XIX г. Карахан мемлекетінің құрылуы (дұрысы 960 ж.);

в) Қазақ хандығы X-XI ғасырларда қалыптасып бітті (XIY-XY гг. дұрысы).

**5) Тарих атаның әңгімесі** (әңгіме құрастыру). Мысалы:

- Сырым батырмен болғанда көргендерім;

- Әл-Фарабидің шәкірті болғанда көргендерім;

- Мен Амангелді батырдың сарбаздарымен біргемін.

**6) Тапқыштар сайысы.** Ойын шарты:

- Қазақтың 10 ұлттық тағамын ата.
- Спорттың 10 түрін ата.
- 7 өзен, 7 қала, 7 тауды тезірек картадан көрсет.
- Қазақтың 10 ұлттық киімін ата (ерлердің). Мысалы: - бөрік
  - шапан
  - тымақ
  - кемзол
  - ішік
  - тон
  - саптама етік
  - мәсі
  - тақия
  - белбау

**7) Тарихшы сөздігі.** Жебе, Есіктегі «Алтын адам», Абылай, Бұхар жырау, зайырлы, интервенция, егемендік, елбасы, т.б. Сөздерді оқушыларға ауызша немесе жазбаша тапсырма ретінде беріп, осы сөздерге байланысты әңгімелеп немесе жазбаша жазуға тапсырма беруге болады.

**8) «Уақытқа ұшу» ойыны.** Бұл ойын шарты бойынша «Уақытқа ұшу» аппараты арқылы алға уақытқа (ғасырларға) артқы уақытқа (ғасырларға) ұшу мүмкіндігі бар. Ұшу сапарының жоспары:

1. Ғасыры, жылы.
2. Қай елге барасың?
3. Ұшу сапарында қандай кейіпкер болғың келеді? (ақын, ұста, саудагер, ғалым, тарихшы, т.б.)
4. Ұшу сапарының мақсатын анықта.

Ұшу сапарының соңында әңгіме-есеп жаз (өте құпия құжат, ешкімге көрсетпеу керек).

Әрине, сабақтың түрлері өте көп. Қандай жағдайда да сабақтың ең тиімді әдісін таңдап, оқушыларға саналы білім, сапалы тәрбие беру әр ұстаздың міндеті екені түсінікті.

Төменде сабақтың бірнеше түрлерін беріп отырмыз. Сабақтың түрлері туралы мәлімет алдық, ал жалпы 45 минут сабақ уақытын қалай мөлшерлеуге болады?

Қазіргі таңда сабақты ғалымдар бірнеше бөліктерге бөледі. Сабақтың негізгі 7 бөлігін қарастырайық (жоба).

1) Ұйымдастыру 1-2 минут.

**Формат:** Список

2)Үй тапсырмасын сұрау (15-17-18 мин.).
3)Үй тапсырмасын жаңа сабақпен байланыстыру (2-3-4 мин.).
4)Жаңа сабақ (16-17-18-20 мин.).
5)Жаңа сабақты пысықтау (4-5 мин.).
6)Оқушыларды бағалау (кем дегенде 7 баланы бағалау қажет) (1-2 мин.).
7)Үйге тапсырма (1-2 мин.) (3 тапсырмадан артық тапсырма беу қажет емес).

## КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР

### Мұғалімде болатын негізгі құжаттар

Әрбір орта мектеп мұғалімінде қандай пән сабақ берсе де негізгі төмендегі құжаттар болғаны дұрыс.

- Мемлекеттік стандарт бойынша ҚР Білім министрлігі бекіткен пән бағдарламасы.
- Әр оқу жылының басында ҚР Білім министрлігінің нұсқау хаты.
- ҚР Конституциясы.
- ҚР Білім Заңы.
- ҚР Тіл Заңы.
- ҚР бала құқы.
- Адам құқықтары туралы декларация (10 желтоқсан 1948 ж.).
- Елбасы жолдаулары.
- Мемлекет тарапынан жұмыс барысына байланысты тәрбие, құқық т.б. байланыста немесе пәніңіздің бағдарламасына байланысты өзгерістер туралы бұйрықтар, т.б. көшірмелері.
- Еліміздегі елеулі оқиғаларға байланысты құжатарт (Саммит, Азиада, т.б.).

Формат: Список

### Мұғалімнің өзінің шығармашылық жұмысына арналған іс-қағаздары

- Мұғалімнің өзінің шығармашылық іс қағазы (көшірмелері).
- Дипломы, білім жетілдіру курсынан өткен куәліктері.
- Мақтау, мадақтау қағаздары.

Формат: Список

- Әр жыл сайынғы білім көрсеткіштері (481 бойынша немесе жалпы білім сапасы көрсеткіші).
- Олимпиада, ғылыми жоба жарысындағы жеңімпаздар тізімі (жылы, күні, пән мұғалімінің аты жазылу керек).
- Баспада жариялаған мақалалары (баспасөз аты, күні, нөмірі көрсетілуі керек).
- Ғылыми еңбекетері немесе ғылыми еңбекетерге жазған пікірлері.
- Мәжілістерде, педагогикалық, әдістемелік кеңестердегі баяндамалары (айы, күні, хаттама нөмері).
- Әкімшілік тарапынан берілген марапаттаулар (бұйрық, педагогикалық кеңес нөмері).
- Өз пәні бойынша жоғарғы оқу орнына түскен оқушыларының тізімі.
- Мұғалім жөнінде жазылған мақалалар, пікірлер (ақпарат құралдары айы, күні).

**Әр пән мұғалімінде болатын жоспарлар (үлгі)**

- Күнтізбелік жоспар.
- Сабақ жоспарлары.
- Тәрбие жоспары.
- Мұғалімнің өзіндік білім көтеру жоспары.
- Үйірме жоспары.
- Факультаттив жоспары.
- Пән бірлестік (кафедра) жоспары.
- Дарынды оқушылармен жұмыс жоспары.
- Нашар оқитын оқушылармен жұмыс жоспары.
- Ата-аналармен жұмыс жоспары.
- Кабинет жоспары, т.б.

**Кейбір жоспарларға тоқталайық (үлгі):**

**1-күнтізбелік жоспар.**

1-беті, мұқабасы (титульный лист)

**Бекітемін:**
**Мектеп директоры:**
**Ахметов Ө.А.**
**күні**

Формат: Список

Отформатировано: Шрифт: 16 пт, полужирный, Цвет шрифта: Серый 85%

**Келісемін:**
**оқу ісінің меңгерушісі**
**Абаева Қ.Қ.** ________________
**Әдіс бірлестігінің жетекшісі**
**Қазбеков М.Д.** ______________
**күні** ______________________

**Күнтізбелік жоспар**

**6 сынып**
**Қазақстан тарихы**

**Пән мұғалімі** ______________________

## Алматы № 12 орта мектеп – 20.....-20 ..... оқу жылы

Күнтізбелік жоспар оқу жылының басында пән мұғалімі жасайтын негізгі құжаттардың бірі. Аты айтып тұрғандай бұл жоспар сабақтың оту уақытын белгілейді. Күнтізбелік жоспар жасағанда мына мәселелерге көңіл болген жөн:

- Күнтізбелік жоспарда пән бойынша белгіленген сағат саны өзгермейді (жылдық сағат 68 сағ., 34 сағ. Т. Б.).
- Егер жылдық сағат саны 68 сағат болса, аптасына 2 сгат, 34 сгат болса 1 сағат сабақ өтіледі.
- Негізінен аптасына 1 сағат болатын пәндер екі тоқсанда қорытылады.
- Күнтізбелік жоспар жасағагда міндетті түрде әр тоқсанның соңында қорытынды сабақ жүргізу қажет, ал жылдық қорытындыға мүмкіндігі болса 1-2 сағат болген жөн.
- Күнтізбелік жоспар жасағанда мұғалім 10-12 пайызын шығармашылықпен жасап, кейбір жеңіл тақырыптарды қосып, қиын тақырыптарды жеке откізуіне болады. Тек мұғалім оте мұқият болғаны жөн.
- Күнтізбелік жоспар жасау барысында көбінесе мынандай үлгі пайдаланылады:

| **№** | **Сабақ тақырыбы** | **Сағат саны** | **Уақыты** |
|---|---|---|---|
| 1. | 1917 ж. Ресейдегі ақпан және қазан төңкерісі | 1 | 20.09-25.09. (дүйсенбі)-(сенбі) |
| 2. | Кеңес еліндегі 1920 ж. экономикалық саясаттың бағыттары | 1 | 27.09.-02.10. (дүйсенбі)-(сенбі) 04.11.-09.11. (дүйсенбі)-(сенбі) |

**Еске сақта:** уақытын белгілегенде дүйсенбі мен сенбі аралығын алған дұрыс. Өйткені коп жағдайда сабақ кестесі тоқсан бойы, жыл бойы озгеруі мүмкін. Ал, Сіздің сабағыңыз аптасына 1 рет әйтеуір сол белгіленген дүйсенбі (20.09) – сенбі (25.09.) аралығында отеді ғой. Коп жағдайда тура сабақ басталатын (дүйсенбі) күнді жазып, ол кейін озгеріп кетсе, мұғалім күнтізбелік жоспар күнін қайта өшіріп жазуға тура келеді.

- Күнтізбелік жоспарында сабақтың жоспарын,

Формат: Список

Формат: Список

пайдаланылатын әдебиетін, сабақтың әдісін, пайдаланылатын көрнекілігі сияқты мәселелер қарастырылмайды. Ол сабақ жоспарында жазылады (қыркүйекте жазылған күнтізбелік жоспарға, наурызда болатын сабақтың әдіс-тәсілін мұғалім қайдан алып жазады). Кейбір мектеп басшылары осындай күнтізбелік жоспарын (тіпті 19-20 бөліктен тұратын) мұғалімнен талап етеді. Сондықтан, мұғалім жұмысын, жоспарын осы үлгіде жазған жөн.

- Күнтізбелік жоспар соңында пән бойынша осы сынып оқушылары оқитын қосымша әдебиеттер тізімін берген дұрыс.
- Күнтізбелік жоспарда тоқсан аяғында болатын бақылау жұмыстарын тоқсан аяқталуға 2-3 сабақ қалғанда өтелгені дұрыс. Өйткені, оқушы нашар баға алса, қалған уақытта бағасын түзетуге мүмкіндігі болады.
- Күнтізбелік жоспар қыркүйектің 1-не дейін толық жасалып, бірінші әдіс бірлестігінде қаралып, талқыланып, әкімшілік тарапынан келісіліп, мөр басылады.

Күнтізбелік жоспарсыз мұғалім сабақ беруге құқы жоқ.

## 2. *Факультатив сабақ жоспары*

Қазіргі таңда мектептерде көптеген қосымша сабақтар өтіледі. Ббазистік оқу жоспарының вариативтік бөлігі есебінен аптасына екі немесе бір сағаттың факультатив сабақтар өтеді. Бұл сабақтардың қай сыныпта өтілетіндігі ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығына сәйкес, мектептің жас ерекшелігіне сәйкес әкімшілік тарапынан сабақ кестесіне кіреді. Факультатив сабақтың жоспары да 1 қыркүйекте дайын болғаны дұрыс. Оның да жазылуы, бекітілуі күнтізбелік жоспарындағыдай жасалынады.

Дегенмен де, факультатив сабақ жоспарын дайындағанда мына мәселелерге көңіл бөлген жөн:

1. Факультатив сабаққа көптеген мектептерде мектеп әкімшілігі жеке журнал арнайды.

2. Тоқсандық баға қорыту, қорытпау, жалпы факультатив

Формат: Список

сабағын бағалау туралы мәселені педагогикалық кеңес арқылы мектеп әкімшілігі шешеді. Көп жағдайда факультатив сабағында баға қойылмайды.

3. Факультатив сабағын сабақ кестесіндегі негізгі сабақтар аяқталған соң, 45 минуттан кейін өткізген жөн.

~~1.~~4.Факультатив сабақ — мұғалімнің шығармашылық жұмысының нәтижесі.

***Есіңізде болсын:***

1. Әдебиеттердің баспасын, бетін толық, анық жазған дұрыс.

2. Мұғалімдердің пайдаланатын әдебиеттері және осы сыныптағы оқушылардың міндетті пайдаланатын әдебиеттері бөлек жазылғаны дұрыс. Мысалы (үлгі ретінде):

**Пайдаланатын әдебиеттер тізімі:**

1. ҚР Конституциясы, «Тіл туралы» заңы, «Білім беру туралы» заңы, т.б.

2. Назарбаев Н.Ә. еңбектері.

3. Шаймерденов Е. «Қазақ елінің рәміздері». Алматы, 1993 ж.

4. Мусин Ч. «Қазақстан тарихы». Алматы, 1993 ж.

5. Тәтімов М. «Қазақ әлемі». Алматы, 1993 ж.

6. Тарақты А. «Көшпенділер тарихы». Алматы, 1995 ж.

7. Әбуев Қ. «Қазақстан тарихының «ақтаңдақ» беттерінен». Алматы, 1994 ж.

8. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. «Тарих тағылымы не дейді?» Алматы, 1993 ж.

9. Тасымбеков А. «Жан дауысы». Алматы, 1994 ж.

10. Қасенов Қ., Төреханов Ә. «Қызыл қырғын 37-де опат болғандар». Алматы, 1994 ж.

11. Қыстаубаев З. «Нәубет». Алматы, 1990 ж.

12. Сонымен қатар, сабақ тақырыптарына байланысты баспасөз материалдарын, мемлекет құжаттарын пайдалану қажет.

**Оқушы міндетті түрде оқуы тиісті әдебиеттер тізімі:**

1. ҚР Конституциясы, Тіл туралы заңы, Білім туралы заңы, т.б.

2. Назарбаев Н.Ә. еңбектері.

3. Шаймерденов Е. «Қазақ елінің рәміздері». Алматы, 1995 ж.

4. М.Тәтімов. «Қазақ әлемі». Алматы, 1993 ж.

5. Қасенов Қ., Төреханов Ә. «Қызыл қырғын 37-де опат

Отформатировано: Шрифт: 16 пт, полужирный, курсив, Цвет шрифта: Серый 85%

Отформатировано: Шрифт: 16 пт, полужирный, курсив, Цвет шрифта: Серый 85%

болғандар». Алматы, 1994 ж.

6. Қыстаубаев З. «Нәубет». Алматы, 1990 ж.

7. Табей К. «Мұзда жанған алау». Алматы, 1993 ж.

8. Мұғалім басшылығымен берілетін қосымша баспасөз материалдары.

Төменде факультатив сабақтың жоспарларын үлгі ретінде ұсынып отырмыз.

***Қазақстан тарихы. 11-сынып.***
***Факультатив сабақтың бағдарламасы***

Қоғамдық-гуманитарлық бағдарлы мектептер үшін

(Алматы қаласы, №62 мектеп, К.Сабзенованың іс-тәжірибесінен)

| **Р/с** | **Уақыты** | **Сабақтың тақырыбы** | **Негізгі ұғымдар мен сұрақтар** | **Сағ.атс** | **Жұмыс түрі** | **Оқушыға берілетін тапсырмалар** | **Әдебиет** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Кіріспе: Қазақстан тарихының аса маңызды кезеңдері | 1. 1920-1930 ж.ж. Қазақстанның саяси-экономикалық жағдайы.<br>2. 1930 ж. қоғамдық-саяси өмір. Сталинизмнің орнығуы.<br>3. Қазақ диаспорасының тарихы.<br>4. Тәуелсіз Қазақстан Республикасы. | 1 | Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы» бейнетаспасын көре отырып, шолу жасау | Қосымша материалдарды жинақтау | 1. К.Мамырұлы «Қазақ тарихы».<br>2. А.Тасымбеков «Жан дауысы». |
| | | Қазақстанда ауылшаруашылығын ұжымдастыру: шаруалар қасіреті | 1. Ф.Голощекиннің «Кіші Қазан» идеясының үстемдігі.<br>2. Ауылшаруашылығын күштеп ұжымдастыру.<br>3. 1932-1922 ж.ж. аштық.<br>4. Қазақ зиялыларының көзқарасы. | 1 | «Қанқұйлы террор хикметі» бейнетаспасын көру, талдау | «Нәубет» кітабы негізінде семинарға дайындалу | 1. М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков «Тарих тағылымы не дейді?»<br>2. В.Михайлов «Ұлы жұт жазбалары».<br>3. З.Қыстаубаев «Нәубет», 4-117 б.б. |
| | | Қазақстан елді ин- | 1. Қазақстан — Кеңес империясының шикізат базасы. | 1 | 1. Картамен жұмыс. | 1. Индустрияландыру сая- | 1. Т.Қаратаев «Жүз жылдың ақ-карасы», |

Отформатированная таблица

**Отформатировано:** Отступ: Слева: 0,2 см, Справа: 0,2 см

**Отформатировано:** Отступ: Слева: 0,2 см, Справа: 0,2 см

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | дустрия-ландыру кезеңінде | 2. Урбандалу процесі.<br>3. Қазақ жұмысшы табының қалыптасуы.<br>Негізгі ұғымдар: индустрияландыру, урбандалу. | | 2. Баян-дау. | саты ту-ралы өз пікірін айту.<br>2. Стаха-новшы-лар қозға-лысының оң, теріс әсерін анықтау. | 227-237 б.б.<br>2. М.-Тәтімов «Қазақ әлемі», 19-50 б.б.<br>3. -М.-Чапай «Қазақстан та-рихы», 191-197 б.~~беттер.~~. |
| | | | 1930 жылдар-дағы қо-ғамдық-саяси өмір | 1. Қоғамның барлық салаларындағы тоталитарлық жүйе.<br>2. 1937-1938 ж.ж. жаппай террор.<br>3. Қазақ даласындағы ерекше режимді еңбекпен түзету лагерьлері.<br>Негізгі ұғымдар: тоталитаризм, террор, репрессия. | 1 | 1. Құжат-тармен жұмыс.<br>2. Кітап-пен жұмыс. | 1. Буклет жасау.<br>2. Конфе-ренция өткізу. | 1. Қ.Қасенов, Ә.Төреханов «Қызыл қырғын 37-де опат болған-дар».<br>2. А.-Тасым-беков «Жан дауысы».<br>3. З.Қыстау-баев «Нәубет», 122-361 б.б.<br>4. М.Тәтімов «Қазақ әлемі». 128-145 б.б. |
| | | | 1920-1930 жыл-дардағы Қазақ-стан мә-дениеті | 1. Сауатсыздықты жою.<br>2. Халық ағарту ісі мен білім беру жүйесі.<br>3. Кәсіптік білім беру.<br>4. Ғылым мен әдебиет.<br>5. Қазақ өнерінің дамуы. | 1 | Топтық жұмыс | 1. Тарихи сынықхат дайындау<br>2. Басқа-тырғыш дайын-дау.<br>3. Тест. | 1. М.Чапай «Қазақстан тарихы», 205-214 беттер.<br>2. К.Мамырұлы «Қазақ тарихы», 200-202 беттер. |
| | | | Қазақ-стан — көп ұлт-ты мем-лекет | 1. Қазақстанға басқа ұлт өкілдерінің қоныстану кезеңдері.<br>2. Саяси репрессиялар мен халықтар депортациясы.<br>3. Қазақстан — лагерьлер өлкесі. | 1 | 1. Құжат-тармен жұмыс.<br>2. Баян-дау. | 1. Рефе-рат жазу.<br>2. Патша үкіметі-нің қо-ныстан-дыру сая-саты мен Кеңес | 1. М.Тәтімов «Қазақ әлемі», 9-29 б.б., 49-54 б.б., 118-144 беттер.<br>2. Ж.Қасымбаев «Қазақстан тарихы», 9- |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 4. Тың және тыңайған жерлерді игерудің демографияға тигізген әсері.<br>Негізгі ұғымдар: демография, депортация, репрессия. | | | үкіметінің көшіп-қону саясатын салыстырып, өз пікірін айту. | сынып оқулығы. | |
| | | Қазіргі Қазақстанның демографиялық жағдайы | 1. Қазақстандағы басқа ұлт өкілдерінің саны мен ұлттық құрамы.<br>2. Қазақ тілі — мемлекеттік тіл.<br>3. Ұлттық мәдени орталықтар қызметі.<br>4. Қазақстан халықтарының Ассамблеясы. | 1 | 1. «Қазақстанда тұратын ұлттар мен ұлыстарджын мәдениеті» бейнетаспасын көру.<br>2. Қазақ тілінің қолданылу жағдайы туралы пікірлесу. | Іздену, зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы жаңа деректерді анықтау | 1. М.Тәтімов «Қазақ әлемі», 155-158 беттер.<br>2. Басылым материалдары. | |
| | | Қазақстан коммунистік партиясының және жастар ұйымының тарихы | 1. Қазақстан компартиясының саяси бағыты.<br>2. Қоғамның барлық салаларында әкімшіл-әміршіл басқару жүйесінің орнығуы.<br>3. Мәскеудің әміршілдік бағыты.<br>Негізгі ұғым: тоталитаризм. | 1 | 1. Баяндау.<br>2. «Тәуелсіздігіміздің 10 жылдығы» бейнетаспасын көру. | Реферат жазу | 1. М.Чапай «Қазақстан тарихы», 226-247 б.б., 180-190 б.б.<br>2. М.К. Қозыбаев, І.М.Қозыбаев «Қазақстан тарихы», 102-106 б.б.<br>3. К.Нұрпейісов, Б.Аяғанов, нН.Жақсылықов «Қазақстан тарихы», 11-сынып оқулығы. | |
| | | Қазақ- | 1. Семей, Арал, | 1 | 1. Сурет- | 1. Қазақ- | 1. К.Бозтаев | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | стан — ядролық апат ауданы | Балқаш мәселелері.<br>2. Қазақстанның экологиялық жағдайының нашарлауы. | | термен жұмыс.<br>2. Картадан экологиялық апатты аудандарды анықтау. | стан экологиясын жақсарту туралы ұсыныстар айту.<br>2. «Алматы қаласының экологиясы» тақырыбында реферат жазу. | «Семей полигоны».<br>2. М.Тәтімов «Қазақ әлемі», 111-117 беттер.<br>3. Б.Аяған «Казахстанский полигон», 55-69 стр. |
| | | Қазақстан халқының этнографиясы | 1. Қазақ халқының этнографиясының даму ерекшелігі.<br>2. Материалдық және рухани мәдениеті.<br>3. Ұлттық салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары.<br>4. Діни наным-сенімдері.<br>Негізгі ұғым: этнография. | 1 | «Қазақ халқының әдет-ғұрып, дәстүрі» бейнетаспасын көру | 1. Мұражайға саяхат.<br>2. Тарихи шығарма жазу. | 1. К.М.Байпақов, Б.Е.Көмеков, К.А.Пищулина «Орта ғасырдағы Қазақстан тарихы», 124-126 беттер.<br>2. Х.Маданов «Қазақ мәдениетінің қалыптасу кезеңдері», 21-53 б.б., 102 б., 147-184 б.б. |
| | | Қазақ диаспорасының тарихы | 1. Қазақтардың шетел асуы кезеңдері.<br>2. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламасы».<br>3. Күштеп ұжымдастыру.<br>4. 1931-1933 ж.ж. аштық.<br>Негізгі ұғым: диаспора. | 1 | 1. Құжаттармен жұмыс.<br>2. «Қызылдар қырғыны» кітабын оқып, талдау. | «Шұбырынды қанды босқын» тақырыбында реферат жазу | 1. М.Қани «Қазақтың көне та-рихы», 272-278 б.б.<br>2. М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков «Тарих тағылымы не дейді?», 123-196 беттер.<br>3. М.Тәтімов «Қазақ әлемі», 49-54 беттер. |
| | | Шетелдегі қазақтар | 1. ТМД елдеріндегі қазақтар.<br>2. Орта Азия Республикасындағы қазақтар. | 1 | 1. Оралмандармен кездесу өткізу. | Іздену, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, | Басылым материалдары |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 3. Түркия, Таяу Шығыс елдеріндегі қазақтар.<br>4. Еуропа, Америка, Австриядағы қазақтар.<br>5. Шетелдердегі қазақтардың Отанына оралуы. | | 2. Демограф ғалыммен кездесу. | тың деректер жинақтау | | |
| | | Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігінің жариялануы | 1. Мемлекеттік тәуелсіздік құжаттары, нышандары.<br>2. Мемлекеттік идеологияның жаңа бағыттары.<br>3. Республиканың саяси өміріндегі реформалар.<br>4. Қазақстандағы көп партиялық жүйе. | 1 | 1. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» заңды оқып үйрену.<br>2. «Тарих пен тағылым» бейнетаспасын көру. | Тәуелсіз Қазақстанның саяси өміріндегі негізгі оқиғалар бойынша хронология жасау | 1. ҚР Конституциясы, 1995 ж. 30 тамыз.<br>2. Н.Ә.Назарбаев «Ғасырлар тоғысында».<br>3. Е.Шаймерденов «Қазақ елінің рәміздері».<br>4. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның болашағы — қоғамның идеялық бірлігінде». | |
| | | Тәуелсіз ел экономикасы | 1. Нарықтық экономикаға өту.<br>2. Тәуелсіз Қазақстанның мәдени және әлеуметтік жағдайы.<br>Негізгі ұғым: инвестиция, нарық. | 1 | 1. «Экономика және демократия» бейнетаспасын көру.<br>2. 1999 ж. 11 маусымдағы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңын оқу. | 1. Нарықтық экономика саясатының негізгі белгілерін анықтау.<br>2. ҚР-ң ЮНЕСКО ауқымында аталып өткен мерекелері туралы шығармашылық жұмыс. | 1. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан — 2030».<br>2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, 1999 ж. 11 сәуір.<br>3. Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында», 125-152 беттер. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Қазақ-станның халық-аралық байланы-сының дамуы | 1. Қазақстанның сыртқы саясатындағы негізгі бағыты. 2. Қазақстанның даму болашағы. Негізгі ұғымдар: лизинг, макроэконо-мика. | 1 | Құжаттар-мен және Н.Ә.На-зарбаев-тың ең-бектері-мен жұмыс. | 1. Халық-аралық байланыс нәтиже-лерінің тарихи маңызы туралы өз пікірін айту. 2. Жаңа деректер жинау. | 1. Н.Ә.Назар-баев «Қазақ-станның еге-менді мемле-кет ретіндегі қалыптасуы мен дамуының стратегиясы». 2. Н.Ә.Назар-баев «Қазақ-стан — 2030». |
| | Қазақ-стан Рес-публика-сының президен-ті Н.Ә.На-зарбаев-тың ең-бектерін оқу | | 1 | Н.Ә.На-зарбаев-тың еңбекте-рін оқыта отырып, түсіндіру | Н.Ә.На-зарбаев-тың еңбектері бойынша семинар өткізу | 1. Н.Ә.Назар-баев «Қалың елім, қазағым...». 2. Н.Ә.Назар-баев «Сындар-лы он жыл». 3. Н.Ә.Назар-баев «Бейбіт-шілік кіндігі». |
| | Қайталау | | 1 | Тест | | |

## «Қазақстан тарихы». 11-сынып.

Сабақ бағдарламасы (34 сағат)

| № | Сабақтың тақырыбы | Сағ. саны | Пайдаланған әдебиеттер |
|---|---|---|---|
| 1. | Қазақстан территориясындағы алғашқы адамдардың қоныстары. Алғашқы тайпалар. Олардың кәсібі. Мекен еткен жерлері. | 1 | С.Жолдасбайұлы «Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан». А., 1995 ж. 9-24 б.б. |
| 2. | Алғашқы феодалдық мемлекеттер. Қазақстанның көне қалалары. Алғашқы ғалымдар: әл-Фараби, Ж.Баласағұн, А.Иассауи, т.б. | 1 | «Қазақ халқының тәлім-тәрбие тарихынан», 16-31 беттер. |
| 3. | Шыңғыс хан шапқыншылығы кезіндегі Қазақстан. Моңғол-татар | 1 | М.Қани «Қазақтың көне тарихы», 155-195 б.б. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | шапқыншылығының зардаптары. | | С.Жолдасбайұлы «Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан», 99-102 б.б. |
| 4. | Жоңғар шапқыншылығы. Қазақ батырлары: Райымбек, Қабанбай, Наурызбай, т.б.<br>Билері: Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би.<br>Қазақ хандары, олардың жүргізген саясаттары. | 1 | М.Қани «Қазақтың көне тарихы», 266-278 б.б.<br>М.Мағауин «Қазақ тарихының әліппесі», 130-189 беттер.<br>Н.Төреқұлов, М.Қазыбеков «Қазақтың би-шешендері», 44-125 б.б. |
| 5. | Қазақ-орыс қарым-қатынастары. Қазақстанның Ресейге қосылу себебі. Қазақстанның Ресей отарына айналуы. | 1 | М.Мағауин «Қазақ тарихының әліппесі», 184 б.<br>Ж.Қасымбаев «Қазақстан тарихы», 3-15 б.б.<br>С.Мәшімбаев «Патшалық Ресейдің отарлау саясаты». |
| 6. | Қазақстандағы ұлт-азаттық көтерілістер: С.Датұлы бастаған көтеріліс, 1837-1847 ж.ж. К.Қасымұлы және 1836-1838 ж.ж. Ішкі (Бөкей) ордадағы шаруалар көтерілістері. | 1 | Ж.Қасымбаев «Қазақстан тарихы», 34-44 б.б.; 53-78 б.б.<br>«Егемен Қазақстан», 1995 ж., «Хан Кененің қазасы». |
| 7. | 1822 жылы «Сібір қазақтарының жарғысы». Қазақстанда хандық биліктің жойылуы. | 1 | Ж.Қасымбаев «Қазақстан тарихы», 44-47 беттер. |
| 8. | XIX ғасырдың 60 жылдарында орыс шаруаларын Қазақстанға қоныс аударту. Қазақ ауылының жағдайы. | 1 | Ж. Қасымбаев «Қазақстан тарихы» 116-123 б.б.<br>С.Мәшімбаев «Патшалық Ресейдің отарлау саясаты», 117-129 б.б. |

## *XIX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстан (1916-1920 жылдың аяғы)*
(3 сағат)

| **№** | **Сабақтың тақырыбы** | **Сағ. саны** | **Пайдаланған әдебиеттер** |
|---|---|---|---|
| 1. | Он алтыншы жылдың ойраны | 1 | «Қазақ тарихы» журналы, №1, 1993 ж., 52-56 б.б. |
| 2. | Алаш қозғалысы. «Алашорда» үкіметінің құрылуы. «Үш жүз» партиясы. 1817 ж. 30 қараша. | 1 | Б.Қуатов «Отанымыздың тарихы туралы саяси әңгіме», 186-191 б.б.<br>М.Шоқай «Түркістанның қилы тағдыры», А., 1992 ж.<br>«Қазақ тарихы» журналы, №1, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | 1994 ж., 7-15 б.б. |
| 3. | XX ғасырдың басындағы ұлттық революцияшыл-демократ зиялылардың рөлі. М.Шоқай, С.Асфендияров, Ә.Бөкейханов, т.б. | 1 | Х.Маданов, І.Мусин «Ұлы дала тарихы», 172-174 беттер. М.Шоқай «Түркістанның қилы тағдыры». |

***Голощекиннің геноцид саясаты***

(4 сағат)

| **№** | **Сабақтың тақырыбы** | **Сағ. саны** | **Пайдаланған әдебиеттер** |
|---|---|---|---|
| 1. | Қазақстандағы аштық. Т.Рысқұлов «Бесеудің хаты», 1932 жыл. Ғ.Мүсірепов, М.Ғабдуллин, М.Дәулетқалиев, Қ.Қуанышев, Е.Алтынбеков. | 1 | М.Қойгелдиев «Тарих тағылымы не дейді?» 183-197 беттер. «Ұлы жұт жазбалары», «Жалын» журналы, 1988 ж., №4, 5. «Казахстанская правда» газеті, 1990 ж. М.Қозыбаев «Қазақстан тарихы», 131-132-б.б. |
| 2. | Асырмай да жасырмай айтылар шындық | 1 | З.Қыстаубаев «Нәубет», 4-7 б.б., 39-50 б.б, 65-84 б.б, 92-117 б.б. |
| 3. | Қазақстандықтардың Орта Азия жеріне ауа көшуі. Қазақстандықтардың Қытай асуы. | 1 | М.Қойгелдиев «Тарих тағылымы не дейді?», 136-148 б.б, 148-183 б.б. «Қазақ тарихы» журналы, №1, 1994 ж., 53-58 беттер. |
| 4. | Оралмандармен кездесу | 1 | |

***30 жылдардағы қоғамдық-саяси өмір***

(2 сағат)

| **№** | **Сабақтың тақырыбы** | **Сағат саны** | **Пайдаланған әдебиеттер** |
|---|---|---|---|
| 1. | Қағидаға айналған қателер. Қайран абзал ағалар. Мирзоян хатшы. | 1 | З.Қыстаубаев «Нәубет», 122-146 б.б., 146-190 б.б., 113-122 беттер. «Қазақ тарихы» журналы, №3, 1993 ж. |
| 2. | Жазықты ма апалар? «Алжир»-Малиновка. «Карлаг» — қатыгез жаңғырығы. | 1 | А.Тастамбеков «Жан дауысы», 46-51 б.б. «Қазақстан тарихы», 10-сынып оқулығы, 147 б. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Ұлт зиялыларының қайғылы тағдыры. | | «Қазақ әдебиеті» газеті, 09.07.1993 ж. «Ұлан» газеті 07.01.1992 ж. | |

***20-30 жылдардағы Қазақстандағы мәдени құрылыс***
(3 сағат)

| № | Сабақтың тақырыбы | Сағат саны | Пайдаланған әдебиеттер | |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Қазақ кеңес әдебиеті мен өнерінің қалыптасуы. Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, Ш.Құдайбердиев, М.Жұмабаев, Ә.Қашаубаев, К.Бәйсейітова, т.б. | 1 | «Қазақ халқының тәлім-тәрбие тарихынан», А., 1992 ж. 204, 183, 193, 211 беттер. А.Қасымжанов «Қазақ». А., 1994 ж. 152-159 б.б. М.Қозыбаев «Қазақстан тарихы», 161-171 беттер. | |
| 2. | Қазақ мәдени құрылысының «ақтаңдақтары» | 1 | «Қазақ тарихы» журналы, №3, 1993 ж., 47-50 беттер. | |
| 3. | Мұражайға саяхат | 1 | | |

***Қазақстан екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында***
**(1941-1945 ж.ж.)**
(5 сағат)

| № | Сабақтың тақырыбы | Сағат саны | Пайдаланған әдебиеттер | |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Ұлы Отан соғысы және Қазақстан Еңбек әскері. «722-03» таңбалы отарба. | 1 | «Егемен Қазақстан», 08.05.1993 ж. «Егемен Қазақстан», 25.04.1995 ж. | |
| 2. | Жау қолында — азапта, өз елінде — түрмеде. Үлкен соғыстың кішкентай | 1 | «Егемен Қазақстан», 11.03.1993 ж. «Егемен Қазақстан», | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | тұтқындары. | | 11.04.95 ж. |
| 3. | Қазақ халқының Қазақстандық жауынгерлерге хаты | 1 | Т.Садықов «Тарих тағылымы». А., 1992 ж. 74-76 беттер. |
| 4. | Қазақтың батыр қыздары: Ә.Молдағұлова, М.Мәметова, Ғ.Хәкімова, З.Досбергенова, Х.Доспанова. | 1 | Д.Дәуренбекова «Алғашқы қарлығаштар», А., 1993 ж., 73 б., 96 б. «Егемен Қазақстан», 02.03.1993 ж.; 02.05.1995 ж. |
| 5. | Рейхстагқа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев | 1 | «Егемен Қазақстан», 11.05.1994 ж.; 06.05.1995 ж. |

***Қазақстан 1950 жылдың басы мен 60-шы жылдардың ортасында***
(2 сағат)

| **№** | **Сабақтың тақырыбы** | **Сағат саны** | **Пайдаланған әдебиеттер** |
|---|---|---|---|
| 1. | Республиканың қоғамдық-саяси өмірі. И.Сталинның жеке басына табынуды айыптау. | 1 | КОКП XX съезінің материалдары. Журнал «Известия» КПСС, 1989 ж. №3. «Қазақ тарихы» журналы, №1, 2. 1994 ж. 45-52 беттер. |
| 2. | Тың және тыңайған жерлерді игеру | 1 | Х.Маданов, Ч.Мусин «Ұлы дала тарихы». А., 1994 ж., 202-205 б.б. Қ.Әбуев «Қазақстан тарихының ақтаңдақтары беттерінен». А., 1994 ж., 71-97 беттер. |

***Қазақстан 60-шы жылдардың ортасы мен 90-шы жылдардың басында***
(2 сағат)

| № | Сабақтың тақырыбы | Сағат саны | Пайдаланған әдебиеттер |
|---|---|---|---|
| 1. | «Невада-Семей», «Азат», «Желтоқсан қозғалыстары» | 1 | Х.Маданов, Ч.Мусин «Ұлы дала тарихы», 230-232 беттер. |
| 2. | Желтоқсан қаһарман-дарымен танысайық | 1 | А.Бөкен «Желтоқсан құрбанда-рын жоқтау». А., 1992 ж. |

***Тәуелсіз Қазақстан***
(5 сағат)

| № | Сабақтың тақырыбы | Сағат саны | Пайдаланған әдебиеттер |
|---|---|---|---|
| 1. | Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігінің жариялануы. Мемлекеттік рәміздер. Қазақстан Республикасының Конституциясы. | 1 | ҚР Конституциясы, 1995 ж. 30 тамыз. Е.Шаймерденов «Қазақ елінің рәміздері», 6-71 б.б. ҚР мемлекеттік тәуелсіздігі туралы заң. |
| 2. | Қазақстан Республикасының ішкі-сыртқы саясаты | 1 | Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның егемен мемлекет ретіндегі қалыптасуы мен дамуының стратегиясы». Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның болашағы — қоғамның идеялық бірлігі». |
| 3. | Қазақстан Республикасының экономикалық, мәдени-әлеуметтік саладағы басты өзгерістері | 1 | Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан — 2030». Н.Ә.Назарбаев «Ғасырлар тоғысында». |
| 4. | Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың еңбектерін оқыту | 1 | Н.Ә.Назарбаев «Сындарлы он жыл». Н.Ә.Назарбаев «Бейбітшлік кіндігі». Н.Ә.Назарбаев ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдаулары. |
| 5. | Қайталау | 1 | |

***~~Мысалы:~~***
***~~Пайдаланған әдебиеттер тізімі:~~***

***~~1.ҚР Конституциясы, Тіл заңы, Білім заңы, т.б.~~***
***~~2. Назарбаев Н.Ә. еңбектері.~~***
***~~3. Шаймерденов Е. Қазақ елінің рәміздері. Алматы, 1993 ж.~~***
***~~4. Мусин Ч. Қазақстан тарихы. Алматы, 1993 ж.~~***
***~~5. Тәтімов М. Қазақ әлемі. Алматы, 1993 ж.~~***
***~~6. Тарақты А. Кошпенділер тарихы. Алматы, 1995 ж.~~***
***~~7. Әбуев Қ. Қазақстан тарихының "ақтаңдақ"~~***

беттерінен. Алматы, 1994 ж.
8. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? Алматы, 1993 ж.
9. ТасымбековА. Жан дауысы. Алматы, 1994 ж.
10. Қасенов Қ., Тореханов Ә. Қызыл қырғын 37-де опат болғандар. Алматы, 1994 ж.
11. Қыстаубаев З. Нәубет. Алматы, 1990 ж.
12. Сонымен қатар сабақ тақырыптарына байланысты баспасөз материалдарын, мемлекет құжаттарын пайдалану қажет.

*Оқушы міндетті түрде оқуына тиісті әдебиеттер:*
1. ҚР Конституциясы, Тіл заңы, Білім заңы, т.б.
2. Назарбаев Н.Ә. еңбектері.
3. Шаймерденов Е. Қазақ елінің рәміздері. Алматы, 1995 ж.
4. М.Тәтімов. Қазақ әлемі. Алматы, 1993 ж.
5. Қасенов Қ., Тореханов Ә. Қызыл қырғын 37-де опат болғандар. Алматы, 1994 ж.
6. Қыстаубаев З. Нәубет. Алматы, 1990 ж.
7. Табей К. Мұзда жанған алау. Алматы, 1993 ж.
8. Мұғалім басшылығымен берілетін қосымша баспасөз материалдары.

## *Мектептегі үйірме сабақтары*

Орта мектепте негізгі пән сабақтарымен қоса, қосымша сабақтар: факультатив сабақтар, үйірме сабақтары, т.б. жүргізіледі. Қандай сабақтар болмасын, мектеп әкімшілігімен жыл басында келісіліп, сабақ кестесіне енгізіледі. Бұл сабақтардың басты мақсаты — оқушылардың білімін жаңа деректермен, ұғымдармен толықтыру, пәнге деген қызығушылығын арттыру. Академик Т.Т.Тұрлығұл «Мектепте тарихты оқытудың теориясы мен әдістемесі» (А., «Ғылым», 2003 ж., 218 б.) атты еңбегінде тарих үйірмесі туралы өте құнды пікір айтады.

Сыныптан тыс жұмыстардың көп тараған үлгілерінің бірі —

**Отформатировано:** По центру, Отступ: Первая строка: 0 см, интервал После: 0 пт, Междустр.интервал: одинарный

**Отформатировано:** По ширине, интервал После: 0 пт, Междустр.интервал: одинарный

**тарих үйірмесі.** Оның кең тарайтын себебі: оқушылардың талап-тілектерін ескеруге ыңғайлы, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытады, білімдерін толықтырады әрі тереңдетеді, әртүрлі тәжірибелік іске тартады. Шәкірттердің жеке және топ болып түрлі жұмыстарды ұштастыра жүргізуіне мүмкіндік береді, ғылыми зерттеудің алғашқы дағдыларын қалыптастырады, оның жұмысы көбіне нақты тақырыпқа ұйымдастырылып, жоспарлы, жүйелі түрде жүргізіледі. Сондықтан тарихтың басқа қосымша курстарының тақырыбын, мәселен, факультативте оқылатын тақырыпты тарих үйірмесінде қайталамаған дұрыс. Тарих үйірмесіне де оқушылар өз қалауымен жазылады, әр үйірмеде 30 оқушы болса жеткілікті, олардың бәрінің бір сыныптан болуы міндетті емес, дегенмен, үйірме жұмысының жақсы жүруі үшін оның мүшелерінің жас және дайындық дәрежесінде үлкен айырмашылық болмағаны дұрыс.

Үйірмені бюро немесе кеңес басқарады, олар оқушылардан сайланады, олардың арасынан төраға мен хатшы тағайындалады. Кейбір мектептердің үйірмелерінің аты, жарғысы, мүшелік билеті, омырауға тағатын белгілері болады.

Үйірме сабақтары талқыланып, бекітілген бір жылдық жоспармен жұмыс істейді. Әдетте, мектептегі тарих үйірмелері мынандай тақырыптарды зерттеумен айналысады: ағымдағы саясат, әскери-тарихи, тарихи-өмірбаяндық, тарихи-өнер зерттеушілік, алыс-жақын шетелдердің тарихын зерттеу, көрнекі құралдар дайындау, жас археологтар, нумизматиктер, тарихи өлкетанушылар, т.б.

«...Жалпы жұмысқа мұғалім басшылық етеді; зерттеу әдісін қолданады; тақырыпты барынша ойластырып таңдайды; бастаған іс аяғына дейін жеткізіледі; жұмыстың нәтижесі міндетті түрде қорытылып, қағаз бетіне түсірілуі керек және жұмыстың нәтижесін бүкіл мектеп білуі тиіс, сонда ғана үйірме жұмысының қоғамдық пайдалы сипаты байқалады».

Үйірме жұмысы оқушының таңдауы бойынша жүргізілуі тиіс, жұмыс жоспар бойынша істелінеді. Үйірме жұмысы тарихи бағытта жүргізіледі. Тарихты тереңдетіп оқытып, мәліметтер алуға бағытталады.

**Мақсаты:** Көшпенді дала өркениетінің мол мұрасын балаларға жеткізіп, білімін шыңдау.

**Міндеті:** Оқушылардың жеке қабілетін, сөйлеу мәдениетін, танымдық көзқарасын қалыптастыру. Сонымен қатар, ұлтжандылыққа, жеке тұлға болып қалыптасуға бағыттау. Көшпенді

**Отформатировано:** интервал После: 0 пт, Междустр.интервал: одинарный

өркениеттің, біздің ата-бабаларымызда ұлы дала өркениеті болғанын балалардың бойына сіңіріп, оларды елін, жерін сүюге тәрбиелеу.

*Перспективалық жоспар (жоба)*

Үйірмеде 5-сынып оқушыларына ежелгі Қазақстан тарихы кезеңі бойынша аңыз-әңгімелер айтылады, мұражайларға, табиғатқа саяхат жүргізіледі.

6-7-сынып оқушылары Орта ғасыр кезеңі бойынша деректермен танысып, саяхатқа шығып, білімдерін тереңдетіп, реферат, баяндама, өзіндік жұмыстарды жазуға, оларды қорғауға машықтандырылады.

8-сынып. XVIII ғасырдың аяғы-XX ғасырдың басы. Кездесу кештерін өткізіп, әдебиеттерден, сабақтан оқығандары арқылы білімдерін толықтырады. Ашық сабақтарға белсене қатысып, шығармашылық жұмыс жүргізеді.

9-сынып. 1916 жылдан Тәуелсіз Қазақстанға дейін. Үйірмеде оқушылардың өз деңгейіне сай кездесулер, пікірталас, сайыстар өткізіледі және ғылыми тақырыптық конференцияларға қатысады, т.б.

10-11-сынып. Қазіргі кезеңді қамтиды. Ғылыми конференциялар ұйымдастырылады, пікір-сайыстар жүргізіледі. Жоғарғы сынып оқушылары тарихи деректерге жаңа көзқарастармен қарап, оларды талдауды, деректермен жұмыс жасауды, ізденіс жұмыстарын жүргізуді үйренеді, ғылыми еңбектермен танысады, өз ғылыми жұмыстарын қорғайды.

Үйірме жұмыстарында мына мәселелерге көңіл бөлу қажет:

1. Үйірме мүшелері 5-6-сыныптан бастап, белгілі бір тақырыпқа зерттеу жұмысын жүргізеді.
2. Жыл соңында сол тақырыбының нәтижесіне «есеп беру» арқылы қорытынды жасайды.
3. Әр сыныпта пайдаланатын әдебиеттер тізімін ұстаздың жетекшілігімен келіседі.
4. Бір тақырыппен екі-үш оқушы жұмыс істеуіне де болады.
5. Әр оқушы жоспарға сәйкес өзінің шығармашылық жұмысы бойынша жыл соңында есеп бере отырып, келесі оқу жылында істелетін жұмыстары жөнінде мәлімет беруі қажет.
6. Жоспардың соңында жалпы әдебиеттер тізімін, сонымен қатар, оқушылар оқитын міндетті әдебиеттер тізімін берген дұрыс.
7. Үйірменің аты, ұраны, белгісі болуы керек. Мысалы:

*Үйірменің аты:* «Жас Қыран».

*Ұраны:* Халқымыздың арманынан туындаған қайратты,
Жанарында өнер жанған «Жас Қыранбыз» айбатты!

**Отформатировано:** Отступ: Слева: 0 см, Первая строка: 1 см, интервал После: 0 пт, Междустр.интервал: одинарный, нумерованный + Уровень: 1 + Стиль нумерации: 1, 2, 3, … + Начать с: 1 + Выравнивание: слева + Выровнять по: 0 см + Отступ: 0 см

**Формат:** Список

*Эмблемасы (белгісі):* Қыранның суреті, кітап, оқушы бала, көк аспан, т.б. болады

8. Үйірмеге қатысқан оқушылардың әрқайсысының белгілі бір қоғамдық жұмыс атқарғаны дұрыс. Мысалы:

Формат: Список

- үйірме президенті;
- президенттің көмекшілері;
- газет шығаруға жауаптылар;
- көрме ұйымдастыруға жауаптылар;
- концерттік іс-шараларға жауаптылар;
- реферат, баяндама, конференцияларға жауаптылар;
- жарыстар, саяхаттар ұйымдастыруға жауаптылар;
- үйірме күнделігіне жауаптылар, т.б.

Үйірмедегі оқушы санына байланысты бір немесе екі-үш оқушыдан бөлуге болады. Қандай жағдайда да әр оқушының қоғамдық жұмысқа жауаптылығын қадағалау керек.

9. Үйірмеге кіру сауалнамасы (анкетасы):

Формат: Список

- Аты-жөніңіз...
- Сыныбыңыз...
- Мекен-жайыңыз...
- Қызығушылығыңыз...
- Бос уақытыңызда немен шұғылданасыз?
- Мектепте қандай қоғамдық жұмыстар атқарасыз?
- Үйірмеде қандай қоғамдық жұмыстар атқарғыңыз келеді? (тізімін жетекші көрсетеді.)
- Үйірмеге қандай мақсатпен келдіңіз?
- Үйірмеде қандай тақырыппен зерттеу жұмысын жүргізгіңіз келеді? (тақырыбын жетекші таныстырады.)
- Болашақта қандай маман иесі болғыңыз келеді?

***Оқушылар жайлы мәлімет***

Отформатировано: Отступ: Слева: 0 см, интервал После: 0 пт, Междустр.интервал: одинарный

| № | Аты-жөні | Мекен-жайы | Үйірмедегі қоғамдық қызметі | Шығармашылық жұмысының тақырыбы |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

Төменде үйірме жұмыстарының жоспарын үлгі ретінде беріп отырмыз.

Отформатировано: Отступ: Слева: 0 см, Первая строка: 1 см, интервал После: 0 пт, Междустр.интервал: одинарный

(Асанбекова Г.С., Алматы қаласы, №159 мектеп-гимназиянығ тарих пәні мұғалімінің іс-тәжірибесінен қысқартылып алынды.)

Отформатировано: Отступ: Первая строка: 1 см, интервал После: 0 пт, Междустр.интервал: одинарный

## *ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ*
## (үйірме)

| № | Сабақтың тақырыбы | Негізгі ұғымдар | Жұмыс түрі | Оқушыға берілетін тапсырма | Пайдаланылған әдебиеттер | Сағ. саны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Кіріспе. Қазақ мемлекеті қалай құрылды? | Ру, тайпаға бірігу. Шаруашылығы мен кәсібі. | Әңгімелесу, картамен жұмыс. | Картадан тауып көрсету | К.Ақышев. «Қазақ тарихы» журналы, 1994 ж., №3, 9 б. | 1 сағат |
| 2. | Тас дәуіріндегі Қазақстан | Алғашқы адамдар. Ежелгі тас дәуірі. Алғашқы адамдар тұрағы. Қауым. Тобыр, қоғам. Ру. | Пікірлесу | Алғашқы адамдар туралы сурет салу | «Қазақ тарихы», І-том, 68-69 б.б. | 1 сағат |
| 3. | Қола дәуіріндегі Қазақстан | Андронов мәдениеті. Адамдар қауымдастығы. Қорғандар. Құрбандық шалу. Петроглифтер. | Картамен жұмыс | «Тамғалы тастағы суреттер» атты әңгіме құрастыру | «Қазақ тарихы», І-том, 85-95 б.б. ҚазССР, І-том, 1984 ж., 298 б. | 1 сағат |
| 4. | Қазақстан темір дәуірінде | Темір дәуіріне шолу. Темір дәуіріндегі Қазақстан өңірі. Энеолит, қоныс, обалар, хронологиялық шек. | Баяндау. Термин сөздермен жұмыс. | Ерте темір дәуірінің хронологиялық шектерін табу | «Қазақстан тарихы», І-том, 158-206 б.б. | 1 сағат |
| 5. | Сақтар | Сақтардың тарихы. Қоғамдық құрылысы. Тәуелсіздік жолындағы күресі. Мәдениеті мен өнері. | Баяндау | «Есік қорғанына саяхат» атты тарихи әңгіме құрастыру | «Қазақ тарихы», 1994 ж. Сақтар. Т.Жұмаханов «Ежелгі Қазақстан» балалар энциклопедиясы, 2002 ж., 29-80 б.б. | 1 сағат |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 6. | Ғұндар | Ғұндар тарихы. Қоғамдық құрылысы. Жазба деректер. Аттила. | Баяндау | «Ғұндар арасында болғанда көргенім» атты тарихи әңгіме құрастыру | К.Серікбаева. «Қазақстан», 1998 ж. 83-85 б.б. Т.Жұмаханов. «Ежелгі Қазақстан» балалар энциклопедия сы, 2002 ж., 83-85 б.б. | 1 сағат |
| 7. | Үйсіндер мен қаңлылар | Қоғамдық құрылысы. Деректер. Мәдениеті мен шаруашылығы. Гуньмо. Хан. | Баяндау, деректер-мен жұмыс. | Деректер бойынша ой-толғау жазу | Т.Жұмаханов. «Ежелгі Қазақстан» балалар энциклопе-диясы. 2002 ж. 83-85 б.б. | 1 сағат |
| 8. | Сарматтар | Тарихы. Орналасқан жері. Мәдениеті. Өнері. | Термин сөздермен жұмыс | «Сарматтар-дың көне замандағы орны» атты тарихи әңгіме құрастыру | «Түркістан» халықаралық энциклопе-диясы. А., 2000 ж., 547 б. | 1 сағат |
| 9. | Ежелгі Қазақстан өңіріндегі тайпалар | Сақтар. А.Марцеллин. Үйсін қорғандары. Қаңлылардың саудасы. Сармат тайпаларының ерекшеліктері. | Пікірлесу | Ежелгі тайпалық одақтар туралы айтылған түрлі пікірлердің ең озығын жазу | | 1 сағат |
| 10. | Сырттан келген басқын-шыларға қарсы күрес | Жоңғар шапқыншылығы және оның зардаптары. Оларға қарсы азаттық күрес. | Картамен жұмыс | «Шапқыншы-лық зардаптары» туралы тарихи әңгіме құрастыру | Е.Уәлиханов «Қазақстан тарихы», №1, 29 б. М.Мағауин «Қазақстан-ның әліппесі», 130-179 б.б. М.Қани «Қазақстан-ның көне та-рихы», 266-278 б.б. | 1 сағат |

## *Тарих апталығын өткізу жөніндегі нұсқау* (үлгі)

Тарих апталығын бір апта немесе онкүндік ретінде өткізуге болады. Ол мектептің оқушылар санына байланысты.

Мектепте қатарлас сыныптар көп болса, оқушылардың белсенділігін арттыру мақсатында тарих апталығын онкүндік етіп өткізуге болады.

Қандай жағдайда да апталық өткізу барысында мына мәселелерге көңіл бөлу керек:

1. Мектеп жоспарында (өткен оқу жылының соңғы педагогикалық кеңесінде ескертіліп, оқу жылының басында педагогикалық кеңесте қаралып) бекітілгені жөн.

2. Кафедра немесе пән бірлестігінің отырысында талқыланып, жоспары бекітіледі.

3. Пән апталығы жөнінде алдын ала хабарландыру жазылып (жоспары, жауапты сыныптар, орны, негізгі шарттары), көрнекті жерде ілінгені жөн.

4. Әрбір сыныптардың қатысуын, белсенділігін әділ бағамен, қорытындыны әр күнгі іс-шаралардан кейін шарттарына сәйкес шығарған жөн. Жеңімпаз сыныптарды марапаттап, «Құттықтаймыз» деген арнаулы бұрыш ұйымдастыруға болады.

5. Әрбір жауапты сынып күнде өткізілген іс-шараларды мұқият қадағалап, нәтижесін көрсетіп, тарих апталығына жауапты адамға (тарих пәнінің әдістемелік бірлестігінің жетекшісі, оқу ісінің меңгерушісі, үйірме жетекшісі, үйірменің президенті 10-11-сынып оқушылары, т.б.) тапсыруы қажет.

6. Пән бірлестігінің ашылуы мен жабылуы мектептің мәжіліс залында салтанатты түрде өткізіліп, бұл жиынға арнаулы шақыру қағазымен мектеп әкімшілігін және басқа пән бірлестік жетекшілерін, ұстаздарды шақыру.

7. Апталықта «Ашық апталық», «Менің пікірім», «Қызықты оқиға», т.б. сияқты пошта жәшігін (ұсыныстар жәшігі, ата-аналар, оқушылар, ұстаздар үшін), т.б. ұйымдастыру.

8. Көрмелер, бәйгелер, оқушылардың тарихи тақырыпқа арналған сурет бәйгесі, тарихи шығармалар бәйгесі, сынып газеттерінің бәйгесі. Ең ұқыпты тарих дәптері, т.б. ұйымдастыру.

Отформатировано: Шрифт: 10 пт, не полужирный, Цвет шрифта: Серый 85%, казахский
Отформатировано: Шрифт: 16 пт, Цвет шрифта: Серый 85%, казахский
Отформатировано: Шрифт: 16 пт, Цвет шрифта: Серый 85%, казахский
Отформатировано: Шрифт: 16 пт, Цвет шрифта: Серый 85%, казахский
Отформатировано ...
Отформатировано ...
Отформатировано ...
Отформатировано ...
Отформатировано ...
Отформатировано ...
Отформатировано ...
Отформатировано ...

9. Апталық күндері сабақ басталардан 10-15 минут бұрын, оқушыларға әсер ететін күй, ән ойнатуға болады немесе сол күнгі апталықтың тақырыбына байланысты музыка қоюға болады.

10. Тарих үйірмесіне қатысатын оқушылар үйірме ерекшелігін білдіретін форма киіп, эмблема (белгі) тағып, осы апталыққа белсенді түрде қатысқаны жөн. Үйірме мүшелері апта бойы сабақ басталардан 5-10 минут бұрын әр сыныпқа барып, қызықты тарихи оқиғалар, қайраткерлер, батырлар, ғұламалар, т.б. және бүгінгі күннің жаңалықтары туралы хабар бергені жөн.

### *Тарих апталығының* (онкүндіктің) *жоспары* (*үлгі*)

**Тақырыбы:** *Тәуелсіздік — тұғырымыз. Егемендік — елдігіміз.*

**1-күн.** Апталықтың салтанатты ашылуы, жоспарымен таныстыру. Әр сыныпқа тапсырмалар беру, ардагерлермен кездесу жасау. Шағын концерттік нөмір дайындау.

**2-күн.** «Апатқа жыққан жауыз, полигон жұтқан қоныс». Арал, Семей, Байқоңыр өңірлерінің қазіргі жағдайы, проблемалары. Бейнетаспалар көрсету. 5-11-сыныптарды түгел қатыстыруға болады. Ең бастысы — оқушыларға табиғатты аялау қажеттігін түсіндіру.

**3-күн.** «Қайта оралған есімдер». 1930 жылдардағы қуғын-сүргінге ұшырағандар туралы мәлімет парағын жасап, арнаулы газет байқауын, кездесулер, сынып сағаттарын өткізуге болады. Жауапты — 10-сыныптар.

**4-күн.** Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың өмір жолы, қызметі туралы айта отырып, еңбектеріне тоқталған жөн. Жоғарғы сыныптар арасында конференция өткізуге болады. «Тарих толқынында», «Ғасырлар тоғысында», «Әділеттің ақ жолы», «Қазақстан — 2030», Елбасының халыққа Жолдаулары, т.б. еңбектері. Елбасы туралы «Президент пырағы» кітабын (6-7-8-сыныптар арасында) мектеп кітапханасымен бірігe отырып талқылау, пікірталас өткізуге болады. Президентті халық сайлайды. Халықтың тілегі — елбасы тілегі екенін, елбасына құрмет — халыққа құрмет екенін, Н.Ә.Назарбаев — егемен еліміздің тұңғыш президенті, оның ел алдындағы атқаратын абыройлы істеріне тоқталған жөн. Негізінен, барлық сыныптарға «Президентке арналған сабақтар» немесе «Елбасы еңбектері» деген сабақтар жүргізуге болады. Жауапты етіп 8-9-сыныптарды қойған дұрыс. Олар негізгі мектепті бітірушілер, жас ерекшеліктеріне байланысты мінездері де құбылмалы. Бұл сыныптардың өзі үшін өте үлкен тәрбиелік мәні болары сөзсіз.

**5-күн.** Тәуелсіздік үшін шайқастар. Еліміз егемендік алғанға дейінгі ұлт-азаттық қозғалыстар, көтерілістер туралы 7-8-9-сынып оқушылары арасынан сахналық қойылымдар, көріністер жарысын ұйымдастыру немесе «Батырлар сөйлейді» — әр сынып батырларын шығарып, халық алдында өз ойын әдемі сөйлеп жеткізеді. Мысалы: Махамбет Өтемісұлы. Шарттары:

1. Өзін таныстыру.
2. Мақсаты, арманы.
3. Киімі (батырдың).
4. Сөйлеу мәнері.

Барлығына 3-4 минут уақыт беріледі.

**6-күн.** Заңды білу, заңды құрметтеу туралы. Адам құқығы туралы үйірме мүшелерімен бірігіп, әр сыныпта әңгіме өткізу. Құқық қорғау мекемелерінің қызметкерлерімен кездесулер өткізу. Заң анықтамасын (бюллетенін) шығару.

**7-күн.** «Ар-намысым — қасіретім, мақтанышым — Желтоқсан!». 1986 ж. желтоқсан оқиғасына байланысты сынып сағаттары, әңгіме, кездесулер өткізуге болады.

**8-күн.** «Тәуелсіз елім — тірегім».

Жауапты — 10-11-сыныптар.

**9-күн.** «Тәуелсіздік— — тұғырымыз, егемендік — елдігіміз» атты ұлттар фестивалін өткізу. Әр сыныпқа (негізінен, 5-8) әр ұлт өкілдерінің ерекшеліктерімен таныстыруға, киім үлгісін, әдет-ғұрпын көрсетуге, ән-күй, би, т.б. тапсырмалар беруге болады. «Әскери шеру» жарысын өткізуге болады.

**10-күн.** Салтанатты түрде тарих апталығының жабылуын үлкен мәжіліс залында өткізген дұрыс. Жеңген және белсенді араласқан сыныптарды марапаттау. Мектеп әкімшілігін және кафедра немесе бірлестік жетекшілерін арнайы шақырып, көңілді 10-15 минуттық концерттік нөмірмен аяқтаған дұрыс.

***Мектептегі әдістемелік бірлестік немесе әдістемелік кафедра жұмыстары***

*Әдістемелік бірлестік* — мектептегі барлық мұғалімдердің мамандығын жетілдіріп, озық тәжірибесін жинақтайтын шығармашылық орын.

Отформатировано
Отформатировано: Шрифт: 16 пт, Цвет шрифта: Серый 85%, казахский
Отформатировано
Отформатировано
Отформатировано
Отформатировано
Отформатировано
Отформатировано: Шрифт: 16 пт, Цвет шрифта: Серый 85%, казахский
Отформатировано: Шрифт: 16 пт, полужирный, Цвет шрифта: Серый 85%, казахский
Отформатировано: Отступ: Первая строка: 0,95 см
Отформатировано
Отформатировано: Шрифт: 16 пт, полужирный, Цвет шрифта: Серый 85%, казахский
Отформатировано
Отформатировано
Отформатировано
Отформатировано
Отформатировано
Отформатировано

## *Кафедра тұжырымдамасы.*
## *Жалпы ереже*

Кафедра нақты оқу пәнін немесе білім аймағын ғылыми-әдістемелік жағынан қамтамасыз ететін мектептің құрамдас бөлігі болып табылады.

Кафедра өз жұмысын мектеп директорының ғылыми істер жөніндегі орынбасарымен тығыз байланыста ұйымдастырады, сонымен бірге, білім беру жүйесі мамандарының біліктілігін арттыратын, қайта даярлайтын институтпен байланыста болады.

Мектептің педагогикалық кеңесінде есеп береді.

## *Кафедраның мақсаттары мен міндеттері*

**Мақсаты:** Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін, білімін жетілдіру, сол арқылы өз міндеттері мен әлеуметтік талаптарды орындау деңгейлерін қалыптағыдай көтеру.

**Міндеттері:**

1. Мұғалімдердің ғылыми-әдістемелік деңгейлерін қалыптастыру, педагогикалық-психологиялық теория мен тәжірибенің тұтастай дамуының іс-шараларын нақты бағыттау.

2. Тұлғалық бағдарлы оқу технологиясы арқылы оқу үрдісінің белсенділігін арттыру.

## *Негізгі функциялары*

1. Педагогикалық ұйымдастыру.

Пән бірлестіктерінің жұмысына басшылық жасау, мақсаттары мен әдістерін анықтау. Жоспарларын қарау, талдау, педагогикалық кеңеске ұсыну. БЖИ-мен, басқа білім жүйелерімен бірлескен жұмыстарын ұйымдастыру.

2. Әдістемелік-нұсқаулық.

Мұғалімдердің нормативтік құжаттармен жұмыс істеулеріне нұсқау және кеңес беру, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру, озық педагогикалық тәжірибелер мен педагогикалық әдебиеттердегі жаңалықтармен уақытында таныстыру.

3. Зерттеушілік-ізденушілік. Мұғалімдерді педагогикалық проблемаларды шешуге, зерттеушілік-ізденушілік қызметтерге қатыстыру.

4. Озық педагогикалық іс-тәжірибелерді оқу, қорыту, тарату.

5. Бейімделу. Жас мамандардың жұмысқа бейімделу, қалыптастыру уақытын мейлінше қысқарту.

6. Мұғалімдердің өз білімін көтеруін ұйымдастыру.
7. Оқу үрдісін диагностикалау.
8. Дарынды және нашар оқитындармен жұмысты ұйымдастыру.

## *Кафедра жұмысының маңызы*

1. Неғұрлым белсенді, шығармашыл педагогтардың жұмысына және инновациялық жаңашылдық пен эксперименттік әрекеттерге басшылық жасау.

2. Жаңа буын оқулықтарының оқу бағдарламасына, оқу технологиялары мен әдістеріне сәйкестігіне қарай сынақтан өткізуге басшылық жасау.

3. Шешімдердің сапалы және уақытында жүзеге асуы. Бағдарлама мен іс-шаралардың өтуіне бақылау жасау.

*Принциптері:*

1. Демократияландыру және ізгілендіру.
2. Ақпараттандыру (информатизация).
3. Ғылыми ықпал.

*Әдістері мен түрлері:*

1. Семинарлар.
2. Дөңгелек үстел, эксперименттік және шығармашылық жұмыстар (ойын түрінде).
3. Шығармашылық есеп.
4. Әдістемелік үзілістер (сәттер).

*Құралдары:*

1. Компьютерлік-ақпараттық жинақ.
2. Теле-бейнематериалдар, оқу бейнетаспалары, бейнелекциялар.
3. Кадоскоптар, слайдтар.

*Нәтижесі:*

1. Пәндік аймақты қалыптастыру.
2. Педагогикалық технологияларды қолдану.
3. Педагогтің ақпараттық мәдениетін қалыптастыру.
4. Үздіксіз білім беру жүйесінің дамуы негізінде педагогтің шығармашылық-ізденімпаздық әрекеттерін кәсіби тұрғыда жетілдіру және қалыптастыру.

## *Кафедра меңгерушісінің міндеттері*

1. Пән бойынша ғылыми-әдістемелік жұмысты реттейді, оқушылардың сыныптан тыс жұмыстарын ұйымдастырады.

2. Кафедра жұмысын жоспарлайды және оқу үрдісі нәтижелері бойынша проблемалық талдау жүргізеді, тоқсанына бір рет кафедра отырысын өткізеді.

3. Оқушылардың мемлекеттік білім стандарты талаптарына сай білім алуларын қамтамасыз етеді, оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізуге ұсыныстар жасайды.

4. Мұғалімдерге көмек ретінде әдістемелік ұсыныстар, оқушыларға, ата-аналарға білім сапасы мен деңгейін жоғарғы көтеруге көмектесетін жадынама жасайды.

5. Өз пәні мен әріптестерінің сабақтарына қатысу мен талдауды ұйымдастырады. Жас, тәжірибесі аз мұғалімдерге кейбір сабақтар мен тақырыптық жоспарларды жасауға көмектеседі.

6. Мұғалімдер үшін әдістемелік семинарлар ұйымдастырады, қажетіне қарай білімдерін жетілдіруді ұсынады.

7. Мұғалімдерді аттестациялауды ұйымдастыруға, өткізуге қатысады.

8. Мектепішілік конференцияларды, педагогикалық іс-тәжірибелерді қорытып, таратады.

9. Әдістемелік құжаттардың жүргізілуіне жауапты.

10. Мұғалімдерге көмек ретінде мектептің әдістемелік кабинетін жабдықтауға қатысады, оның психологиялық-педагогикалық әдебиеттермен толықтырылып отыруын қадағалайды.

***Кафедра меңгерушісінде болуға тиісті құжаттар***

1. Мектеп кафедрасы туралы ереже.
2. Өткен оқу жылына талдау.
3. Кафедраның жұмыс жоспары.
4. Кафедра отырысының хаттамалары.
5. Оқу пәндеріне байланысты ҚР мемлекеттік стандарты, оқу бағдарламалары, арнайы курс бағдарламалары.
6. Мұғалімдердің жұмысына қажетті құжаттарды тексеру журналы.
7. Сабақтарға қатысу журналы.
8. Мұғалімдердің сандық және сапалық құрамы.
9. Пән декадаларын (апталықтарын) өткізу жоспары.
10. Озық іс-тәжірибелерді жинақтау.
11. ЖММ (жас мұғалімдер мектебі), тәлімгерлік, кафедрааралық сабаққа қатысу, шығармашылық есеп, т.б. ұйымдастыру.

12. Дарынды және нашар оқитын оқушылармен жұмысты ұйымдастыру (үйірме, факультатив).

13. Мұғалімдерді аттестациялау материалдары.

14. Оқушыларға, мұғалімдерге көмекші әдістемелік материалдар.

### ***Кафедра жұмысын жоспарлау талаптары***

Кафедра жоспары алдағы міндеттерді тиімді шешу жұмыстарын ұйымдастыруды қамтиды.

Ұсынылып отырған жоспар құрылымының үлгісіне әр мектеп өз ерекшелігі мен бағытына сәйкес өзгертулер енгізіп қолданған жөн.

## ***Кафедра жоспары***

1. Өткен оқу жылы туралы талдау.
2. Бірлестік проблемалары.
3. Өткен жылғы кемшіліктерді ескере отырып жасалған кафедра міндеттері.

*Бөлімдер:*

1.1. Кафедра жоспарын жасау.

1.2. Пән бойынша тақырыптық жоспарларды талдау және бекіту.

1.3. Кәсіби дайындықтың диагностикасы.

1.4. Дарынды және нашар оқитындармен жұмыс.

1.5. Олимпиадаға әзірлік және өткізу.

1.6. Пән апталықтарына дайындық.

1.7. Ашық сабақтарды өткізу кестесі.

1.8. Іс-тәжірибелерді жинақтау.

1.9. Педагогикалық тәлімгерлікті ұйымдастыру.

1.10. Аттестациялық жұмыс.

1.11. Педагогикалық оқу және ғылыми-педагогикалық конференцияға қатысу.

### ***I. Оқушылардың білім, білік-дағдыларының сапасын бақылауды ұйымдастыру***

2.1. Өзара сабаққа қатысу кестесі.

2.2. Бақылау жұмыстарының кестесі.

2.3. Білім үрдісі нәтижелеріне талдау.

2.4. Рейтингтік жүйе.

## *ІІ. Оқытудың теориясы мен әдістемесі мәселелері бойынша мұғалімдердің зерттеулері*

3.1. Ұжымның әдістемелік проблемалары бойынша жұмысын ұйымдастыру.

3.2. Өз білімін көтеруді қадағалау.

3.3. Психологиялық-педагогикалық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге шолу.

### *Кафедра жоспарларының үлгілері*

1.

| **Педагогикалық-ұйымдастыру мәселелері** | **Білім, білік-дағдылардың сапасын бақылауды ұйымдастыру** | **Теория мен тәжірибе мәселелері бойынша зерттеу жұмыстары** |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |

2.

| **Әдістемелік кеңес, кафедра отырысы** | **Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру** | **Оқушылардың білім деңгейін арттыру жұмыстары** | **Сыныптан тыс, шығармашылық жұмыстар** |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |
| | | | |

3.

| **Жұмыстың бағыттары** | **Мақсаттары** | **Жұмыс мазмұны** | **Сапа көрсеткіштері** | **Орындау мерзімі** | **Орындауға жауапты** | **Күтілетін нәтиже** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

## *Әдістемелік бірлестік жұмысын ұйымдастыру және оған басшылық жасау*

### *1. Әдістемелік бірлестік жетекшісінің жұмыс алгоритмі*




Оқу жылы бойынша әдістемелік бірлестік жұмысы жайлы ақпараттық қорда жинақталған хабарламалар негізінде бірлестік жұмысын талдап, оның әрбір жүйесіне диагностика жасалады. Бірлестікте жүргізілген жұмыстар саралана келе, жаңа міндеттер қойылады. Жаңа оқу жылына жұмыс жоспары құрылады.

Бірлестік жұмысына мектеп директоры, оқу-тәрбие жөніндегі орынбасарлар бақылау жасап, жұмыстарына басшылық етіп, реттеп отырады. Бақылау негізінде ақпараттық қорда хабарламалар жинақталады.

### *2. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарының мазмұнына ұсыныстар*

1. Әдістемелік бірлестік жұмысын жоспарлау:
— ақпараттық қор;
— талдау;
— диагностика;
— мақсаттар мен міндеттер;
— жоспарлау.

2. Әдістемелік бірлестік жүргізетін іс-шаралар:
— алдыңғы қатарлы озық іс-тәжірибені оқып-үйрену және енгізу;
— педагогикалық шеберлікті жетілдіру;
— сыныптан тыс жұмыстар;
— мәжілістердің өткізілу сапасы.

3. Әдістемелік бірлестік жұмысының мұғалімнің кәсіби шеберлігінің өсуіне тигізер әсері:

— мұғалімдердің теориялық және әдістемелік білімінің деңгейі;
— дамыта оқыту әдістерін пайдалану;
— мұғалімнің өз білімін көтерудегі шығармашылық белсенділігі.

4. Мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетінің нәтижесі:

— оқушылардың жалпы білімділік, іскерлік дағдыларын дамыту;
— сабақта оқушының пәнге деген қызығушылығы;
— шығармашылық белсенділігі;
— оқушылардың пән бойынша білімі;
— пән олимпиадаларының қорытындысы.

Осы өлшемдер негізінде директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар мен бірлестік жетекшісі бірлестік жұмысының екі немесе үш оқу жылындағы деңгейін көріп, нәтижелерін салыстырады.

5. Бірлестік жұмысының деңгейі мен нәтижелері жайлы хабарламалар ақпараттық қорда жинақталып, мектептің оқу-тәрбие жоспарын құруда басшылыққа алынады.

## ***Педагогикалық шеберлікті жетілдіру жолдары***

1. Өзара сабаққа қатысу, жеке көмек көрсету.
2. Аудандық семинарға, пән бірлестіктерінің мәжілістеріне қатысу.
3. Ашық сабақтарға қатысу және оған талдау жасау.
4. Әдістемелік, психологиялық, педагогикалық жаңа басылымдарды, әдебиеттерді және мөлшерлік құжаттарды оқып-үйрену.
5. Әдістемелік журналдардағы мақалаларды талдау.
6. Білім жетілдіру институтындағы курста білімін жетілдіру.
7. Өз білімін жетілдіру жоспары бойынша есеп; проблемалық тақырып бойынша жұмыс.
8. Жас мұғалімдермен жұмыс.
9. Мектепішілік семинар-практикумдар өткізу.
10. Бағдарламаның қиын тараулары бойынша тәжірибе алмасу.
11. Мұғалімге қиындық туғызатын тақырыптарды талдау.

## ***Оқушылардың білімділік, дағдылық, іскерлік деңгейлерін зерттеу***

1. Тоқсандық, жылдық бақылау жұмыстарының қорытындысын талдау.

2. Қоғамдық білім байқауларын, сынақ өткізу.

3. Пәннің оқытылу жағдайына бақылау жасау.

4. Оқу техникасын тексеру (тіл сабақтары бойынша).

5. Оқушы дәптерлерінің ұсталу жағдайын тексеру.

6. Сыныптан тыс оқуларды өткізу сапасын тексеру (тіл сабақтары бойынша).

7. Оқушылардың шығармашылық ойлау, жалпы білімділік іскерліктері мен дағдыларын зерттеу мақсатында сауалнамалық және тесттік зерттеу жұмыстарын жүргізу.

***Алдыңғы қатарлы педагогикалық іс-тәжірибені жинақтау және тарату***

1. Мұғалімнің іс-тәжірибесін оқып-үйрену (сабақтарға қатысу, сабағын талдау, жеке әңгіме, т.б.);

2. Мұғалім тәжірибесін проблемалық тақырыбы бойынша жинақтау (жинақтау жұмыстарының түрлері: буклет, шығармашылық есеп, ашық сабақтар, т.б.);

3. Мұғалімнің озық тәжірибесін тарату (оның түрлері: журналға мақала беру, аудандық, мектепішілік педагогикалық оқуларға қатысу, аудандық семинарлар өткізу);

4. Озық тәжірибесін оқып-үйрену, оны іс-тәжірибесінде пайдалану (баяндамалар, газет шығару, буклет, дөңгелек үстел басындағы әңгіме, сұхбат және талдау);

5. Әдістемелік көрме өткізу.

***Сыныптан тыс жұмыстар***

Пән бойынша сайыстар (пән олимпиадалары, ғылыми жобалар сайысы) үйірмелер, факультатив сабақтар, пән апталықтары, пәндік газеттер, шығарма жазудан, мәнерлеп оқудан сайыс (тіл сабақтары бойынша).

***Әдістемелік бірлестік отырыстарының тақырыптары***

1. Мөлшерлік құжаттарды оқып-үйрену.

2. Проблемалық тақырып бойынша есептерді және шығармашылық есептерін тыңдау.

3. Өткізілген тексерулердің қорытындысын талдау.

4. Өткізілген шараларды (пән апталықтарының қорытындысын) талдау.

5. Жарты жылдық бақылау жұмыстарының, жедел бақылау жұмыстарының, тесттік бақылау жұмыстарының қорытындысын талдау.

6. Пән бойынша сайыстардың қорытындысы (олимпиада).

7. Дарынды оқушылармен жұмыс.

8. Ашық сабақтарды талдау.

9. Бағдарламаның қиын тараулары бойынша тәжірибе алмасу.

10. Әдістемелік бірлестіктің проблемалық тақырыбы бойынша алмасу.

11. Алдыңғы қатарлы педагогикалық іс-тәжірибелерден баяндама.

12. Диагностика бойынша мұғалімдерге қиындық келтіретін әдістемелік тақырыптарды талдау.

13. Емтихан тақырыптарын талдау және бекіту.

14. Әдістемелік бірлестік жұмыстарын талдау.

15. Тәлімгерлер мен жас мұғалімдердің іс-тәжірибеден өту жағдайындағы есептері.

16. Курсқа дейінгі және білім көтеру курсынан кейінгі жұмыстарды талдау және бағалау.

17. Білім жетілдіру курсынан келушілердің хабарламалары.

18. Әдістемелік бірлестіктерді өткізудің белсенді үлгілері: дөңгелек үстел басындағы сұхбат, іскерлік ойын, пікірталас, конференция, педагогикалық оқулар, т.б. Жоспарда шаралардың мазмұны, тақырыбы, сыныптары, түрлері, мерзімі, жауаптылардың аты-жөні көрсетіледі.

### ***Әдістемелік кафедралар туралы ереже***

***Кафедра:***

— Мектептің құрылымдық бөлігі, ол білімнің нақты саласы немесе оқу пәні бойынша білім беру үрдісінің дамуын ғылыми-әдістемелік түрде қамтамасыз етумен шұғылданады.

— Мектептің ғылыми-әдістемелік кеңесінде жасалып, педагогтар ұжымы қабыл алған әдіс-тәсілдерді жүзеге асырады, таратады, өз жұмысын мектептің стратегиялық құжаттарына және осы ережеге сәйкес етіп құрады.

— Инновациялық жетілдіру, неғұрлым шығармашыл, бастамашыл педагогтар біріктіріледі.

— Кафедра меңгерушісі шығармашылық және ұйымдастырушылық қабілеті бар барынша білікті мамандар арасынан сайланады.

***Кафедраның жұмысы:***

— Оқу бағдарламасына, білім беру технологиялары мен әдістемелеріне сай келетін жаңа оқу курыстарының (міндетті және қосымша) тұжырымдамаларын жасау және сараптау.

— Жаңа оқу бағдарламаларын мектептің тұтас оқу жоспарына кіріктіру.

— Кафедра дайындаған әртүрлі материалдарды талқылау.

— Инновациялық қызметтің барысы мен нәтижелеріне талдау жасау.

— Оқу ісін өз профилі бойынша ғылыми-әдістемелік түрде қамтамасыз етудегі сұраныстардың өзгерісін болжау.

— Кафедралардың тікелей бастамасымен енгізілген жаңалықтарға проблемалық талдау өткізу.

— Зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу.

— Біліктілігі жеткенше мектептің стратегиялық құжаттарын жасау және түзету енгізу.

— Оқушылардың зерттеу жұмысына жетекшілік ету.

— Мектептегі ғылыми-әдістемелік жұмыстарды, ғылыми-әдістемелік кеңес қызметін жақсарту үшін ұсыныстар енгізу.

— Әртүрлі шығармашылық байқаулар, ақыл-ой марафондарын ұйымдастыру.

— Өз профилі мен біліктігігі шегінде перспективалық жаңалықтар мен инновациялық идеялар туралы мәліметтер қорын жасау және жұмыстарын ұйымдастыру.

— Өз жұмысын жетілдіруді көздеп, басқа мектептердегі, жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарындағы осы тәрізді бөлімдермен, зерттеушілермен шығармашылық байланыс орнатып, оны дамыту.

— Зерттеу нәтижелерінің, енгізілген жаңалықтардың тиімді болуы үшін әдістемелік нұсқау жасау.

Кафедра өз қызметі жөнінде мектептің ғылыми-әдістемелік кеңесімен келісім жүргізіп, педагогикалық кеңеске есеп береді. Кафедра өзі қабылдайтын шешімдердің сапасы мен олардың уақытында жүзеге асырылуына жауапты. Орындалу үстіндегі бағдарламалар мен іс-шараларға бақылау жасайды.

### *Кафедра меңгерушісі қызметінің негізгі бағыттары*

1. Кафедрадағы ғылыми-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру.
2. Кафедра педагогтарының біліктілігін көтеру және әдістемелік даярлығын ұйымдастыру.
3. Кафедраның жас мұғалімдерімен жұмысты ұйымдастыру.
4. Кафедрада ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар ұйымдастыру.
5. Оқушылармен жеке-дара кеңес өткізу.
6. Құжаттармен жұмыс:

а) журналдарды уақытында тексеру;

ә) оқушылардың тоқсан бойынша білім сапасына талдау жасау;

б) бақылау өткізу кезінде.

7. Мұғалімдер мен оқушылар ішінде жүргізілетін шағын зерттеулерді талдау.

Төменде Алматы қаласы мектептеріндегі әдістемелік бірлестіктердің жұмыс жоспарларын ұсынып отырмыз (үлгі).

**1-үлгі.**

| **Р\н** | **Жұмыс бағыты** | **Жұмыс мазмұны** | **Жұмыс түрі** | **Мақсаты** | **Жауапты орындаушы** | **Мерзімі** | **Нәтижесі** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|

Отформатированная таблица

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| I | Оқу жұмысы | 1. ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары талаптарына, тамыз мәслихаты ұсыныстарына сай тарих, география, құқық, азаматтану пәндері бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру талаптарын жасақтау. | Сабақ, үйірме, Олимпиада ұйымдастыру талаптары | Талапқа сай тиімділігі жоғары, нәтижелі оқу үрдісін ұйымдастыру | Әрбір педагог, кафедра меңгерушісі | Тамыз | Тиімді, нәтижелі оқу үдерісіне қойылатын талаптар |
| | | 2. Кафедра мұғалімдері жүктемелерін белгілеу. | Кеңесу, талдау | Мұғалім жұмысын ұйымдастыру | Кафедра меңгерушісі | Тамыз | Жүктеме |
| | | 3. Әрбір пән бойынша бағдарлама, күнтізбелік жоспар жасақтау. | Кеңестер, семинарлар | Бағдарламаға қойылатын талаптар | Әрбір педагог, кафедра меңгерушісі | Тамыз | Бағдарлама, күнтізбелік жоспар |
| | | 4. Оқытудың жаңа талаптарға сай ұйымдастырылуын қадағалау. | Өзара сабақтарға қатысу, талдау | Оқу үдерісін жетілдіру | Кафедра меңгерушісі | Үнемі | Нәтижелі оқыту үдерісі |
| | | 5. Тереңдетілген арнайы сыныптарға сәйкес бағдарлама жасақтау. | Кеңестер, семинарлар | Тереңдетілген, кәсіби мазмұнды бағдарлама жасақтау | Кафедра меңгерушісі, жауапты мұғалім | Тамыз | Бағдарлама |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 6. Сынақтар жүйесін жасақтау (бақылау жұмысы, сынақтар, тест, емтихан, әңгімеле-су, реферат, т.б.) | Сынақ жұмы-сының сәйкес маз-мұны | Түрлі сынақ-тарды сәйкес маз-мұнмен қамта-масыз ету | Әрбір мұға-лім, кафед-ра меңге-рушісі | Қыркүйек, қазан | Сынақ материал-дары |
| | | 7. Оқу үрдісі нәтижесін мониторингілеу. | Сынақ-тар жүйе-сін жүр-гізу | Оқу үдерісі нәти-жесін талдау | Кафед-ра меңге-рушісі | Жыл бойы | Оқу үдерісінің нәтижесі |
| | | 8. Күнделікті сабақтағы баға қорын қамтамасыз ету. | Оқушы білімін сабақ үстінде баға-лау | Оқушы білімін баға-лауға жеткі-лікті негіз жасау | Әрбір мұғалім | Әрбір сабақта | Жеткілік-ті баға қоры |
| | | 9. Тоқсандық қорытындыға алдын ала болжау жасау, жақсарту шараларын ұйымдастыру. | Тал-дау, бол-жау, жос-парлау | Оқыту үдерісі нәти-жесін жетіл-діру | Кафед-ра меңге-рушісі, әрбір мұғалім | Қазан, желтоқ-сан, наурыз, сәуір | Жоғары нәтиже |
| | | 10. Тоқсандық қорытындының объективті бағалануы | Тал-дау, қоры-тынды, баға-лау | Оқушы білімін объек-тивті бағалау | Кафед-ра мен-геруші-сі, әрбір мұғалім | Қараша, қаңтар, сәуір, мамыр | Объек-тивті тоқсан-дық баға |
| | | 11. Жылдық қорытындының объективті бағалануы. | Тал-дау, қоры-тынды, баға-лау | Оқушы білімін объек-тивті бағалау | Кафед-ра меңге-рушісі, әрбір мұғалім | Мамыр, маусым | Объек-тивті жылдық баға |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 12. Сыныптан сыныпқа көшіру, бітіру емтихандарына дайындық. | Кеңес-тер | Жыл-дық қоры-тынды-лау | Кафед-ра меңге-рушісі, әрбір мұғалім | Сәуір | Дайын-дық жоспары |
| | | | 13. Сыныптан сыныпқа көшіру, бітіру емтихандарына дайындық. | Емти-хан, сынақ | Жыл-дық қоры-тынды-лау | Кафед-ра меңге-рушісі | Мамыр, маусым | Емтихан-дар |
| | | | 14. Жыл қорытындысын талдау, жетілдіру бағыттарын анықтау. | Талдау | Жыл қоры-тынды-сын талдау | Кафед-ра меңге-рушісі | Маусым | Талдау-есеп |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| I | I | Оқу-ұйы мдас ты-ру жұ-мы-сы | 1. Оқушылардың сабаққа түгел қатысуын қамтамасыз ету. | Қадағалау, сынып жетекшісі-мен, ата-анамен байланыс | Оқушы-лардың сабаққа түгел қатысуын қамтама-сыз ету | Әр-бір мұ-ғалім | Әрбір сабақ-та | Оқушының сабаққа толық қатысуы |
| | | | 2. Оқушылардың сабақтағы таным белсенділігін қамтамасыз ету. | Белсенді таным сабақтары | Оқушы-ның таным белсенді-лігін қа-лыптас-тыру | Әр-бір мұ-ғалім | Әрбір сабақ-та | Әрбір оқушының жоғары таным белсенділігі |
| | | | 3. Пәндік олимпиадаға даярлайтын оқушыларды 5-11-сыныптар бойынша анықтау. | Олимпиа-да Резервте-рін іздестіру | Олимпиа-да Резервте-рін жасақтау | Әр-бір мұға-лім, кафе дра мең-геру шісі | Қазан | Олимпиада резервтерінің тізімі |
| | | | 4. Әрбір пән бойынша оқушыларды олимпиадаға даярлайтын | Олимпиа-да жаттықты-рушысын іздестіру | Олимпиа-да жаттықты-рушысын жасақтау | Ка-фед-ра мең-геру | Қазан | Олимпиада жаттықтыру-шысының тізімі |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | мұғалімдерді белгілеу. | | | шісі | | |
| | | 5. Әрбір пән бойынша оқушыларды олимпиадаға даярлау бағдарламасын, кестесін жасау. | Олимпиадаға даярлық сабақтары | Олимпиадаға қажетті даярлықты қамтамасыз ету | Кафедра меңгерушісі | Қазан | Мектепішілік, аудандық олимпиадаларға жоғары деңгейдегі даярлық |
| | | 6. Әрбір пән бойынша мектепішілік олимпиаданы ұйымдастыру, өткізу. | Мектепішілік олимпиада | Аудандық олимпиадаға қатысатын балаларды анықтау | Кафедра меңгерушісі | Қараша | Олимпиада ойыны |
| | | 7. Оқу жұмысына оқушының ата-анасының жауапкершілігін арттыру. | Ата-аналарды күнделікті сабаққа қатыстыру | Ата-аналардың белсенділігін қалыптастыру | Әрбір мұғалім | Әрбір сабақта | Ата-ана жауапкершілігі |
| | | 8. Кәсіби бағдарлы сыныптардағы оқушылардың қабілеттілігін, бейімділігін талдау, ұсыныс жасау. | Кәсіби мазмұнды тапсырмалар беру, нәтижесін талдау | Кәсіби қабілетті балаларды оқыту | Жауапты мұғалім, кафедра меңгеру шісі | Әрбір тоқсан, оқу жылының аяғы | Кәсіби бейімі бар балаларды даярлау |
| | | 9. Пәндер бойынша сабақтан тыс жұмыстардың сапасы. | Талдау | Жоғары нәтижені қамтамасыз ету | Кафедра меңгеру шісі, мұғалім | Жыл бойы, күнде | Сапалы сабақтар |
| | | 10. Оқушылардың оқулықтармен қамтамасыз етілуін қадағалау | Іс-құжаттарды зерттеу | Оқулықпен қамтамасыз ету | Әрбір мұғалім | Қыркүйек | Оқулықтар |
| | | 11. Оқушылар- | Іс-әрекет | Оқу құрал- | Әр- | Қыр- | Оқу |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | дың оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін қадағалау. | нәтижесін зерттеу | дарымен қамтама-сыз ету | бір мұға-лім | күйек | құралдары |
| III | Оқу-әдіс те-ме-лік жұ мыс | 1. Пәндер бойынша бейімделген, авторлық бағдарламалар жасақтау. | Кеңесу, жоспар-лау | Концеп-туалды шығарма-шылық | Жауап-ты мұға-лім | Тамыз | Жаңа бағдарлама-лар |
| | | 2. Жас мұғалімдермен «Жас мамандар» мектебі жұмысын белсенділендіру. | Кеңесу, жоспар лау | Жас мұғалім-дерді бау-лу, тәжіри-бе алмасу | Кафед-ра меңге-рушісі | Жыл бойы | Жас мұғалімді баулу |
| | | 3. «Озат тәжірибе» мектебі жұмысын ұйымдастыру. | Кеңесу, жос-парлау | Тәжірибе алмасу | Кафед-ра мең-геру-шісі | Жыл бойы | Тәжірибе алмасу |
| | | 4. Өзара сабаққа қатысу. | Сабаққа қатысу | Тәжірибе алмасу, бақылау | Әрбір мұға-лім | Жыл бойы | Тәжірибе алмасу |
| | | 5. Жаңа педагоги-калық технология-ларды зерттеу және меңгеру. Ақпараттық технология. | Семи-нарлар, талқы-лаулар, өзді-гінше | Иннова-циялық ізденіс | Әрбір мұға-лім | Жыл бойы | Инновация-лық жұмыс |
| | | 6. Педагогикалық-психологиялық білімін (мұғалімдердің ) жетілдіру. | Кеңес-тер, се-минар-лар, өз-дігінше | Психоло-гиялық білімін жетілдіру | Әрбір мұға-лім | Кесте бойынша | Психология-лық білім |
| | | 7. Қалалық, республикалық білім жетілдіру шараларына қатысу. | Курс-тар, семи-нарлар | Біліктілік көтеру | Әрбір му-ғалім | Кесте бойынша | Біліктілік көтеру |

**Отформатировано:** Справа: -0 см, интервал После: 0 пт, Междустр.интервал: одинарный

**Отформатированная таблица**

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 8. Әрбір пән бойынша дидактикалық жабдықтарды жасақтау. | Талдау, жоспар-лау | Сабақты дидакти-калық қамтама-сыз ету | Әрбір мұға-лім | Үнемі | Дидактика-лық материалдар жүйесі | |
| | | 9. Әрбір пән кабинеттерін әдістемелік, дидактикалық, әсемдік тұрғыдан жарақтандыру. | Кеңесу, жаб-дықтау | Оқыту үдерісін қамтама-сыз ету | Әрбір мұға-лім | Жыл бойы | Жарақтанған үдерісі | |
| | | 10. Кафедра онкүндігі бағдарламасын жасақтау. | Кеңесу, жоспар лау | Мұғалім-дер бел-сенділігін, шығарма-шылығын қалыптас-тыру | Әрбір мұға-лім | Кесте бойынша | Жоспар | |
| | | 11. Кафедра онкүндігін ұйымдастыру, нәтижесін талдау. | Жос-парға сай | Озат тәжірибе тарату | Кафед-ра меңге-рушісі | Кесте бо-йынша | Онкүндік | |
| | | 12. «Ең үздік оқу кабинеті» сайысына даярлану. | Жос-парға сай | Мұғалім-дер бел-сенділігін, шығарма-шылығын қалыптас-тыру | Кафед-ра меңге-рушісі | Кесте бойынша | Сайыс | |
| | | 13. «Ең үздік оқу кабинеті» сайысына қатысу, қорытындылау. | Жос-парға сай | Мұғалім-дер бел-сенділігін, шығарма-шылығын қалыптас-тыру | Кафед-ра меңге-рушісі | Кесте бойынша | Сайыс қорытынды-сы | |
| | | 14. Азаматтану-құқықтық білім негіздерін оқытудың міндеттері мен ерекшеліктері | | | | Тамыз, қаңтар | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 15. «Құқықтық білім баршаға» сабақтарын ұйымдастыру мәселелері | | | | Қыркүек, ақпан | |
| | | 16. «Алматытану-Жетісу өлкесінің географиясы, тарихы және мәдениеті» пәнін жүргізу мәселелері | | | | Қазан,наурыз | |
| | | 17. Өлкетану бағытындағы оқушылардың зерттеу жұмысын ұйымдастыру | | | | Қараша, сәуір | |
| IV | Ғылыми-әдістемелік, зерттеу жұмыстары | 1. Кафедраның перспективті педагогикалық зерттеу жоспарының кезекті міндеттері | Талдау, талқылау | Бағыт, міндет айқындау | Кафедра меңгерушісі | Тамыз | Жаңа міндет |
| | | 2. Әрбір мұғалімнің кафедралық зерттеу жұмысының орындалу кестесі. | Талдау, талқылау жоспарлау | Тиімді жоспар құру | Кафедра меңгерушісі | Тамыз | Жоспар |
| | | 3. Жаңа мерзімді басылымдарға шолу | Талдау, шолу жасау | Жаңалықтармен танысу | Кафедра меңгерушісі | Кафедра отырысы | Жаңа ақпарат |
| | | 4. «Жылдың үздік пән мұғалімі» сайысын даярлау | Талқылау, жоспарлау | Озат тәжірибені зерттеу | Кафедра меңгерушісі | Кесте бойынша | Жоспар |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 5. «Жылдың үздік пән мұғалімі» сайысын өткізу, қорытындылау | Жоспарға сай | Мұғалімдердің белсенділігін қалыптастыру | Кафедра меңгерушісі | Кесте бойынша | Жаңа тәжірибе |
| | | 6. Аудандық, қалалық сайыстарға қатысуды қамтамасыз ету. | Кеңесу, жоспарлау | Шеберлігін шыңдау, тәжірибесін көрсету | Кафедра меңгерушісі | Кесте бойынша | Сайысқа қатысу |
| | | 7. Баспасөз беттеріне мақалалар жариялау | Талқылау, ұсыну | Тәжірибе тарату | Кафедра меңгерушісі | Кафедра мәжілісі | Мақала |
| | | 8. Аттестаттау жұмысын жоспарлау, ұйымдастыру | Талқылау, жоспарлау, өткізу | Жоспарлау, орындау | Кафедра меңгерушісі | Та-мыз, сәуір | Жоспар |
| | | 9. Аттестаттау жұмысын қорытындылау. | Талдау | Аттестациялау | Кафедра меңгерушісі | Мамыр | Ұсыныс |
| | | 10. Ғылыми-әдістемелік жұмыс есебін талдау. | Талдау | Жоспардың орындалуы | Кафедра меңгерушісі | Мамыр | Есеп |
| | | 11. Бірінші, жоғары санатты мұғалімдердің шығармашылық есептерін өткізу. | Есеп | Аттестациялау | Кафедра меңгерушісі | Кесте бойынша | Санат |
| | | 12. 9-сыныптардағы жаңа буын оқулықтарын талдау, пікір жазу. | Талдау | Жетілдіру | Кафедра меңгерушісі | Ай соңы, тоқсан | Пікір |

| **Р\н** | **Жұмыс бағыты** | **Мерзімі** | **Қаралатын мәселелер** | **Мақсаты** | **Дайындаушылар** | **Нәтижесі** |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| V | | Жал-пы ұйым-дасты-ру жұ-мыс-тары | 1. Тамыз | 1. ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары талаптарына, тамыз мәслихаты ұсыныстарына сай тарих, география, құқық, азаматтану пәндері бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру талаптарын жасақтау. | Талапқа сай тиімді, жоғары, нәтижелі оқу үдерісін ұйымдастыру | Әрбір педагог, кафедра меңгерушісі | Тиімді, нәтижелі оқу үдерісіне қойылатын талаптар |
| | | | | 2. Кафедра мұғалімдері жүктемелерін белгілеу | Мұғалім жұмысын ұйымдастыру | Кафедра меңгерушісі | Жүктеме |
| | | | | 3. Әрбір пән бойынша бағдарлама, күнтізбелік жоспар жасақтау. Пәндер бойынша бейімделген, авторлық бағдарламалар жасақтау. | Бағдарламаға қойылатын талаптар. Концептуалды шығармашылық. | Әрбір педагог, кафедра меңгерушісі | Бағдарламаның күнтүзбелік жоспары |
| | | | | 4. Тереңдетілген арнайы сыныптарға сәйкес бағдарлама жасақтау. | Тереңдетілген, кәсіби мазмұнды бағдарлама жасақтау | Кафедра меңгерушісі, жауапты мұғалім | Бағдарлама |
| | | | | 5. Оқушылардың сабақтағы таным белсенділігін қамтамасыз ету. | Оқушының таным белсенділігін қалыптастыру | Әрбір мұғалім | Әрбір оқушының жоғары танымдық белсенділігі |
| | | | | 6. Кәсіби бағдарлы сыныптардағы оқушылардың | Кәсіби қабілетті балаларды оқыту | Жауапты мұғалім, кафедра меңгеруші- | Кәсіби бейімі бар балаларды оқыту |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қабілеттілігін, бейімділігін талдау, ұсыныс жасау | | сі | |
| | | | 7. Кафедра онкүндігі бағдарламасын жасақтау | Озат тәжірибе тарату | Кафедра меңгеруші-сі | Жоспар |
| | | | 8. Аттестация-лау жұмысын жоспарлау. | Жоспарлау | Кафедра меңгеруші сі | Жоспар |
| | | | 9. Азаматтану-құқықтық білім негіздерін оқытудың міндеттері мен ерекшеліктері | | | |
| | | 2. Қыркүйек | 1. Сынақтар жүйесін жа-сақтау (бақылау жұмысы, сынақтар, тест, емтихан, әңгімелесу, реферат, т.б.) | Түрлі сынақтарды сәйкес мазмұнымен қамтамасыз ету | Әрбір мұғалім, кафедра меңгеруші-сі | Сынақ материалда-ры |
| | | | 2. Оқу үдерісі нәтижесін мониторингілеу. | Оқу үрдісі нәтижесін талдау | Кафедра меңгеру-шісі | Оқу үрдісі нәтижесі |
| | | | 3. Күнделікті сабақтағы баға қорын қамтамасыз ету. | Оқушы білімін бағалауға жеткілікті негіз жасау | Әрбір мұғалім | Жеткілікті баға қоры |
| | | | 4. Оқушылар-дың сабаққа қатысуын қамтамасыз ету. Оқушылардың оқулықтармен қамтамасыз етілуін қадағалау. Оқушылардың | Оқушылар-дың сабаққа түгел қаты-суын қамтамасыз ету. Оқулықпен қамтамасыз ету. Оқу құралдарымен | Әрбір мұғалім | Оқушының сабаққа толық қатысуы. Оқулықтар, оқу құралдары |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін қадағалау. | қамтамасыз ету. | | |
| | | | | 5. Оқу жұмысына оқушының ата-анасының жауапкершілігін арттыру. | Ата-аналардың белсенділігін қалыптастыру | Әрбір мұғалім | Ата-ана жауапкершілігі |
| | | | | 6. Жас мұғалімдер мен «Жас мамандар» мектебі жұмысын белсендіру. «Озат тәжірибе» мектебі жұмысын ұйымдастыру. | Жас мұғалімдерді баулу, тәжірибе алмасу | Кафедра меңгерушісінің тәлімгер мұғалімі | Жас мұғалімдерді баулу, тәжірибе алмасу |
| | | | | 7. Жаңа мерзімді басылымдарға шолу. Баспасөз беттеріне мақалалар жариялау. | Жаңалықтармен танысу, тәжірибе тарату | Кафедра меңгерушісі | Жаңа ақпаратты мақала |
| | | | | 8. «Құқықтық білім баршаға» сабақтарын ұйымдастыру мәселелері | | | |
| | | | 3. Қазан | 1. Тоқсандық қорытындыға алдын ала болжау жасау, жақсарту шараларын ұйымдастыру. | Оқыту үдерісі нәтижесін жетілдіру | Кафедра меңгерушісі, әрбір мұғалім | Жоғары нәтиже |
| | | | | 2. Пәндік олимпиадаға даярлайтын оқушыларды 5-11-сыныптар бойынша анықтау. | Олимпиада резервтерін жасақтау | Әрбір мұғалім, кафедра меңгерушісі | Олимпиада резервтерінің тізімі |
| | | | | 3. Әрбір пән бойынша оқушыларды | Олимпиада жаттықтырушысын | Кафедра меңгерушісі | Олимпиада жаттықтырушыларының |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | олимпиадаға даярлайтын мұғалімдерді белгілеу. | жасақтау | | тізімі |
| | | | 4. Әрбір пән бойынша оқушыларды олимпиадаға даярлау бағдарламасын, кестесін жасау. | Олимпиадаға қажетті даярлықты қамтамасыз ету | Кафедра меңгеру-шісі | Мектеп-ішілік, аудандық олимпиадаларға жоғары даярлық |
| | | | 5. Жаңа педагогикалық технологияларды зерттеу және меңгеру. Ақпараттық технология | Инновация-лық ізденіс | Әрбір мұғалім | Инновация-лық жұмыс |
| | | | 6. Өзара сабаққа, сабақтан тыс шараларға қатысу жайлы | Тәжірибе алмасу, бақылау | Әрбір мұғалім | Тәжірибе алмасу |
| | | | 7. Жаңа мерзімді басылымдарға шолу. Баспасөз беттеріне мақалалар жариялау. | Жаңалықтар-мен танысу, тәжірибе тарату | Кафедра меңгеру-шісі | Жаңа ақпаратты мақала |
| | | | 8. «Алматытану. Жетісу өлкесінің географиясы, тарихы және мәдениетті» пәнін жүргізу мәселелері | | | |
| | | 4. Қараша | 1. Тоқсандық қорытындының объективті бағалануы. Кафедра пәндері бағдарла-масындағы лабораториялық жұмыстардың орындалу жайы. | Оқушы білімін объективті бағалау. Орындалуын қамтамасыз ету. | Кафедра меңгеруші-сі, әрбір мұғалім | Объективті тоқсандық баға. Бағдарлама-ның орындалуы. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 2. Оқытудың жаңа талаптарға сай ұйымдас-тырылуын қадағалау. | Оқыту үрдісін жетілдіру | Кафедра меңгеру-шісі | Нәтижелі оқыту үдерісі |
| | | | | 3. Оқушылар-дың сабаққа қатысуын қамтамасыз ету. | Оқушылдардың сабаққа түгел қаты-суын қамта-масыз ету. | Әрбір мұғалім | Оқушының сабаққа толық қатысуы |
| | | | | 4. Әрбір пән бойынша мектепішілік олимпиаданы ұйымдастыру, өткізу. | Аудандық олимпиадаға қатысатын балаларды анықтау | Кафедра меңгеруші-сі | Олимпиада ойыны |
| | | | | 5. Жаңа педагогикалық технологияларды зерттеу және меңгеру. | Инновация-лық ізденіс | Әрбір мұғалім | Инновация-лық жұмыс |
| | | | | 6. Әрбір пән бойынша дидактикалық жабдықтарды жасақтау. | Сабақты дидактикалық қамтамасыз ету. | Әрбір мұғалім | Дидактика-лық материалдар жүйесі |
| | | | | 7. Жаңа мер-зімді басы-лымдарға шолу. Баспасөз беттеріне мақалалар жариялау. | Жаңалықтар-мен танысу, тәжірибе тарату | Кафедра меңгеру-шісі | Жаңа ақпараттар, мақала |
| | | | | 8. Өлкетану бағытындағы оқушылардың зерттеу жұмысын ұйымдастыру | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 5. Желток-сан | 1. Тоқсандық қорытындыға алдын ала болжау жасау, жақсарту шараларын ұйымдастыру | Оқу үдерісі нәтижесін жетілдіру | Кафедра меңгерушісі, әрбір мұғалім | Жоғарғы нәтиже |
| | | | 2. Оқушылардың сабақтағы таным белсенділігін қамтамасыз ету. | Оқушының таным белсенділігін қалыптастыру | Әрбір мұғалім | Әрбір оқушының жоғары таным белсенділігі |
| | | | 3. Оқу жұмысына оқушы ата-анасының жауапкершілігін арттыру. | Ата-аналардың белсенділігін қалыптастыру | Әрбір мұғалім | Ата-ана жауапкершілігі |
| | | | 4. Педагогикалық-психологиялық білімін (мұғалімдердің) жетілдіру. | Психологиялық білімін жетілдіру | Әрбір мұғалім | Психологиялық білім |
| | | | 5. Әрбір пән кабинеттерін әдістемелік, дидактикалық, әсемдік жағынан жарақтандыру. | Оқыту үдерісін қамтамасыз ету | Әрбір мұғалім | Жарақтанған оқу үдерісі |
| | | | 6. Кафедраның перспективтік педагогикалық зерттеу жоспарының кезекті міндеттері. | Бағыт пен міндетті айқындау | Кафедра меңгерушісі | Жаңа міндеттер |
| | | | 7. Жаңа мерзімді басылымдарға шолу. Баспасөз беттеріне мақалалар жариялау. | Жаңалықтармен танысу, тәжірибе тарату | Кафедра меңгерушісі | Жаңа ақпараттар, мақала |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 6. Қаң-тар | 1. Тоқсандық қорытындының объективті бағалануы. Кафедра пәндері бағдарламасындағы лабораториялық жұмыстардың орындалу жайы. | Оқушы білімін объективті бағалау. Орындалуын қамтамасыз ету. | Кафедра меңгерушісі, әрбір мұғалім | Объективті тоқсандық баға. Бағдарламаның орындалуы. |
| | | | | 2. Оқытудың жаңа талаптарға сай ұйымдастырылуын қадағалау. | Оқыту үдерісін жетілдіру | Кафедра меңгерушісі | Нәтижелі оқыту үдерісі |
| | | | | 3. Оқушылардың сабаққа қатысуын қамтамасыз ету. | Оқушылардың сабаққа түгел қатысуын қамтамасыз ету. | Әрбір мұғалім | Оқушының сабаққа толық қатысуы |
| | | | | 4. Қалалық, республикалық білім жетілдіру шараларына қатысу. | Біліктілік көтеру | Әрбір мұғалім | Біліктілік көтеру |
| | | | | 5. Әрбір пән бойынша дидактикалық жабдықтарды жасақтау. | Сабақты дидактикалық материалдармен қамтамасыз ету | Әрбір мұғалім | Дидактикалық материалдар жүйесі |
| | | | | 6. Әрбір мұғалімнің кафедралық зерттеу жұмысының орындалу кестесі. | Тиімді жоспар құру | Кафедра меңгерушісі | Жоспар |
| | | | | 7. Жаңа мерзімді басылымдарға шолу. Баспасөз беттеріне мақалалар жариялау. | Жаңалықтармен танысу, тәжірибе тарату | Кафедра меңгерушісі | Жаңа ақпараттар, мақала |
| | | | | 8. Азаматтану-құқықтық білім негіздерін | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | оқытудың міндеттері мен ерекшеліктері | | | |
| | | 7. Ақпан | 1. Оқу жұмысы-на оқушы ата-анасының жауапкершілігін арттыру. | Ата-аналардың белсенділігін қалыптастыру | Әрбір мұғалім | Ата-ана жауапкерші-лігі |
| | | | 2. Кәсіби бағдар-лы сыныптарда-ғы оқушылардың қабілеттілігін, бейімділігін талдау, ұсыныс жасау. | Кәсіби қабілетті балаларды оқыту | Жауапты мұғалім, кафедра меңгеру-шісі | Кәсіби бейімі бар балаларды даярлау |
| | | | 3. Жас мұғалім-дермен «Жас ма-мандар» мектебі жұмысын жүргізу. | Жас мұғалімдерді баулу, тәжірибе алмасу. | Кафедра меңгеру-шісі, тәлімгер мұғалім | Жас мұғалімдерді баулу |
| | | | 4. «Озат тәжі-рибе» мектебі жұмысын ұйымдастыру. | Тәжірибе алмасу | Кафедра меңгеру-шісі | Тәжірибе алмасу |
| | | | 5. Өзара сабаққа, сабақтан тыс шараларға қатысу жайлы. | Тәжірибе алмасу, бақылау | Әрбір мұғалім | Тәжірибе алмасу |
| | | | 6. Жаңа мерзімді басылымдарға шолу. Баспасөз беттеріне мақалалар жариялау | Жаңалықтар-мен танысу, тәжірибе тарату | Кафедра меңгеру-шісі | Жаңа ақпараттар, мақала |
| | | | 7. «Жылдың үздік пән мұғалімі» сайысын даярлау. | Озат тәжірибені зерттеу | Кафедра меңгеру-шісі | Жоспар |
| | | | 8. «Құқықтық білім баршаға» сабақтарын ұйымдастыру мәселелері | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 8. Наурыз | 1. Тоқсандық қорытындыға алдын ала болжау жасау, жақсарту шараларын ұйымдастыру. | Оқыту үрдісі нәтижесін жетілдіру | Кафедра меңгерушісі, әрбір мұғалім | Жоғары нәтиже |
| | | | | 2. Жаңа педагогикалық технологияларды зерттеу және меңгеру. | Инновациялық ізденіс | Әрбір мұғалім | Инновациялық жұмыс |
| | | | | 3. Педагогикалық-психологиялық білімін (мұғалімдердің) жетілдіру. | Психологиялық білімін жетілдіру | Әрбір мұғалім | Психологиялық білім |
| | | | | 4. Әрбір пән кабинеттерін әдістемелік, дидактикалық, әсемдік жағынан жарақтандыру. | Оқыту үдерісін қамтамасыз ету | Әрбір мұғалім | Жарақталған оқу үрдісі |
| | | | | 5. Кафедрада онкүндікті ұйымдастыру, нәтижесін талдау. | Озық тәжірибе тарату | Кафедра меңгерушісі | Онкүндік |
| | | | | 6. Жаңа мерзімді басылымдарға шолу. Баспасөз беттеріне мақалалар жариялау. | Жаңалықтармен танысу, тәжірибе тарату | Кафедра меңгерушісі | Жаңа ақпараттар мақала |
| | | | | 7. Аудандық, қалалық сайыстарға катысуды қамтамасыз ету. | Шеберліктерін шыңдау, тәжірибе алмасу | Кафедра меңгерушісі | Сайысқа қатысу |
| | | | | 8. «Алматытану. Жетісу өлкесінің географиясы, тарихы және мәдениеті» пәнін жүргізу мәселелері | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 9. Сәуір | 1. Тоқсандық қорытындының объективті бағалануы. Кафедра пәндері бағдарламасындағы лабораториялық жұмыстардың орындалу жайы. | Оқушы білімін объективті бағалау, орындалуын қамтамасыз ету | Кафедра меңгерушісі, әрбір мұғалім | Объективті тоқсандық баға Бағдарламаның орындалуы |
| | | | 2. Оқытудың жаңа талаптарға сай ұйымдастырылуын қадағалау. | Оқыту үдерісін жетілдіру | Кафедра меңгерушісі | Нәтижелі оқу үрдісі |
| | | | 3. Сыныптан сыныпқа көшіру, бітіру емтихандарына дайындық. | Жылды қорытындылау | Кафедра меңгерушісі, әрбір мұғалім | Дайындық жоспары |
| | | | 4. Оқушылардың сабаққа қатысуын қамтамасыз ету. | Оқушыларды сабаққа түгел қатысуын қамтамасыз ету | Әрбір мұғалім | Оқушының сабаққа толық қатысуы |
| | | | 5. Өзара сабаққа, сабақтан тыс шараларға қатысу жайы. | Тәжірибе алмасу, тәжірибе тарату | Кафедра меңгерушісі | Тәжірибе алмасу |
| | | | 6. Жаңа мерзімді басылымдарға шолу. Баспасөз беттеріне мақалалар жариялау. | Жаңалықтармен танысу, тәжірибе тарату | Кафедра меңгерушісі | Жаңа ақпарат, мақала |
| | | | 7. «Жылдың үздік пән мұғалімі» сайысын өткізу, қорытындылау | Мұғалімдердің белсенділігін қалыптастыру | Кафедра меңгерушісі | Жаңа тәжірибе |
| | | | 8. Бірінші жоғары санатты мұғалімдердің шығармашылық есептерін өткізу. | Аттестациялау | Кафедра меңгерушісі | Санат бекіту |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 9. Өлкетану бағытындағы оқушылардың зерттеу жұмысын ұйымдастыру | | | |
| | | | 10. Мамыр | 1. Оқытудың жаңа талаптарға сай ұйымдастырылуын қадағалау. | Оқыту үдерісін жетілдіру | Кафедра меңгерушісі | Нәтижелі оқу үдерісі |
| | | | | 2. Сыныптан сыныпқа көшіру, бітіру емтихандарын ұйымдастыру. | Жылды қорытындылау | Кафедра меңгерушісі | Емтихандар |
| | | | | 3. Әрбір пән бойынша дидактикалық жабдықтарды жасақтау. | Сабақты дидактикалық материалдармен қамтамасыз ету | Әрбір мұғалім | Дидактикалық материалдар жүйесі. |
| | | | | 4. Кафедра онкүндігін ұйымдастыру, нәтижесін талдау. | Озат тәжірибе тарату | Кафедра меңгерушісі | Онкүндік |
| | | | | 5. Жаңа мерзімді басылымдарға шолу. Баспасөз беттеріне мақалалар жариялау. | Жаңалықтармен танысу, тәжірибе тарату | Кафедра меңгерушісі | Жаңа ақпарат, мақала |
| | | | | 6. Аттестаттау жұмысын қорытындылау. | Аттестациялау | Кафедра меңгерушісі | Ұсыныс |
| | | | 11. Мамыр | 1. Оқытудың жаңа талаптарға сай ұйымдастырылуын қадағалау. | Оқыту үдерісін жетілдіру | Кафедра меңгерушісі | Нәтижелі оқу үрдісі |
| | | | | 2. Тоқсандық қорытындының объективті бағалануы. | Оқушы білімін объективті бағалау | Кафедра меңгерушісі, әрбір мұғалім | Объективті тоқсандық |
| | | | | 3. Жылдық қорытындының | Оқушы білімін | Кафедра меңгеру- | Объективті тоқсандық. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | объективті бағалануы. Кафедра пәндері бағдарламасындағы лабораториялық жұмыстардың орындалу жайы. | объективті бағалау. Орындалуын қамтамасыз ету. | шісі, әрбір мұғалім | Бағдарламаның орындалуы. |
| | | | 4. Жыл қорытындысын талдау, жетілдіру бағыттарын анықтау. | Жыл қорытындысын талдау | Кафедра меңгерушісі | Талдау есебі |
| | | | 5. Жаңа мерзімді басылымдарға шолу. Баспасөз беттеріне мақалалар жариялау. | Жаңалықтармен танысу, тәжірибе тарату | Кафедра меңгерушісі | Жаңа ақпарат мақала |
| | | 12. Маусым | 1. Жыл қорытындысын талдау, жетілдіру бағыттарын анықтау. | Жыл қорытындысын талдау | Кафедра меңгерушісі | Талдау-есеп |
| | | | 2. Жаңа мерзімді басылымдарға шолу | Жаңалықтармен танысу | Кафедра меңгерушісі | Жаңа ақпарат |
| | | | 3. Ғылыми-әдістемелік жұмыс есебін талқылау. | Жоспардың орындалуы | Кафедра меңгерушісі | Есеп |

***2-үлгі. Оқу-тәрбие үрдісін басқарудың жолдары*.**

(Алматыдағы №136 мектептің директоры Е.Н.Қуатбековтің іс-тәжірибесінен алынған.)

Оқу-тәрбие жұмысын жетілдіруге және педагогика ғылымының жетістіктері мен озық тәжірибесін енгізуге мұғалімдерді жұмылдыру — әдістемелік кеңестің негізгі мақсаты. Сондықтан мектептің оқу-тәрбие жұмысына жүйелі басшылық жасау әдістемелік кеңес пен отырыстар арқылы да жүзеге асырылады.

Оқу жылы барысындағы тоғыз айдың әр тоқсанында әдістемелік кеңес төрт рет, ал қалған бес айында әдістемелік отырыстар өтіп

отырады.

«Игі істер, ізденістер» тақырыбындағы өткізілген қорытынды әдістемелік кеңестің жүргізілу барысы:

**1. Әдістемелік кеңес.**

**2. Мақсаты:** Оқу жылында жүргізілген оқу-тәрбие жоспарына талдау жасау арқылы жетістік, кемшілік тұстарын анықтау, жаңа оқу жылына арналған міндеттер мен мақсаттарды нақтылау.

**3. Әдісі:** Интерактивті.

**4. Көрнекілігі:** а) ТКҚ (теледидар, үнтаспа, кодоскоп);

ә) қанатты сөздер:

1. Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан болады *(Абай)*.

2. Көргеннен, білгеннен аспау, жоқты іздемеу — ой мешеулігі. *(Ғ.Мұстафин)*.

б) үлестірмелі материалдар;

в) әр пән кафедраларының әдістемелік бұрышы.

**5. Жұмыс орны және жүргізілу реттілігі:**

1. Мәжіліс залында өтеді.

2. Әр кафедра мүшелері жеке топтастырылып отырғызылады.

3. Әр жұмысқа сараптама тобы құрылады.

**Жұмыс барысы:**

**I. Диагностика кезеңі («миға шабуыл»)**

1. Әр кафедра оқу жылындағы жүргізілген жұмыстардың кемшілік және жетістік жақтарына тоқталып, қағазға теріп жазып шығады.

2. Сараптама тобы алынған мәліметтер бойынша талдау жасау арқылы кадоскоппен жетістіктер мен кемшіліктерді салыстырмалы түрде экранға шығарады.

3. Сараптама тобы жұмыс жасап жатқан кезде, оқу ісінің меңгерушісі ұжыммен психологиялық-педагогикалық жағдайлық сұрақтар бере отырып жұмыс жүргізеді (Мектеп өмірінен алынған мысалдар).

1-жағдай.

2-жағдай.

3-жағдай.

Әр кафедра мүшелерінің толық және нақты жауаптары алынып, қорытындыланады (әр кафедра әртүрлі сұрақтар алдын ала дайындалады).

**II. «Іске сәт» кезеңі** (оқу-тәрбие саласында құрылған сұрақтар әр

кафедраға үлестірмелі материал арқылы беріледі, ақылдаса отырып жауап береді).

1. Оқу жылында жас жеткіншекке саналы тәрбие, сапалы білім берудегі сіздің қосқан үлесіңіз (10-11 жыл еңбек өтілі бар мұғалім жауап береді).

2. Осы оқу жылында әріптестеріңіздің жұмысқа деген құлшынысы қандай деңгейде болды? (15-20 жыл еңбек өтілі бар мұғалім жауап береді).

3. Қанағаттанарлық деңгейде оқитын оқушылардың оқуға деген ынтасын жетілдіру жолдарын көрсетіңіз (5-10 жыл еңбек өтілі бар мұғалім жауап береді).

4. «Тәртіп бар жерде тиянақты білім бар» деген сөздің мағынасын ашып көрсетіңіз (бір-үш жыл еңбек өтілі бар мұғалім жауап береді).

5. Мұғалім этикасы сіздің ұжымда қай деңгейде? (Оң, теріс жақтарын көрсету, жаңадан келген мұғалімдер ойы немесе 20-25 жыл еңбек өтілі бар мұғалім жауап береді).

6. Оқу жылы барысында қанша сабаққа, сабақтан тыс жұмысқа қатыса отырып, әріптесіңізге көмегіңіз тиді? (ҚР Білім беру ісінің үздігі, тәжірибелі, озат мұғалімдер жауап береді).

Берілген сұрақтар негізінде әр кафедраның мұғалімі оқу жылында жүргізілген жұмыстарға сипаттама береді.

**ІІІ. Тренинг.** Әр кафедра кез келген мұғалімге жасырын түрде өлең жолдары мен сипаттама бере отырып тапқызу. Нәтижесінде ұжымдағы беделді мұғалім анықталады.

**IV. Қорытынды.** Жыл бойы жүргізілген оқу-тәрбие жұмыстары талдана келе қорытындыланып, ұсыныстар беріліп, келесі оқу жылының міндеттері мен мақсаттары айқындалады.

Мұндай өткізілген әдістемелік кеңестердің оқу-тәрбие үдерісін басқаруда өзіндік маңызы бар. Мектептегі негізгі мәселелерді шешуде, қорытындылауда, бағытын ашуда әдістемелік кеңесті дәстүрден тыс тиімді технологияны қолданып өткізудің мәні зор.

### *Өзіндік білім көтеру*

1. Идеялық-теориялық білім көтеру деңгейі.

2. Тәжірибе алмасу, тәжірибені оқып үйрену (ашық сабаққа, түрлі шараларға қатысу, оқушыны оқыту мен тәрбиелеудегі әдістерін жетілдіруі, оқытуға қатысу, өз тәжірибесімен алмасу, практикалық семинарларға қатысу).

3. Теориялық білім көтерудегі педагогикалық және арнайы білімі (мамандығы бойынша білімін көтеру, арнайы жаңа әдебиеттермен жұмыс жасау, педагогиканы оқу, өз тәжірбиесімен алмасу, практикалық семинарға қатысу).

4. Әдістемелік жұмыс (оқу бағдарламасымен жоспар бойынша жұмысты жан-жақты дамыту, ашық сабақтың өтілуі, әдістемелік жоспар құру, әдістемелік баяндамалар, ақпараттар, оқушыны оқыту мен тәрбиелеудегі әдістемелік шеберлігін дамытудағы шығармашылық жұмыс, пәнаралық байланыс жұмысы).

5. Оқу үрдісін жан-жақты дамытудағы шығармашылық жұмысы (оқушыларға арналған әдістемеліктер жасау, оқушының білімін тереңдететін шаралар, кабинеттер мен лабораторияларды жабдықтау, көрнекі құралдар, фильмдер, дидактикалық материалдар жинақтау, оқушының үнемі оқуын қадағалау, өндіріспен байланыс, үйірме жұмыстары).

6. Қоғамдық жұмыстар.

7. Оқушыларды жан-жақты тәрбиелеудегі топтық жұмыстарын өмірмен байланыстыру (тәрбие тақырыбына баяндама мен дәрістер жоспары, ашық және сыныптан тыс шаралардың өтуі, кешке дайындық, диспуттар, байқаулар өткізу, т.б.).

8. Мектепаралық бақылау сұрақтарын дайындау.

9. Жоспардың құрылуы мен орындалуына жасалған ескертулер.

***Мұғалімнің өздігінен білім алуына талдау жасау***

1. Жоспар өзін-өзі ақтады ма, ол мектептің жалпы проблемасымен және өз бетімен білім алудың жеке тақырыбымен қалай ұштасты, өздігінен білім алу барысында оқып-үйрену үшін алынған негізгі сұрақтар қалай құрастырылған, зерттеу жұмысы жоспарланды ма?

2. Материалмен жұмыс кезеңдерінде өздігінен білім алудың жеке тақырыбына сәйкес қандай мәселелер бойынша, кімнің педагогикалық тәжірибесі оқып үйретілді, нақты қандай әдебиет оқылды: психологиялық, педагогикалық, ғылыми, т.б.

3. Нақты бір тақырыпты (тезистер, баяндамалар, т.б.) талқылаудан кейінгі практикалық қорытындылар.

4. Шығармашылық ынтымақтастық (педагогпен, ғылыммен, әдіскермен нақты түрде)

# III-ТАРАУ

## *ПӘН КАБИНЕТІ*

*Мектептегі пән кабинеті — мұғалімнің шығармашылық зертханасы.* Қазақта «досыңа қарап сені танимын» деген астарлы сөз бар. Сол сияқты мектептегі пән кабинетіне қарап, мұғалімнің өз мамандығына деген қарым-қатынасын, мұғалімнің деңгейін байқауға болады десек, артық емес. Оқу жылының басында мектеп әкімшілігімен келісе отырып, мектеп директорының әр кабинет жетекшілігі туралы бұйрығы шығатыны белгілі. Егер кабинет талапқа толық сай болып (тексеру сараптама мүшелерінің ұйғарымы бойынша), кабинет жұмысының бағалау өлшемдеріне (үлгісін беріп отырмыз) сәйкес болса, кабинетке белгілі мөлшерде жалақы төленеді.

Пән кабинетіне байланысты мына мәселелерге көңіл бөлген дұрыс. Мысалы:

а) Жалпы білім беретін мекемелерде оқушылардың оқыту жағдайына арналған гигиеналық талаптарға сәйкес оқу бөлмесінің көлемі әр оқушыға **2,5 кв.м.** мөлшерде белгіленген.

ә) Жалпы білім беретін мекемелерде оқушыларды оқыту жағдайына арналған талаптарға сәйкес оқу бөлмесіндегі бірінші парта мен тақта арасының мөлшері **2,4-2,7 м.** болу керек.

б) Жалпы білім беретін мекемелерде оқушыларды оқыту жағдайына арналған талаптарға сәйкес оқу бөлмесіндегі тақта мен соңғы парта арасының мөлшері **860 см.-ден** артық емес болуы қажет.

в) Жалпы білім беретін мекемелерде оқушыларды оқыту жағдайына арналған гигиеналық талаптарға сәйкес оқу бөлмесіндегі тақтаның төменгі жағы еденнен **80-90 см.** мөлшерде орналасуы қажет.

г) Климаттық жағдайға сәйкес сынып, оқу бөлмесі, зертханаларда ауа температурасының мөлшері **18-20°С** болуы керек.

ғ) Климаттық жағдайға сәйкес спорт залдың киім ауыстыратын бөлмесінде ауа температурасының мөлшері **19-23°С** болуы шарт.

д) Оқу бөлмелеріне табиғи жарық еркін және біркелкі түсу үшін ағаштарды **10 м.** және бұталарды **3 м.** қашықтықта отырғызу қажет.

***ПӘН БӨЛМЕСІНІҢ*** (кабинетінің) ***ПАСПОРТЫ***

***Пән мұғалімдеріне арналған әдістемелік нұсқау*** (үлгі)

***Пән кабинетіне қойылатын талаптар***

1. Кабинет безендіру: осы заманға сай, материалды оқып-үйренуге сәйкестенген және эстетикалық жағынан көркем болуы.
2. Мемлекеттік рәміздерді бейнелейтін және Қазақстанның қазіргі кезеңдегі саясатын көрсететін стенділер.
3. Паспорт, мүліктерді тізімдеу кітабы, оқу жабдықтарының каталогі, пәнге қатысты кинофильмдер мен бейнетаспалардың тізімі, ОТК, т.б. құжаттамалардың түгел болуы.
4. Оқытудың техникалық құралдары: жұмыс істеп тұруы, пайдалана білу.
5. Техникалық қауіпсіздік ережесі, техникалық қауіпсіздік нұсқауларының журналы, құралдар мен реактивтердің сақталуы.
6. Кабинеттің шағын кітапханасы: анықтамалық-ақпараттық әдебиет, бақылау жұмыстарының жинақтары, сөздіктер, оқулықтар, мұғалімдерге арналған әдістемелік әдебиет, журналдар, тақырып бойынша жүйеленген газет қиындылары.
7. Оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуіне арналған материалдар: тапсырмалар, нұсқаулар, жалпы білім, білік қалыптастыру жадынамалары, бұрын жасалған шығармашылық жұмыстардың, рефераттардың үлгілері, анықтамалықтар.
8. Кабинет кеңесінің тізімі, сыныптар бойынша топтық консультациялардың кестесі, кабинет жұмысының жоспары.
9. Пән бойынша сыныптан тыс жұмыс: үйірме, факультатив жұмыстарына арналған материалдар, сыныптан тыс жасалатын шаралар, жоспарлар.
10. Сабақтардың әр сабақтық, тақырыптық, күнтізбелік жоспарлары.
11. Білім байқауларының, сынақтардың сұрақтары мен тапсырмалары, үнемі жаңартылып отыратын, мазмұны әр деңгейлі дидактикалық материалдар.
12. Оқушыларды олимпиадаға дайындау жұмыстарының материалдары (тест, т.б.).
13. Ресми құжаттама:

— ҚР Конституциясы.

— ҚР Білім туралы заңы.

— ҚР Тілдер туралы заңы.

— ҚР білім беруді дамыту тұжырымдамасы.

— Ел Президентінің Казақстан халқына Жолдауы және т.б. үкімет құжаттары.

— Халықаралық-құқықтық актілер: «Адам құқығының жалпыға бірдей Декларациясы, Балалар құқығы жөніндегі конвенция, т.б.

14. Көрнекіліктер: кестелер, буклеттер, суреттер, жүйеленген үлестірмелі материалдар мен олардың аттары жазылған, нөмірленген және сақтау орны көрсетілген папкалар.

***Пән мұғалімінде мыналар болуы тиіс***

1. а) Оқу бағдарламалары.
   ә) ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған оқулықтар.
2. Күнтізбелік-тақырыптық және сабақ жоспарлары.
3. Тест тапсырмалары (сыныптар бойынша).
4. Өздігінен білім алу жоспары, әдістемелік кеңестерде, конференцияларда, т.б. сөйлеген сөздердің тезистері, мұғалімнің шығармашылық жұмыстары.
5. Сынып жетекшісінің тәрбие жұмысының жоспары, ата-аналар жиналысының хаттамалары.
6. Факультативтік, үйірмелік және арнаулы курстардың бағдарламалары.
7. Пән бойынша жасалған сыныптан тыс шаралар.
8. Әдістемелер, т.б.

***№ ____ оқу бөлмесінде оқу-тәрбие үрдісін жүргізуге рұқсат беру актісі***

20.......-20....... оқу жылы

| № | **Құжаттама:** | |
|---|---|---|
| 1. | — паспорт<br>— техникалық қауіпсіздік ережелері<br>— оқу бөлмесін пайдалану ережесі<br>— оқу бөлмесінің жұмыс жоспары<br>— оқу бөлмесінің жұмыс кестесі | |
| 2. | Оқу бөлмесінің оқу-әдістемелік материалдарымен жабдықталуы | |
| 3. | Оқу бөлмесінің безендірілуі | |
| 4. | Санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуы:<br>— жарық<br>— мектеп мүлкі (жиһаз, парта, орындық, т.б.) | |

| | | |
|---|---|---|
| | — жалпы оқу бөлмесінің жағдайы (еден, қабырға, терезелер) | |
| 5. | Жаңа оқу жылына дайындығын тексеру, қорытындысы бойынша бағалау | |
| 6. | **Ескертулер мен ұсыныстар**<br>Мектеп директоры:<br>Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары:<br>Оқу ісінің меңгерушілері:<br>Кәсіподақ төрайымы: | |

***Оқу бөлмесінің жағдайы туралы мәлімет***

20.....-20..... оқу жылы

| **Тоқсан** | **Мәлімет** | **Тексерген айы, күні** |
|---|---|---|
| I тоқ-сан | | |
| II тоқ-сан | | |
| III тоқ-сан | | |
| IV тоқ-сан | | |

## *№ ____ оқу бөлмесінің жұмыс кестесі*

20....-20..... оқу жылы

| **Аусым** | **Сабақ** | **Дүйсенбі сынып** | **Сейсенбі сынып** | **Сәрсенбі сынып** | **Бейсенбі сынып** | **Жұма сынып** | **Сенбі сынып** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| І-аусым | 1 | | | | | | |
| | 2 | | | | | | |
| | 3 | | | | | | |
| | 4 | | | | | | |
| | 5 | | | | | | |
| | 6 | | | | | | |
| І-аусымда кабинетке жауапты мұғалімдер | | | | | | | |
| ІІ-аусым | 1 | | | | | | |
| | 2 | | | | | | |
| | 3 | | | | | | |
| | 4 | | | | | | |
| | 5 | | | | | | |
| | 6 | | | | | | |
| ІІ-аусымда кабинетке жауапты мұғалімдер | | | | | | | |

## *Оқу бөлмесінде сабақ беретін мұғалімдер туралы мәлімет*

20......-20...... оқу жылы

| **№** | **Аты-жөні** | **Пед.өтілі** | **Санаты** | **Жүктемесі** | **Сыныптар** | **Сынып жетекшісі** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | | | |
| 2 | | | | | | |
| 3 | | | | | | |
| 4 | | | | | | |
| 5 | | | | | | |
| 6 | | | | | | |
| 7 | | | | | | |

***№ ___ оқу бөлмесінің __________ оқу жылына арналған жұмыс жоспары***

| Р/с | Атқарылған жұмыс мазмұны | Мерзімі | Жауапты | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

***Оқу бөлмесінің қарамағындағы мүліктер***
(тақта, парта, жиһаз және т.б.)

| Р/с | Қандай мүлік | Қашан берілді | Саны, құрамы | Сақталу дәрежесі |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

***Оқу бөлмесіне жинақталған көрнекіліктер туралы мәлімет***
(кесте және басқа баспа құралдары)

| Р/с | Құралдардың аты | Қай сыныптарға арналған | Саны |
|---|---|---|---|
| | | | |

***Техникалық құралдар***

(магнитафон, кадоскоп, эпидоскоп, теледидар, интерактивті тақта, т.б.)

| **Р/с** | **Құралдардың аты** | **Саны** | **Құны** | **Берілген жылы** |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

***Дидактикалық материалдар***

(карточкалар, суреттер, үлестірмелі материалдар және т.б.)

| **Р/с** | **Дидактикалық материалдар** | **Қай сыныпқа арналған** | **Саны** |
|---|---|---|---|
| | | | |

***Диафильмдер, диапозитивтер, слайдтар***

| **Р/с** | **Аттары** | **Қай сыныпқа арналған** | **Саны** | **Құны** |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

***Кітапхана қоры***

| Р/с | Кітап аты | Шыққан мерзімі | Саны |
|---|---|---|---|
| | | | |

***Оқу жылында оқу бөлмесіндегі атқарылған жұмыстар туралы есеп***

(Есепті кабинет немесе кафедра меңгерушісі жасайды. Жылдың соңында педагогикалық кеңесте тыңдалады.)

| Оқу бөлмесі мен ондағы материал-дар қай сыныптар үшін пайдала-нылады? | Оқу бөлмесін жабдықтау және жөндеу үшін не істелінді? | Нелер алынды? (ӨТҚ, дидактикалық материалдар және т.б.) | Қандай қиындық-тар болды? | Ес-кер-ту-лер |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

**Ескертулер**

| |
|---|
| |

**2-үлгі.**

КАБИНЕТ ПАСПОРТЫ №

ОҚУ ЖЫЛЫ

КАБИНЕТКЕ ЖАУАПТЫ (мұғалімнің аты-жөні):

ЖАУАПТЫ СЫНЫП:

***Кабинеттің жағдайын бағалау***

20____ оқу жылы

ҚЫРКҮЙЕК ________________________________________

ҚАЗАН ________________________________________

ҚАРАША ________________________________________

ЖЕЛТОҚСАН ________________________________________

ҚАҢТАР ________________________________________

АҚПАН ________________________________________

НАУРЫЗ ________________________________________

СӘУІР ________________________________________

МАМЫР ________________________________________

***№ ___ оқу кабинетіндегі оқытудың техникалық құралдарының мәліметтік тізімі***

| № | ОҚТ-ның атауы | Түрі | Алынған жылы | Мектеп бойынша реттік нөмірі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | |
| 2 | | | | |
| 3 | | | | |
| 4 | | | | |
| 5 | | | | |
| 6 | | | | |
| 7 | | | | |
| 8 | | | | |
| 9 | | | | |
| 10 | | | | |
| 11 | | | | |
| 12 | | | | |
| 13 | | | | |
| 14 | | | | |
| 15 | | | | |

**Кабинет меңгерушісі:**

***№ __ кабинеттің пайдалану кестесі***
**(I-аусым, II-аусым)**

___ жарты жылдық, 20__-20_ оқу жылы

| Сабақ | Дүйсенбі Сынып Мұғалім | Сейсенбі Сынып Мұғалім | Сәрсенбі Сынып Мұғалім | Бейсенбі Сынып Мұғалім | Жұма Сынып Мұғалім | Сенбі Сынып Мұғалім |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |

***Оқу кабинетін пайдалану ережесі***

1. Оқу кабинетін сабақтың басталуынан 15 минут бұрын ашу қажет.
2. Оқушылар кабинетте тек қана ауыстырылған аяқ киімде болуы қажет.
3. Оқушылар кабинетте мұғаліммен бірге болуы керек.
4. Кабинеттің ауасын әр үзілісте тазартып тұру қажет.
5. Мұғалім сабақтан соң кабинетте тазалық жүргізуді ұйымдастырып отыруы керек.

***Оқу кабинетінің оқу жылында (келешекте) жасалатын жұмыс жоспарына қойылатын талаптар***

1. Кабинет жоспары кабинетке жауап беретін пән мұғалімі мен кабинеттің қызметіне сәйкес жасалынады.
2. Бірінші бөлім — кабинеттің өткен жылғы жұмысына талдау жасау.
3. Екінші бөлім — жаңа оқу жылының міндеттерін көрсететін тақырыптық жоспарларды, дидактикалық құралдарды жаңарту, тірек конспектісін жасау, диагностикалық карта, сызу, бейнетаспаларды алу, кестелер және оқу-әдістемелік құралдар мектеп бағдарламасындағы білімге сай болуы қажет.
4. Үшінші бөлім — кабинеттің жұмыс уақыты (сабақтар, қосымша сабақтар, факультативтер).

### *Оқу кабинетіне қойылатын талаптар*

1. Кабинеттің құжаты бойынша талапқа сай жабдықталған түтіктер мен техникалық құралдар, көрнекі құралдар, оқулықтар, әдістемеліктер, дидактикалық құралдар және басқалар.

2. Оқу жылында (келешекте) жасалатын кабинеттің жұмыс жоспары.

3. Оқу кабинетінде техникалық қауіпсіздік және гигиеналық тазалық ережесін сақтау.

4. Оқу кабинеті безендірілгенде эстетикалық талапқа сай ауыстырылатын, ауыстырылмайтын сабақ-хабарлама стендтері, суретті жабдықтар, т.б. құралдар болу керек (оқу кабинетінің жұмыс жоспарына сәйкес).

5. Кабинеттің оқу жабдықтары, оқу-әдістемелік құралдары, мектептегі білім жоспарын орындау үшін қажет.

6. Оқу-әдістемелік және оқыту құралдары жиынтығы кабинеттің түріне, білім стандартының талабына, оқыту жоспарына сәйкес болуы қажет.

7. Дидактикалық құралдар жиынтығы, білім сапасын және оқу жүйесін тексеретін жиынтықтар (кабинеттің түріне қарай), тесттер, бақылау жұмыстары, шығармалар, эссе, әңгімелер және басқалары болу керек.

8. Мектептің оқыту жоспарына сәйкес оқулықтармен, үлестірмелі материалдармен қамтамасыз ету.

9. Негізгі білімді ашық және көрнекі түрде оқытуға жеткізу. Сонымен қатар, қажетті деңгейдегі дайындықты талап ету (білім стандартына сәйкес).

10. Оқушылардан ашық және көрнекі үлгіде білім стандарттарының орындалуын талап ету.

11. Базалық және дамыған білім берудің стандарттық деңгейдегі талаптарын диагностикалық орындау үшін типтік тапсырмалар, тесттер, эссе, бақылау жұмыстары және тағы сол сияқты жұмыстармен оқушыларды қамтамасыз ету.

12. Оқу кабинетінің қабырға материалдары: оқушыларға оқу ісін жобалау үшін кепілдемелер, қоғамдық пікірлер мен дағдыларын дамыту бағдарламасын орындау, үй жұмысын орындау және ұйымдастыру, әртүрлі оқу, танымдық істерге дайындық (семинар, зертханалық жұмыстар, тестілер, сынақтар, коллоквиум, әңгімелесу, емтихан).

13. Оқушылардың білім беру стандартының орындалу нәтижесінің экраны.

14. Міндетті бағдарлама, факультативтік тапсырмалар, қосымша білім беру бағдарламасы, сабаққа үлгерімі нашарлармен жеке жұмыстар, дарынды балалармен жұмыс жүргізуі бойынша оқу кабинетінің жұмыс кестесі.

***Оқу кабинетіне міндетті түрде қажетті құжаттар***

1. Оқу кабинетінің паспорты.
2. Кабинетте бар жабдықтардың мәліметтік тізімі.
3. Оқу кабинетіндегі техникалық қауіпсіздіктің ережелері (физика, химия, еңбек, дене тәрбиесі).
4. Оқушылардың кабинетті пайдалану ережесі. Оқу кабинетінің кестесі.
5. Мектеп әкімшілігінің оқу кабинетін қабылдау актісі.
6. Оқу кабинетінің оқу жылында және келешекте істелінетін жұмыс жоспары.

***№ __ оқу кабинетінің 20_ -20_ оқу жылында және келешекте істелінетін жұмыстарының жоспары***

***Кабинеттің өткен оқу жылына талдау жұмыстары***

| **Кабинет пен ондағы материалдарды жұмыс істеу үшін қай сынып пайдаланды?** | **Жабдықтау және жөндеу үшін не істелді?** | **Не алынды (ТҚЖ, дидактикалық материалдар және т.б.)?** | **Қандай мәселелер болды?** |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

***Жаңа оқу жылына міндеттер***

| **Міндеттер (материалдарды жаңарту, қай сыныптар үшін)** | **Жоспарланған безендірулер, ТҚЖ не оқу-әдістемелік материалдар** | **Ескертулер** |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |

***Үйірме жұмысының жоспары***

Жұмыстың мақсаты:

Үйірме жұмысының күні мен уақыты:

| **№** | **Әр өтілетін жұмыстың мазмұны** | **Орындалу мерзімі** | **Орындалуы туралы белгі** |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

### *№__ кабинеттің оқу жылына дайындығы туралы актісі*

### *1. Құжаттар*

| | 20__ -20 ж.ж. | | |
|---|---|---|---|
| 1. Паспорты | | | |
| 2. Техникалық қауіпсіздік туралы ережесі | | | |
| 3. Кабинетті пайдалану ережесі | | | |
| 4. Кабинеттің жұмыс жоспары | | | |
| Оқу кабинетінің жұмыс кестесі | | | |

### *2. Кабинеттің оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуі*

| | 20__-20 ж.ж. | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1. Оқу жабдықтарымен толықтыру | | | | |
| — оқу-әдістемелік жинағы (әдістемелік әдебиеттер, мұғалімдерге қажетті оқулықтар, оқу дәптері) | | | | |
| — ТҚЖ (техникалық құрал-жабдықтар) | | | | |
| 2. Комплекстің жеке атаулары — дидактикалық материалдар | | | | |
| — типтік тапсырмалар | | | | |
| — тесттер | | | | |
| — бақылау жұмыстары | | | | |
| — үлестірмелік материалдар | | | | |
| — типтік эссе, шығармалар кешені | | | | |
| — слайдтар | | | | |
| — кестелер | | | | |
| — оқулықтар | | | | |

### *3. Кабинетті көркемдеу*

| | 20 -20 ж.ж. | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1. Кеңістікті үйлесімді ұйымдастыру:<br>— педагогтің орны; | | | | |
| — оқушылардың орны; | | | | |
| 2. Ауыспалы және тұрақты ақпараттық стендтер саны.<br>Түсініктеме беретін стендтер:<br>— оқу ісін жобалау жөнінде | | | | |
| — қоғамдық қабілет және дағдының даму бағдарламасының орындалуы | | | | |
| — үй жұмысын ұйымдастыру және орындау | | | | |
| — практикалық, семинарлық, зертханалық жұмыстарға дайындық | | | | |
| — тестілер | | | | |
| — сынаққа, коллоквиумға, емтиханға | | | | |
| — нәтижелер экраны | | | | |
| — жеке оқу жоспары мен бағдарламалар | | | | |

### *4. Кабинетте сақталатын тәртіптер*

| | 20__-20 ж.ж. | | | |
|---|---|---|---|---|
| Техникалық қауіпсіздік ережесі | | | | |
| Санитарлық-тазалық нормасы:<br>— жарықтандыру | | | | |
| Жиһаздың жағдайы | | | | |
| Кабинеттің толық жағдайы (еден, қабырға, терезе) | | | | |

### *5. Кабинеттің жаңа оқу жылына дайындығын тексерудегі қорытынды бағасы*

| **Оқу жылы** | **Бағасы** | **Ескертулер мен түсіндірмелер** |
|---|---|---|
| 20__– 20__ ж.ж. | | |
| | | |
| | | |
| | | |

**Кабинетті байқау жөніндегі комиссияның қорытындысы**

______________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________

Пән кабинетіндегі мұғалімнің барлық жинаған материалдары жинақталған, бір жүйеге келтірілгені дұрыс. Ұқыпты ұстаз өзіне керекті құжаттарын 1 немесе 1,5 минутта тауып, сабақта пайдалануы қажет. Кейбір мұғалімдер кабинетіндегі заттарды тауып алмақ түгілі, не барын да білмейді. Кейде бір папканың ішінде әртүрлі материалдар жинақталып, бір жүйеге келтірілмеген, эстетикалық талғамға сай болмай жатады.

Төменде Алматы қаласы мұғалімдерінің тарих пәнінен жинақтаған «Тақырыптық кесте» үлгісін ұсынамыз.

**Тақырыптық кесте**
**Пәні: Қазақстан тарихы, 9-сынып**

| | **1** | **2** | **3** | **4** | **5** | **6** | **7** | **8** | **9** | **10** | **11** | **12** | **13** | **14** | **15** | **16** | **17** | **18** | **19** | **20** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Сабақ тақырыбы | Сабақ жоспары | Күнтізбелік жоспар | Заң актілері, құжаттар | Дидактикалық материалдар | Оқулықтар | Оқушыға арналған әдістемеліктер | Мұғалімге кажетті әдістемеліктер | Аудио, видео материалдар (кассета, т.б.) | Электронды оқулықтар | Тақырыптық карталар | Көрнекі құралдар | Анықтамалық әдебиеттер | Қосымша деректі әдебиеттер | Көркем әдебиеттер | Тест сұрақтары | Баспасөз материалдары | Жергілікті оқиғаға байланысты материалдар | Мұғалімнің тақырыпқа байланысты материалдары | Оқушының тақырыпқа байланысты материалдары | Қосымша |
| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

Мысалы: сабақ жоспары №1 папка. Заң актілері, құжаттар №2 папка, т.б.

Мұғалім әр сыныптар бойынша жеке папка арнайды да, жүйеленген, реттік саны белгіленген материалдарын тез тауып, шығармашылықпен тиімді жұмыс істеуіне мүмкіндігі болады.

***Алматы қаласы бойынша жалпы пән кабинет жұмысын бағалау өлшемдері***

(білім департаменті мен мұғалімдер білімін жетілдіру институтының іс-тәжірибесінен)

**Кабинет жұмысың бағалау өлшемдері**

**мектеп №        Ауданы**

| № р/с | Кабинет № | Нормативті-құқықтық құжаттар және оның белгіленген талаптарына сәйкестігі | | | | | Шығармашылық әзірлемелер және жобалар | ҚТ мен санитарлық-гигиеналық нормалардың және өрт қауіпсіздігінің сақталуы, кабинетті жарықтандыру | | | | | | | | Кабинеттің эстетикалық талапқа сай болуы | | | | Оқу-әдістемелермен және бағдарламалармен қамтамасыз етілуі | | | | | | | Берілген пән бойынша типтік тізбе құралдарымен сәйкестігі | «Үздік кабинет» байқауына қатысуы және құрмет белгілері | **Қорытынды** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Білім стандарты | Күнтізбелік-тақырыптық жоспары | Әдістемелік кепілдеме | Инвентарь кітабы немесе паспорт | Кабинеттің келешек жоспары | | Санитарлық-гигиеналық жағдайы | Кабинеттің жабдықтары | Мектеп жиһазының талапқа сай болуы. «Оқу кабинеттері» | ҚТ журналы | Өрт сөндіру құралдары | Дәрі-дәрмектер қорабы | Кабинет жүктемесінің кестесі | ҚТ бойынша стендінің болуы және орналасуы | Стендтердің безендірілуі (ақпараттық және | Көгалдандырылуы | Парта мен тақтаның дұрыс | Қабырға мен партаның арасы және жарықтандырылуға | Авторлық әдістемелік әзірлемелер | Оқу жоспарлары және бағдарламалар | Оқулықтар | Әдістемелік құралдар | Дидактикалық құралдар кешені | ТОҚ болуы және оның пайдаланылуы | Кабинеттің тақырыптық жүйелілігі | | | |
| | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 | 27 |
| 1 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 3 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 4 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 5 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 6 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 7 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 8 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 9 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

_______________________ _____________ «____» __________ 20 ж.

Сарапшының аты-жөні                колы                күні

Ескерту:

1. Бағалау үш балды жүйемен жүзеге асырылады: 0 балл — сәйкес келмейді, 1 балл — сәйкестігі толық емес, 2 балл — сәйкес.
2. Берілген өлшем бойынша максималды балл саны 86% төмен емес сәйкестерге сертификат берілсін.
3. Пәндер бойынша (п.24) тақырыптық жүйеленген оқу-әдістемелік материалдары әр қатар оқитын сыныптар бойынша жеке бағалансын. Бұл тармақта максималды балл 2-ден көп болуы мүмкін.
4. 26-шы тармақ келесі түрде бағаланады («Үздік кабинет» байқауына қатысу және құрмет белгілері): 0 балл — байқауға қатыспаған. 1 балл — қатысқан, 2 балл — «Үздік кабинет» байқауының жеңімпазы.

## *Сабақта қолданылатын көрнекі құралдар мен олардың жіктелуі және түрлері*

Көрнекі құралдарды тек тарих сабағында ғана емес, басқа пәндерде де қолданудың маңызы зор. Оқушыларға сабақ түсіндіру барысында тарихи фильм, фото-суреттерді, т.б. көрнекілікті пайдалану сабақты мәнді де мағыналы ететіні сөзсіз.

Көрнекі құралдардың түрлері өте көп. Соның біразына тоқталайық:

### *1. Кестелік көрнекілік.*

Бұл — мектепте тарих пәндерінде жиі қолданылатын әдістемелік жиынтықтардың бірі. Оның маңызы өте зор. Мысалы:

Әскери өндірістегі маңызды салалардың өнім көлемі процент есебінде (1940 ж.).

| Өндіріс | 1941 ж. | 1942 ж. | 1943 ж. |
|---|---|---|---|
| Авиациялық | 126 | 178 | 223 |
| Танкілік | 112 | 174 | 234 |
| Қару-жарақ | 145 | 191 | 200 |
| Әскери қару | 152 | 218 | 264 |

### ~~1.~~*2. Схемалық көрнекілік.*

Бұл — тарих пәндерінде заңдылықтарды схема түрінде көрсеткен көрнекіліктің түрі. Мысалы:

**О… ериясының әкімшілік құрылымы**

6-сынып (орта ғасырлар тарихы)

Империя
↓
Провинция
↓
Уәләяттар
↓
Санджактар

### *3. Плакаттық көрнекілік.*

Плакаттық көрнекілік көбінесе ойын сабағын, сондай-ақ семинар сабағын өткізу барысында қолданылады, яғни плакаттарда сол берілген тапсырмалар әртүрлі шартты белгілермен көрсетіледі.

**Отформатировано:** сверху: 2 см, снизу: 2 см, Ширина: 21 см, Высота: 29,7 см

**Отформатировано:** казахский

**Отформатировано:** По центру

**Отформатировано:** По центру

**Отформатировано:** казахский

**Отформатировано:** По центру

**Отформатировано:** казахский

**Отформатировано:** По центру

**Отформатировано:** казахский

Қалташалар немесе басқа да фигуралардың астына оқушыларға арналған тапсырмалар жасырылуы мүмкін. Мысалы: семинар сабағын өткізетін болсам, Оңтүстік-шығыс Азия елдеріне байланысты плакатқа Оңтүстік-шығыс Азия елдерінің тізімін жеке-жеке жазамын, аттары жазылады немесе шартты белгілермен белгіленеді. Мысалы: шеңбер — сол елдердің саяси жағдайы, ал квадрат олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы, үшбұрыштың артына сыртқы саясатына арналған сұрақ немесе тапсырмалар жасырылған.

Семинар сабақтар оқушыларды тұтастай сұрап үлгеруге негізделген, кез келген оқушы тақтаға шығып, қалаған фигураларды таңдайды, сол кезде оған Индонезияның 1918-1945 ж.ж. саяси жағдайларына байланысты сұрақ түсуі мүмкін, яғни жеке-жеке ауызша түсіндіріп тұрмаймын, оқушы-оқушыға қандай сұрақ түссе, соған жауап беруі тиіс. Бұл әдісті тарауды қорытындылауға келгенде пайдалануға болады.

***4. Сурет көрнекілігі.***

Қоғам қайраткерлерінің, ерекше танымал болған батыр, ақын-жазушылардың, т.б. портреттерін көрсету. Белгілі бір оқиғаға байланысты салынған суреттерді көрсету.

***5. Диаграммалық көрнекілік.***

Бұл көрнекілік — белгілі бір тақырыптың төңірегінде оқушыларды іздендіруге, ойландыруға байланысты бір құбылыспен екінші құбылысты салыстырып көрсету үшін қолданылып отыратын көрнекіліктің түрі. Мысалы: оқушылар белгілі бір объектіге саяхатқа барып келгеннен кейін, сондағы жиған материалдарын қорытып, диаграмма жасайды. Ондай диаграммаларда бірнеше шаруашылықтың дамуы мен олардан алынған өнімін көрсетуге болады. Мал өсімі қанша, оған жиналған жемшөп, одан алынған жүн, ет, сүт, май қанша, т.б. Оқушылар осы диаграммалар арқылы сол тақырыпқа байланысты әңгімелер айтады. Көбінесе, экономикалық жағдайды түсіндіруде қолданылады.

***6. Модельдік көрнекілік.***

Бұл көрнекіліктің ғылыми-практикалық маңызы ерекше зор. Модельдік көрнекілік арқылы оқушылардың дүниетану өрісі кеңейеді, өндірістік заттармен танысып, еліміздің мәдениеттегі жетістіктерін жетік білетін болады.

Отформатировано: Справа: 0,63 см

Бұл көрнекіліктің түрлерін пайдалану барысында мұғалім тарих сабағында оқушылардың қызығушылығын арттырып, тақырыпты толығымен ашуға мүмкіндік алады. Бұған атап айтатын болсақ, суретпен берілген альбом, орфографиялық альбом, белгілі бір тақырыптарға арналған альбом, сонымен қатар көрнекі құрал түрлеріне арналған альбом түрлері жатады.

***7. Диапозитивтік көрнекілік.***

Бұл — оқушыларды мәдениеттілікке баулып, күнделікті өмір шындығымен таныстырып отыратын көрнекіліктің түрі. Бұған кино, интерактивті тақта, телевизор, фильмоскоп, т.б. (ақпараттық техника құралдары) жатады. Мысалы: телебағдарламаларды ұстаздар өз сабақтарын жетік түсіндіру үшін жиі пайдаланады. Телебағдарламадағы материалдарды методикалық түрде, бір бағытта ұйымдастыруы керек. Ол былай жүреді:

1. Тақтаға сұрақтар жазылып, оқушылар бағдарламаны көреді, артынша сұрақтар талқыға салынады.
2. Бағдарламаны көріп болғаннан кейін оқушылар жоспар құрып, талқылау үшін сұрақтар дайындайды.
3. Бағдарлама кезінде және одан кейін тақтадағы алдын-ала сызылып қойылған кестелерді толтырады.
4. Оқушылар жазба түрінде телебағдарламаға рецензия жазады немесе соған байланысты жаттығуларды орындайды.
5. Телебағдарлама ұстаздардың дәрісінде қосылады.
6. Телебағдарлама сабақта маңызды ойындарға айналады.

***8. Символикалық көрнекілік.***

Бұл — қазақ тілінен оқылатын материалдарды оқушыларға алуан түрлі шартты белгілер арқылы түсіндіретін және соны тәжірибе жүзінде талдап, ажыратып беруге үйрететін көрнекіліктің түрі.

***9. Тақта көрнекілігі.***

Бұл тарихты оқытуда ерекше көп қолданылатын және өте тиімді көрнекіліктің түрі. Тарихтан өтілетін материалдар, оны дәлелдейтін деректердің барлығы да тақта арқылы көрсетіледі. Тарихты оқытуда қолданылған көрнекі құралдардың түрлері, кестелерді дұрыс жазудың үлгісі тақта арқылы үйретіледі. Сондықтан тақтаны дұрыс пайдаланып отырудың ерекше ғылыми-практикалық маңызы зор.

***10. Үлестірмелі материалдар (карточка) көрнекілігі.***

Бұл — оқушылардың өздерін іздендіріп отыру үшін, оларды өздігінен талдап жазуға және айтып отыруға үйрететін көрнекі құралдардың түрі. Карточкаларды пайдаланғанда мұғалім әрбір өтілген материалдардың өзіндік белгілерін тәжірибеде қолдана білу мақсаттарына лайықтап, алдын-ала жасап немесе кітаптағы дайын карточкаларды пайдаландыра отырып, оқушылардың өздерін іздендіреді. Сол арқылы тапсырмаларды жазбаша да, ауызша да орындап отырады.

Көрнекілік классификациясы (түрлері):

1. Заттық.
2. Бейнелеу.
3. Портреттер.
4. Фотография.
5. Карикатура.
6. Карта.

Тарих сабақтарында пайдаланылатын көрнекі құралдарды төрт топқа бөлуге болады. Олар: тарихи оқу карталары, тарих оқулықтарындағы және басқа да иллюстрациялар, шартты графикалық көрнекі құралдар, техникалық құралдар. Бұларды сабақта пайдаланудың маңызы зор.

### *Сабақта қолданылатын көрнекілік үлгілері*

### *1. Карточкалық көрнекілік*

**8-25-1**

1. Тәуке ханның билік құрған жылдары? *(1680-1715 ж.ж.)*

2. Тәуке хандық билікке қандай өзгерістер енгізді? *(Хандық кеңестің, билік кеңесінің рөлін арттырды, хан мен би ғана соттық мансапты атқарды, билер жергілікті атқарушы үкіметке айналды)*

3. Хандық кеңеске енген билерді атап бер? *(Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би)*

**8-25-2**

1. «Қазақтардың алтын ғасыры, ол — әйгілі Тәуке хан билік құрған жылдар» деп айтқан ғалым кім? *(А.И.Левшин)*

2. Тәуке хан қай елдермен тығыз дипломатиялық, сауда қатынастарын орнатты? *(Ресей, Жоңғария)*

3. әз-Тәуке Бұқар хандығының елшілігін қай жылы қабылдады? *(1687-1688 ж.ж.)*

Отформатировано: Справа: 0,63 см

## 8-25-3

1. Тәуке хан кезіндегі бір жүйеге келтірілген толықтырылған құқық нормаларының жинағы қалай аталды? *(«Жеті Жарғы»)*

2. «Жеті Жарғы» заңы неше тарау, неше баптан тұрады? *(жеті тарау, 34 бап)*

3. 1680 ж. Тәуке хан Ресейге қанша елшілік жіберді? *(Бес елшілік)*

## *2. Диаграммалық көрнекілік*
## *ВЕНН диаграммасы*

**Ескерту:** 8-сынып, §25, 1-сұрақ

**«Қасым ханның қасқа жолы»** **«Жеті жарғы»**



## XVII-XVIII ғ.ғ. қазақ қоғамы
(Крадинның математикалық әдісі бойынша)




### 3. *Схемалық көрнекілік*

## Тәуке хан тұсындағы хандық биліктегі өзгеріс




Отформатировано: Справа: 0,63 см

# IV-ТАРАУ

## *САБАҚ*

***Сабақ*** — бұл оқу-тәрбие үрдісінің логикалық жағынан аяқталған, біртұтас, белгілі бір уақыт шеңберінде өтетін бөлігі. Онда оқу-тәрбие үрдісінің барлық негізгі элеметтері: мақсаты, мазмұны, құралдары, әдістері, ұйымдастыру ісі көрініс табады. Сабақтың сапалы болуы да осылардың әрқайсысын дұрыс анықтап, өзара ұштастыра білуге байланысты.

Сабақты құрған кезде қандай білім меңгерілуі тиіс екенін ғана емес, оның қай деңгейде меңгерілуі керектігін де анықтау қажет.

**Сабақтың негізгі мазмұнын меңгертудің мынандай үш деңгейі бар:**

— қабылдау, түсіну, есте сақтау деңгейі;

— білімді үлгі бойынша қолдану деңгейі;

— білімді жаңа сатыда қолдану деңгейі;

1. Сабақта материалдың мазмұны ғана емес, онда алған білімді іс жүзінде қолдануға байланысты тапсырмалар да қарастырылуы тиіс.

2. Бұл білімнің бір бөлігін оқушылар өз бетінше меңгереді.

3. Сабақ материалының мазмұны құрылымы жағынан вариативті болуы керек. Кей жағдайда түсінік беру түріндегі дайын ақпарат беріледі, ал кейде мәселе қойып, оның дәлелді шешу жолдарын табу әдісі қолданылады.

4. Тек бір сабақта оқытудың барлық міндеттерін шешу мүмкін емес, ол оқу пәнінің, курсының, тақырыптың бөлігі ғана болып табылады. Ең маңыздысы — оқу пәнінің жүйесінде сабақ қандай орын алатынын білу. Сабақ педагогикалық шығарма, сондықтан ол тұтастығымен, мұғалім мен оқушы әрекетінің ортақ логикасымен ерекшеленуі тиіс. Сабақ бөліктерінің үйлесуін ескере отырып, мұғалім сыныптың ерекшелігі мен өзінің ұстаздық шеберлігіне қарай өзіндік әдістемелік қолтаңбасын енгізеді.

5. Сабақта білімді түрлі жағдайларда тексеруге арналған тапсырмаларды, білік пен дағдыны қалыптастыру жаттығуларын орындау арқылы білімді бекіту міндетті түрде орын алуы керек.

6. Білім мен білікті қайталап, пысықтау сабақ мазмұны мен мақсатына байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

7. Сабақта оқушылардың білімді меңгеру сапасы жүйелі, әрі жоспарлы түрде бақылауға алынуы тиіс. Сабақ сапасының басты критериі — оқушылардың білім алуы, сабақ мақсатының жүзеге асуы. Мұғалімнің мәдениеті, ақыл-ой және адамгершілік бет-бейнесі де сабақтың әсерін арттыратын негізгі шарттардың бірі.

### *Сабаққа қойылатын талаптар*

— Білімдік міндеттер мен оның құрамдас бөліктерінің нақты белгіленуі — олардың тәрбиелік және дамытушылық міндеттерімен байланысты. Сабақтың жалпы жүйедегі орнының анықталуы;

— Оқушылардың дайындық дәрежесін ескере отырып, оқу бағдарламасының талаптары мен сабақ мақсаттарына сай сабақтың ең тиімді мазмұнын анықтау;

— Сабақта, сабақтың жеке кезеңдерінде оқушылардың ғылым негіздерін меңгеру және білік-дағдыларының қалыптасуын алдын-ала болжау;

— Әдіс-тәсілдердің ең ұтымдысын таңдау, олардың әр сабаққа тиімді әсер етуі. Оқушылардың өз бетімен оқуын қадағалау, олардың танымдық белсенділіктерін арттыратын сабақтағы ұжымдық және жеке жұмыс түрлерінің бірлігін таңдау;

— Сабақта дидактиканың барлық принциптерін жүзеге асыру;

— Оқушылардың табысты оқуларына жағдай жасау.

Қазіргі таңда орта мектепте сабақ берудің жүздеген түрлері бар. Қандай әдіс-тәсілмен сабақ берсең де, қандай сабақ түрін таңдасаң да, ұстаздың басты ұстанымы:

1. Нені айту керек?
2. Қалай айту керек?
3. Қанша уақытта айту керек?
4. Нәтижесі қандай болу керек?

Осыларды есте сақтау қажет.

### *Қоғамдық пәндердің алдында тұрған талаптар*

1. Қоғамдық пәндерді оқыту барысында оқушыларға білім беруде білімділік, дамытушылық, тәрбиелік міндеттерді басшылыққа алу.

2. Оқушыларға жалпының, ерекше мен жекенің бірлігі, нақты деректер мен дүниежүзілік дамудың тұтас көрінісі арқылы адамзаттың ежелгі, қазіргі уақытқа дейінгі тарихи жолы туралы білім негіздерін меңгерту.

**Отформатировано:** Справа: 0,63 см

3. Оқушылардың бойында өткен дәуір мен қазіргі заманның қоғамдық құбылыстарына тарих тұрғысынан, тарихтың, қоғамның көп өлшемділігі мен қарама-қайшылығын диалектикалық тұрғыдан түсіну көзқарасын қалыптастыру.

4. Алуан түрлі тарихи және осы заманғы деректерді, құжаттарды жан-жақты, сын тұрғысынан талдай білу, өткен дәуірлер мен қазіргі уақыттағы қоғамның даму проблемаларына өз бетінше қорытынды жасау және шығармашылықпен ұғына білу қабілетін дамыту.

5. Оқушылардың Адам және қоғам, құқық пәндері, тарих пәні бойынша алған білім жүйесіндегі сенімдері мен құндылық бағдарларын қалыптастыруға, оларды адамгершілік, демократия, патриотизм, өзара түсіністік, халықтар арасындағы достық, бейбітшілік пен ынтымақтастық және ұлтжандық мұраттарына сәйкес тәрбиелеуге жетелеу.

6. Ұлттық және дүниежүзілік тарих пен мәдениетке деген ынта мен құрмет, өз республикасы мен адамзаттық материалдық және рухани мәдениет саласындағы игіліктерін сақтап, еселей түсу сезімін дамыту.

Сабақ жоспарынсыз мұғалімнің сабақ беруге хақысы жоқ. Ал сабақ жоспарын жылда жазу шарт па? Бір бет қағазға немесе бірнеше сыныптың сабақ жоспарларын жалпы дәптерге жылда жазғаннан мұғалім не ұтады? Тіпті кейде мұғалім сабақ жоспарына карауға да мүмкіндігі жоқ. Бірнеше жыл сол пәннен сабақ беретін мұғалімдерде бұл жиі кездеседі. Ендеше сабақ жоспарын жасауда егер бағдарлама, тақырыптары өзгермесе, ұқыпты, жан-жақты жасалған сабақ жоспарын бірнеше жыл пайдалануға болады. Жоспар — мұғалімнің шығармашылықпен жазған жұмысы. Сондықтан тек жылда жаңартып, қосымша деректермен толықтырып отыру шарт деп ойлаймыз.

**Отформатировано:** Шрифт: 16 пт, Цвет шрифта: Серый 85%, казахский

**Отформатировано:** Шрифт: 16 пт, Цвет шрифта: Серый 85%, казахский

Төменде сабақ жоспарларының бірнеше түрлерін беріп отырмыз.

(Алматы қаласы №139 мектеп-гимназия мұғалімінің іс-тәжірибесінен алынған.)

| | |
|---|---|
| **Сабақтың тақыры-бы:**<br>**Сабақтың мақсаты:**<br>**1. Оқытып үйрету:**<br>**2. Дамыта оқыту:**<br>**3. Тәрбие-лік мақса-ты:** | ***Абай — арымыз,***<br>***Жер — намысымыз***<br>1. «**Абай — арымыз**...» бөлімін талдай отырып, халқымыздың кемеңгері, данышпаны Абайдың ұлылығын дәлелдеу. «...**Жер — намысымыз**» дей отырып, Абай елінің бүлінуінің себебін ашып көрсету.<br>2. Ұрпағымызға Абайдай ғұлама, кемеңгеріміздің еңбектерін терең білуге, жер бетінде бейбітшілік сақтауға тәрбиелеу.<br>3. Оқушыларға *«Болмасаң да ұқсап бақ»* дей отырып, Абайдың нағыз ақын, сазгер, дара да ұлы тұлға болуға, Олжастай жері үшін намысын ту етіп ұстауға шақырды. |
| **Сабақтың түрі:** | Кіріктірілген немесе үндестірілген топтама сабақ (тарих, биология, география) |
| **Сабақтың көрне-кілігі:** | Нақыл сөздер.<br>1. «Ағадан — ақыл, атадан — нақыл».<br>2. «Ақылды қария — ағынды дария».<br>3. Абайдың өмір жолына байланысты суреттер:<br>а) табиғат көрінісі;<br>ә) ана тәрбиесі;<br>б) Ахмет-Риза медресесі;<br>в) Абай тобы:<br>г) кемеңгер Абай;<br>ғ) Абай шәкірттері;<br>д) Абай өсиеті;<br>е) Абай несімен ұлы?<br>ж) «Қараңғы түнде тау қалғып...».<br>4. Көгілдір экран, оның бөлімдері.<br>5. Жер бетінде жарылыстар тоқтатылсын! *(плакатқа жазылған)*<br>6. «Невада-Семей» қозғалысының бойтұмары. |
| **Сабақтың құры-лысы:** | I. Ұйымдастыру кезеңі.<br>II. «Абай — арымыз...» бөлімі.<br>III. «...Жер — намысымыз» бөлімі.<br>IV. Бекіту сұрақтары.<br>V. Қорыту (ребустар арқылы)<br>1. Абайдың өмірге келуі. |

**Отформатировано:** Отступ: Слева: 0 см, Первая строка: 0,95 см

**Отформатировано:** Справа: 0,63 см

| | |
|---|---|
| | 2. Абайдың қоғамдық көзқарасы.<br>3. Абай несімен ұлы?<br>4. Абай елінің сынақ аймағына айналуы. |
| **Сабақтың жоспары:** | Абайдың туған елі және Қазақстандағы бүгінгі экологиялық проблемалар және оның шешу жолдары. |
| **Сабақтың барысы:** | 1845 ж. (қазақша жылан жылы) Шыңғыс тауы бөктеріндегі Қасқабұлақ өзені басында, тамаша табиғат аясында, қазақтың ақ боз үйінің шаңырағында Абай дүниеге келген.<br>**Сұрақ:** Қазақтың салт-дәстүрі бойынша сәби дүниеге келгенде қандай той өткізіледі?<br>*(Табиғат суретін ілу.)*<br>Қазақ халқының салт-дәстүрі бойынша, азан шақырылып, кішкентай нәрестеге Ибраһим деп ат қойылады.<br>Ибраһим дүниеге келген күннен бастап анасы Ұлжан, әжесі Зеренің аналық мейіріміне бөленеді. Абай деген аттың өзі тілге жеңіл, жүрекке жылы тимей ме? Абай деп оны әжесі Зере атап кетті. *(Ана тәрбиесін сипаттайтын сурет ілу).*<br>Бала кезінен анасы Ұлжан мен әжесі Зеренің арасында тең өскен Абайды жеңгелері Телқара деп те еркелетіпті. Тіпті Мұхтар Әуезов Абай туралы жазған романын ең алғаш **«Телқара»** деп атаған екен. (*М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын көрсету.*)<br>Сол Телқараның дана Абайға айналып, ұлы ақын болу жолына ең алғаш жол ашқан қос ана Зере мен Ұлжан орны ерекше болды. Қос ана аузынан естіген өлең, ертегі, аңыз-әңгіме Абайдың ең алғашқы өмір мектебі болды.<br>Қос ана өз бойларындағы бар жақсы қасиетті Абайдың жан дүниесіне терең бойлатуға тырысты. Ана баладан несін аяйды? Адам бойындағы ең жақсы қасиеттер — мейірім, нәзіктік, жылы жүректілік, әдеміні талғай білушілік балаға ана сүтінен, ана әлдиінен, ана тәрбиесінен дарымай ма?<br>Абай Семей қаласындағы Ахмет-Риза медресесінде екінші өмір мектебінен өтті. *(Ахмет-Риза медресесінің суретін ілу).* |

| | |
|---|---|
| | Бұл 1855-1858 ж.ж. аралығы еді. Осы үш жыл ішінде Абай *(картадан көрсету)* араб, парсы, иран, Орта Азия халықтарының тілдерін меңгеріп, шығыстың тамаша классик ақындарының шығармаларымен танысты.<br>Сонымен бірге, Семей қаласында Абай үш айдай орыс мектебінде оқыды. Орыс тілін меңгеру болашақта Абайдың орыс әдебиетімен терең танысуына жол ашты. 1958 жылы әкесі Құнанбай Абайды ел басқаруды үйренсін, болыс болсын деген мақсатпен оқудан шығартып алып, өз жанына алады. Абай тағы да өзінің туған еліне оралды. *(Абай тобы суретін ілу.)*<br>Жаңа Абай тобы қалыптасты. Бірақ бұл топ Құнанбай ойлағандай емес, мүлде басқаша болып шықты. Абай тобы:<br>1. Талантты қазақ жастарынан,<br>2. Шешендер, ақындар, жыршылардан,<br>3. Орыс интеллигенциясының айдауда болған өкілдерінен құралған.<br>Абай тобына риза болмаған Құнанбай: *«Сен жайдақ су сияқтысың, жайдақ суды ит те, құс та жалайды, кісіге қадірің болмайды»* – деп мін тағады. Сонда Абай *«қолында құралы бар, біреп-сарапның қолы жететін шыңыраудағы судан гөрі, жұрттың бәріне пайдасы тиетін жайдақ су болғаным артық»,* – деп жауап берген еді.<br>Міне, осы кезеңнен бастап ана тәрбиесін, медресе оқуын, шығыстың классикалық ақындарының, орыс әдебиетінің шешендерінің, жыршылардың, ақындардың білім нәрімен сусындаған, нағыз өмір мектебінен өткен дана Абай, ұлы Абай қалыптасты. *(Абайдың суретін ілу.)*<br>Абай бабалары өз тобымен бірге болашақ Абайларды тәрбиеледі. Оларды біз **Абай шәкірттері** дейміз. *(Абай шәкірттері суретін ілу.)*<br>**Абай шәкірттері:** Ақылбай, Кәкітай, Мағауия, Әбдірахман, Шәкәрім, т.б.<br>Барлық елдердің ұлы да кемеңгер адамдары өз артынан өшпес сөз, кетпес із қалдырды. Халқымыздың кемеңгер ақыны Абай өз шәкірттеріне өсиет қалдырды. |

**Отформатировано:** Справа: 0,63 см

| | |
|---|---|
| | *(Абай өсиеттерін ілу.)*<br>Абай өз шәкірттеріне 1885 ж. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім...» *(бір шумағын айту)* 1886 ж. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдері арқылы өз мәнін күні бүгінге дейін жоймай келе жатқан тамаша өсиет қалдырды. Бұл өсиеттерінде ол жастарды оқуға, білімге, бес дұшпаннан қашық болып, бес асылға жақын болуға шақырады.<br>Абай несімен ұлы? Ең бастысы, Абай — қазақтың жаңа әдеби тілінің негізін салушы, нақыл сөз шебері, ұлы ойшыл, сазгер.<br>**Сұрақ:** Сазгер деп кімді айтамыз? Яғни өзі әнін шығарған адам. «Әннің де естісі бар, есері бар, Тыңдаушының құлағын тесері бар» немесе «Әнді сүйсең, менше сүй» деп айтқан ұлы Абайдың сөзін де, сазын да өзі шығарған «Сегіз аяқ» өлеңін тыңдап көрейік. Сондай-ақ, Абайды халықтар достастығын насихаттаушы ақын дейміз. Оған мынадан-ақ көз жеткізуге болады. *(Қараңғы түнде тау қалғып...)* *(Абай, Лермонтов, Гете суреттері көрсетіледі.)*<br>**Сұрақ:** Мына өлеңді білесіңдер ме, балалар?<br>Ал мынау кімдердің суреттері?<br>Бұл өлеңді осы үшеуінің қайсысы шығарған?<br>Бұл өлеңді Абай Лермонтовтан аударған. Ал Лермонтов немістің ұлы ақыны Гетеден аударыпты. Абай бұл өлеңді Лермонтовтан аудара отырып, Гетеден неміс тіліндегі түп нұсқасында пайдаланыпты. |
| | «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңін орыстар да, немістер де, біздің қазақ халқы да айтады.<br>Ерекшелігі: әрқайсысы өз тілдерінде айтады. «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңінің идеясы — халықтар арасында өнер мен мәдениетте ешқандай айырмашылық жоқ екендігін көрсету.<br>Ендеше, бабалар, Абай – халықтар достастығын насихаттаушы ақын.<br>**№1.** Міне, балалар, Абай 1845 ж. дүниеге келсе, 1998 ж. неше жаста болады? *(150 аударылып қойылады.)*<br>Бүгінгі күнде қазақтың ұлы ақыны Абай алдында бас имейтін халық жоқ. Абай — дана, дара тұлға. Енді біз Абай туралы білгенімізді қорытайық. |

— Абай осындай ұлылыққа, даналыққа қалай жетті балалар?

**№2.** Көгілдір экран көрсетіледі.

Абай даналық дәрежесіне туған жерінің тамаша табиғатынан нәр алып, ананың асыл қасиеттерін бойына сіңіру арқылы, шығыстың тамаша классиктерінің шығармаларын терең меңгеру арқылы, орыс әдебиетін оқып үйрену арқылы жетті.

Халық мектебі: жыршылардың, ақындардың, шешендердің өлең-жырларын үйреніп сезіну арқылы жеткен еді. Сондай-ақ, Абайдың ұлылығы сол — тамаша аудармашы болды. Енді Абайдың мына бір аудармасынан үзіндіні көрейік. *(«Шегіртке мен құмырсқа» көрінісі көрсетіледі.)*

— Бұл шығарма кімдікі, балалар?

Абай бұл мысалды орыстың сыншы ақыны Крыловтан аударды. Негізгі мақсаты: жастарды шегірткедей уақыттың бәрін текке өткізбеуге, құмырсқадай еңбекқор болуға шақырады.

— Ендеше, Абай кім? *(Ұлы ойшыл, аудармашы.)*

**№3.** *(Көгілдір экран көрсетіледі.)* Абай мына шығармаларды аударған...

*(Кесте ілінеді.)*




Біз Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңін ғана тыңдадық. Абай әуенін де, сөзін де өзі жазған тағы қандай өлеңдерін білеміз?

**№ 4.** Абай — сазгер *(көгілдір экран ішінде)*.

1. «Сегіз аяқ».

**Отформатировано:** Справа: 0,63 см

| | |
|---|---|
| | 2. «Қор болды жаным».<br>3. «Бойы бұлғаң».<br>4. «Айттым сәлем, Қаламқас».<br>5. «Желсіз түнде жарық ай».<br>6. «Қараңғы түнде тау қалғып».<br>7. «Татьянаның қырдағы әні».<br>**Сұрақ:** Осылардың ішінде сендер айтпаған қайсысы қалды?<br>Барлық елдердің ұлы ақындары табиғатты түрліше жырлайды. Абай өзі туып өскен тамаша табиғаттан нәр алып, жылдың төрт мезгілін де жырға қосты.<br><br>**№ 5.** *«Абай және табиғат»* көгілдір экранда.<br>Абай өз өлеңдерінде табиғатты өзінше жырлады. Табиғат — адам баласының туып өскен, еңбек еткен ортасы. 1886 ж. **«Жаз»** өлеңінде қызу еңбек, жанды тіршілік көрініс тапқан. 1888 ж. **«Қыс»** өлеңінде табиғат қозғалысы, әрекеті айтылады. Абайға дейін қазақта қысты жанды адам бейнесінде бейнелеу бұрын-соңды болмаған.<br>Абай өткен заманның кемеңгер ойшылдарының шығармаларын оқып, өз дәуірінің алдыңғы қатарлы ой-пікірлерін қорытып, өмірдегі аса маңызды мәселелерді түсіндіруге, қазақ қауымын толғандырған басты әлеуметтік-философиялық мәселелерге жауап беруге ұмтылды. |
| | Абай дүниенің объективті заңдылығын мойындайды. Бұл жөнінде ол: **«Дүние бірқалыпты тұрмайды, адамның қуаты, ғұмыры бірқалыпты тұрмайды. Дүние — үлкен көл, заман — соққан жел. Алдағы толқын —ағалар, артқы толқын — інілер, кезекпенен бөлінер, баяғыдай көрінер»** деп тұжырымдайды.<br>«**Қырық үшінші**» сөзінде: «**тән азығы ішіп-жеу болмаса, ол өсіп қуаттанбайды, ал адамның жан азығы — білуге құмарлығы, бұл болмаса оның малдан айырмашылығы жоқ. Білмекке құмарлықты қанағаттандыру — дүниенің көзге көрінген және көрінбеген қасиеттерін танып білу,** |

| | |
|---|---|
| | **іздену, сұрап білу, ғылымға ұмтылу, дүние сырын білу көкірекке сәуле, көңілге сенім береді**» деп түйеді.<br>**«Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек».**<br>**«Дүниеде жалғыз қалған адам — адамның өлгені»** – дейді. **«Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір өзіңнен-өзін есеп ал!»**<br>Абай адамның ақылды, білімді болуы оның тұрмысынан емес, айналадағы дүниені сезіп-біліп, үйренуінде, еңбек етуінде деп түсінеді.<br>Адам атаулы жаратылысында бірдей болып туады деп қарайды Абай. Өзін өзгеден артық санайтындарды сөгіп: **«Менімен сен тең бе деп мақтанасың, білімсіздік белгісі ол баяғы»** – дейді. **«Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп», «Атаның баласы болма, адамның баласы бол»** – деп үйретеді.<br>Халқымыздың ұлы ақыны Абай дүниеге келген, әлі де талай Абайдай ұлы адамдар дүниеге келетін қазақ жері Семей облысы 1949 жылдан ядролық қару-жарақтарды жаппай сынайтын сынақ аймағына айналды. КСРО-ның 70 қаласын атом бомбасымен қирату жоспары жасалды. Сол 70 қаланың ішінде Алматы қаласы да болды.<br>— Енді, балалар, не істеуіміз керек? Америка Құрама Штаттары тастайтын ядролық карудың құрбаны болып кетуіміз керек пе?<br>— Жоқ.<br>— Америка Құрама Штаттарын сол кезде тоқтату мүмкін емес еді. Міне, осы жерде бұл жоспарды жүзеге асырмау мақсатында 1949 ж. 29 тамызда Семей облысында Абай жерінде тұңғыш Кеңестік атом бомбасы жарылып, сынақтан өтті. Қай жылы?<br>*(Суретті ашу, зымыранның суретін ілу.)* |
| | 1952 ж. АҚШ-та бомба жасалады. Бұл жоспар бойынша Кеңес Одағының 70 қаласына емес, 118 қаласына бомба тасталмақшы болған. Олардың тізімдерінде Қазақстанның қалалары Алматы мен Қарағанды да болған. Сол уақытта іле-шала бір жыл |

**Отформатировано:** Справа: 0,63 см

ішінде біздің елімізде де сутегі бомбасы ойлап шығарылды. 1953 жылдың 12 тамызында тағы да Семей жерінде сутегі бомбасы сыналды. Сутегі бомбасы сынақтан өтті. Қазір осындай сынақ ойнақтары дүниежүзі бойынша Францияда, Ресейде, Қазақстанда, Америкада, Қытайда, 700 км. қашықтықта тұрған Лобнор Қытай территориясында да бар. 1949 жылдан 1963 жылға дейін ядролық бомбалар ашық ауада, жер бетінде жарылып жатты. *(Осы кезде табиғатты көрсету.)*

— Сынақтан жер бетінде, жер қыртысында не болды? Жарылыс кезінде жер сілкінді, жер қыртысында жарық пайда болды, үйлер құлады, жер жарылып жатқандай болды.

— Жердің бетіндегі жан-жануарларға не болды? Сынақ жарылыстары кезінде қалып қойған иттер мен мысықтардың жүндері күйіп, жидіп түсіп, қызыл шақа болып шыға келген. Жайылымда жүрген қойлар аузынан ақ көбік ағып, тұяғын серіппей арам қататын айналма ауруларына шалдыққан.

Жетісу газетінің 1989 жылы тамыздың 19-шы санында алапат апаттан аман қалып, осы күнге жеткен адамдар былай дейді: «Үлкен саңырауқұлақ көрдік, аспанды жайлап тұрып алды, сәулесі өткір екен, көз қарығады. Сол жылы ауылдан 200-дей баланы уақытша көшіріп әкетті. 40 шақты еркекті ауылда қалдырып кетті. Сонда бәріміз не болғанын, қалай жарылғанын, түтіннің қалай шыққанын, ыстық оттың бетімізді қалай шарпығанын көрдік. Сол 40 адамнан жеті-ақ адам аман қалды». Басқалары өліп қалды. Ал енді мына бір мақалада аналар былай дейді: «Әрбір жарылыстан кейін тамағымыздың іші қызарып, жұтындырмай қалады, ауаны қаңсық иісі жайлап, көгілдір түтін басып, мұнартып тұрды. 1988 жылғы мамыр айындағы жарылыстан кейін күннің көзі дөңгелек боз шүберек сияқтанып, есімізден танып қала жаздап жүрдік. Ал сынақ маңындағы аудандарда *(осыларды көрсету)* аққан, онкологиялық ісік, өкпе аурулары, жүйкенің тозуы және жүйке тамырларының, қатерлі ісік дерті,

| | |
|---|---|
| | психологиялық аурулар күн санап көбейе берді. Жас сәбилердің жарымжан болып туылуы, шетінеуі көбейіп кетті. Бір ауылда ғана ісік ауруымен ауырған 165 адам, аққан ауруына шалдыққан 14 адам қайтыс болса, 22 сәбидің ақыл-есі дұрыс болмай туылған. Бұған дәлел боларлық төмендегі мына бір мақалада былай делінген: Жас ана дүниеге нәресте әкелді *(адамның бас миын және қарынның құрылысын көрсету).* Нәрестені дәрігерлер көргенде естері шығып, үнсіз бір-біріне қарап, сәбиін анасына көрсетпей алып кетеді... |
| | — Сәбиге не болған? — Оқимын десеңдер, мына мақалалардан оқып білерсіңдер. Ал осының себебі неде деп ойлайсыңдар? — Сынақтан. — 1988-1989 жылдардың жаз айларында екі жыл қатарынан бір күнде мыңдаған баланың мұрны-көзінен қан кетіп өлді. Тағы да ненің әсерінен кетіп отыр, балалар? — Сынақтың әсерінен. — Сынақты адам тұрып жатқан жерге жаруға бола ма? — Жоқ. — Сынақ кезінде уақытша әкетіліп, қайтадан өз үйлеріне қайтып келген адамдар бұрынғы ыдыстарын, сол азық-түліктерін пайдалана берді. Уланған ауамен тыныс алды. Нәтижесінде, өмірге шала-жансар, ақыл-есі ауысқан, мүгедек сәбилер келді. Ядролық қару-жарақты жою жолында халықтық қозғалыс пайда болды. Бұл қозғалыс «Невада-Семей» қозғалысы деп аталып, оның басшысы халқымыздың Абайдай ұлы перзенттерінің бірі Олжас Сүлейменов болды. Қазір Абай елінде бүлінген табиғатты, бұзылған денсаулықты қалпына келтіру үшін түрлі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Қорыта айтқанда, сынақ адамзатқа, тіршілік атаулыға қайғы мен қасірет қана әкелді. Сонымен, бүгін біз сендермен «**Абай — арымыз, Жер — намысымыз**» деген тақырыпта әңгіме қозғадық. Біз көп нәрсеге мән бере бермейміз ғой, балалар. Алматыда Абай атында опера және балет театры бар. Міне, мына суретте |

Отформатировано: Справа: 0,63 см

| | |
|---|---|
| | көрсетілген. Ескерткіш тұрған Алматыдағы мына көше кімнің атымен аталады?<br>— Абай атымен, Абай даңғылы деп аталады.<br>— 1993 жылы Абайдың 150 жылдық тойы қарсаңында ұлттық теңгенің бетіне ұлы Абайдың бейнесі бейнеленеді. Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға...» өлеңін білесіңдер ме? Кім айтады?<br>— Теңгенің екінші бетіндегі бейне сурет Абайдың осы өлеңінен алынған екен. |
| **Бекіту сұрақ-тары:** | Сабақты қорыту:<br>Балаларға ой тастау сұрақтары арқылы жүргізіледі.<br>1. Абай қай жерде дүниеге келген?<br>2. Абайдың әкесі Құнанбай туралы пікіріңіз?<br>3. Абайды неге біз ұлы дана, кемеңгер дейміз?<br>4. Абайдың қоғамдық көзқарасы.<br>5. Абай табиғатты қалай жырлады?<br>6. Абай елі қай жылдардан бастап сынақ аймағына айналды? Себебі не?<br>7. Сынақтың зардабы қандай зиян әкелді?<br>8. Абай жеріндегі сынақ қай жылы жабылды? Қалай? |

### *Сабақты өткізу әдістері*

Сабақты өткізудің бірнеше түрлеріне, әдіс-тәсілдеріне шолу жасайық.

***1. Дәріс сабақ.*** Бұл сабақ негізінен жоғары сыныптарда жүргізіледі. Қандай жағдай болмасын, сабақ 30-35 минуттан аспағаны дұрыс. Сабақты өту барысында мынандай әдіс-тәсілдерді қолдануға болады:

1. Тақтаға алдын ала сабақ тақырыбын, термин сөздерді, хронологиялық кестені, т.б. жазып қойған дұрыс.

2. Сыныптың деңгейіне қарай, егер сыныптың білім деңгейі жоғары болса, дәріс соңында, оқылған тақырып бойынша жоспар жасауды тапсыруға болады.

3. Сыныптың деңгейі орташа болса, бірінші, екінші жоспарды тақтаға жазып, қалған үш-төрт жоспарды оқушылардың өздеріне жазуға тапсыруға болады.

4. Дәріс соңында оқушыларға белгілі бір уақыт беріп (бес-алты минут), жоспар жасау, сұрақтар ойластыру, термин сөздерге

анықтама беру, хронологиялық тізбек жасау, т.б. тапсырмалар беруге болады.

5. Дәріс соңында оқушыларға дәріс бойынша өз пікірлерімен қорытынды жазуды тапсырып, алғашқы болып өз ойларын дұрыс жазған екі-үш оқушыны бағалауға болады.

6. Дәріс негізінен жоғарғы сыныптарда өтетіндіктен, үйге тапсырма бергенде мұғалім міндетті түрде пайдаланылатын әдебиеттер тізімін көрсеткені дұрыс.

Әрине, орта буындағы сыныптарда дәріс сабағының кейбір бөліктерін пайдалануға болады. Жас ерекшеліктеріне байланысты сабақ үстінде бес-алты сөйлемді жазғызып немесе үйде мәтін бойынша түсінгенін жазып келу, сурет бойынша әңгіме жазуды, т.б. тапсыруға болады.

***2. Кіріктірілген сабақ*** (интегралды сабақ). Бұл сабақты барлық сыныптарда қолдануға болады. Бір сабақта бірнеше пәнді кіріктіріп өткізу. Яғни 45 минут бойы түгел өткізу немесе жаңа сабақты түсіндіру барысында кіріктірілген сабақты жүргізуге болады. Мысалы:

1. «Ертедегі Египет» тақырыбы бойынша жаңа сабақты түсіндіру барысында (география, тарих, сурет).

2. «Ұлы Отан соғысы кезіндегі әдебиет пен мәдениеттің дамуы» (тарих, әдебиет, музыка).

3. «Адам және табиғат» (биология-химия, физика-тарих).

Бұл сабақты өту барысында жоғарғы сыныптарда алдын ала оқушыларға тапсырма беріп, әр пәннің мұғалімі ретінде (немесе сол мамандық иесі ретінде биолог, эколог, журналист, т.б.) оқушылар пікірін тыңдаған дұрыс.

***3. Конференция сабақ.*** Негізінен жоғары сыныптарда жүргізіледі. Бұл сабақты алдын ала, белгілі бір тақырыпты алып, мектептің әкімшілігімен қаралатын мәселелерді келіседі.

Конференция сабақты өткізу барысында мына мәселелерге көңіл бөлген жөн.

1. Алдын-ала хабарландыру (мектеп әкімшілігі).

~~3.~~2. Баяндамашылар.

а) төрт-бес минут, яғни уақытын белгілеу.

ә) баяндамашылар саны (үш-төрт оқушы).

3. Пікірлесу, өз ойларын ортаға салу (үш-төрт оқушы, мұғалім, т.б.)

4. Қорытынды, қаулы қабылдау.

5. Сабақ соңында оқушыларға үйге тапсырма беру.

**Отформатировано:** Справа: 0,63 см

***Ескерту:*** Оқушылар баяндамасын өз сөзімен айтып бергені дұрыс. Мүмкіндігі болса, техника қолданып, әйтпесе тақтаға жоспарын жазып, сыныптағы оқушылар баяндамашының сөзінен негізгі ұғымдарды жазып отыру қажет. Сабақ соңында үйге тапсырма берілгенде оқушылар пайдаланатын екі-үш әдебиеттер тізімі нақты берілгені дұрыс.

***4. Өлкетану — саяхат сабағы.*** Бұл сабақты барлық сыныптарға да жүргізуге болады. Мұғалім күнтізбелік жоспарын жасағанда өлкетану сабағына бір-екі сағат бөлгені дұрыс. Оқушылар дүниежүзі тарихы, еліміздің тарихынан хабардар болады да, өз облыс, аудан, ауыл тарихынан бейхабар болатын жағдайлар кездеседі. Сондықтан бұл сабақтың оқушылар бойында елжандылық, отаншылдық қасиеттердің тәрбиелеудің маңызы зор. Сабақ барысында мына мәселелерге көңіл аудару керек:

1. Бір (екі-үш немесе топқа) оқушыға алдын ала бір облысты, ауданды немесе ауылды, болмаса, белгілі бір отбасы тарихын зерттеуге беруге болады. Мысалы: ауылдық жерлерде өлкетану сабағында мынандай тақырыптар беруге болады:

а) Ауыл қариялары өмірінен;
ә) Ауылдың алғашқы басқармасы;
б) Ауылдағы алғашқы ұстаз, дәрігер, т.б.;
в) Ауылдағы алғашқы еңбек ардагері, еңбек ерлері;
г) Ауылдағы алғашқы батыр аналар;
ғ) Ауылдағы ҰОС ардагерлері;
д) Ауылым — кеше, бүгін;
е) Ауыл болашағы, т.б.

Бұл — оқушылардың зерттеулері алғашқы ғылыми еңбегінің бастамасы болса, мұғалім шығармашылығының да бастамасы, сонымен бірге, болашақ мектептегі мұражайдың алғашқы құжаттарының бірі болатыны сөзсіз. Өйткені қазіргі тарихшы мұғалімдер әр мектептегі мұражайдың «мөрі жоқ директоры» десек, қателеспейміз.

***5. Театрландырылған сабақ.*** Барлық сыныптарда қолдануға болады. Көбінесе сыныптан тыс сабақ түрлерінде көп қолданылады. Бірақ театрландырылған сабақтың бөлігін (элементін) сабақ үрдісінде мұғалімдер жиі қолданады. Мысалы: Төле бидің Қарлығаш би атануы, Махамбеттің, Сырымның аталы сөздері, Желтоқсан оқиғасы, т.б.

***6. Деңгейлі сабақ.*** Бұл сабақты әсіресе, үй тапсырмасын сұрау барысында немесе қайталау сабақтарында жиі қолданылады. Жалпы ғалымдардың пайымдауынша (еліміздегі белгілі ғалым, профессор Ж.Караев), сабақты өткізу төрт деңгейде жүргізіледі.

Ол үшін:

1) алдын ала тақтаға (интерактивті тақтаға, плакатқа) мынандай кесте дайындау керек.

| **№** | **Аты-жөні** | **1-деңгей** | **2-деңгей** | **3-деңгей** | **4-деңгей шығармашылық** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Шалқар | + | + | | |
| 2 | Әлжан | + | + | + | |
| 3 | Данияр | + | + | + | |
| 4 | Ұлжан | + | | | |

2) әр оқушыға мүмкіндігі болса, жеке тапсырмалар таратып беріледі (болмаса тапсырманы тақтаға жазуға болады).

3) тапсырманы орындаған оқушы тапсырманы мұғалімге көрсетіп, екінші тапсырманы орындайды. Мұғалім немесе әр оқушы өзіне белгі (+) қойып отырады.

***Ескерту:*** Тарих сабағында көбінесе 3 деңгейлі тапсырмалар көбірек пайдаланылады. Егер оқушы 3-деңгейді де орындаса — «5»-ке, 2-деңгейге — «4»-ке, 1-деңгей — «3»-ке бағаланады. Ал төртінші деңгей, оқушылардың шығармашылықпен ізденіс жұмысын мұғалім өз қалауынша қосымша бағалауына болады. Қалай дегенмен де, оқушы өз білімінің нәтижесін байқап, бағалай алады.

***7. Модульдік технология*** бойынша сабақ беру үлгісі. (М.Жанпейісова технологиясы бойынша).

Модульдік сабақ өткізу барысында мұғалім берілген сағат бөлігін модульге кіру, модульді орындау, шығу, т.б. сияқты бөліктерге бөледі. Мысалы: «Ұлы Отан соғысы» тақырыбына жоспар бойынша алты сағат берілсе, алғашқы екі сағатты дәріс ретінде өткізуге болады. Төртінші-бесінші сабақтарды оқушылардан тест, бақылау, шығармашылық жұмыс, т.б., ал алтыншы сабақты қорытынды ретінде өткізуге болады. Бұл сабақтың ерекшелігі, әр оқушы сабақ бойынша толық бағаланады. Ең бастысы, оқушының өз бетімен ізденуі, шығармашылық бейімділігі артады.

***8. Жарыс сабақ, КВН*** (көңілді тапқыштар сайысы)***, пікір алысу сабақтары.*** Топпен немесе жеке балалар арасында жүргізуге болады.

**Отформатировано:** Справа: 0,63 см

Бұл сабақтарды өту барысында міндетті түрде шарттарын белгілеген дұрыс. Мысалы:

1) Жас ерекшеліктері.
2) Қаралатын мәселені алдын-ала оқушыларға хабардар ету.
3) Шақырылатын адамдарды белгілеу.
4) Уақытын белгілеу.
5) Берілетін сұрақтар саны.
6) Сабақтың әр кезеңін бағалау шарты (балы).
7) Әр топтағы балалар саны.
8) Тақырыпқа байланысты әдебиеттер тізімі.
9) Пікір түйін, қорытынды.

***9. Деректерді, қосымша көркем әдебиеттерді, тарихи шығармаларды, құжаттарды, т.б.*** пайдалану арқылы сабақ өткізу. Негізінен, барлық сыныптарда жүргізу қажет. Қазіргі таңда орта мектепте сабақ беру барысында жаңа технологиялар, ақпараттық технологияларды қолдану — кең өріс алуда. Дегенмен де, оқушылардың қосымша әдебиеттерді оқуына да көп көңіл бөлу қажет. Ұлттың ұлт болып қалыптасуына негіз болатын қасиеттердің бірі — ар-намыс. Ол жасөспірімнің ар-намысы, жалпы ұлт болып қалыптасу үшін тарихы, әдебиеті, өнері қатар жүрсе ғана қанаты қатаятындығы түсінікті. Сондықтан сабақ үрдісінде орта мектепті бітірген оқушы қазақ әдебиетінің туындыларын оқуы қажет және міндетті. Жалпы күнтізбелік жоспарын жасау барысында мұғалім өте жан-жақты, мұқият дайындалуы қажет. Әр сыныпта оқушы қандай қосымша әдебиеттер оқу керек екенін мұғалім оқу жылының басында ескертіп, сабақ үрдісінде міндетті түрде оқушылармен жұмыс істеуі керек. Сол шығарма бойынша ауызша сұрақтар дайындау, тарихи шығарма жазу, реферат жұмысын, т.б. беруге болады. Мысалы: орта мектепті бітірген жас ұлан тарих пәні бойынша төмендегі бірнеше әдебиеттерді оқып-білгені дұрыс (жоба).

1) М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы.
2) Абайдың «Қарасөздері».
3) С.Мұқанов «Ботагөз» романы.
4) С.Мұқанов «Аққан жұлдыз» романы.
5) С.Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешу» романы.
6) І.Есенберлин «Көшпенділер» трилогиясы.
7) Ғ.Мүсірепов «Қазақ солдаты» романы.
8) Ә.Нұрпейісов «Қан мен тер» трилогиясы.

9) Б.Момышұлының шығармалары және Б.Момышұлы туралы шығармалар.

10) Ә.Нұршайықов «Ақиқат пен Аңыз» романы.

11) М.Мағауин «Бір атаның балалары» әңгімесі, «Аласапыран» роман-дилогиясы.

12) М.Шаханов, Ш.Айтматов «Күз басындағы кездесу» пьесасы.

13) Д.Қонаев «Өттің дәурен осылай», т.б. және Қонаев туралы естеліктер.

14) Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың еңбектері және елбасы туралы еңбектер (мысалы: Қайнар Олжай «Президент пырағы», т.б.).

Сонымен қатар, Абайдың, Шәкәрімнің, Махамбеттің, Ж.Аймауытовтың, С.Торайғыровтың, Қ.Аманжоловтың, М.Шахановтың, О.Сүлейменовтің, Қ.Мырзалиевтің, Ф.Оңғарсынованың, М.Мақатаевтың, т.б. шығармаларымен танысса, оны жүрегімен ұғына білсе, міне, толыққанды ұлттық құндылықтардан хабары бар жас ұрпақ болып өсер еді. Өкінішке орай, әлі де бұл мәселе өз дәрежесінде емес. Қазіргі таңда емтихандағы тестілеу әдісі оқушыларды оқудан гөрі, жаттанды білімге көбірек дайындайтын сияқты.

***10. Сабақта ойын элементтерін қолдану.*** Негізінен ойын элементтерін пайдалануға жас ерекшеліктерін, (5-7-сынып) сыныптың психологиялық ерекшеліктерін ескерген дұрыс. Тарих сабағында қолданылатын ойындардан мысал келтірейік.

***1) Шешендер сайысы.*** Алдын ала тақырыптар дайындалады. Сол тақырыптар бойынша оқушылар шешендік өнер сайысын өткізеді. Шарттары:

1. Әр оқушыға үш-төрт минут уақыт беріледі.
2. Сөйлеу мәнері.
3. Сөйлеу тілінің шеберлігі.
4. Тақырыптың ғылымилығы, жаңалығы.
5. Әдебиеттерді, деректерді пайдалана отырып, өз пікірін дәлелдеп, қорытынды жасауы, т.б.

***2) Сурет бойынша әңгіме құрастыру.***

***3) Қайдан келген?*** Оқушыларға әртүрлі заттар немесе суреттер таратылады (шай, қант, мақта, компас, т.б.). Оның қай елде жасалғанын, қалай қолданылатынын айту керек.

***4) Қатесін тап.*** Үлестірмелі қағазға қате жазылған сөйлемді жазып, қатесін табу тапсырылады. Мысалы:

а) I Петрдің Сібірге жорығы (дұрысы — *Ермактың жорығы*);



Отформатировано: Справа: 0,63 см

ә) XIX ғ. Қарахан мемлекетінің құрылуы (дұрысы — *960 ж.*);

б) Қазақ хандығы X-XI ғасырларда қалыптасып бітті (дұрысы — *XI*V-*X*V *ғ.ғ.*).

***5) Тарих атаның әңгімесі*** (әңгіме құрастыру). Мысалы:

— «Сырым батырмен болғанда көргендерім»;

— «Әл-Фарабидің шәкірті болғанда көргендерім»;

— «Мен — Амангелді батырдың сарбаздарымен біргемін».

***6) Тапқыштар сайысы.***

Ойын шарты:

— Қазақтың он ұлттық тағамын ата.

— Спорттың он түрін ата.

— Жеті өзен, жеті қала, жеті тауды картадан жылдам көрсет.

— Қазақтың он ұлттық киімін ата (ерлердің). Мысалы: бөрік, шапан, тымақ, камзол, ішік, тон, саптама етік, мәсі, тақия, белбеу.

***7) Тарихшы сөздігі.*** Жебе, Есіктегі «Алтын адам» қорғаны, Абылай, Бұқар жырау, зайырлы, интервенция, егемендік, елбасы, т.б. Сөздерді оқушыларға ауызша немесе жазбаша тапсырма ретінде беріп, осы сөздерге байланысты ауызша әңгіме құрастыруға немесе жазбаша жазуға тапсырма беруге болады.

***8) «Уақытқа ұшу» ойыны.*** Бұл ойын шарты бойынша «Уақытқа ұшу» аппараты арқылы алғы уақытқа (ғасырларға) артқы уақытқа (ғасырларға) ұшу мүмкіндігі бар. Ұшу сапарының жоспары:

1. Ғасыры, жылы.
2. Қай елге барасың?
3. Ұшу сапарында қандай кейіпкер болғың келеді? (ақын, ұста, саудагер, ғалым, тарихшы, т.б.)
4. Ұшу сапарының мақсатын анықта.

Ұшу сапарының соңында әңгіме-есеп жаз (өте құпия құжат, ешкімге көрсетпеу керек).

Әрине, сабақтың түрлері өте көп. Қандай жағдайда да сабақтың ең тиімді әдісін таңдап, оқушыларға саналы білім, сапалы тәрбие беру — әр ұстаздың міндеті.

## *САБАҚ ЖОСПАРЫ*

Сабақтың түрлері туралы мәлімет алдық, ал енді, жалпы 45 минут сабақ уақытын қалай мөлшерлеуге болады?

Қазіргі таңда сабақты жоспарлауды ғалымдар бірнеше бөліктерге бөледі. Сабақтың негізгі жеті бөлігін қарастырайық (жоба).

1) Ұйымдастыру (1-2 минут).

2) Үй тапсырмасын сұрау (15-18 мин.).

3) Үй тапсырмасын жаңа сабақпен байланыстыру (2-4 мин.).

4) Жаңа сабақ (16-20 мин.).

5) Жаңа сабақты пысықтау (4-5 мин.).

6) Оқушыларды бағалау (кем дегенде жеті баланы бағалау қажет) (1-2 мин.).

7) Үйге тапсырма (1-2 мин.) (үштапсырмадан артық тапсырма беру қажет емес).

### *Сабақ мақсаты*

***Мақсат дегеніміз*** — алдын ала жоспарланған, келешекте қол жеткізуді көздеген нәтиже. Сабақтың үш мақсатының ең негізгісі — *білімділік (танымдық)*.

1. Әрбір оқушыны өз бетінше білім алуға үйрету.

2. Білімді меңгертудің мынандай негізгі талаптарын орындауды қамтамасыз ету: толықтық, жүйелілік, оперативтік, тереңдік, саналылық, беріктік.

3. Мынандай дағдыларды қалыптастыру: білім дағдыларын қатесіз, дәлме-дәл, бірнеше рет қайталау нәтижесінде автоматты түрде орындауға жету.

4. Мынандай біліктерді қалыптастыру — қандай қызмет болса да табысты аяқтауды қамтамасыз ететін білім мен дағдыларды үйлестіру.

***Екінші мақсат — тәрбиелік.***

1. Дүниетанымды қалыптастыру.

2. Белгілі бір адамгершілік қасиеттерді, рухани байлықты, эстетикалық, еңбексүйгіштік дағдыларды қалыптастыру.

3. Ұлттық тәрбие негізінде халықтың ғасырлар бойы жинақталған құнды тәжірибелері мен тәлім-тәрбиесін, адамгершілік қағидаларын оқушы бойына сіңіру.

4. Пәнге деген көзқарасты, білімге деген құштарлықты тәрбиелеу.

***Үшінші мақсат — дамытушылық.***

1. Сөз байлығын дамыту оқушының жалпы интеллектуалдық дамуының көрсеткіші болып табылады.

Даму аспектісінің бірнеше кезеңі бар:

а) сөздік қорын байыту және күрделендіру;

ә) сөздің мазмұндық функциясын күрделендіру, жаңа білімдерді игеру арқылы сөздің жаңа мағынасын түсіну;

Отформатировано: Справа: 0,63 см

б) сөздің коммуникативтік қасиеттерін күшейту;

в) оқушылардың көркем образды, тілдің мәнерлілік қасиетін меңгеруі.

2. Ойлау қабілетін дамыту.

*Сабақ кезеңдері*

**І-кезең. Ұйымдастыру кезеңі.**

***1. Кезеңнің дидактикалық мақсаты*** — оқушыларды сабақта жұмыс істеуге даярлау.

***2. Кезеңнің мазмұны:***

- оқушылар мен мұғалімнің сәлемдесуі;
- балаларды түгендеу;
- сынып бөлмесінің тазалығына көңіл бөлу;
- оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру (жұмыс орны, отырған орны, сырт келбеті);
- оқушылардың назарын сабаққа аудару.

***3. Жақсы нәтижеге жету шарттары:***

- мұғалімнің жинақылығы, талап қоюшылығы, ұстамдылығы;
- аз сөзділік, педагогтік ерік-жігерінің айқын көрініс табуы;
- талап қоюдағы бірізділік.

***4. Кезеңнің дидактикалық мақсаттарының орындалу көрсеткіштері:***

- ұйымдастыру кезеңінің аз уақыт алуы;
- сыныптың және сынып жабдығының толық дайындықта болуы;
- сыныптың жылдам іс-қимыл ырғағына түсуі;
- барлық оқушылардың назарының сабаққа аударылуы.

Кез келген үлгідегі, кез келген тақырыптағы сабақ сыныпты алдын ала дайындаудан басталады. Ол жұмыс істеуге қажетті жағдай тудырады, сосын алдағы сабаққа оқушыларды психологиялық жағынан дайындауды мақсат етеді.

Өзара сәлемдесу — сыпайылықтың, әдептіліктің қарапайым көрінісі. Мұғалім өзара сыйластықты, жақсылық тілеудің, ұнатушылықтың белгісін білдіруі тиіс. Сәлемдесу рәсімін немқұрайлы, формальды түрде жасауға болмайды.

***Есіңізде болсын!***

Сабаққа қатыспағандарды түгендеу — тәртіпке тәрбиелеудің маңызды әдісі. Ол мектепке, мұғалімге деген сүйіспеншілікке, еңбек тәртібіне тәрбиелейді. Сынып бөлмесі — оқушылардың жұмыс орны.

Сондықтан оның қандай жағдайда екеніне қалай болса солай қарауға болмайды.

Бұл кезең ең маңызды әрі ең қажетті кезең болып табылады. Бүкіл сабақтың барысы, дамуы мен нәтижесінің іске асуы осы кезеңнің сапасына байланысты. Кейбір мұғалімдерде ұйымдастыру кезеңі қысқағым сәтте аяқталады. Бұл — педагогтің алдыңғы сабақтарда ұйымдастыру талаптарына оқушыларды қажырлықпен үйретуінің нәтижесі. Бұл кезеңнің тәрбиелік маңызы өте зор. Осы кезеңде өзін іске жұмылдыру, іштей өзін-өзі ұйымдастыру сияқты сапалар дамиды.

Белгілі бір дәрежеде сабақтың бұл кезеңі білім алуға деген жауапкершілікті, алдын ала болжағыштық қасиеттерді қалыптастыруға әсер етеді. Осы кезеңде мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың сипаты қалыптаса бастайды. Сабақтың басы — ең бірінші тәрбиелік жағынан әсер ету. Оның алғашқы минутына көп нәрсе байланысты: ынта-ықылас тудыру, жақсы, байсалды көңіл-күй, мұғалім талап еткенді орындауға дайын болу оқушыларды көп нәрсеге үйретеді.

Бірнеше секундқа ғана созылатын ұйымдастыру кезеңі — бірнеше сабақтар сериясының жемісі. Бұл сабақтарда мұғалім оқушыларды жинақталуға, алдын ала дайындалып, іске жұмылдыруға баулиды. Бұл — өз кезінде ұйымдастырушылық «ұсақ-түйекке» ерінбей-жалықпай уақыт жіберген мұғалім еңбегінің ұзақ та нәтижелі жемісі. Мұғалім алдымен оқушыны қажетті жұмысты орындауға үйретеді, кейіннен ол өзінен-өзі жүріп жататын табиғи көрініс сияқты, орындалғанын «елеусіз» қалдырып, тек нұсқау ғана береді.

**ІІ-кезең. Үй тапсырмасын тексеру.**

***1. Дидактикалық мақсаты*** — бүкіл сынып бойынша үй тапсырмасын саналы түрде, дұрыс орындалғанын тексеру, тексеру барысында байқалған кемшіліктерді жою, білім, білік-дағдыларды одан әрі жетілдіру.

***2. Кезеңнің мазмұны:***

- үйге берілген материалдың білім деңгейінде көрініс табуы;
- оқушы біліміндегі типтік кемшіліктерді анықтау, оның пайда болу себептерін зерттеу;
- байқалған кемшіліктерді жою.

***3. Жақсы нәтижеге жетудің шарттары:***

**Отформатировано:** Справа: 0,63 см

- Мұғалім қызметінің максаттылығы, мұғалімнің оперативті түрде жұмыс істеуі;
- Мұғалімнің сынып оқушыларының көпшілігінен үй тапсырма-сының орындалғанын тексерудің жүйелі тәсілдерін қолдана білуі;

***4. Кезеңнің дидактикалық мақсатының орындалу көрсеткіштері:***

- қысқа уақыт (5-7 минут) ішінде мұғалімнің, оқушылардың көпшілігінің білім дәрежесін, олардың меңгерген материалындағы типтік кемшіліктерді анықтай алуы.
- үй тапсырмасын тексеру барысында негізгі (тірек) ұғымдардың маңыздылығы мен алдыңғы ұғымдардан ерекшелігі.
- байқалған кемшіліктердің себептерін жою;
- оқушылардың үйде оқыған материалдарының сапасының көріну дәрежесі мен масштабы;

Көптеген сабақтарда үй тапсырмасын сабақтың басында тексереді (егер бұл білімдер жаңа тақырыпты меңгеру барысында қажет болса). Бірақ үй тапсырмасын сабақ соңында тексеру нұсқасы да естен шықпауы тиіс. Бұл жағдай үй тапсырмасы жаңа сабаққа қатысты болмаған жағдайда қолданылады.

Үй тапсырмасын тексеру әдіс-тәсілі әртүрлі болуы мүмкін. Жазбаша, графиктік, практикалық тапсырмалардың орындалуы мен ұқыптылығы сыныпты аралап жүріп тексеріледі.

Жұмыс мазмұны мен нәтижесі барлық сынып оқушыларын белсенді түрде қатыстыра отырып, жан-жақты тексеріледі. Жазба жұмыстарын мұғалім үйде тексеріп бағалайды, бұл жағдайда барлық оқушылардың жұмысын немесе таңдап, бірнеше оқушының ғана жұмысын тексеруге болады. Кейбір мұғалімдер бұл жұмысқа жоғары сынып белсенділерін тартады. Көптеген мұғалімдер сабақтың бас кезінде қысқа мерзімді жазба жұмыстарын алуды практикаға енгізген. Бұл оқу материалының негізгі элементтерінің меңгерілу сапасын тексеру үшін қажет. Соңғы кезде үй тапсырмасының орындалуын тексеруде тест әдісі және жоспарланған сұрау әдісі қолданылады. Бұл әдіс машина арқылы немесе әртүрлі құрылыммен жасалған перфокарталарды пайдалану арқылы іске асырылады.

***Есіңізде болсын!***

Орындалған жұмысқа мұғалім тарапынан бағалаусыз, пікірсіз қалған оқушы өз жұмысының сапасын білмей қалады, ол өз жұмысының ең бастысы әрі ең негізгісі — нәтижені білмейді, әрине,

оның өз еңбегінің жемісінің қуанышы мен қателіктерінің ащы дәмін сезбеу — табиғи нәрсе екені өз-өзінен түсінікті.

**ІІІ-кезең. Оқушыларды білімді, саналы және белсенді түрде сабақты меңгеруге дайындау.**

**1.** ***Дидактикалық мақсаты:*** оқушылардың танымдық қызметін белгілі бір мақсатқа бағыттау және ұйымдастыру.

**2.** ***Кезеңнің мазмұны:***

- Жаңа материалдың тақырыбын, мақсаты мен міндеттерін хабарлау;
- Жаңа материалды оқып-үйренудің практикалық қажеттілігін көрсету;
- Оқушылардың алдына оқу проблемасын қою.

**3.** ***Жақсы нәтижелерге жету шарттары:***

- Жаңа оқу материалының мақсаты мен міндетін, практикалық маңызын, оқу проблемасын мұғалімнің алдын-ала ойластырып, оларды сабақ жоспарында белгілеуі;
- Оқушылар үшін мұғалімнің сабақтың білімділік мақсатын айқын, бір мәнді анықтай білуі;
- Оларға сабақ барысында қандай білімдерді меңгеруі тиіс екендіктерін, білік-дағдылардың қандай түрін үйренетіндерін көрсету;
- Оқушыларға сабақ мақсатын хабарлау, әр сабақтағы әртүрлі тәсілдерін қолдану, яғни вариациялау.

**4.** ***Сабақтың дидактикалық мақсатының орындалу көрсеткіштері:***

- Оқушылардың танымдық белсенділігінің келесі кезеңдерде арта түсуі;
- Жаңа материалды қабылдау мен қорыта білудің тиімділігі;
- Оқушылардың оқылған материалдардың практикалық қажеттілігін түсінуі.

Көптеген жағдайларда оқушыларға сабақтың мақсаты мен міндеттерін тақырыппен бірге хабарлайды. Бірақ әр сабақта бұған жол беруге болмайды. Тақырыпты, сабақ мақсаты мен міндетін хабарлау тәсілі мұғалім тудырған оқу проблемасына, оқу жағдайына, оқу процесінің логикасына сәйкес болуы керек. Сабақтың мақсаты мен міндетін проблемалық тапсырма, эвристикалық сұрақ немесе танымдық міндет қоя отырып хабарлауға да болады. Ең соңында

Отформатировано: Справа: 0,63 см

сабақ мақсаты мен міндетін «Бүгінгі сабақта» деген арнаулы тақтаға жазып, іліп қоюға болады.

Оқушыларды өз бетімен терең білім алуға тартудың, білік-дағдыны меңгертудің, алған білімдерін практикада шығармашылық түрде қолдана алудың ең тиімді жолы мақсатты түрде әрбір сабақтың міндеттерін түсіндіріп, оқушылар алдына сабақ мақсатын айқын танытып қою болып табылады.

***Есіңізде болсын!***

Оқушыларды өз бетімен білім алуға, біліктер мен дағдыларын, білімдерін тәжірибеде шығармашылықпен қолдана білуге кеңінен тарту әр сабақтың мақсаты мен міндетін оқушыларға анық хабарлауды талап етеді.

Оқушылар өз оқу қызметінің нәтижесі қандай болуы керектігін, бұл қызметінің есебін мұғалім қалай талап ететінін білуі және өз жұмысын соған сәйкес жоспарлай білуі қажет.

Мақсат тек таныстыру ғана емес, меңгеруге бағытталуы тиіс!

**IV-кезең. Жаңа білімді меңгеру кезеңі.**

***1. Дидактикалық мақсаты:*** Оқушыларға оқылып отырған мәселенің негізгі идеясын, зерттеліп отырған құбылысын, деректердің, заңның айқын, нақты түсінігін беру. Оқушылардың жаңа білімді қорытындылау, жүйелеу, қабылдау, ойға сақтау қабілетінің жоғары деңгейге жетуін қамтамасыз ету. Осы қорытындыға жеткізген әдістерді оқушылардың меңгеруіне ықпал ету. Алынған білімнің негізінде сәйкес біліктер мен дағдыларды үйрену.

***2. Кезеңнің мазмұны:***

- Ынта-ықыласты жұмылдыру;
- Мұғалімнің жаңа материалды хабарлауы;
- Оқушылардың материалды бір мезгілде қабылдауы, ой қорытындыларын жасауы, жалпылай және жүйелей білуі;

***3. Жақсы нәтижелерге жету шарттары:***

- Жаңа материалдардың түйінді мәселесіне оқушылардың ерекше назарын аудару үшін еріксіз қабылдауды күшейтетін әдістерді қолдану;
- Оқылып отырған құбылысты толық және дұрыс қабылдаудың негізі болатын айрықша белгілеріне айқын, дәл анықтама беру;
- Оқылып отырған материалдың ең түйінді, негізгі мәселелерін бөліп алу, оқушылардың барлық ынтасын, кабылдау әрекеттерін сол мәселеге бағыттау;

- Дәптерге әр тармақтың жоспарын, тезис түрінде конспектісін жазу;
- Көрнекіліктерді пайдалану;
- Оқушылардың оқулықпен өздігінен жұмыс істеуін ұйымдастыру;
- Оқып отырған материалдың терең меңгерілуі үшін сабақтағы мәселелер арасындағы ішкі байланыстарды ашу мақсатында талдау (анализ), синтез, салыстыру, қарсы қою, абстракциялау мен нақтылау операцияларын пайдалану.
- Оқушылар алдына оқу проблемасын, проблемалық жағдай, эвристикалық сұрақтар қою арқылы ойлау белсенділігін арттыру.

Оқушының есте сақтау қабілетіне күш сала бермей, оның ақылы мен түйсігіне қорек беру керек. Бірде-бір дерек, бірде-бір дәлелдеме оқушының басында құрғақ сөз түрінде қалмауы керек, барлығы да оқушының ойын, эмоциясын, сезімін оятуы керек. Тәжірибеде бұл кезеңді жүзеге асыру жаңа материалды бекіту кезеңімен жалғасып кететінін есепке алу керек.

**V-кезең. Оқушылар білімін бекіту және қорытындылау.**

***1. Дидактикалық міндеттер:*** Жаңа ұғымдардың мазмұны мен заңдылықтарды түсінгендерін анықтау, түсіндіруде кеткен кемшіліктерді жою.

***2. Кезеңнің мазмұны:*** Оқу материалын меңгеру дәрежесін анықтау, оқушылардың жаңа ұғымды түсіну деңгейін айқындау.

***3. Жақсы нәтижелерге жету шарттары.***

- Оқушылардың ойлау белсенділігін қажет ететін сұрақтар қою;
- Жеке оқушының жауабына сынып оқушыларының назарын аудартып, жауабын толықтыру, қажет болса түзету жасау;
- Жаңа ұғымдарды меңгерудің саны мен сапасын, кемшіліктерін анықтау;

***4. Дидактикалық міндеттердің орындалу көрсеткіштері:***

- Мұғалім жақсы және үлгерімі нашар оқитын оқушылардан сабақ сұрайды, сынып жауап беруге және бағалауға қатысады;
- Тексеру барысында оқушылар жаңа тақырыпты оқып, материалды меңгеруде кеткен олқылықтарын жоюға қол жеткізеді.
- Жаңа материалдың меңгерілуі орташа оқитындар мен жақсы оқитындардың жауабынан анықталады.

**Отформатировано:** Справа: 0,63 см

Оқу материалын терең түсіндіру, оқушылардың жаңа ұғым мен өткен тақырыптар арасындағы байланысты байқауға үйрету — олардың білімге үстірт қарауын жоюдың маңызды жолы.

Оқушылардың ойын тек әдемі сөздермен толтыруға болмайды, оларды ойландыра білуге үйрету керек. Бұл кезең практикада сабақты бекіту кезеңімен ұштасады, бірақ мұғалім мен оқушы еңбегі жаңа сабақты меңгеру мен ой қорыту қызметі негізінде болғандықтан, бекіту кезеңі тек автоматты түрде есте сақтау түрінде болмас үшін, өздігінен жұмыс істеуге дағдыландыру керек.

**Қорытындылау.**

***1. Дидактикалық мақсаты:*** Оқушыларда жаңа материалдармен жұмыс істей алатындай білімдер мен дағдыларды қалыптастыру.

***2. Кезеңнің мазмұны:***

- Түсіндірілген білімдер мен дағдыларды бекіту;
- Мәселелерді оқыту методикасын бекіту;
- Білімді кезекті тексеру кезіндегі оқушының жауап беретін сұрағының тәсілін бекіту;

***3. Жақсы нәтижелерге жету шарттары:***

- Білімді тек есте сақтап қана қоймай, оны тәжірибеде, теорияда іске асыра білу керек.
- Білімді бекітудің әртүрлі үлгілерін қолдану керек.
- Жаңа материалдың негізгі идеяларын қайта айтып бере алу керек.
- Негізгі ұғымдардың түйінді мәселелерін бөліп ала білу, оны нақтылау.
- Оқушылар белсенділігін арттыру.

Ұлы педагог К.Д.Ушинский оқушы білімін бекітумен шұғылданбаған мұғалімді арбадағы жүкті алуды ұмытып, атты аяусыз айдап, рекордтық жылдамдықпен жетер жеріне жеткеннен кейін, барлық заттарын жолда шашып алғанын аңғармаған жүк тасушыға теңеген. Ең ақырында, оның бұл жүрісі мүлде пайдасыз іс болып табылады.

Бекіту кезеңін жаңа ғана өткен материалды жақсы есте сақтау үшін қайталау түріндегі жұмыс емес, жаңа ғана алған білімді шығармашылықпен өмірде қолдануды талап ететін жұмыс деп қарау керек.

**VI-кезең. Оқушыларға үй тапсырмасын беру және оны орындауға нұсқаулар.**

***1. Дидактикалық мақсаты:*** Оқушыларға үй тапсырмасын хабарлау, оны орындау тәсілін түсіндіру, сабақты қорытындылау.

***2. Кезеңнің мазмұны:***

- үй тапсырмасын орындауға нұсқау беру;
- оқушылардан жұмыстың мазмұнын, оны орындау тәсілдерін қалай түсінгенін тексеру;
- жұмыс қорытындысын шығару, сынып қалай жұмыс істеді, қай оқушы ерекше тырысты, оқушылар қандай жаңа нәрсені үйренді — осыларды бақылау.

***3. Жақсы нәтижелерге жету шарттары:***

- жұмыс мазмұнын шыдамдылықпен, байсалды түрде түсіндіру, оны орындау ретін, жұмыстың түрлерін үйрету;
- қоңырауға дейін сабақ үстінде жүйелі және міндетті түрде кезеңнің шарттарын орындау;
- қысқа әдістемелік нұсқаулармен оқушыларға үй жұмысын қалай орындау керектігі жөнінде түсініктеме беру;
- үй жұмысы алған білімді тереңдету мен оны өмірде қолдана алатындай етіп бекіту мақсатын көздеуі тиіс;
- үй тапсырмасының құрамына танымдық есептер мен сұрақтарды енгізу қажет;
- оқу материалдарын үйге бергенде дифференциалданған әдісті қолдану керек.

***4. Кезеңнің дидактикалық мақсатының орындалу көрсеткіштері:***

- барлық оқушылардың үй жұмысын дұрыс орындауы (келесі сабақта анықталады).
- үй тапсырмасын сабақ соңында беру міндетті емес. Оқу процесінің логикасына сәйкес оны сабақ басында немесе ортасында да беруге болады. Егер үй жұмысы сыныпта орындалған жұмыстың логикалық жалғасы немесе сынып жұмысының аяқталуы болса, оны сабақ соңында да беруге болады.

Үй жұмысын орындауға мұғалімнің беретін нұсқауы тек үй жұмысын орындаудың жалпы бағытын ғана ашуы тиіс.

Оқушылардың үй жұмысын орындауы үшін мұғалім сабақ үстінде үлкен дайындық жұмыстарын жүргізуі қажет. Бұл тек оны түсіндіру ғана емес, сабақта алынған білімдерін пайдалана отырып, оқушының оны орындауға дайын болуы.

**Отформатировано:** Справа: 0,63 см

**VII-кезең. Бағалау.** (Кем дегенде әр сабақта жеті-сегіз оқушы бағалануы қажет).

***Оқушылардың білімін бағалау нормативтері***

(қоғамдық пәндер саласы бойынша)

Оқушының білім, білік-дағдыларын дұрыс бағалау, оны есепке алу — әрбір оқушының жеке бағдарламалық тақырыптар бойынша білімдерінің сапасын көрсететін көрсеткіш. Қоғамдық пәндер саласы бойынша оқу-білімі жазбаша, ауызша жауаптары мен баяндама, реферат, т.б. шығармашылық еңбектерінен кейін 5 баллдық жүйемен бағаланады. Бағалау кезінде ескерілетін нәрсе (жайттар): білім тереңділігі (ғылымилығы, ұлы ойшылдар пікірі, заңдылық құжаттарды пайдалану ескеріледі); толық жауабы мен қажетті мәліметтерді орынды пайдалануы (бағдарламалық көлемде); тақырыптың мазмұнын аша алатындай мәселені өзіндік ой-пікір тұрғысында жүйелі баяндауы және әдеби тіл нормасын сақтау мен қорытынды пікір орынды, тиянақты болуы шарт.

***«5» деген баға*** — тақырыпты терең ұғынып, өте жақсы түсінген, мәселені өзіндік ой-пікір тұрғысында дұрыс талдай білетін, ойын жүйелі баяндаған, тілі бай әрі арнайы термин тілінде сөйлей алатын, қорытынды пікірі орынды, тиянақты оқушыға қойылатын баға.

Қосымша өте күрделі сұрақтарға қысқа болса да тиянақты жауап алғанда немесе жауап бере алмаған оқушы жауабына толықтырулар енгізе алатын оқушыға қойылады.

Кітапхана қорын пайдалана алатын реферат, тезис, конспект жазуға машықтанған оқушыға қойылатын баға.

***«4» деген баға*** — негізінен, тақырып дұрыс ашылса, қажетті қорытындылар мен түйіндеулер дұрыс жазылса, ойын баяндауда бірен-саран дәлсіздіктер жіберілсе, ой жүйесінің шамалы бұзылуы байқалса қойылады.

***«3» деген баға*** — тақырыптан айтарлықтай ауытқыған болса, материалды баяндау негізінен дұрыс, бірақ жекелеген деректерде дәлсіздіктер кездессе, сөздік қоры жұтаң, сөйлем құрылысы біркелкі болса, терминдік қоры аз болса қойылатын баға.

***«2» деген баға*** — тақырып мазмұны ашылмаса, көптеген фактілер қате болса, баяндау жүйесі бұзылса қойылатын баға.

***«1» деген баға*** — тақырыпты мүлдем меңгермеген оқушыға қойылатын баға.

# *Сабақ үлгілері*

***Т.Таңатов***
*№136 мектептің тарих пәні мұғалімі,*
*Алматы қаласы.*

## Қазақ хандығының қалыптасуы мен нығаюы

**Сабақтың мақсаты.**

**Білімділік:** Қазақ хандығының құрылуының алғы шарттарын, XV-XVIII ғасырлардағы оның дамуын түсіндіру, хандардың саяси бағыттарын көрсету, сыртқы жаулардан елін, жерін қорғап, тәуелсіздігін сақтап отырғанын түсіндіру.

**Дамытушылық:** Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру, ізденіске баулу, салыстыра білуге, өзіндік қорытынды жасауға дағдыландыру.

**Тәрбиелік:** Өз еліміздің өткен тарихына құрметпен қарауға, отансүйгіштікке, адамгершілікке тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** Аралас сабақ.

**Сабақтың әдісі:** Сұрақ-жауап, ауызша баяндау, өздік жұмыс, ой қорыту.

**Сабақтың көрнекілігі:** интерактивті тақта, сурет, сызба, карта, электронды оқулық «Қазақстан тарихы», бейне таспа, тест тапсырмалары, сөзжұмбақ.

### Сабақтың өту барысын жоспарлау

I. Ұйымдастыру кезеңі.
II. Үй тапсырмасын тексеру.
III. Үй тапсырмасын пысықтау.
IV. Жаңа сабақты түсіндіру.
V. Жаңа сабақты бекіту, тиянақтау жұмыстары.
VI. Оқушылардың білімін бағалау.
VII. Үйге тапсырма.

### Сабақтың өту барысы

Отформатировано: Справа: 0,63 см

**I. Ұйымдастыру кезеңі:** амандасу, оқушыларды түгендеу, интерактивті сабаққа қатысушыларға оқушылардың тілектерін айтқызу. Оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

**II. Оқушы білімін тексеру.**

**«Ой қозғау» кезеңі.** Сұрақ-жауап.

1. Шыңғыс хан Қазақстан мен Орта Азияны қай жылдары жаулап алды? *(1219-1224 жылдары)*

2. Шыңғыс ханның жаулап алған жерлерінде құрылған ұлыстар.

*(Жошы ұлысы — шығысты Ертіс өзенінен батысы Еуропа жеріне дейінгі аумақ, қазақ жерінен Шығыс Дешті Қыпшақ, Арал, Сырдың төменгі ағысы, Жетісудың солтүстік-шығысы;*

*Шағатай ұлысына Оңтүстік және Оңтүстік-шығыс Қазақстан (Жетісу аймағы) мен Орта Азия жерлері қарады.*

*Үгедей ұлысы — Батыс Моңғолия мен Алтай, Тарбағатай, Ертістің жоғары ағысының бойы.)*

3. Шыңғысханның тұсындағы заңдар жинағы қалай аталды? *(Йасы)*

4. Шығысы Ертістен батысы Дунайға дейін созылып жатқан, орталығы төменгі Еділде орналасқан көлемді мемлекет орыс жылнамаларында қалай аталды? *(Алтын Орда)*

5. Алтын Орданың құрамдас бөліктерін ата. *(Көк Орда мен Ақ Орда)*

6. Құрылтай жиналысына кімдер қатысты? *(Шыңғыстықтар мен моңғол көшпелі ақсүйектері)*

7. Шыңғысханның «Йасы» заңына сәйкес әкімшілік-шенеуніктік аппарат жұмысын кімдер атқарды? *(Әскери істі беклербегі, азаматтық істі уәзірлер, салық жинауды даруғалар мен басқақтар атқарды).*

8. Жерге иелік түрлерін атаңдар. *(Икта, інжу, сойырғал, тархандық)*

9. XIV-XV ғасырлардағы салық түрлерін атаңдар. *(Тағар, қалан, құшыр, зекет, сауын, хараж, баж, соғым, сыбаға)*

**«Ойтолғау» кезеңі.** Оқушыларға үйге өткен сабақта «XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан аумағындағы мемлекеттер» берілген. Тақырыптарды қорғауға үш минуттан уақыт беріледі.

**Берілген тақырыптар**

1. Ақ Орда (Көк Орда) XIV ғ. екінші ширегі-XVғ.бірінші ширегі.
2. Моғолстан (XV ғ. ортасы-XVI ғ. басы).
3. Әбілхайыр хандығы (1428-1468 ж.ж.).
4. Ноғай ордасы (Маңғыт жұрты) (XIV-XVI ғ.ғ.).

**III. «Ой қорыту» кезеңі.** Үй тапсырмасын пысықтау.

— Сонымен, осы тақырып көлемінде қысқаша қорытынды жасаңдар.

**IV. Төменгі сыныпта өткен материалдармен байланыс.**

— Ендеше, балалар, 7-сыныпта өткен Қазақ хандығының құрылуы тақырыбына байланысты не білетіндерімізді еске түсіріп көрейік.

1. Қазақ хандығының негізін кім қалады? *(Жәнібек пен Керей)*
2. Қазақ хандығы қай жылы құрылды? *(1465-1466 жылдары)*
3. Хандықтың алғашқы құрылған жерін атаңыздар. *(Батысы Жетісу жері, Шу бойы Қозыбасы)*

**IV. Жаңа сабақ**

## §25. Қазақ хандығының қалыптасуы мен нығаюы

**Жаңа сабақтың жоспары:**

1. Қазақ хандығы құрылуының алғышарттары.
2. Қазақ жұртының Өзбек ұлысынан бөлінуі және Қазақ хандығының құрылуы.
3. Қазақ хандығының нығаюы.

Дәптермен және картамен жұмыс. Тақтадағы мәліметтерді дәптерлеріне жазғызу.

1. Қазақ хандығы құрылуының алғышарттары:

Сабақ ауызша түсіндіріліп келіп, оқушыларға проблемалық сұрақ қойылады.

— Қанекей, балалар, қазақ халқының біртұтас ұлттық мемлекет құруында қандай алғышарттар әсер етті? Сабақ төмендегідей кестелер арқылы түсіндіріледі.

2. Қазақ жұртының Өзбек ұлысынан бөлінуі және Қазақ хандығының құрылуы. Жазбаша деректен мысал келтіріледі.

Мұхаммед Қайдар Дулатидың «Тарихи Рашиди» атты еңбегінен:

*«...Ол кезде Дешті Қыпшақта Әбілқайыр хан билік етті. Ол Жошыдан тараған сұлтандарға көп әбігер келтірді. Жәнібек хан*

Отформатировано: Справа: 0,63 см

*мен Керей хан одан Моғолстанға қашып кетті, Иса-Бұқа (Есенбұға) хан оларды ықыласпен қарсы алып, Шу және Қозыбасы өңірін берді, ол Моғолстанның батыс жақ шетіндегі өңір еді. Олар сол жерде рақат өмір сүріп жатқан кезде Әбілқайыр хан өлгеннен кейін Өзбек ұлысы бүліне бастады; (онда) көп ұрыс-керіс басталды. Оның бодандығының көпшілік бөлігі Керей хан мен Жәнібек ханға көшіп кетті, сөйтіп олардың маңына жиналған адамдар саны екі жүз мың адамға жетті. Олар өзбек-қазақтар деп аталып кетті. Қазақ сұлтандары 870 жылдан билік ете бастады...»*

*Яғни, қазіргі жыл санауы бойынша 1465-1466 жылдардың тұсы — Қазақ хандығының құрылған мезгілі. Ал оның ту көтерген жері — Жетісудың батыс бөлігі үйсін, дулат, қаңлы тайпаларының дәстүрлі атамекені.*

— Олай болса, Қазақ хандығының құрылуы туралы зерттеп жүрген Қазақ Ұлттық университетінің ұстазы, тарих ғылымдарының кандидаты Берекет Кәрібаевтың пікірін тыңдап көрейік. Интерактивті тақтаға көңілдеріңді бөліңдер.

Электронды оқулық арқылы қазақ хандығының құрылуы көрсетіледі Оқушыларға проблемалық сұрақ қойылады. *Есенбұға ханның Жәнібек пен Керейге қолдау танытып, Шу бойындағы Қозыбасыда жаңа хандықтың шаңырағын көтеруге ықылас білдіруінің себебі неде деп ойлайсыңдар?*

Карта қойылады. Картадан көрсете отырып түсіндіріледі.

1452 жылы ойрат билеушісі Есен тайшының жасағы Моғолстанға басып кіріп, содан соң Жетісуға еніп, одан әрі оңтүстікке бет алып, Сыр бойы өңірін, Түркістан, Ташкент, Отырар сияқты орталықтарды тонап, Сығанаққа жақын Көккесене атты жерде Әбілхайыр ханның әскерімен кездесіп, оны талқандап жеңеді. Ойраттардың бұл жорығы 1455 жылы, яғни Есен тайшы өлгеннен кейін аяқталады.

1456 жылдары қалмақтар Үз-Темір тайшының басқаруымен Сығанақ түбінде Әбілхайырға соққы берді. Қуатты қалмақ мемлекетінің өмірге келуі бұл кездегі Моғолстан билеушісі Есенбұға ханды да, Алаш жұрты мен оның билеушілерін де терең ойға батырғандығы анық. Сондықтан да Есенбұға ханның Жәнібек пен Керейге қолдау танытып, Шу бойындағы Қозыбасыда жаңа хандықтың шаңырағын көтеруге ықылас білдіруінің бірден-бір себебін қалмақтарға тосқауыл қою қажеттілігінен туған шара есебінде қарастыруға толық негіз бар.

## XV-XVI ғасырлардағы Қазақ хандығы




### 3. Қазақ хандығының нығаюы.

Жаңадан шаңырақ көтерген Қазақ хандығы өз алдына мынандай тарихи міндеттерді қойды.




Қазақ хандығының, яғни Жәнібек пен Керей хандардың өздерінің территориясын кеңейтуі туралы Берекет Кәрібаев ағамыздың пікірін тыңдап көрсек. Осы сәтте №136 мектеппен байланыс болады. Қазақ хандығының бұдан ары қарай нығаюы туралы менің әріптесім Руслан Өмірғазыұлы жалғастырады.

*(Картадан қазақ хандығының нығаюы көрсетіліп, түсіндіріледі.)*

**Отформатировано:** Справа: 0,63 см

Сабақ оқушылардың ойларын тыңдау арқылы түйінделіп, қорытындыланады.

**V. Жаңа сабақты бекіту, тиянақтау жұмыстары.** Тест жұмысы. Жаңа сабақты бекіту мақсатында тест тапсырмаларына әр оқушы тест құрылғылары бойынша жауап береді.

**1. Қазақ хандығының негізін кімдер қалады?**
А. Қасым хан мен Әбілқайыр хан
Б. Жәнібек пен Керей сұлтандар
В. Есенбұға мен Әбілқайыр хан
Г. Жәнібек пен Есенбұға

**2. Қазақ хандығы қашан құрылды?**
А. 1455-1456 ж.ж.
В. 1465-1466 ж.ж.
Б. 1470-1471 ж.ж.
Г. 1461-1468 ж.ж.

**3. Жәнібек пен Керей сұлтандар Әбілқайыр хандығынан бөлініп, кімге келді?**
А. Қасым ханға
В. Есенбұға ханға
Б. Үз-Темір тайшыға
Г. Есен тайшыға

**4. Қазақ хандығының құрылуы туралы кімнің жазба деректерінен білуге болады?**
А. Рузбехан
Б. Мұхаммед Қайдар Дулати
В. Махмұд бин Әмір Уәли
Г. Қадырғали Қосымұлы Жалайыри

**5. Қазақ хандығының құрылған жері**
А. Шу мен Талас бойы
Б. Шу бойындағы Қозыбасыда
В. Жетісуда
Г. Дешті-Қыпшақта

**6. Қазақ хандығының алдында тұрған тарихи міндеттердің бірі**
А. Сырдария бойындағы қалаларды қазақ хандығына қарату
Б. Түркістан қаласын орталық етіп жасау
В. Есенбұға ханға қосылу

Г. Есен тайшыны жазалау

**7. Қазақ хандары мен көшпелі өзбектер ханы Мұхаммед Шайбани арасында Сыр бойындағы қалалар үшін күрес қай уақытта болды?**

А. XVI ғасырдың 50-60 жылдары
Б. XV ғасырдың басы
В. XV ғасырдың 70-80 жылдары
Г. XV ғасырдың 80-90 жылдары

**VI. Оқушылардың білімін бағалау.**

Оқушылардың білімі өздеріне талдата отырып, бағаланады.

**VII. Үйге тапсырма.**

1. §25. Қазақ хандығының қалыптасуы мен нығаюы. 133-137 беттер.
2. «Жәнібек пен Керей — Қазақ хандығының негізін қалаушылар» тақырыбында ізденіс жұмыстарын жүргізу.

Ерікті тапсырма:

3. «Мұхаммед Қайдар», «Тарихи Рашиди» және «Қадырғали Қосымұлы» деген тақырыптарға реферат жазу.

***Т.Таңатов***
*№136 мектептің тарих пәні мұғалімі,*
*Алматы қаласы.*

# ҒҰНДАР

**Сабақтың мақсаты.**

**Білімділік:** Ғұндар тарихына тоқтала отырып, мемлекеттік құрылымы мен олардың жаулап алу соғыстары кезіндегі Мөде мен Аттиланың ерлігі, қаһармандығы, ақылдылығы мен алғырлығы туралы толық түсінік беру.

**Дамытушылық:** Сабақта оқушылармен шығармашылық жұмыстар жүргізе отырып, қорытынды жасай білуге үйрету және ойларын дамыту.

**Тәрбиелік:** Ғұндардың және олардың патшасы Аттиланың ерлігін әңгімелей отырып, оқушыларды елінің патриоты болуға тәрбиелеу.

Отформатировано: Справа: 0,63 см

**Сабақтың типі:** Аралас сабақ

**Сабақтың түрі:** Жарыс сабақ.

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** Сұрақ-жауап, ойтолғау, баяндау, миға шабуыл, ізденіс.

**Пәнаралық байланыс:** География, әдебиет, музыка, дүниежүзі тарихы.

**Көрнекілік құралдары:**

— **ТҚ:** интерактивті тақта, үнтаспа.

— **Карта:** Қазақстан картасы, Дүние жүзінің саяси картасы

**Оқулықтар:** 1. Т.С.Садықов «Ежелгі Қазақстан тарихы». Алматы, 2006 ж.

2. «Әлемнің ұлы кереметтері». Алматы, 2007 ж.

**Сабақтың өту барысын жоспарлау**

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

III. Үй тапсырмасын пысықтау.

IV. Жаңа сабақты түсіндіру.

V. Жаңа сабақты бекіту, тиянақтау жұмыстары.

VI. Оқушылардың білімін бағалау.

VII. Үйге тапсырма.

**Сабақтың өту барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі:** Амандасу, оқушыларды түгендеу, оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

— Балалар, бүгінгі сабақты топқа бөлініп, жарыс түрінде өткіземіз.

Топпен таныстыру. Әр топтың сарапшысын сайлау.

Сарапшының міндеті: сабаққа қатыса отырып, жауап берген оқушыға ұпай беру. Осы арқылы топтағы әр оқушының және сол топтың қанша ұпай жинағанын анықтай отырып, бағалайды.

**II Үй тапсырмасын сұрау:**

**1. «Қанат қақты».** Әр топқа сұрақтар беру арқылы оқушылардың білімдерін тексеру.

1. Қаңлы мемлекеті қай ғасырда құрылды? *(Б.з.б. ІІІ ғасырда)*

2. Қаңлы тайпаларында билік қандай жолдармен қалдырылды? *(Әкеден балаға мұра ретінде)*

3. Қаңлылардың археологиялық ескерткіштерінің арасындағы ерекше орын алатын қорымды ата? *(Отырардағы Мардан-Күйік қорымы)*

1. Қаңлылардың саны қаншаға жетті? *(600 мың адам немесе 420 мың үй)*

2. Қаңлылар қандай елдермен байланыс жасады? *(Қытай, Парфия, Рим, Кавказ)*

3. Қаңлылар мен үйсіндер арасындағы соғыс қай ғасырда болды? *(Б.з.б. І ғ. ортасында)*

1. Қаңлылардың астанасы қалай аталды? *(Битянь)*

2. Мүлік теңсіздігінің шығу себебі неде? *(Әлеуметтік жіктелу)*

3. Қаңлылар қандай күштерге сыйынды? *(Табиғат күштеріне және ата-баба рухына)*

**2. «Самғау».** Сөзжұмбақтар (ІІІ-топтағыларға байланысты). Дайындалуға 1 минут беріледі. *(Картамен жұмыс.)*

**1-сөзжұмбақ**



1. Сыма Цянь қай елдің тарихшысы?
2. Қаңлылардың археологиялық мәдениеттерінің бірі.
3. Жетасар мәдениеті қандай өзен аңғарында орналасқан?
4. Қаңлы тайпасы негізінен қандай шаруашылықпен айналысқан?
5. Қаңлылардың 16 гектар жерді алып жатқан қала жұртын ата.

**2-сөзжұмбақ**



1. Саз балшықтан жасалған ыдыс түрі.
2. Глиптика өнерінің туындысы қалай аталады?
3. Қосымша айналысқан кәсіптерінің бірі.

**Отформатировано:** Справа: 0,63 см

4. Мал шаруашылығында ең көп өсірілген малдың түрі.
5. Қаңлылар қазіргі қай өзен бойында өмір сүрді?

**3-сөзжұмбақ**



1. Тұтқынға түскен адамды қалай атады?
2. Қаңлылар байланыс жасаған елдердің бірі
3. Олар жинаған сырты қатты жеміс түрін ата
4. Қаңлылар табынған аспан денелерінің бірі
5. Ыдыстары неден жасалған?

**3. «Шарықтау».**

Берілетін тапсырмалар: әр топтағы оқушылар берілген тапсырма бойынша бірін-бірі жалғастырып, ойды толықтыруы керек.

— Қаңлылардың шаруашылығы;
— Қоғамдық құрылысы;
— Қаңлы кескін-келбетіне сипаттама беру.

**4. «Өткел».**

**ІІІ. Жаңа тақырыпқа өту кезеңі.**

Аңыз айтылады. Қытай дерегіндегі ғұн мемлекетінің тарихын баяндайтын Дунхумен Мөденің арасындағы жер үшін болған соғыс туралы айтылады. Осы аңыз бойынша өтілетін сабақтың тақырыбын оқушыларға тапқызу.

Ертеде қазіргі Қытайдың солтүстігінде екі ел қатар өмір сүрген екен. Күндердің күнінде Дунхудың елшілері Мөдеге келіп, одан ең жақсы атын сұрайды. Бұған ақсақалдар қорланып, бұл елді жазалау керек деп шешеді, ал Мөде көрші елмен бір ат үшін араздасуға болмайды деп атын беріп жібереді. Біраз уақыт өткеннен кейін Дунхудың елшілері қайта келіп, патшалықтағы ең әдемі әйел Мөденің әйелін беруді талап етеді. Ақсақалдар бұндай қорлыққа шыдау мүмкін емес, соғыс жариялау керек деп шешеді. Бірақ Мөде өзінің әйелін де беріп жібереді. Тағы да біраз уақыт өткен соң, Дунхудың елшілері келіп, шекаралас біраз жерді беруді талап етеді. Бұл жерде мал жаюға қолайсыз және ешкім тұрмайтын еді.

Ақсақалдар бұл жерді беруге де, бермеуге де болады деп шешеді. Сонда Мөде ашуланып: «Жер мемлекеттікі, оған ешкімнің де қол сұғуына рұқсат жоқ», – деп әскер жинап, соғыс жариялаған екен. Өздерінің жерін білектің күшімен, найзаның ұшымен, қылыштың жүзімен сақтап қалған екен.

— Ендеше, балалар, Мөде қандай елдің билеушісі екен?

**IV. Төменгі сыныпта өткен материалдармен байланыс.**

5-сыныпта өткен Ғұн тақырыбына байланысты не білетіндерімізді еске түсіріп көрейік.

1. Ғұндар тарихи деректерде қалай аталған?
2. Ғұндардың қандай билеушілерін білесіңдер?
3. Ғұн билеушісін қалай атаған?

**V. Жаңа сабақ.**

## §22. Ғұндар

**Жоспары:**

1. Ғұн мемлекетінің құрылымы.
2. Ғұндардың жорықтары.
3. Әлем тарихындағы Еділ бейнесі

Дәптермен және контур картамен жұмыс. Тақтадағы мәліметтерді дәптерлеріне жазғызу.

Ғұн атауы б.з.д III ғ. қытай деректерінде кездеседі *(хунну және сюнну, европалықтар гунни деп атады)*. Қазақстан жеріне б.з.д. I ғасырдың соңы мен II ғасырда келген.

Билеушілерінің аты — тәңірқұты (шаньюй). Шаньюйдан кейінгі басты тұлға түменбасылар деп аталатын бекзадалар болды.

Халқы — 1,5 млн адам. (шыққан тегі әртүрлі тайпалар мен этникалық саяси топтар кірген.)

24 руға бөлінген. Оларды шаньюйдің туысқандары басқарды. Түменбасыларын шаньюй тағайындаған. Олардың әрқайсысында 1000 әскерден болған.

Ғұндардың мемлекеті әскери жүйе бойынша құрылған: олар сол қанат, орталық қанат, оң қанат болып үшке бөлінген.

Әскерлері негізінен атты жауынгерлерден құралған. Ал қарулары садақ, қылыш, найза, қалқан болған.

Жебелері ысқырып, зуылдап, дыбыс шығарып ұшатын болғандықтан, үрей тудырған. Ал садақтары құрастырмалы болды,

Отформатировано: Справа: 0,63 см

сондықтан да алысқа ұшатын болған, қылыштары қайқы болып келген. Ер адамдарға осындай қаруды алып жүру міндетті болған.

Ғұндар мен Қытайлардың арасындағы соғыс қимылдары 300 жылдан астам уақытқа созылды. Нәтижесінде Қытайлар ғұндардан қорғану үшін Ұлы Қытай қорғанын орнатты. Қорған 4000 шақырымға созылды, биіктігі 10 метр, әр 60-100 метр сайын күзет мұнарасы орнатылды.

**Ғұндардың билік жүйесі**

Тәңірқұты (Шаньюй) → рубасылар кеңесі

↓

Түменбасылар (24)

↓

Мыңбасылар

↓

Жүзбасылар

↓

Онбасылар

→ Халық жиыны үш жылда ←

**Ғұн мемлекетіндегі билік жүйесіне қандай сипаттама бересіңдер?**

Мөде — ғұн мемлекетінің негізін қалаушы.

Б.з.д. ІІІ ғ. (б.з.д. 206 ж.) Мөде шаньюй ғұн мемлекетін нығайтып, бір мемлекетке біріктіріп, саяси күшке айналдырды. Белгілі шығыстанушы ғалым Л.Гумелевтің пайымдауынша, бұл б.з.б. 209 жыл деп есептейді.

Мөде (б.з.д. 228-174 ж.ж.) көрші жатқан елдерді бағындырды. Олар:

— Батыста юечжей, үйсіндерді;

— Солтүстікте Саян-Алтай тайпаларын;

— Оңтүстікте Хань империясын.

Хань императоры бағынып, «тыныштық жөніндегі келісімшартқа қол қойды», қызын берді, салық төлеп тұратын болды. Енді ғұндардың шекарасы Байкалдан Тибетке, Шығыс Түркістаннан Хуанхэнің орта ағысына дейін созылды. Көршілес елдердің барлығын өзіне бағындырып, алым-салық төлеуге мәжбүр етті.

**Проблемалық сұрақ:** Мөденің кезінде көрші елдердің бағынышты болуы нені көрсетеді?

Б.з.д бұрынғы 55 ж. ғұндар екіге бөлінді.

— Оңтүстік бөлігі қытайларға бағынды (Шаньюй Хуханье).

— Солтүстік бөлігі — Моңғолияның солтүстік батысындағы Қырғыз-Нұр көлі маңына орналасты.

Чжи-чжи — солтүстік ғұн мемлекетінің әскер басшысы.

Солтүстік ғұндар өздерінің тәуелсіздігін сақтап қалу үшін б.з.б. I ғасырдың аяғында батысқа қарай жылжи отырып, қаңлы тайпасының жеріне жетіп, олармен бейбіт келісімге келіп, Талас өзенінің шығысына қоныстанады. Бұлар қаңлылармен одақтасып, үйсіндерге қарсы соғысты. Қаңлы ханы оған атты әскерін басқаруды берді. Сондай-ақ, қызын, бірнеше мың жылқы мен түйесін берді. Бірақ ғұндар мен қаңлылардың келісе алмауы салдарынан ғұндар Талас өзенінің жоғарғы ағысына кетеді. Қытайлармен кескілескен соғыс нәтижесінде Чжи-чжи бастаған 1518 адам тұтқындалып, бәрінің басы алынады. Ал 1200-дей жауынгер үйсін және Ферғананың билеушілеріне сыйлыққа тартылады.

Аттила — нағыз қолбасшы, Еуропаны Римдіктерден азат етуші.

Ғұндардың екінші қоныс аударуы 93 жылы болады. Олар Сырдарияға, Аралға, Орталық және Батыс Қазақстанға орнықты.

IV ғасырда оңтүстік орыс даласындағы Дунай өзеніне дейін жетіп, Венгрия жеріне ғұндар деген атпен қоныстанады.

Осы кезеңдегі ғұндардың бірден-бір даңқты қолбасшысы Аттила шамамен 400-453 жылдары өмір сүрген еді. Аттиланы қазақтар Еділ деп атайды. Өйткені ғұндардың орталығы батыс Қазақстандағы Еділ мен Жайық өзені аралығында орналасқандық. 448 жылы Аттиланың сарайында болып қайтқан грек тарихшысы Прииск оның сырт келбетін былай суреттейді: «Бір көрген адам оның нағыз азиялық екенін бірден айтады. Басы үлкен, орта бойлы, мығым денелі, көзі өткір, сұсты болған. Қозғалысы шапшаң, сенімді. Даусы күмістей сыңғырлайды, әрі құлаққа жағымды».

Ол Еуропаны, Африканың солтүстік бөлігін, Батыс Азияны қамтыған Рим империясын жеңіліске ұшыратты. Нәтижесінде:

— Еуропаны Рим үстемдігінен азат етті;

— Құл иеленушіліктің жойылуына әсер етті;

— Әскери-демократиялық құрылысты нығайтты;

**Проблемалық сұрақ:** Еуропалықтар Аттилаға өздерінің ұлдарын тәрбиелеуге берген екен, оның себебі неде?

Отформатировано: Справа: 0,63 см

Европаның ақсүйектері Аттилаға балаларын оқытып тәрбиелеуге берген. Себебі:

— Батырлығы мен адалдығында;

— Соғыс тактикасын шебер ұйымдастыра білуінде;

— Бодан елдерге шектен тыс қиянат жасамағандығында;

— Ақылдылығы мен көрегендігі, т.б. қасиеттері үшін.

Даңқы мен атағы жер жарған Еділ Рим империясын бағындырған соң: «Маған, яғни бүкіл түрік жұртына енді қарсы тұрар ешкім жоқ, сондықтан мен енді соғыспаймын», – деп астындағы Алтынжал атты тұлпарын босатқан екен. Бұл халық ұғымында «батырдың тұлпарды босатуы жақсы ырым емес» деп пайымдаған.

Сабыр жырау шығармасынан үзінді:

*«Бабамыз батыр Еділді,*
*Еділ кімнен жеңілді?*
*Көндірген екен ырқына*
*Сонау, төменгі жатқан көп елді.*
*Қарсыласқан талай батырлар,*
*Ат артына теңделді.*
*Кезекті күні келгенде,*
*Мынау бес күндік дүниеден*
*Ол да өтіп жөнелді...»*

453 ж. Аттила қайтыс болып, империя ыдырай бастайды.

Алғаш Аттила туралы жазған — Ш.Уәлиханов. Жырлаған — М.Жұмабаев.

Италияның атақты композиторы Джузеппе Верди 1846 жылы «Аттила» операсын жазған.

Аттила образы — Еуропа халықтарының әдебиетінде өшпес із қалдырған бейне.




4. **«Жерұйық»** кезеңі бойынша жаңа сабақтан алған білімдеріңді тақтада көрсетілген кесте ұяшығындағы сұрақтарға жауап беру арқылы қорытамыз.

**V. Бекіту сұрақтары.**

| | | |
|---|---|---|
| Ғұндардың негізін қалаған кім және билеушісін қалай атады? | Ғұн қанша руға бөлінді және оларды кім басқарды? | Ғұндардың екінші көші қай жылы басталды және тарихта бұл көш қалай аталды? |
| Еуропаны Рим үстемдігінен азат еткен кім? | Аттиланы қазақтар неліктен Еділ деп атаған? | Солтүстік ғұндардың әміршісі кім болды? |

Сабақты М.Жұмабаевтың «Пайғамбар» өлеңінен үзіндімен түйіндеу.

*Ерте күнде отты Күннен Гун туған,*
*Отты Гуннен от боп ойнап мен туғам.*
*Жүзімді де, қысық қара көзімді,*
*Туа сала жалынменен мен жуғам.*

**VI. Оқушылардың білімін бағалау.** Сарапшылардың ойын тыңдай отырып, үздік топтарды атау және оқушылардың білімін бағалау.

**VII. Үйге тапсырма.**

1. §22. Ғұндар. 134-138 беттер.
2. Оқулықтың 138 бетіндегі үшінші тапсырма (анаграмманы шешу).
3. М.Жұмабаевтың «Пайғамбар» өлеңіннен үзінді жаттау.
4. Ерікті тапсырма: «Еділ — батыр бабамыз» ойтолғау жазу.

***Б.Бұланбаева***
*«Қазақ тарихы», №5, 2007 ж.*

## Желтоқсан — Тәуелсіздік бастауы

**Сабақтың мақсаты.**

**Білімділік:** Желтоқсан оқиғасы кезіндегі кеңестік тоталитарлық жүйенің саясатына қарсы халық наразылығын, оқиға кезіндегі

Отформатировано: Справа: 0,63 см

тағдырлары тәлкекке түскен қазақ жастарының ерлігін, қаһармандықтарын түсіндіру.

**Тәрбиелік:** Отанына, еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

**Дамытушылық:** Қосымша тарихи материалдарды пайдалану арқылы оқушыларды өздігінен іздендіруге, білімін шыңдауға үйрету.

**Сабақ түрі:** Ізденіс сабағы.

**Әдісі:** Ұжыммен жұмыс.

**Көрнекілігі:** Қазақстан картасы, схема, плакат.

**I.** Ұйымдастыру, оқушымен сәлемдесу, тексеру.

**II.** Үй жұмысын пысықтау.

**III.** Жаңа сабақ. Жоспары:

1. Ізденіс.
2. Ойтолғау.
3. Зерттеу.
4. Пікірталас.
5. Дәптермен жұмыс.
6. Венн диаграммасы.
7. Үйге тапсырма.

**I. Ізденіс.** Желтоқсан оқиғасына қатысқан Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты, жерлесіміз шыңғожалық Н.Сабиляновтың мына өлеңіне назар аударыңдар.

*Көкке шапшып көңілдің арғымағы,*
*Көкжал толқын көпіршік жарға ұрады.*
*Көкала мұз Алаңды көрген сайын,*
*Көз алдымда желтоқсан жаңғырады.*

Желтоқсан оқиғасы туралы өз пікірлерін топ басшылары ортаға салады (екі оқушы).

**Мұғалімнің сөзі:**

— Иә, балалар, қызыл империяның түндігін түріп, азаттықты аңсаған желтоқсан оқиғасына биыл 21 жыл толғалы отыр. Сонда ұлт болашағы үшін жанын пида еткен, қажыр-қайрат көрсеткен қазақтың өрімдей жастары еді. Сол кездегі қазақ жастарының армандаған азаттық сөзін қалай түсіндірер едіңдер?

Еркіндік
Азат болу, құл болмау
Бостандық

**II. Ойтолғау**

Жеке ел болу
Тәуелсіздік
Азаттық

**ІІІ. Зерттеу:** схема

1991

1986 16 жыл

21 жыл

1916

71 жыл

ІІ-топқа тапсырма. **Ұлт-азаттықты аңсаған қандай көтерілістерді білесіңдер?**

ІІІ-топқа тапсырма. **Тәуелсіздік туралы не айтар едіңдер?**

**VI. Пікірталас.**

1. Желтоқсан оқиға ма, әлде көтеріліс пе?
2. Көтерілістің шығуына елді басқаруға басқа елден келген адам себеп болды ма?
3. Көтеріліске қатысқандарды «ұлтшыл» деп айтар ма едің? Өз пікіріңді дәлелде?

**V. Дәптермен жұмыс.**

1. 17 желтоқсан «демократиялық жаңару күні» деп жарияланды.
2. 1996 жылы 9 желтоқсанда желтоқсан құрбаны Қ.Рысқұлбековке «Халық қаһарманы» атағы берілді.
3. 1990 жылы 9 желтоқсанда Республика алаңында желтоқсан оқиғасына қатысқандарды еске алу мақсатында ескерткіш ашылды.
4. «Тәуелсіздік таңы» монументіне Ананың бейнесі қойылды. Сәулетші Тимур Сүлейменов жасаған.
5. Желтоқсан оқиғасына арналған «Аллажар» фильмі түсірілді.

**Топтастыру әдісі**

**1916 ұқсастығы 1986**




Отформатировано: Справа: 0,63 см

**VI. Білімдерін бағалау.**

**VII. Үйге тапсырма:** Мақаншылық желтоқсаншылар: Қ.Рақметов, ЖБерікболов, Б.Қожағұлова, Ш.Бүркітбаев, т.б. туралы мәліметтер жинау.

*С.Үмбеталиева*
*«Қазақ тарихы», №5, 2007 ж.*

## Махаббаттан туындаған сезім періштелері

Сыныптан тыс сабақ

**Сабақтың мақсаты.**

**Білімділік:** Адамның бойында болатын, жүрегін нұрландырып, өмірін көркейтіп, болашаққа арман, үміт, сенімге алып келетін ғажайып сенімнің бар екендігін ұғындыру.

**Дамытушылық:** «Махаббат» «Пәк», «Таза», «Адал» сияқты ең шынайы сезімдерді бойымызға сіңіріп, өз сенімдеріне дұрыс басшылық жасай білуге, Отанға деген сүйіспеншілік, ана мен бала арасындағы махаббат, доска адалдық және «Соқыр махаббат» атағын жамылып жүрген сезімдерден сақтандыру.

**Тәрбиелік:** Өз Отанын, кіндік кескен жерін, елін, ата-ана, ұстаз, туыстардың жылы сезімдерін қастерлеп, сүюге үйрету.

**Сабақтың түрі:** Әдеби-музыкалық композицияға негізделген пікір алысу кеші.

**Әдісі:** Баяндау, шығармашылық жұмыс.

**Көрнекілігі:** Суреттер, нақыл сөздер, ТСО қолдану.

**Барысы:**

**I. Ұйымдастыру.** Оқушылардың зейінін тақырыпқа аудару.

Залда қатысып отырған қадірменді қонақтарға тілек жазылған жүректер сыйланады



**Мұғалімнің кіріспе сөзі:**

«Махаббат — оқ» дейді,
«Махаббат — шоқ» дейді,
Енді бірі «Махаббат жоқ» дейді.
«Махаббат — жалын» дейді,
«Махаббат — малым» дейді.
«Махаббат — арын» дейді,
«Махаббат — жаным» дейді.
Ең есті адам «махаббат —
Жан жарым» дейді.

— Сіздер қалай ойлайсыздар, махаббат дегенде бұл атау бір ғана адамға тиесілі бола ма?

Тақтаға аудитория көмегімен махаббаттың орны, картасы жасалады. Түрлі түсті суреттер жапсырылып, оған жүректер қадалады. Мысалы, ана суретінің тұсына жүрек суретін қадау.

| **Махаббат орны** | **Кімге арналған махаббат?** | **Махаббаттың түрлері** |
|---|---|---|
| 1. Отан, ел, жер, қала, дала, ауыл, көше, үй, сынып. | Отанға, елге, жерге, туған қалаға, туған ауылға, жүрген жолдар мен көшелерге, өзім тұратын үйіме және оқитын сыныбыма. | Адал, пәк, шексіз, құрметті махаббат. |
| 2. Ата-ана, туған-туыс, іні-қарындас. | Әкеме, анама, атама, апама, аға-бауырыма, сіңлі-апама, туған-туыстарға. | Перзенттік махаббат. |
| 3. **Ұлылар махаббаты:** Еңлік-Кебек, Ақан сері-Балқадиша, Мәриям-Дүйсен, Естай-Қорлан, Ләйлі-Мәжнүн, Қозы Көрпеш-Баян сұлу. | Қыз-жігітке, ару қызға, ер азаматқа. | Киелі, мәңгілік махаббат. |
| Мектеп, сынып, | Ұстазға. | Шәкірттің шынайы |

**Отформатировано:** Шрифт: 16 пт, Цвет шрифта: Серый 85%, казахский
**Отформатировано:** Шрифт: 16 пт, Цвет шрифта: Серый 85%, казахский
**Отформатировано:** Шрифт: 16 пт, Цвет шрифта: Серый 85%, казахский
**Отформатировано:** Шрифт: 16 пт, Цвет шрифта: Серый 85%, казахский
**Отформатировано:** Шрифт: 16 пт, Цвет шрифта: Серый 85%, казахский
**Отформатировано:** Шрифт: 16 пт, Цвет шрифта: Серый 85%, казахский
**Отформатировано:** Шрифт: 16 пт, Цвет шрифта: Серый 85%, казахский
**Отформатировано:** Шрифт: 16 пт, Цвет шрифта: Серый 85%, казахский
**Отформатировано:** Шрифт: 16 пт, Цвет шрифта: Серый 85%, казахский
**Отформатировано:** Справа: 0,63 см

| | | |
|---|---|---|
| ұстаз. | | махаббаты. |

Бұл картаны толтыруда **«Кім жылдам?» ойыны** ұсынылады.

1. Отан тақырыбына өлең, мақал-мәтелді кім көп айтса, сол жеңімпаз атанады.

Ән: Отан тақырыбына арналады.

2. «Ананың ақ сүті...», «Ана жүрегі...», «Әке — асқар тау» сөздерінің мағынасын ашу ұсынылады.

«Ана жүрегі» балладасындағы жігіттің анасына деген қатыгездігі, қызға деген сезімнің басымдығы жырланған, жігіттің бұл қылығын қалай бағалайсыңдар?

«**Ана туралы жыр**» әні.

— Мәңгілік махаббат иесі болып тарихта қалған «**Ұлылар махаббаты**» дегенде кімдер туралы айтамыз?

Аудитория көмегімен Естай-Қорланның махаббатына талдау жасалып, «Естай» әні орындалады.

Мәриям мен Дүйсеннің махаббаты талданып, **«Дудар-ай»** әні орындалады.




*Жайымен барады өтіп күйбең өмір,*
*Әуре сарсаң салады күйге небір.*
*Сүйсем де, сүймессем де, сүйсінсем де,*
*Ұстаз — өмір өзіңнен үйренемін, –*

демекші, бізге дәріс беріп жүрген ұстаздарымызға шәкірттік шынайы махаббатымызды білдіріп, «Ұстазыма» әнін орындаймыз.

Аудиториямен бекіту жұмысын жасау мақсатында тақтада жазылған екі сөзге талдау жасау ұсынылады.

1. Тақырыпты қорытындылау мақсатында ортаға екі оқушы шақырылады, сүйіспеншілікке негізделген он сөйлемді бір мезгілде шатаспай, әрі тез арада айтып үлгеруі керек.

~~1.~~2. Белсене ат салысқан оқушыларға жүлде ретінде «Жүрек» пішіндері сыйға тартылады.

Кеш мұғалімнің қорытынды сөзімен аяқталады:

*Жанып-сөнген махаббаттар, жылама,*
*Өткен күннен жалыныңды сұрама.*
*Өмір — асу, өмір — майдан, өмір — құз,*
*Өзіңе-өзің қайрат бер де, құлама!!!*

**_Н.Қыдыргелдина_**
*«Қазақ тарихы», №5, 2007 ж.*

## Тыңды игерудің Қазақстан экономикасына пайдасы мен зияны

(«Азамат» пікірсайысы.11-сынып.)

Ұйымдастыру бөлімінде оқушыларға нақты міндеттер белгіленеді.

**Негізгі ұранымыз:** «Жан-жақты ойланып, нақты, қысқа да нұсқа жауап бер».

**Мұғалімнің кіріспе сөзі:**

— Балалар, бүгінгі сайысымыздың сұрақтары өздеріңе алдын-ала берілген болатын. Тың игерудің Қазақстан экономикасына пайдасы көп пе немесе зияны көп пе? Осы жағын екі топтың оқушылары талқыға салып көрейік.

**Қатысушылар:**

«Болашақ» фракциясы: жақтаушы топ: Зәріпханова Балғын — 11 «А» сынып оқушысы, Әміրғалиева Балнұр.

«Ақиқат» фракциясы: даттаушы топ: Әбілқасымова Бекзат — 11 «Б» сынып оқушысы, Әбдікәрімова Қымбат.

**І-бөлім:** Өзіндік пікір енгізу (4-5 мин.).

Отформатировано: Справа: 0,63 см

Бұл бөлімде екі топ ойыншылары кезек-кезек шығып, ойынға қатысушылар алдында өз тақырыптарын ғылыми түрде қорғайды және дәйектемелерін келтіреді. Екі топқа да өз пікірлерін дәлелдеуге бес минут беріледі.

**1-оқушы:**

— Армысыздар, форум мүшелері, менің қарсыластарым!

Бүгінгі біздің талқыға алғалы отырған тақырыбымыз 1954 жылғы тың және тыңайған жерді игерудің Қазақстанға тигізген пайдасы және зияны болмақ. Менің ойымша, тың игерудің зиянынан гөрі, пайдасы көп. 1954 жылы КОКП-ның қыркүйек айындағы пленумы ауылшаруашылы-ғында орын алған жағдайға талдау жасап, оның даму болашағына тоқталды. Сондықтан да үкімет билігінде тың игеру идеясы пайда болды. Астықты молайтудың бір көзі Қазақстанда, Сібірде, Оралда егіс көлемін өсіру қажет деп шешті. Егер жаңа жерлер игерілсе, одан 11-12 миллион пұт астық алу көзделді. Тың жерлердің басым көпшілігі Қазақстанның солтүстігіндегі алты облыста Қостанай, Ақмола, Торғай, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстарында жүзеге асырылды.

**Тың игерушілерге мынандай әлеуметтік көмек көрсетілді:**

1. Дүние мүлкісімен тегін көшірілді.
2. Отбасына 1000 сом, жеке мүшесіне 200 сом берілді.
3. 10 жыл мерзімге 10000 сом несие берілді.
4. 1,5 ц. тегін азық берілді.
5. 1500-2000 сом мал сатып алу үшін несиеге берілді.
6. 5 жылғы салықтан босатылды.

Қазақстанның совхоздарында МТС-тердің жанында механизаторлар дайындайтын курстар ашылды. Тың игеруде Қазақстанның ауылшаруашылық материалдық-техникалық базасы нығайды.

Совхоздар мен колхоздар 169000 трактор, 98000 комбайн, 73000 жүк автомашинасын және басқа да көптеген техника алды. Міне, мен тың игерудің тарихы туралы қысқаша тоқталып өттім.

**Мұғалім:**

— Рақмет, келесі сөз өз пікірін қорғау үшін даттаушы топқа беріледі.

**3-оқушы:**

— Сөз бергеніңізге рақмет. Қайырлы күн, құрметті форум мүшелері, «Болашақ» фракциясы!

Иә, 1954 жылы тың игеру басталды. Тыныш жатқан далаға ғана емес, халықтың тағдырына да түрен түсті. Тың игеру барысында көптеген жетістіктерге қол жеткіздік десек те, оның зиянын айтпай кету мүмкін емес. Себебі, тың игерудің залалы мен пайдасы бірдей. Бірінші, пайдасына тоқталсақ, астық молшылығына кенелдік, ауылшаруашылық техникасына молықтық дейміз. Ал астық егу үшін қазақтың еркін мекендеп келген ұлан-ғайыр даласын жыртып, жойып жібердік. Мұндай мүмкіндікті мұқият зерделеп, іс-қимылдың айқын, ғылыми бағдарламасын әзірлеп барып жасаса, Қазақстанның астық өндірісіне кім қарсы болсын?!

Тіпті, тың жерді игеруге әбден ескіріп, тозығы жеткен комбайн, трактор, автомашина берілгендігі жөнінде ешқандай сөз қозғалмады. Экономикасы мәз емес Қазақстанға осындай техникаларды өте жоғары бағаға сатып жатты.

Тың игеруге қарсы болған Қазақстанның бірінші хатшысы Шаяхметовты орнынан алып тастады. Баспасөз осындай көлеңкелі жақтар туралы ешнәрсе жазбады.

Малшаруашылығы орны толмас шығынға ұшырады. Айта берсек, сол кездегі қателіктер шаш етектен:

1. Әртүрлі ұлттардың араласуынан қанымыз бұзылды.

2. Тілімізден айрылып қала жаздадық. Оның залалы әлі күнге дейін сақталып келеді.

3. Қазақ халқының салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, мәдениетіне «менсінбей» қараушылық пайда болды. Енді, біздің ойымыз — көзімен көрмеген, қыр-сырын анық білмейтін жас ұрпаққа сол кездегі ащы шындықты айту және болашақ ұрпақтың осындай қателіктерді қайталамауын қадағалау.

**Мұғалім:**

— Рақмет, енді осы пікірді толықтырушыларды ортаға шақырсақ. Алғашқы сөз "Болашақ" фракциясына беріледі. Уақытыңыз — 4 минут.

**2-оқушы:**

— Сәлеметсіздер ме, бүгінгі ойынға қатысушылар және менің қарсыластарым.

Мен алдында сөйлеп кеткен жақтасымның сөзін әрі қарай жалғастыра келе, тың саясатын қолдаймын. Оның пайдалы жағын менің жақтасым өзінің айқын дәлелдемелерімен көрсетіп кетті.

Мен халықтың тілі, білім алу және сол кездегі қазақ ауылдарының орысша атауға ауысу себептері жайлы айтпақпын.

Отформатировано: Справа: 0,63 см

Ең бірінші — тіл мәселесі. 50 жылдардың ортасына таман қазақтар саны азая бастады. Олардың ана тіліне деген сұранысы мүлдем төмендеп кетті. Қазақ мектептері жабыла бастады. Көптеген отандастарымыз балаларын ана тілінде оқытудың ешқандай мән-мағынасы жоқ екендігін түсінді.

Алайда, қазақтар ана тілін ұмытқан жоқ. Олардың орыс тілін үйренудің себебі мемлекетті орыстар басқарды. Маман кадрлар да орыс жерінен келген. Ал осынша адаммен ортақ келісімге келмеу мүмкін емес. 1962 жылғы санақ бойынша 29% қазақ болса, қалған 71% өзге ұлт өкілдері. Сол себепті қазақтар орыс тілінде сөйледі.

Екінші мәселе — тың игеру кезіндегі колхоздар мен совхоздардың рөлі. 1954 жылдың көктемінен бастап жерді зерттеу, іріктеу жұмыстарына Москва, Украинаның ғалымдары, ботаниктері, гидрогеологтары, т.б. көп жұмыс жасады. Бір жылдың ішінде 337 жаңа астық совхоздары құрылды. Тың алғашқы күннен бастап адамдарға интернационалдық тәрбие берудің, еңбекке шыңдаудың мектебіне айналды.

Өз сөзімді қорытындылай келе, біз мәдениет, экономика, ғылым жағынан «тың игеру» саясаты негізінде дамыдық. Тыңдағандарыңызға рақмет.

**Мұғалім:**

— Рақмет. Келесі пікір толықтыру «Ақиқат» фракциясына беріледі. Уақытыңыз — 4 минут.

**4-оқушы:**

— Армысыздар, құрметті форум мүшелері!

«Таяқтың екі ұшы болады» демекші, әр істің де екі жағы болады. Осы тұрғыда мен «Тың және тыңайған жерді игерудің Қазақстанға тигізген зардабын» этнографиялық жағынан сипаттаймын.

**Бірінші айғақ:**

Демографиялық ахуалды шиеленістіру.

Тың игеру желеуімен 1960 жылдардың басында Қазақстанға 2 млн-ға жуық адам қоныстанды. Оған жұмысшы мамандар жетіспейді деген себеп болды. Барлық көмек келушілерге ғана жасалды.

«Жарлының қалтасында жел гуілдейді» демекші, осы көмек қалтасында көк тиыны жоқ қазаққа берілсе, жер айрылып, ортасына түсіп кете ме?

**Екінші айғақ:**

Тіл өз ауқымын тарылтты. Тіпті, қазақ тілінде шығатын газет, кітаптар шығарылуын тоқтатты. Күні бүгінге дейін қазақ тілі өз мәртебесін көтере алмай келеді.

**Үшінші айғақ:**

Дінге зиянын тигізді. Ислам дінін 75 жыл бойы адам санасын улайтын апиын деп келді. Осыдан дінге деген сенім жойылды.

**Төртінші айғақ:**

Салт-дәстүріміз. Біз қонақжай халықпыз ғой. Келген мигранттармен қыз алысып, қыз берістік. Будандар пайда болды. Бұл біздің қандық құрамымызды өзгертті. Екінші мәрте сөз алмайтындықтан, сөзімді қорытындылаймын. «Айдың бетінде де таңба болады» дейді. Сол сияқты бұл зардап та таңба. Елдігімізді, жерімізді, дінімізді сақтайық, ағайын!

**Мұғалім:**

— Рақмет, осымен бірінші бөлімім аяқталды, енді екінші қарсы пікір білдіру бөлімін бастаймыз.

**II-бөлім.** Қарсы пікір білдіру (3 минут).

Екі топтан ең алғаш болып шыққан ойыншылар кезектесіп, өз тақырыптарын қорғай келе, қарсы топтың тақырыбына тоқталып, келтірілген дәйектемелерін әр топ өз тарапынан шынайы жайттар арқылы теріске шығарып, дәлелдеуге тырысады. 3 минут уақыт беріледі.

**III-бөлім.** Сұрақ-жауап.

Ойын барысында туындаған ахуалға орай, екі топ бір-біріне қарама-қарсы екі сұрақтан қойып, сұрақтарға жауап қайтарады. Көрермендер тарапынан да сұрақтар қойылады.

**IV-бөлім.** Қорытындылау (3 минут).

Екі топтан екінші болып шыққан ойыншылар кезек-кезегімен шығып, өз тақырыптарына тоқталып, ұсынған дәйектемелерін барынша қорғай келе, өз ойларын қорытындылайды.

**V-бөлім.** Көрермендер пікірі.

Ойынға қатысушы көрермендер ойын тақырыбы туралы өз ойларын білдіріп, қай топқа дауыс беретіндіктерін айтады.

**VI-бөлім.** Ақылдастар алқасының пікірі.

**Отформатировано:** Справа: 0,63 см

Ойынға бақылау жасаушы арнайы құрылған ақылдастар алқасы тақырып бойынша өз ойларын айта келе, ойынға баға береді. Ақылдастар алқасының сөз сөйлеуі кезінде ойынға қатысушы көрермендерден дауыстар жиналады.

**VII-бөлім.** Жеңімпаз топты атау.

Дауыс беру нәтижесі бойынша, көп дауыс жинаған топ анықталып, ойынды жүргізуші мұғалім осы топты ойынның жеңімпазы ретінде атайды.

Дауыс беру нәтижесінде «Тың және тыңайған жерлерді игерудің Қазақстан экономикасына зияны көп» деп пікір ұстанған даттаушы топ «Ақиқат» фракциясы көп дауысқа ие болып, ойын жеңімпазы атанды.

***Ф.Әлиақпарова***

*«Қазақ тарихы», №5, 2007 ж.*

Отформатировано: Шрифт: 16 пт, не полужирный, курсив, Цвет шрифта: Серый 85%, казахский
Отформатировано: Шрифт: 16 пт, не полужирный, курсив, Цвет шрифта: Серый 85%, казахский
Отформатировано: Шрифт: 16 пт, не полужирный, курсив, Цвет шрифта: Серый 85%, казахский
Отформатировано: Шрифт: 16 пт, Цвет шрифта: Серый 85%, казахский

## Мәдениет мәселесін оқытқанда

### Конференция сабағы

**Тақырыбы:** Мәдениет — адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі.

**Мақсаты.**

**Білімділік:** Мәдениет — жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі. Адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылыс екендігін түсіндіру.

**Тәрбиелік:** Өркениеттің мәдениетті адамдарын қалыптастыру.

**Дамытушылық:** Қоғамдағы рөлдерін шыңдау. Ойлау мәдениеттерін дамыту.

**Сабақтың түрі:** Конференция сабағы.

**Сабақтың көрнекілігі:** Плакатқа жазылған сөздер.

1) ҚРК 19-бап: «Әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар».

2) ҚРК 37-бап: «Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға міндетті».

3) Құранның 103 «Кеш» сүресі: «Ей, адамдар. Тегінде атасы баласына сүйеу бола алмайтын, баласы да атасына көмектесе алмайтын күн болатыннан сақтаңыздар».

4) Абайдың «Он тоғызыншы» қарасөзі: «Егер есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмаса, айында бір өзіңнен-өзің есеп ал! Сол алдағы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге... не дүниеге жарамды күніңді өзің өкінбестей өткізгеніңді өзің де білмей қалыпсың...»

5) Тірек-сызба схемалары.

6) Венн диаграммасы.

7) Салауатты өмір салтына байланысты салынған суреттер.

**Ұстаз кіріспесі.**

Қоғам — адамзат ұрпақтарының үздіксіз алмасуының процесінде ғана өмір сүре алады. Өзіңді қоғамның біртұтас бөлшегімін деп сезіну өлім (жеке адамның) және мәңгілік (бүкіл адамзаттың) мәселелерін дұрыс түсінуге мүмкіндік береді. Адам мәңгілік болмағанымен, мәңгілік өмір жалғасының бір бөлшегі болып табылады. Бұл — оптимистік көзқарас, адам өзі өлсе де, ұрпақтарының өмірімен, артына қалдырған мұраларымен, жасаған ерліктерімен қоғамның бір бөлшегі ретінде мәңгі тірі болып қала береді. Сондықтан адамдар барлық қабілет, мүмкіндіктерін жан-жақты дамытып отыруы керек. Осы жерде адам тек қоғам арқылы ғана өмірінің мақсатына жетеді деген ой жатыр. Адамдарға қажеттісі — өзінің біреуге керектігін сезіну, ортақ іске қосқан үлесінің бағалануы. Сондай-ақ қоғам адамдарды біріктіреді. Осы қоғамда өмір сүрген адамның жағдайының сол өзгерістерге тәуелділігі арасында адам өмір сүруін жалғастырады.

**Қоғамның негізгі өрістері**

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Қоғам | | |
| | Саяси өмір | Рухани өріс | |
| | Әлеуметтік өріс | | |
| | Экономикалық өріс | | |

Қоғамның болашағы осы өрістердің негізінде жасалады. Адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Онда табиғат алдында үлкен тәуелділікте қалады. Оның әлеуметтік, саяси, рухани қанағаттану мүмкіндігі күрт таралып (қатынаста, өнерде, т.б.), еркіндігі кемиді, болашағы жоғалады. Қоғамның мұндай өрістерін басынан кешірген адам қоғамда өмір сүре алмайды. Қоғамды өмірлік, мәңгілік

**Отформатировано:** Справа: 0,63 см

болашаққа айналдырудың басты шарты — еңбек, демократиялық ой-сана.

Иә, бүгінгі біздердің өміріміздеүлкен өзгерістер болуда. Көбінің рухани дүниесі күйзеліске ұшырауда, осы тұста мәдениетке деген көзқарасты жаңарту – бүгінгі күндегі жаңа міндет. Саналы ұрпақ өрбімейінше, елдің мәдени құндылығы артпайды.

Ендеше, біздің бүгінгі «Мәдениет — адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі» атты қорытындылау сабағының басты мақсаты — сендердің қоғамдағы ой-пікірлеріңді таразылап, бағыттарыңа жаңа серпіліс жасап, мәдениет тақырыбын меңгерудегі, ғылыми ізденудегі шеберліктеріңді ортаға салып, білім нәрін алу. Өйткені сендер — ертеңгі қоғамның белсенді мүшесісіңдер!

Оқушылар дөңгелек үстел болып отырады.

 — дөңгелек үстел

— репортер. «Оқиға болған жерден» деген тақырыппен бақылау жасайды.

## Сабақтың жоспары

**I.** Өзіңді-өзің байқап көр. Қазақ қандай ел? Кеше. Бүгін. Болашақта. *(Үй тапсырмасы бойынша зерттеу жұмыстарының нәтижесі.)*

**II.** Адамгершілік пен мәдениетті танудағы пікірталас — шындықтың анасы.

а) Тірек-сызба схемаларын шешу.

ә) Ой-таным сұрақтары.

**III.** Көңіл аудар даналардың сөзіне, адал жанды өнеге тұт өзіңе! *(Венн диаграммасын шешу.)*

**IV.** «Телекөпір» (Оқушылар ақын, әнші, сәулетші, парламент депутаты, мұғалім, дәрігер, спортшы, молда-қажы, оқушы болып отырады). Репортер олармен мәдениеттің дамуында кездесіп отырған кемшіліктер мен жетістіктерге өз рөлдерінің тұрғысынан жауап береді.

**V. Қорытынды.**

**Сабақтың барысы:**

**I. Жоспардың I мәселесі бойынша үй тапсырмасын сұрау.**

Жетістігі әлеуметтік-экономикалық

Қазақ қандай ел?

Кемшілігі саяси

**II. Тірек-сызба схемасы (таным шеберліктерін байқау)**

а) 1. Қоршаған орта

Мәдениет — адамның өмір сүрген ортасымен қарым-қатынасы нәтижесінде қалыптасады.

Адам

2. Әкімшілдік-әміршілдік жүйе

КСРО тұсында

Мәдени ескерткіштер

3. Мәдениет

ә) Ойтаным сұрақтары.

1) Мәдениет пен адамгершілікті бөліп қарауға бола ма? *Жоқ. Екеуі де тығыз байланысты, адамгершіліксіз мәдениет қалыптаспайды.*

2) Адамдағы ізгі қасиеттер: *төзімділік, ақыл-ой, білім, мейірімділік.*

3) Адамның өзгертіп ала алмайтын қасиеті: *кәрілік, мінез, өлім*.

4) Адамды қор қылатын нәрсе: *менмендік, екіжүзділік, мақтаншақтық, көрсеқызарлық.*

5) Кімдерден жақсылық жоқ? *Ойсыз дастаннан, мырзалығы жоқ бардан, саулығы жоқ өмірден.*

6) Қандай адам мәдениетсіз? *Ойы қуыс, сана-сезімі саяз, көргенсіз, тәрбиесіз.*

7) Адамға жарасатын қылық: *адалдық, еңбекқорлық, өнер іздеушілік.*

8) Өз құрбыларының арасында қылығынан, адамгершілігінен үлгі алар азаматтар бар ма?

**III. Венн диаграммасын толтыру:**

**Қорқыт** **Абай**




Отформатировано: Справа: 0,63 см

| ерекшелігі | | ерекшелігі |
|---|---|---|

Бұл диаграмманы математика сабағымен де байланыстыруға болады (екі шеңбер, екі шеңбердің қиылысуқан ортасы оның ұқсастығына кіреді).

**IV. «Телекөпір»** 1. Оқушылардың өздерінің таңдап алған мамандықтары бойынша рухани мәдениеттің дамуындағы тіршілікке тоқталады (мәні, мағынасы, талғамы).

2. Тақырыпты ашу.

3. Оқушылардың ойын жинақтай келе, ой серпілістерін музыкамен ұштастыру.

4. Репортердің қорытынды сөзі.

**V. Қорытынды.**

Міне, ХХ ғ. бітіп, ХХІ ғасырда өмір сүріп жатқан елміз, біздің болашағымыз — ХХІ ғасыр.

Ендеше, ағылшынның ұлы ғалымы Томас Хакслидің мына сөзіне назар аударайық: «Қол жеткізе алатын қабілеттерінің ішіндегі ең құндылары:

1. Істелуге тиіс нәрсені істеуге;

2. Қашан істелуі қажет болса, дәл сол мезетте істеуге;

3. Саған ұнайтын, ұнамайтынына қарамастан істеуге өзінді-өзің көндіру. Қалған ғұмырыңды істелуге тиіс дүниелеріңе арнасаң, табыс өздігінен келеді».

Енді осы қағиданың мағынасын тереңірек түсіну үшін мына схемаға назар аударайық:

А – алғашқы
Қ – құл иеленушілік
Ф – феодалдық
К – капиталистік
С – социалистік
И – информациялық

**Адамның**

Оң ісі — протонды Теріс ісі — электронды

Бай, қуатты адам — Қуатсыз адам
қоғамның қорғаушы күштері (әлеуметшілер, ғалымдар, діншілдер, суретшілер, т.б.) — пайдасыздар (ойсыздар, жігерсіздер, талапсыздар, т.б.)

Бұл схема арқылы жеке адамның күнделікті өмірде қоғаммен, табиғатпен, аспан денелерімен жекелеген байланысқа түсетіндігі және бұл әрекеттің физикалық заңдылықтарының әсері жайлы әңгімелеу. Адамның үздіксіз еңбегі арқылы информациялық дәуірге жетіп отырғанымызды айту. Ендеше, қоршаған ортаға оң әсер ету үшін адамдар бойында парасаттылық болу керек. Физикалық құбылыстардағы оң және теріс зарядтар тәрізді адамдардың күнделікті әрекетінде де оң және теріс істердің болатындығын айту.

Абайдың «Адам және заман туралы» қарасөзінде былай айтылған:

**Заман ортақ**

Білім мен білігін Жұмсап, заманды билеушілер — Басында еркі жоқ суға аққан қаңбақтай беті ауған жаққа кетушілер

Заманды алға сүйреушілер — Ақыл-парасатқа жүгінушілер — Заманды артқа сүйреушілер

Ешкім де заманнан тыс болмайды. Бұлардың арасында майдандасқан күрес бітпейді.

Сондықтан біз XXI ғасырға сақадай сай болуымыз керек. Сендердің алдарыңда сәл ғана уақыттан соң өмір сахнасына жол жатыр, оның соқпақты-соқпақсыз жолдарын кездестіресіңдер, тек ақыл-оймен әр нәрсені шеше біліңдер демекпін.

**Сүлеймен Пайғамбардың мына тұжырымы әрқашан естеріңде жүрсін:**

1. Үнемі жылы да жұмсақ жауап бер!
2. Ешқашан да жүрек жаралайтын қатқыл сөз айтпа!
3. Қызбаланба!

Отформатировано: Справа: 0,63 см

4. Ашулансаң да, ақылыңды жоғалтпа!

Осыдан кейін «салауатты өмір салтына» байланысты салынған суретті пайдаланып, ойларын айтқызып, сабақты қорыту.

# V-ТАРАУ

## *САБАҚТЫҢ БАҒАЛАУ, ТАЛДАУ ШАРТТАРЫ* (үлгі)

### *1-үлгі. Мұғалім және оқушының іс-әрекетінің сипаты бойынша сабақтың көшірмесі*

**Мақсаты:** Оқушылардың оқу іс-әрекеттерінің түрлерін, мұғалімнің игеру деңгейін зерттеу.

**Шартты белгілер:**

Т — іс-әрекеттердің шығармашылық деңгейі

— әрекеттердің эвристикалық деңгейі

— үлгі бойынша іс-әрекет

△ — жаңғыру деңгейі

⊥ — өте нашар жауап (көмек арқылы)

— жауап берілмейді

| Сабақтың уақыты | Мұғалімнің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеттерінің сипаты | Қорытынды |
|---|---|---|---|
| 1-5 мин. | | | |
| 6-25 мин. | | | |
| 26-35 мин. | | | |
| 36-45 мин. | | | |

**2-үлгі.**

| Сабақтың тақырыбы | Сабақтың ұйымдас-тырылуы | Сабақтың мазмұны | Әдістемелік негізі | Уақыт бойынша сабақ құрылымы | Қорытынды және ұсыныс |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1. Сабақтың басталу кезеңі — мақсаттың қойылуы, танымдық міндеттердің айқында- | 1. Ғылыми және ой жүйелілігі. 2. Мазмұнның мазмұндылығы. 3. Ғылыми түсініктің қалыптасуы. | 1. Жалпы мектептік проблеманың сабақта көрініс табуы. 2. Көрнекіліктің қолданылуы. 3. Оқушылардың таным | 1. Үй тапсырмасының тексерілуі. 2. Оқушылардың жаңа материалды қабылдауы | 1. Сабақтың түрі. 2. Оқушылардың білім сапасы. 3. Сабақ мақсатының нәти- |



Отформатировано: Справа: 0,63 см

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | луы.<br>2. Оқушылардың ынта-ықыласын ояту.<br>3. Оқытудың жекелік түрі.<br>4. Білім сапасы үшін бақылау.<br>5. Бірыңғай талаптың сақталуы.<br>6. Үй тапсырмасының берілуі. | 4. Өмірмен байланысы.<br>5. Оқытудың тәрбиелік бағыты.<br>6. Моральдық және эстетикалық сезімнің дамуы.<br>7. Сабақтың эмоциялылығы. | белсенділігінің дамуы.<br>4. Оқытудың проблемалылығы.<br>5. Ойлау жүйесінің жан-жақты дамуы.<br>6. Өзіндік жұмыстың жүргізілуі.<br>7. Ынтымақтастықтың қарсы байланыстың болуы. | және жинақталуы.<br>3. Білім, білік-дағдыларының қалыптасуы, олардың тәжірибеде қолданылуы.<br>4. Оқушылардың өзін-дік жұмысы.<br>5. Үй тапсырмасы. | желілігі<br>4. Сабақ түріне құрылымының сәйкестігі.<br>5. Уақытты тиімді пайдаланды ма?<br>6. Ұжымдық оқыту мен жекелік жұмыстың бірлігі. |

**3-үлгі.**

Күні:____________________ Сыныбы:_______________ Оқушы саны:__

Сабақ тақырыбы:________________________________________________

Пән мұғалімі:_____________________________________________

Сабаққа қатысқан мұғалім:_____________________________________

| **Р/с** | **Көрсеткіштер** | **Балл** | **Сіздің баллыңыз** |
|---|---|---|---|
| 1. | Сабақты ұйымдастыру | 5 | |
| 2. | Үй тапсырмасын тексеру | 5 | |
| 3. | Материалды берудің ғылыми деңгейі | 5 | |
| 4. | Оқушылар зейінін тақырыпқа шоғырландыру | 5 | |
| 5. | Сабақты өткізу әдісін таңдау | 5 | |
| 6. | Жаңа материалды түсіндіру, проблемалық мәселені қоя білуі | 5 | |
| 7. | Жаңа материалды бекіту | 5 | |
| 8. | Өткенді қайталауды ұйымдастыру | 5 | |
| 9. | Оқулықпен жұмыс, өзіндік жұмыстың ұйымдастырылуы | 5 | |
| 10. | Ұжымдық, жекелей, саралап оқытуды ұйымдастыру | 5 | |
| 11. | Мұғалім мен оқушы қатынасы | 5 | |
| 12. | Техникалық көрнекілік, дидактикалық | 5 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | материалды пайдалануы | | |
| 13. | Білімді бағалау, бақылау | 5 | |
| 14. | Сабаққа жаңа педагогикалық технологияны пайдалану | 5 | |
| 15. | Уақытты үнемдеу | 5 | |
| 16. | Пәнаралық байланысты дамыту | 5 | |
| 17. | Кері байланысты ұйымдастыру | 5 | |
| 18. | Білімді практикада пайдалану | 5 | |
| 19. | Үй тапсырмасының мөлшері | 5 | |
| 20. | Сабақты аяқтау, қорытындылау | 5 | |
| | **Барлығы:** | 100 | |
| | 100-90 балл | 5 — баға | |
| | 89-75 балл | 4 — баға | |
| | 74-55 балл | 3 — баға | |
| | 53-0 балл | 2 — баға | |
| | Сіздің бағаңыз | | |
| | Қолыңыз | | |

**4-үлгі.**

| **Мұғалімнің іс-әрекетіне қойылатын талаптар** | | | **Оқушының іс-әрекетіне қойылатын талаптар** | **Бағалары** | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырушылық** | **Оқытушының іс-әрекеті** | **Тәрбиелілігі** | | **1 сабақ** | **2 сабақ** | **3 сабақ** | **4 сабақ** |
| 1. Белгіленген сабақ жоспарының орындалуы | Оқытушының танымдық принциптерінің жүзеге асуы | Сабақтың идеялық, адамгершілік, дүниетаным бағыты | Танымдық белсенділік деңгейі | | | | |
| 2. Көрнекі құралдар мен ТСО қолдану - дың тиімділігі. Мақсаты. | Көрнекілік принциптерін жүзеге асырудың нақтылығы. | Оқушының оқу, еңбек бірліктерін қалыптастыру | Оқу мен оқу пәндерін қызметтерге бөлу | | | | |
| 3. Негізгі психологиялық гигиеналық талаптардың орындалуы | Білім, білік-дағдыларын беріктік, салалық, жүйелік принципте жүзе- | Кәсіптік бағдар беру, мүмкіндігінше әлеуметтік бағдар беру | Өз бетінше жасайтын жұмыстардың деңгейі | | | | |

**Отформатировано:** Справа: 0,63 см

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ге асыру | | | | | | |
| 4. Барлық оқушылармен қарсы байланыста болу тиімділігі | Оқытудың лайықты және жоғары болуын сақтау | Сабақтың ой тәрбиесі мен оқушы дамуына әсері | Білімнің өзектілігі. Оқу мате-риалындағы негізгі идея-ны, ойды анықтай білу | | | | |
| 5. Оқу пәндерінің бірлігі, педагогикалық шеберлік деңгейі | Проблема-лық принцип-терді жүзеге асыру | Спорттық, гигиеналық тәрбиеге талап қою | Аналитика-лық бағдар беру деңгейі | | | | |
| 6. Сабақ бойынша құжат, жабдық-тарды ұйымдастыру деңгейі | Оқытуды өмірмен теориялық жағынан байланыс-тыру | Оқушының сабақтан алған эстетикалық әсері. | Сабақты жүргізу жо-лындағы ауызша, жазбаша тіл дамыту түрі, арнаулы, белгілі бір дағдының болуы | | | | |
| 7. Мұғалім тілінің сапасы (ырғақ, сөйлеу мәнері, эмоция, образды жүйелеу тиімділігі) | Дидакти-калық мақсатты таңдаудың тиімділігі. Мақсаты. | Сабақ үстін-де тәрбиелік міндеттердің орындалуын өмірмен байланысты тиімді қолдану | Ұжымдық жұмыс біліктерін дамыту | | | | |
| 8. Сабақ уақытын үнемді пайдалану | Оқыту әдіс-терінің дұ-рыс таңда-луы. Олар -дың жас ерекшелігі-не сай келуі | Бағалаудың тәрбиелік маңызы | Тақтамен, құралдар-мен, арнау-лы жабдық-пен жұмыс жасай білу | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 9. Мұғалімнің педагогикалық тактикасы, мәдениеті, сырт көрінісі | Оқушының білімін тексеру негізінде білім беру дағдысын бақылау | Мұғалім мен оқушының қарым-қаты - насы. Оқу-шыларды басқару стилі, ұнамдылығы | | | | | |
| 10. Еңбекті қорғау ережелері мен техникалық қауіпсіздікті сақтау | Үй тапсыр-маларының, сынақ объек-тісінің бо-луы, тексеру әдістерінің тиімділігі | Мұғалімнің іс-әрекетінің тәрбиелік мәні | Оқушылардың сыртқы түрінің бірыңғай талапқа сәйкес болуы | | | | |
| **Әр бөлімге 5 балдық баға қою** | | | **Барлығы:** | | | | |
| **Сіздің пікіріңіз:** | | | | | | | |

А — сыныпты ұйымдастыра білу.
Ә — үш бірліктің міндетін анықтау.
Б — мұғалімнің сабаққа дайындығы, сабақ мақсатын қоя білуі.
В — сабақ құрылымының сақталуы, уақытты тиімді пайдалану.
Г — оқушылардың оқуын ұйымдастыру.
Ғ — сабақ өткізудегі әдіс-тәсілдері (қолданған көрнекілігі, кесте, перфокарта, диафильм, т.б.).
Д — оқушының оқытушы басшылығымен жұмыс істеуі.
Е — оқытудың жүйелілігі.
Ж — оқытудың жетістігі (сабақтың ең өзекті мәселесін шешу).
З — оқыту мен тәрбиелеудің соңғы нәтижесі.
И — мұғалімге мінездеме: сөздік қоры, талап қоюы, терминді пайдалануы.
К — үйге тапсырма беру.
Қ — сабаққа қойылатын талаптың орындалуы.

Отформатировано: Справа: 0,63 см

8

7

6

5

4

3

2

1

0

А Ә Б В Г Ғ Д Е Ж З И К Қ

(0,0-2,4) — төзгісіз, жеткіліксіз
(2,5-3,4) — әлсіз, сынау
(3,5-4,25) — жарамды, жеткілікті
(4,25-5) — оптимальды

**5-үлгі.**

Күні:____________________ Пән мұғалімі:__________________________

Пәні:____________________ Қатысқан мұғалім:______________________

| **№** | **Мазмұны** | **Шартты балл** | **Сіздің қойған балыңыз** |
|---|---|---|---|
| 1. | Сабақ түрін (типі) таңдаудың мақсатпен дұрыстығы, сай келуі, тақырыптағы орны, курстың тарауы, курсаралық және пәнаралық байланысы (форма ерекшелігі). | 5 | |
| 2. | Сабақтың білімділік, тәрбиелік мақсаттарын байланыстырылып, біріктірілуі (шешілуі), орындалуы, | 5 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | оқушылардың психологиялық дамуын ескере отырып, сабақтың (маңызды) ең түйінді мақсаттарын ерекшелеу, сынып ұжымының ерекшелігі мен мүмкіндігін ескере отырып нақтылау. | | |
| 3. | Сабақ мазмұнын оқытудың ғылыми-теориялық деңгейі: берілген материалдың тереңдігі, оның ғылымның қазіргі деңгейіне, бағдарламаның талабына сай болуы, мазмұндалуының оқушыларға жетімділігі (түсініктілігі). | 5 | |
| 4. | Сабақтың құрылымы, сабақтың тиімді құрылымының таңдалуы мен қарқыны, сабақ кезеңдерінің байланысы (логикалық аяқталғандығы). | 5 | |
| 5. | Оқытудың тиімді әдістерін таңдау (жалпы сыныптық) жұмыс түрлерінің үндесуі, сабақтың бар кезеңдеріндегі жұмыс негізін ерекшелеу, (монологтық тіл дамытуы) сөйлеу дағдысының тууы. | 3 | |
| 6. | Оқушы білімін бағалау жүйесі. | 2 | |
| 7. | Сабақтың (жабдықталуы) жабдықтары. | 3 | |
| 8. | Үй тапсырмасының мазмұны мен көлемін қалған уақытта ескере отырып анықтау. | 1 | |
| 9. | Қарым-қатынас мәдениеті: мұғалім-оқушы, оқушы-оқушы. | 3 | |
| 10. | Сабақты өзіндік талдау. Сабаққа өзіндік талдау жасау барысында оқушының алған білімділік, тәрбиелік дамытушылық нәтижесін анықтап көрсету. | 3 | |
| | Барлығы: | 35 балл | |
| | 35-30 балл | 5 — баға | |
| | 29-24 балл | 4 — баға | |
| | 23-16 балл | 3 — баға | |
| | 15-0 балл | 2 — баға | |
| | Сіздің бағаңыз | | |

Отформатировано: Справа: 0,63 см

| Қолыңыз | |
|---|---|

**6-үлгі.**

Сынып:________________ Пәні:__________ Мұғалімі:______________

Күні:_________________ Айы:____________________ Жылы:________

а) Ұйымдастырылуы.

6. Өткен және жаңа сабақтың қандай материалдарын оқушылар жақсы түсінген, қандай материалды нашар біледі? Нашар меңгерілудің себебі не?

7. Мұғалімнің өзі бағдарламаның өзгешеліктері мен талаптарын жақсы біле ме? Оның жақсы не нашар білетіні неден байқалады?

8. Жаңа сабақты оқушылар қандай дәрежеде меңгерді, жалпы осы сабақ туралы, оның нәтижесі туралы қандай қорытынды жасауға болады?

# VII-тарау

## *ЖАС МАМАН БІЛУГЕ ТИІСТІ*

### *Бүгінгі студент — ертеңгі ұстаз*
### *Мектептегі педагогикалық практика*

Болашақ тарихшы мамандарды тәрбиелеуде педагогикалық практиканың маңызы зор. Қоғамның дамуы барысында болашақ жас педагог мамандарды, өз ісінің шебері мамандарын дайындау — білім беру саласындағы өте жауапты міндеттердің бірі. Әуелден-ақ осы жауапты міндет жоғары оқу орындарының еншісінде. Міне, осы жоғарғы оқу орындарындағы педагогикалық практика кезінде мамандық шеберлігінің іргетасы қаланып және сабақ берудің алғашқы қадамы жасалады. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас мәдениеті қалыптасады.

**Отформатировано:** Справа: 0,63 см

Сабақ берудің әдіс-тәсілдерін жетілдіру, білім берудің сапасын көтеру өте маңызды.

Болашақ мұғалімнің сабақ беру шеберлігі мен оның сабақ беру үрдісіндегі кемшіліктері әрине, мамандық даярлау барысында қалыптасады. Сондықтан да мектептегі педагогикалық практика студенттер үшін де, тәлімгер ұстаздар үшін де өте жауапты.

ЖОО-да факультетінің оқу бағдарламасына сәйкес студенттер педагогикалық практикадан өтуге тиісті. Жұмыстың бұл ерекше де жауапты түрі студенттердің жоғарғы оқу орындарында алған теориялық білімдерін тәжірибе жүзінде тікелей қолдануға мүмкіндік береді.

Төменде мектепте өтетін педагогикалық практикаға байланысты негізгі мәліметтерді ұсынып отырмыз. Бұл жоғары оқу орындарының оқытушыларына, мектеп ұстаздарына және студенттерге де қажет деп есептейміз.

***Педагогикалық практиканың мақсаты:***

— Орта мектептің оқу үрдісіндегі жұмыс түрлерімен етене жақын танысу;

— Сабақ беру барысында жаңа әдіс-тәсілдермен танысу, игеру, жетілдіру, қолдану;

— Оқушылардың жас ерекшеліктерін және психологиялық жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін сабақта қолдану.

***Педагогикалық практиканың міндеті:***

— Болашақ тарихшы мұғалім және жастардың тәлімгерлерінің педагогикалық мамандық қызметінің қалыптасуына ықпалын тигізген университет студенттерінің оқу процесінің бір бөлігі болып табылады.

— Педагогикалық практика барысында алған теориялық білімдері мектептегі оқу үрдісінде практика түрінде іске асады.

— Тарих пәнінен сабақ беру барысында әдіс-тәсілдерді жетілдіре отырып, білім берудің негізгі міндеттері: білім беру, тәрбие беру, дамытушылық міндеттерді жүзеге асыру.

— Сабақ беру барысында сыныптар, бөлімдер, тараулар бойынша негізгі мақсатты нақтылау.

— Педагогикалық практика кезіндегі негізгі жұмыстың кезеңдерінің мақсатын нақтылау.

— Оқушылардың қабілеттерін ескере отырып, сабақ берудің мақсат-міндеттерін білім мазмұнына сәйкестендіру.

— Оқушылардың білім деңгейін бақылау, тексеру туралы әртүрлі тапсырмалар дайындау (тест, ауызша, жазбаша сұрақтар).

— Университеттен алған теориялық білімдерін ғылыми негізде тереңдету, бекіту. Оны практика барысында оқушылармен жүргізілетін оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану.

— Оқушылардың жас, жеке ерекшеліктерін, физиологиясын ескере отырып, педагогика, психология пәнінен алған білімдерін негізге ала отырып, оқу-тәрбие жұмысын жүргізуге үйрету.

— Оқушылардың танымдық қызметін арттыру мақсатымен сабақтың әртүрлі типтерін, әртүрлі әдіс-тәсілдермен өткізуге даярлау.

— Жеке оқушылармен, оқушылар ұжымымен жұмыс жүргізуге және сынып жетекшісінің қызметін атқаруға үйрету.

— Студенттерге педагогикалық кәсіпке деген сүйіспеншілікпен тұрақты қызығушылық, өздігінен шығармашылықпен ізденуге, практикалық білім алу қажеттілігіне тәрбиелеу.

— Оқушылардың денсаулығын қорғауға студенттерге дұрыс көзқарас қалыптастыру

***Студент практиканттардың міндеттері:***

— Студент практикант мектептің ішкі тәртібіне, мектеп директорының, практика жетекшісінің және мұғалімдер мен әдіскерлердің берген талаптарын орындауға міндетті.

— Практикант жұмыстың барлық түрлерін педагогикалық практика бағдарламасы көлеміндегі әрбір сабаққа, сыныптан тыс жұмыстарға жан-жақты даярлықпен келіп, өзінің еңбексүйгіштігімен, жұмысқа деген қабілетімен үлгі бола білуі керек.

— Практика барысында әр студент мектепте сабақ басталуын немесе тәрбие шараларының басталуынан 15 минут бұрын келіп, жетекшіден нұсқау алу керек. Практикант мектепте 6 сағаттан кем болмауы керек.

— Озық тәжірибе үйрену мақсатымен мектеп мұғалімдерінің сабағана қатысуы керек. Басқа топтас студенттердің сынақ сабақтарына қатысып, оны талдауға белсенді қатысуы керек.

— Студент практикант сабаққа кірмес бұрын міндетті түрде сабақ жоспарының конспектісін жасайды, оны пән мұғалімі тексеріп, әдіскер жетекшіге бекіттіреді. Бекітілмеген сабақ жоспарынсыз студент практикант сабаққа жіберілмейді және қанағаттанғысыз баға қойылады.

— Студент-практикант мектептің ішкі тәртіп ережелерін және практика жетекшісінің талаптарын бұзған жағдайда (әсіресе сабақ

Отформатировано: Справа: 0,63 см

өткізбей жіберген жағдайда, т.б.) практикадан босатылып, қанағаттанғысыз баға қойылады.

— Студент практиканың соңғы кезінде өзінің істеген жұмысының қорытынды есебін жазбаша түрде жазып және керекті құжаттармен бірге әдіскерге тапсырады.

— Педагогикалық практиканың 6 апта мерзімінде өтуі негізгі 2 кезеңнен тұрады.

**Бірінші кезеңде** практикант студент тарих пәні мұғалімінің оқу-әдістемелік жұмыс түрлерімен танысып, міндетті түрде белгілі бір сыныпқа жетекшілікке тағайындалады. Тарих пәні мұғалімінің басшылығымен жеке жоспар жасалынып, сабаққа қатысып, әдіс-тәсілдермен танысады. Сабақ беретін сынып оқушыларымен танысып, сабақ жоспарларын дайындайды.

**Екінші кезеңде** практикант студент өз бетімен тікелей сабақ беріп, мұғалім қызметін атқарады.

***Практикант студенттің жұмыс бағдарламасы***

**1-апта. І-кезең.**

1. Кафедра оқытушыларымен және студент практиканттармен біріккен мәслихат өткізіп, студенттерді педагогикалық практиканың бағдарламасымен таныстырып, олардың мақсат-міндеттерін таныстыру, құжаттарды толтыру тәртібімен (жұмыс күнделігі, есебі, т.б.) сынақ тапсырудың ерекшеліктерімен таныстыру. Студенттердің мектептерге бекітілуі және жұмыс жоспарын тиянақты талқылап, бекіту.

2. Мектеппен, мектеп әкімшілігі мен тарих пәні мұғалімдерімен, бекітілген сынып оқушыларымен, сынып жетекшілерімен танысу.

3. Әрбір практикант студенттің белгілі бір тарихшы пән мұғаліміне бекітілуі.

4. Тарих пәні мұғалімдерінің әдістемелік жұмыстарымен танысу.

5. Сабақ тақырыптарын бөліп, анықтап, сабақ жоспарының жобасын дайындап, жоспарын жазу.

6. Сабақтарға қатысу.

**2-6 апта. ІІ-кезең.**

1. Сабақ өткізу (15-18 сағат).
2. Педагогикалық практика күнделігін толтыру.
3. Тарих сабағының жоспарын (конспект) жасау.
4. Сынақ сабағын өткізу (сабақ, тәрбие сағаты).
5. Практикант студенттер сабағына қатысу (міндетті түрде).
6. Сабақты талқылауға қатысу.

Мектеппен танысу мақсатында педагогикалық практикаға 1-2 курс студенттері де барады. Бұл курстарға педагогикалық практика сабақтан тыс уақытта 6- күннен 10 күнге дейін созылады.

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің төменгі курстарға арналған мектеп күні бағдарламасын ұсынамыз.

***Мектеп күні бағдарламасы***

**І. Практиканың мақсаты:** студенттің мұғалім қызметінің әлеуметтік мәні мен оқушы тұлғасын қалыптастыруда әсерін түсінуі.

**1 курстағы үздіксіз педагогикалық практиканың міндеттері:**

— студенттерде мұғалім мамандығына деген қызығушылықты және жағымды қарым-қатынасқа тәрбиелеу;

— ҚР-ның жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайында қазіргі білім беру жүйесін реформалаумен болашақ мұғалімдерді таныстыру;

— әртүрлі типтегі оқу-тәрбие мекемелеріндегі тәрбие мен ғылыми-зерттеу жұмыстарына студенттердің іскерлігі мен дағдысын қаруландыру;

**1-күн — Жоғары оқу орындарындағы практика алдындағы конференция**

**1.** Практиканың мақсат-міндеттерімен таныстыру.

2. Педагогикалық практикаға байланысты құжаттарға қойылатын талаптармен таныстыру.

3. Студенттерге арналған топтық және жеке тапсырмаларды анықтау.

4. Мектептерге бөлу.

**ІІ. Педагогикалық практиканың әрбір күні бойынша мазмұны:** Мектепте екінші күннен оныншы күнге дейін (мектепте барлығы он күн).

**Мектепте 1-ші күні:**

1. Мектеппен танысу, мұғалімдермен, мектеп әкімшілігімен кездесу.

2. Студенттерді сыныптарға бөлу.

3. Сыныппен, сынып жетекшісімен танысу.

4. Мектептің, сыныптың тәрбие жұмыстарының жоспарымен, пән кабинеттерімен, лаборияториялық кабинеттермен, т.б. танысу.

**Мектепте 2-6-шы күндері:**

**Өз сыныбын танып білу:**

**Отформатировано:** Справа: 0,63 см

1. Өз сыныбындағы сабаққа күнделікті қатынасу (1-ші сабақтан 4-ші сабаққа дейін). Әрбір күн бойынша қорытынды күнделікке мәліметтің жазылып отырылуын жүзеге асыру; оқушылардың іс-әрекетінің қалай ұйымдастырылуы, әрбір сабақтағы мұғалімнің оқушылармен қатынасындағы кәсіби тұлға сапасының көрінуі (ұйымдастырушылық, қарым-қатынас, болжамдық және диагностикалық, т.б).

Жоғарғы курстарда өтетін педагогикалық практика мерзімі — 6-7 апта. Алдын ала мектеп пен университет арасында үш-бес жылға келісімшарт жасалады. Педагогикалық практикаға арнайы бұйрық шығарылып, студенттердің қай мектепке баратын уақыты жөнінде, жетекшілері мен факультет әкімшілігімен арнайы мәслихат өткізіледі. Сонымен қатар, педагогикалық практиканың соңында да жабылу мәслихаты өткізіліп, мектеп ұстаздары шақырылып, студенттер өз пікірлерін айтып, көрме ұйымдастырылып, әдіскерлер, кафедра меңгерушілері қатысып, үздік студенттер мен ұстаздарды, оқытушыларды мақтау қағазымен марапатталады.

Педагогикалық практика басталғаннан соң, бес-алты күн ішінде мектепке бөлінген жауапты оқытушы деканатқа төмендегідей кесте тапсырады. Өйткені педагогикалық практикаға факультет әкімшілігі де, кафедра меңгерушілері де жауапты екені түсінікті. Сондықтан олар студенттердің сабақтарына, сынақ сағаттарына, ашық сыныптан тыс сабақтарына қатысқаны жөн.

**Жауапты оқытушылар негізгі құжаттарын сәуірдің 10-на дейін, ал педагогикалық практиканың есебін педагогикалық практика біткен соң, үш күннің ішінде тапсыруы қажет.**

***Факультеттен бөлінген жауапты әдіскердің педагогикалық практика жөнінде деканатқа*** (немесе педпрактикаға жауапты адамға) ***өткізетін ісқағаздары***

**Кесте-нұсқа**

| | |
|---|---|
| Мектеп: | Университет: ҚазҰУ |
| Телефон: | |
| Мектептен жауапты мұғалім: | Жауапты оқытушы: |
| Аты-жөні: | Аты-жөні: |
| Телефон: | Телефон: |

***Мектептегі қоңырау кестесі:***

| **I-ауысым** | **II-ауысым** |
|---|---|
| 1) | 1) |
| 2) | 2) |
| 3) | 3) |
| 4) | 4) |
| 5) | 5) |
| 6) | 6) |

***Мектепке бөлінген студенттер***

| **№** | **Аты-жөні** | **Сынып жетекшісі** | **Сабақ беретін сыныптар** | **Бөлінген сағат саны** | **Сынып жетекшілігі** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

**I-ауысым**

**Студенттердің сабақ кестесі**

| | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** | **Сенбі** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | | | |
| 2. | | | | | | |
| 3. | | | | | | |
| 4. | | | | | | |
| 5. | | | | | | |
| 6. | | | | | | |

**II-ауысым**

**Студенттің сабақ кестесі**

| | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** | **Сенбі** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | | | |
| 2. | | | | | | |
| 3. | | | | | | |
| 4. | | | | | | |
| 5. | | | | | | |

**Отформатировано:** Справа: 0,63 см

| 6. | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|

**Студенттің ашық сабағы**

| № | Аты-жөні | Сыныбы | Сабақ тақырыбы | Күні, уақыты | Баға |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | | |
| 2 | | | | | |
| 3 | | | | | |
| 4 | | | | | |
| 5 | | | | | |

***Студент практиканттың күнделігі***

— Күнделік — аса маңызды құжат, онда практиканттың әр күні өткізген жұмыстары көрсетіледі.

— Күнделікте сол күні болған әртүрлі жұмыстың орындалу барысы көрсетіліп, жұмыс аяғында толтырылады.

— Күнделікте өткізілетін жұмыстың айы, күні көрсетілуі керек. Жұмысқа терең, толық сипаттама берілуі керек.

— Берілген сабақтар сол күні талданып, бағасы қойылуы керек. Баға сол топтың жетекші әдіскерімен, пән мұғалімімен бірге талданып қойылады.

Күнделік әдемі, сауатты, ұқыпты, нақты жазылады (үлгі):

| Орындалу мерзімі | Студенттің жүргізген жұмысының қысқаша мазмұны |
|---|---|
| | |
| | |
| | |

**Күнделіктің шенді беті** (титульный ) (үлгі)

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Тарих факультетінің педагогикалық практика жөнінде --------------- курс студенті

---

**Күнделігі**

Мектеп: --------------
Мекен-жайы: ------------
Мерзімі: «------» --------------«20_ж.» «--------» -------------«20_ж.»
Жауапты кафедра: ----------------------------
Жауапты әдіскер: -------------------------------
Педагогика кафедрасынан: ---------------------
Психология кафедрасынан: ---------------------
Мектеп директоры: ------------------------------
Оқу ісінің меңгерушісі: -----------------------
Тәрбие ісінің меңгерушісі: -------------------
Мектептегі пән мұғалімі: ---------------------
Сынып жетекшісі: -----------------------------

Алматы 20 __ жыл

***Практикант студенттің педагогикалық практика жөніндегі есебінің жобасы***

Практикант-студент: -------------------------------------------------------

Факультеті: --------------------------------- Тобы: -------------------------

--------------- күннен ------------------------------ күнге дейін---------- 20--- жылы педагогикалық практикадан өтті.

1. Педагогикалық практиканың жұмыс жоспарының орындалуы. Жоспардағы жұмыстан ауытқу болды ма, себебі қандай?

2. Жоспардан тыс қандай жұмыс жасалды, ерекшеліктері?

3. Өткізген сабақтар саны. Қатысқан сабақтар саны. Сабақ өткізу барысындағы жетістіктер мен кемшіліктер. Себебін түсіндіріңіз.

4. Педагогикалық практика кезінде қандай әдіс-тәсілдерді үйрендіңіз.

5. Педагогикалық практика жөнінде жалпы пікіріңіз. Практиканы ұйымдастыру және өткізу жөнінде сіздің ұсынысыңыз.

***Практика қорытындысы нәтижесінде студент білуі қажет:***

— Сабақ беру әдістерінің негізін;
— Сабақ беру технологиясының әдістерін жетілдіру жолдарын;
— Педагогикалық қызметтің әдіс-тәсілдерін;
— Әдістемелік әдебиеттерге шолу жасау, сабақтың әр түрін өткізу жолдарын дайындап алу;
— Оқушылардың сабақ үстіндегі шығармашылық қабілетін арттыру;

Отформатировано: Справа: 0,63 см

— Оқу әдістемелік жұмыста дағдыларын қалыптастыру;

— Жаңа технологияны, ақпараттық технологияны сабақ беру барысында қолдану.

***Педагогикалық практика соңында студенттердің тапсыратын құжаттары:***

1. Күнделік.
2. Үш сабақтың толық әртүрлі жоспарлары (хаттамасымен).
3. Сыныптан тыс сабақ жоспары (1).
4. Мектептен мінездеме.
5. Студенттің педагогикалық практика жөнінде есебі мен ұсыныс пікірі.

***Педагогикалық практикаға жауапты оқытушы әдіскер тапсыратын құжаттар***

(педагогикалық практиканың жабылу конференциясына дайын болуы қажет)

1. Студенттердіңісқағаздары (5).
2. Жауапты оқытушының педагогикалық практика жөніндегі есебі мен ұсыныс пікірі.
3. Мәлімет (педагогикалық практика жөнінде бухгалтерияға 3 күн ішіндеісқағаздарын өткізу қажет).

***Ескерту:***

1. Мектеп әкімшілігі тарапынан берілетін мінездемеге мектеп директорының, пән мұғалімінің, сынып жеткекшісінің қолы қойылып, мөр басылып, бағаланады.
2. Педагогикалық практиканың қорытынды бағасын әдіскер оқытушы және факультеттен педагогикалық практикаға жауапты оқытушы келісіп қояды.
3. Педагогикалық практика бағасы студенттің сынақ кітапшасына қойылады.
4. Күнделік жеке дәптерге толтырылады.
5. Практикант студенттің педагогикалық практика жөніндегі есебі, ұсынысы бөлек жазылады.

## *Жоғары оқу орындарының тарих факультетінің студенттері мен ұстаздарына арналған сұрақтар*

1. Мектепте тарихты оқыту әдістемесі пәнінің педагогикалық ғылымдар арасындағы орны.
2. Тарихты оқыту әдістемесінің ерекшеліктері.

3. Тарихты оқыту әдістемесінің негізгі әдіс-тәсілдері.

4. XX ғасыр басындағы тарихи білім беруге жалпы сипаттама.

5. Қазан төңкерісінен кейінгі тарихи білім беру ісінің дамуы.

6. Жеке басқа табыну және оның тарихи білім беруге тигізген зардаптары.

7. Тарихтың дербес курстарының енгізілуінің маңызы.

8. 60-80 жылдардағы тарихи білім берудегі жетістіктер мен кемшіліктер.

9. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының тарихи білім беру құрылымына ықпалы.

10. Тәуелсіз Қазақстанда тарихи білім беру мазмұнының қалыптасуы.

11. Тарихи білім берудің оқу-әдістемелік кешені.

12. Мектептің тарих оқулығы және оның құрауыштары.

13. Тарих сабағында әдістемелік және дидактикалық құралдарды пайдалану тәсілдері.

14. Оқулықпен жұмыс істеудің дағдылары және оны қалыптастырудың жолдары.

15. Мектеп оқулығына қойылатын талаптар және оның атқаратын қызметі.

16. Оқыту әдістері және олардың жіктелуі.

17. ҰОС қарсаңындағы КСРО-дағы тарихи білім беру.

18. Тарих сабағында қолданылатын оқыту әдістерінің ерекшеліктері.

19. Әдістемелік тәсілдер және олардың тарихи білім қалыптастырудағы рөлі.

20. Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы тарих оқулықтарының авторлары.

21. Тарихи материалды оқып-үйренудің негізгі тәсілдері.

22. Тарихи түсінік пен ұғым қалыптастырудың жолдары.

23. Тарихи терминдермен жұмыс жүргізудің әдістері.

24. Тарих сабағында әңгімелесу тәсілдерін қолдану жолдары.

25. Бейнелеу тәсілдері — тарихи білімдерді игеру көзі.

26. Басты тарихи деректер — тарихи танымның тірегі.

27. Теориялық оқу материалын оқып-үйренудің әдістері.

28. Тарихи білім берудегі үйірме, факультатив сабақтары.

29. Тарих сабағында оқушылардың ақыл-ой тәсілдері мен дағдыларын қалыптастырудың жолдары.

30. Оқушыларды ғылыми жоба бойынша дайындау ерекшеліктері.

**Отформатировано:** Справа: 0,63 см

31. Тарихи білімдерді игеруде ақпараттық технологияны қолдану.

32. Іскерлік пен дағдыларды қалыптастырудың әдістемесі.

33. Белгілі бір тақырыпқа жадынама түзу және сол бойынша тапсырма орындау әдісі.

34. Тарихты оқытудағы көрнекіліктің маңызы, түрлері.

35. «Ежелгі Қазақстан тарихы» курсында оқу картиналарын қолдану.

36. Тарих сабағында диаграмма дайындау және оны қолдану әдістері.

37. Телебағдарламаларды тарих сабағында қолдану жолдары.

38. Оқу фильмдерінің оқушылардың тарихи танымын арттырудағы рөлі.

39. Тарихи білім берудегі картографиялық құралдардың маңызы, тәсілдері.

40. Мектептегі пән бірлестігінің (кафедра) атқаратын қызметі, маңызы.

41. Кескін картамен жұмыс істеу ерекшеліктері.

42. Тарихи білім берудегі хронологияның маңызы.

43. Хронологиялық дағдылар қалыптастырудың әдістері.

44. Хронологиялық және синхрондық кестелер құрастырудың әдістемесі.

45. Тарих сабағында оқушылардың құжаттармен және дереккөздермен жұмысын ұйымдастыру.

46. Пән бірлестігінің жоспарының жасалуы.

47. Құжаттар мен дереккөздерінің түрлеріне сипаттама.

48. Тарих пәні сабағында құжаттар мен дереккөздерін қолдану.

49. Көркем шығарма — тарихи кезеңнің әдеби дерегі.

50. Тарих сабағында көркем шығармалармен жұмыс істеу әдістері.

51. Көркем шығармалардың тәрбиелік міндеттері.

52. Қазақ жазушыларының (3 дерек келтіреміз) тарихи романдары – аса құнды әдеби дерек.

53. Тарих сабағының типтері және оларды топтастыру.

54. Кіріспе және жаңа материалдарды игеру сабағының ерекшеліктері мен оған қойылатын талаптар.

55. Тарих пәнінен аралас сабақтың үлгі жоспарын жаса, ерекшелігі.

56. Сынып журналын толтыру ерекшеліктері.

57. Оқушылар білімін тексеру, есепке алу және бағалаудың тәсілдері.

58. Қайталау сабағына қойылатын талаптар.

59. Қорытынды қайталау сабағының үлгі жоспарын жаса.

60. Тарих сабағында оқытудың дербестендіру міндетін іске асырудың жолдары.

61. Тарих пәнінен семинар, зертханалық сабақ жүргізудің әдістері.

62. Жоғары сыныптарда тарих сабағын өткізудің әдістемелік ерекшеліктері.

63. Сабақ оқытудың деңгейлік түрлерін қолдану әдістемесі.

64. Тарих пәнінен өткізілетін мектеп дәрісі және оны ұйымдастырудың жолдары.

65. Жоғары сынып оқушыларын тарих тақырыбында баяндама, реферат дайындауға үйрету.

66. Қазіргі кездегі мектептен тыс оқыту жүйесінің құрылымы мен мазмұны.

67. Мектепте тарих пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері, түрлері.

68. Тарих сабағын бағалау шарттары.

69. Тарихтан пәндік олимпиадаға оқушыларды дайындау әдістері.

70. Тарихи өлкетану жұмыстарының негізгі бағыттары.

71. Мектеп мұражайын жасақтау технологиясы.

72. Мектептегі тарих кабинеті: мақсаты және қызметі.

73. Тарих кабинетін жабдықтау мен безендірудің жолдары, кабинет кітапханасы.

74. Сыныптан тыс жұмыстарды бағалау шарттары.

75. Тарих кабинетіндегі әдістемелік құралдар және дидактикалық материалдар тізбесі.

76. Тарих сабағы және оның түрлеріне сипаттама.

77. Тарих сабағының негізгі кезеңдері.

78. Тарих сабағындағы басты және қосалқы деректер.

79. Тарих сабағындағы мақсат қою тәсілдері.

80. Сабақ жоспарын жасау үлгісі.

81. Тарих сабағына дайындық кезеңдері.

82. Республикадағы білім беру жүйесінде тарих пәні мұғалімдерін дайындау (білім жетілдіру курсы, аттестация, категория).

**Отформатировано:** Справа: 0,63 см

83. Тарихшы мұғалімдерге қойылатын талаптар.

84. Мұғалімнің өзінің педагогикалық қызметіне өзі талдау жасап, баға беру.

85. Жас мұғалімнің педагогикалық қызметінде кездесетін кемшіліктер және оларды жою тәсілдері.

86. Тарихты оқытудағы жаңашылдықтың маңызы.

87. Бір сабақтың тірек конспектісін жаса.

88. Тарих сабағында модульдік технологияны қолдану тәсілдері.

89. Жаңашыл мұғалімдер және олардың педагогикалық әдістемелік тұжырымдамалары.

90. 1995 ж. ҚР Конституциясындағы халыққа білім беру мәселесі.

91. Күнтізбелік жоспар. Жасалу жолдары, ерекшелігі, міндеттері.

92. Мектептегі тарих апталығы.

93. Білім беру мәселесіндегі соңғы әдістер, мемлекеттік арнаулы қаулы-қарарлар.

94. Мұғалімнің өздігінен білім алуы.

95. Тарих сабағын бағалау шарттары.

***Тарихты оқыту әдістемесі пәні бойынша курстық жұмыс жазу шарттары***

**1. Титул (шенді, алғашқы) беті:** ЖОО-ның аты, курстық жұмыс, тақырыбы және қай сынып бойынша орындалғандығы жазылуы тиіс.

**2. Жоспары** міндетті түрде болуы керек.

**3. Кіріспе:** көлемі — 3 бет. Мұнда тақырыптың өзектілігі, мақсаты мен міндеті жазылады.

**4. Негізгі бөлім:** екі тараудан тұрады.

*1-тарау:* Әдебиеттерге шолу жасалынып, қолданылған әдіс-тәсілдері жазылады. Кем дегенде, үш деректік негіздемеден үзінді келтіріп, әр деректен соң ұсыныс-қорытынды жасау керек.

*2-тарау:* Үш сабақ жоспары жасалынып, деректерді сабаққа қалай пайдаланғаны және пайдалану ерекшелігі көрсетіледі.

**5. Қорытынды:** көлемі — 1-2 бет. Өз пікірі және ұсынысы жазылады.

**6. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі** 25-тен кем болмауы тиіс. Егер баспасөз материалдары пайдаланылса:

— басылым аты, шыққан күні, нөмірі, авторы, тақырыбы жазылады;
— мақаланы қандай мәселеге орай таңдап алынғандығы;
— мәселеге қатысты жерін таңдап, мазмұны берілуі керек;
— баяндалған оқиғаға өз тарапынан баға берілуі керек.

**7. Жұмыс көлемі** 15 (компьютерде басылса) - 25 (қолжазбамен) бет болуы керек.

Жұмыс ашылған жаңалығымен, деректі пайдалану ерекшелігімен, жасаған талдау, қорытындысымен, жазғанын жеткізе алуымен бағаланады.

Курстық жұмысқа пікір жазылуы керек. Пікір жазуда мыналар ескерілуі тиіс:
— деректердің, оқиғалардың толық әрі дұрыс баяндалуы;
— айтар ойдың сабақтастығы, байланыстылығы;
— тарихи терминдерді пайдалану және оларға түсінік беруі;
— карта, хронологияны және сандық мәліметтерді пайдалануы;
— сөз қолданысында қателердің болмауы.

## *Мұғалімнің теориялық дайындығы үшін тест сұрақтары*

**1. Деректер бойынша Қазақстан жерінде мұсылман мектептері мен медреселер қай ғасырдан бастап жұмыс істеген?**

A. VII-VIII ғ.ғ.
B. V-VI ғ.ғ.
C. III-IV ғ.ғ.
D. VIII-IX ғ.ғ.
E. VII-X ғ.ғ.

**2. VII-VIII ғ.ғ. Қазақстан жеріндегі мұсылман мектептері мына қалалардың қайсысында болған?**

A. Исфиджаб
B. Сығанақ
C. Саудакент
D. Алмалы



Отформатировано: Справа: 0,63 см

E. Түркістан

**3. Тарих пәні қай ғасырдан бастап медреселерде дербес пән болып енгізілді?**

A. XIX ғ.
B. XVIII ғ.
C. XVI ғ.
D. XV ғ.
E. XVII ғ.

**4. Медреселерде тарих пәнінің оқу жоспарына дербес пән болып енгізілуі қандай ғұлама ғалымның есімімен байланысты?**

A. әл-Фараби
B. Ұлықбек
C. Әбу Райхан Беруни
D. Мұхаммед Хайдар Дулати
E. Ахмет Яссауи

**5. Тарих оқу жоспарына енгеннен кейін алғашқы тарих оқулығын кім жазған?**

A. Ұлықбек
B. Мұхаммед Қайдар Дулати
C. Әбу Райхан Беруни
D. әл-Фараби
E. Ахмет Яссауи

**6. 1850 ж. Орынбор шекаралық комиссиясы жанынан ашылған қазақ мектебінде тарих пәніне аптасына неше сағат бөлінген?**

A. 1 сағат
B. 2 сағат
C. 3 сағат
D. 4 сағат
E. 5 сағат

**7. Қазақ тарихына материалдар іріктеп, оны оқытуға тұңғыш қадам жасаған кім?**

A. С.Аспандияров
B. Ж.Аймауытов
C. Ы.Алтынсарин

D. Е.Бекмаханов
E. Ш.Уәлиханов

**8. Ресей Халық ағарту министрлігі барлық мұсылман оқу орындарын өзіне бағындыру туралы қаулыны қашан қабылдады?**
A. 1874 ж.
B. 1877 ж.
C. 1887 ж.
D. 1897 ж.
E. 1898 ж.

**9. «Тарих — зиянды пән» деп есептеген XIX ғ. 60 жылдардағы Ресейдің оқу министрі**
A. Д.А.Толстой
B.  Д.А.Толстой
C. Д.И.Иловский
D. К.А.Иванов
E. И.В.Павлов

**10. XIX ғ. көп жылдар бойы «монархтар даналығын» оқытуға көп көңіл бөлген тарих пәні оқулығының авторы**
A.  Д.И.Иловский
B.  К.А.Иванов
C. В.О.Ключевский
D. П.Г.Виноградов
E. Д.А.Толстой

**11. Д.И.Иловскийдің оқулығын қатты сынап, «тарихты оқыту оқушылардың адамзаттық сезімін» оятуы тиіс деп, тарихты оқытуда материалдық бағыт ұстанған буржуазияшыл ғалымдар**
A. П.Г.Виноградов, Н.И.Кареев, С.Ф.Платонов
B. П.Г.Виноградов, М.Н.Покровский, Н.И.Кареев
C.  П.Г.Виноградов, С.Ф.Платонов, Н.А.Рожков
D. М.Н.Покровский, Н.А.Рожков, Н.И.Кареев
E. П.Г.Виноградов, Н.И.Кареев, Н.А.Рожков

**Отформатировано:** Справа: 0,63 см

**12. Тарихты оқытуда оқушыларды анализ, синтез, индукция, дедукция жасауға, қорытуға, салыстыруға үйрету қажет деп жазған ғалым**

A. Н.А.Рожков
B. М.Н.Коваленский
C. Н.И.Кареев
D. П.Г.Виноградов
E. С.Ф.Платонов

**13. «Тарихты оқытудың негізі — тарихи құжатпен жұмыс істеу» деп жазған XX ғ. басындағы ғалым, мұғалім**

A. Н.А.Рожков
B. К.А.Иванов
C. Д.А.Жаринов
D. Р.Ю.Виппер
E. С.Ф.Платонов

**14. Ресейде мектептерінде білім беруді жақсартуға әсер еткен «Вестник воспитания» журналы қай жылдан бастап шыға бастады?**

A. 1890 ж.
B. 1822 ж.
C. 1810 ж.
D. 1864 ж.
E. 1891 ж.

**15. «Мұғалім жұмысы», «Оқушы жұмысы» деген екі бөлімнен тұратын «Практическое руководство историка» (СПб, 1912 ж.) атты кітаптың авторы**

A. Н.А.Рожков
B. Д.А.Жаринов
C. Н.П.Покотило
D. Р.Ю.Виппер
E. К.А.Иванов

**16. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін «Тарихтың үлгі бағдарламалары» деген тұңғыш бағдарлама қай жылы шықты?**

A. 1932 ж.
B. 1922 ж.

C. 1929 ж.
D. 1920 ж.
E. 1921 ж.

**17. «Қоғамтану» пәні мектептің оқу жоспарына қай жылдары енгізілді?**
A. 1920 ж. бас кезі
B. 1930 ж. аяғы
C. 1930 ж. бас кезі
D. 1920 ж. аяғы
E. 1921 ж.

**18. Қазақ АКССР Халық Ағарту комиссариатының 1922 ж. бекіткен қазақ мектебінің үлгі жоспарларында неше пән енгізілді?**
A. 10 пән
B. 11 пән
C. 12 пән
D. 14 пән
E. 13 пән

**19. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін Қазақстанда мектепте тарих пәнін оқытуға қатысты пікірлерді алғаш айтқан кім?**
A. Ж.Аймауытов
B. А.Байтұрсынов
C. С.Сейфуллин
D. М.Жұмабаев
E. Е.А.Абишев

**20. Дүниежүзі тарихынан бұрын өз жұртының тарихын оқытудан бастаған жөн және 4-сыныпта әдебиетті, тарихты, жағрафияны біріктіріп (интеграциялық) оқыту қажет деп ұсыныс жасаған кім?**
A. Ж.Аймауытов
B. А.Байтұрсынов
C. С.Сейфуллин
D. М.Жұмабаев
E. Е.А.Абишев

Отформатировано: Справа: 0,63 см

**21. Жасөспірімдерге берілетін білімнің сапасын арттыру, олардың идеялық-саяси жағынан тәрбиелеу міндеттеріне жауап бере алатын «КСРО мектептеріндегі азаматтық тарихты оқыту туралы» қаулы қашан шықты?**

A. 1930 ж. 9 мамыр

B. 1928 ж. 22 қыркүйек

C. 1930 ж. 15 сәуір

D. 1934 ж. 15 мамыр

E. 1935 ж. 22 қыркүйек

**22. 1939 ж. қазақ тіліне аударылып, қазақ мектептері пайдаланған 3-4-сыныптарға арналған «КСРО тарихының қысқаша курсы» қашан жарыққа шыққан?**

A. 1936 ж.

B. 1935 ж.

C. 1939 ж.

D. 1937 ж.

E. 1938 ж.

**23. 1934 ж. Қазақ ССР тарихының бағдарламасы шығып, дүниежүзі тарихы сабақтарына қосымша 24 сағат Қазақ тарихы оқытылатыны ескертілді. Тіпті, көп ұзамай С.Аспандияровтың оқулығы да баспадан шыққан. Нәтижесі қандай болды?**

A. қаулы түгелімен жүзеге асты

B. қаулы тек ірі қала мектептерінде жүзеге асты

C. қаулы бағдарлама мен оқулық шығарудан аспады, курс мектептерде оқытылмады

D. Қазақстан тарихы жеке пән болып оқытылды

E. қаулы жүзеге аспады

**24. 40 ж. орта кезінде А.М.Панкратованың басшылық етуімен 8-10-сыныптарға арналған КСРО тарихынан оқулықтар шығып, қазақ тіліне аударылып, республика мектептеріне таратылды. Осы кітапқа Қазақстан тарихынан қанша материал енгізілген?**

A. жиырма шақты

B. қырық шақты

C. отыз шақты

D. он шақты
E. елу шақты

**25. XX ғ. 50 ж. соңына қарай тарих пәнін оқытудағы басты кемшілік**

A. шетелдер тарихынан хабары аз болды
B. туып өскен республикасының тарихын білмей шығады
C. қазіргі заман тарихынан да хабары аз болды
D. орта ғасырлар мен ежелгі дүние тарихы оқулықтарында едәуір артық материалдар болды
E. осылардың бәрі

**26. Тарих пәнін оқытудағы кеңес кезіндегі ең басты кемшіліктер**

A. коммунистік идеология
B. әр ұлттың өз тарихын оқытуға жол бермеу, евроцентристік, орыстандыру саясатын дәріптеу
C. оқушының, тұлғаның мүддесін ескермеу
D. жалған патриотизм
E. осылардың бәрі

**27. XX ғ. 90 ж. Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін реформалау басталды. Мұның өзі орта білім беру саласында түбірлі өзгерістер жасауға жол ашты. Ол қандай өзгеріс?**

A. оқытудың мақсатындағы өзгеріс
B. адамзат жинаған тәжірибедегі құндылықтарды оқытып үйрету
C. өркениеттегі және мәдениеттегі құндылықтарды оқып үйрету
D. осылардың бәрі
E. оқытудың мазмұнындағы өзгеріс

**28. XX ғ. 90 ж. басынан, яғни Қазақстан тарихының дербес пән болып оқытылғаннан бері оның мазмұнындағы басты ұстаным**

A. Қазақстан тарихын евроцентристікпен құтқару
B. Қазақстан тарихын ресейцентристікпен құтқару
C. Қазақстан тарихының білім мазмұнының ұлттық болуы
D. Осылардың бәрі
E. Жасөспірімдерді елжандылыққа тәрбиелеу

Отформатировано: Справа: 0,63 см

**29. 1980 ж. аяғында КСРО-дағы қайта құруларға байланысты Қазақстан тарихы мектептің оқу жоспарына дербес пән болып енгізілді. Осы жылдардағы 7-8-сыныптардағы Қазақстан тарихы оқулығының авторы, қарапайым мектеп мұғалімі.**

A. Р.Сәуенова
B. Қ.Имантаева
C. Д.Бабаев
D. С.Ахметова
E. Ә.Көпекбай

**30. 1980 ж. аяғында КСРО-дағы қайта құруларға байланысты Қазақстан тарихы мектептің оқу жоспарына дербес пән болып енгізілді. Осы жылдардағы 5-сыныптағы «Қазақ елінің қысқаша тарихы» оқулығының авторы, ғылым докторы**

A. Т.Тұрлығұл
B. Ж.Қасымбаев
C. М.Қозыбаев
D. Н.Күнқожаев
E. Б.Аяған

**31. 1980 ж. аяғында КСРО-дағы қайта құруларға байланысты Қазақстан тарихы мектептің оқу жоспарына дербес пән болып енгізілді. Осы жылдардағы 9-сыныптағы «Қазақстан тарихы» оқулығының авторы, ғылым докторы**

A. Т.Тұрлығұл
B. Ж.Қасымбаев
C. К.Нұрпейісов
D. Б.Аяған
E. Ә.Төлебаев

**32. 1980 ж. аяғында КСРО-дағы қайта құруларға байланысты Қазақстан тарихы мектептің оқу жоспарына дербес пән болып енгізілді. Осы жылдардағы 10-сынып «Қазақстан тарихы» оқулығының авторы, ғылым докторы**

A. Ж.Қасымбаев, Н.Күнқожаев
B. М.Қозыбаев
C. К.Нұрпейісов, Б.Аяған
D. Т.Тұрлығұл, Ә.Құдайбергенов
E. Қ.Атабаев

**33. 1980 ж. аяғында КСРО-дағы қайта құруларға байланысты Қазақстан тарихы мектептің оқу жоспарына дербес пән болып енгізілді. Осы жылдардағы 11-сынып «Қазақстан тарихы» оқулығының авторы, ғылым докторы**

A. К.Нұрпейісов
B. Т.Тұрлығұл
C. Ж.Қасымбаев
D. Б.Аяған
E. Н.Күнқожаев

**34. 1980 ж. аяғында КСРО-дағы қайта құруларға байланысты Қазақстан тарихы мектептің оқу жоспарына дербес пән болып енгізілді. Осы жылдардағы 11-сыныптағы «Адам және қоғам» оқулығының авторы, ғылым докторы**

A. Ж.Қасымбаев
B. Т.Тұрлығұл
C. М.Қозыбаев
D. Н.Күнқожаев
E. Қ.Жүкеш

**35. Қазақстан тарихы пәні мазмұнының ұлттық (халықтық) дереккөздері**

A. әдебиет, халық ауыз әдебиеті
B. тұрмыс-салт жырлары, ертегілер, батырлар жыры
C. мақал-мәтелдер
D. осының бәрі
E. айтыстар

**36. Қазақстан тарихын оқытудың ғылыми-педагогикалық, әдістемелік негіздері болып табылатын Абайдың шығармасы**

A. Философтардың қойған сауалдарына жауаптар
B. «Қазақ хрестоматиясы»
C. Ғақлия
D. «Педагогика»
E. «Қабуснама»

**37. Қазақстан тарихын оқытудың ғылыми-педагогикалық, әдістемелік негіздері болып табылатын М.Жұмабаевтың шығармасы**

A. Философтардың қойған сауалдарына жауаптар

Отформатировано: Справа: 0,63 см

B. «Педагогика»
C. Ғақлия
D. «Қазақ хрестоматиясы»
E. «Қабуснама»

**38. Қазақстан тарихын оқытудың психологиялық негізі болып табылатын Әбу-Насыр әл-Фарабидің еңбегі**
A. «Жан туралы, ақыл және ұғым»
B. «Құтты білік»
C. «Әліппе – таңбалар жұмбағы»
D. «Психология»
E. «Педагогика және психология»

**39. Қазақстан тарихын оқытудың психологиялық негізі болып табылатын Ж.Аймауытовтың еңбегі**
A. «Жан туралы, ақыл және ұғым»
B. «Құтты білік»
C. «Әліппе – таңбалар жұмбағы»
D. «Психология»
E. «Педагогика және психология»

**40. Қазақстан тарихын оқытудың психологиялық негізі болып табылатын Жүсіп Баласағұнның еңбегі**
A. «Жан туралы, ақыл және ұғым»
B. «Құтты білік»
C. «Әліппе – таңбалар жұмбағы»
D. «Психология»
E. «Педагогика және психология»

**41. Кеңес үкіметі тұсында, әсіресе Ұлы Отан соғысынан кейін Қазақстанда психология ғылымының дамуына үлес қосқан ғалым**
A. Төлеген Тәжібаев
B. Құбығұл Жарықбаев
C. Жәмилә Намазбаева
D. Күләш Бектаева
E. Роза Айтжанова

**42. Тарихи білімді меңгеру тарихи деректі оқып-үйренуден басталады. Дерек дегеніміз –**

A. тарихи ұғымдар жүйесін меңгеру
B. тарихта болып өткен оқиға
C. тарихтың даму заңдылықтарын ашып көрсету
D. көптеген заңдардың әрекетінің нәтижесі
E. осылардың бәрі

**43. Жаңа материалды оқып үйренуге және оны саналылықпен меңгеруге шамамен неше минутқа дейін уақыт бөлуге болады?**
A. 15-20 минут
B. 20-25 минут
C. 25-30 минут
D. 10-12 минут
E. 8-10 минут

**44. Бастауыш мектепті бітіріп, 5-сыныпта тарих пәнін оқуға кіріскен оқушы минутына қанша сөзді шапшаң, дұрыс, мәнерлеп оқи алуы тиіс**
A. 90-140 сөз
B. 90-100 сөз
C. 90-80 сөз
D. 90-110 сөз
E. 80-90 сөз

**45. Орта мектепте семинар сабағын жүргізудің ерекшелігі қандай?**
A. оқушылар деректерді өз бетімен оқып үйренеді
B. барлық оқушы өз бетімен жұмыс істеуі қажет
C. ұжымдық талқылау жүзеге асады
D. осылардың бәрі
E. оқушылардың шығармашылық жұмысы

**46. Сабақ беру барысында қойылатын міндеттердің ішіндегі ең негізгі үшеуін атаңыз?**
A. білімділік, тәрбиелік, дамытушылық
B. білімділік, ғылымилық, патриоттық
C. тәрбиелік, патриоттық, эстетикалық
D. дамытушылық, тәрбиелік, патриоттық
E. тәрбиелік, эстетикалық, ғылымилық

Отформатировано: Справа: 0,63 см

**47. Сабақ беру барысында иллюстрациялық түсіндіру әдісі дегеніміз –**

A. мұғалімнің ауызша баяндауында әңгімелеп тұрып пайдаланатын қосымша құралдар

B. оқушылар мұғалімнің басшылығымен ол оқытып-үйреткен білімді өздігінше бірнеше рет және әртүрлі жағдайда еске түсіру

C. оқушылар алдына проблема қойып, оның шешілуі туралы ғылыми болжам жасап, соған жетудің әртүрлі жолдарын, нұсқаларын ұсынады

D. оқушыларды бірте-бірте белгілі бір проблемаларды өздігінше шеше алу дәрежесіне дейін жеткізуді көздейді

E. осылардың бәрі

**48. Тарихи құжат, деректерді сабақта пайдаланғанда қандай әдістемелік жолдар мен тәсілдер маңызды болып саналады?**

A. мұғалім өзі әңгімелеп тұрған мәселе, оқиға бойынша тарихи құжаттардың мазмұнын өз әңгімесіне қосып айтады

B. шағын үзінді оқып, сол оқиғаның, құбылыстың мәнін, сипатын, ерекшелігін ашып, қорытынды жасап, баға берілуі тиіс

C. тарихи құжаттармен оқушылардың сыныпта өздігінен атқаратын жұмыстары

D. осылардың бәрі

E. алдын-ала тапсырма беру арқылы

**49. Тарих сабағында қолданылатын көрнекі құралдардың төрт тобы**

A. тарих оқулықтарындағы және басқа да иллюстрациялар

B. шартты-графикалық көрнекі құралдар

C. техникалық құралдар

D. осының бәрі

E. қосымша иллюстрациялар

**50. Өткен ғасырдың 90 ж. Англияда қабылданған мектеп реформасы бойынша мектеп ерекшелігі қандай болады?**

A. алты жылдық бастауыш, бес жылдық орта саты

B. алты не сегіз жылдық бастауыш, төрт не алты жылдық кіші орта мектеп

C. төрт жылдық бастауыш, алты жылдық орта мектеп

D. бес жылдық бастауыш, бес жылдық орта мектеп
E. осылардың бәрі тәжірибе ретінде қолданылды

**51. Педагогикалық инновация дегеніміз –**
A. білім беру жүйесіндегі өзгерістерді, жаңашылдықтарды қамтиды
B. адамның іс-әрекетінде, ойлау қызметінде маңызды өзгерістердің болуы
C. жаңалық жасау, оны іске асыру, басқаларға тарату
D. осылардың бәрі
E. білім беру жүйесіндегі жаңашылдық

**52. Оқушыларға деңгейлі тапсырма беру барысы неше деңгейден тұрады?**
A. бір
B. екі
C. үш
D. төрт
E. бес

**53. Көпшілік алдында сөйлеу кезіндегі мұғалім жадынамасының негізгісі**
A. есте сақтайтын нәрсенің түсін ой елегінен өткіз
B. айтарың болсын, айта біл, айтып үлгере біл
C. не айтасың, қандай әдіспен айтасың, қанша уақыт айтасың
D. осының бәрі
E. айтып үлгере біл

**54. Жалпы білім беретін мекемелерде оқушыларды оқыту жағдайына арналған гигиеналық талаптарға сәйкес оқу бөлмесінің көлемі әр оқушыға қанша мөлшерде белгіленген?**
A. 2,5 кв м.
B. 3,5 кв м.
C. 2 кв м.
D. 1,5 кв м.
E. 4 кв м.

**55. Жалпы білім беретін мекемелерде оқушыларды оқыту жағдайына арналған талаптарға сәйкес оқу бөлмесіндегі бірінші парта мен тақта арасының мөлшері**



Отформатировано: Справа: 0,63 см

A. 2,4-2,7 м.
B. 2,5-3,0 м.
C. 2,0-2,2 м.
D. 1,5-2,0 м.
E. 20-2,5 м.

**56. Жалпы білім беретін мекемелерде оқушыларды оқыту жағдайына арналған талаптарға сәйкес оқу бөлмесіндегі тақта мен соңғы парта арасының мөлшері**

A. 500 см. артық емес
B. 860 см. артық емес
C. 900 см. артық емес
D. 760 см. артық емес
E. 800 см. артық емес

**57. Жалпы білім беретін мекемелерде оқушыларды оқыту жағдайына арналған гигиеналық талаптарға сәйкес оқу бөлмесіндегі тақтаның төменгі жағы еденнен қанша мөлшерде орналасуы қажет?**

A. 50-60 см.
B. 90-100 см.
C. 80-90 см.
D. 40-50 см.
E. 100-120 см.

**58. Климаттық жағдайға сәйкес сынып, оқу бөлмесі, зерт-ханаларда ауа температурасының мөлшері**

A. 15-17° C
B. 18-20°C
C. 20-25°C
D. 16-18°C
E. 21-23°C

**59. Климаттық жағдайға сәйкес спорт залдың киім ауысты-ратын бөлмесінде ауа температурасының мөлшері**

A. 19-20°C
B. 18-22°C
C. 19-23°C
D. 23-25°C

E. 16-18°C

**60. Оқу бөлмелеріне табиғи жарық еркін және біркелкі түсу үшін ағаштарды және бұталарды қанша метр қашықтықта отырғызу қажет?**

A. ағаштарды 10 м., бұталарды 3 м.
B. ағаштарды 15 м., бұталарды 5 м.
C. ағаштарды 8 м., бұталарды 5 м.
D. ағаштарды 15 м., бұталарды 3 м.
E. ағаштарды 5 м., бұталарды 10 м.

**61. Техникалық құралдарды сабақта қолдану ұзақтығы (диафильм, диапозитив қолданғанда) 1-2-сынып үшін қанша минут?**

A. 20-25 мин.
B. 15-20 мин.
C. 7-15 мин.
D. 10-20 мин.
E. 3-5 мин.

**62. Техникалық құралдарды сабақта қолдану ұзақтығы 3-4-сыныптар үшін қанша минут?**

A. 20-25 мин.
B. 15-20 мин.
C. 7-15 мин.
D. 10-20 мин.
E. 10-15 мин.

**63. Техникалық құралдарды сабақта қолдану ұзақтығы 5-7-сыныптар үшін қанша минут?**

A. 20-25 мин.
B. 15-20 мин.
C. 7-15 мин.
D. 10-20 мин.
E. 30-35 мин.

**64. Сабақта кинофильм қолданғанда 1-2-сыныптар үшін көру ұзақтығы қанша минут?**

A. 7-15 мин.
B. 15-30 мин.

Отформатировано: Справа: 0,63 см

C. 20-25 мин.
D. 35-40 мин.
E. 25-30 мин.

**65. Сабақта кинофильм қолданғанда 3-4-сыныптар үшін көру ұзақтығы қанша минут?**

A. 15-20 мин.
B. 15-30 мин.
C. 20-25 мин.
D. 25-30 мин.
E. 10-15 мин.

**66. Сабақта кинофильм қолданғанда 5-7-сыныптар үшін көру ұзақтығы қанша минут?**

A. 15-20 мин.
B. 15-30 мин.
C. 20-25 мин.
D. 25-30 мин.
E. 10-15 мин.

**67. Сабақта кинофильм қолданғанда 8-11-сыныптар үшін көру ұзақтығы қанша минут?**

A. 25-30 мин.
B. 15-20 мин.
C. 15-30 мин.
D. 20-25 мин.
E. 40 мин.

**68. Телехабар қолданғанда 1-2-сыныптар үшін көру ұзақтығы қанша минут?**

A. 15 мин.
B. 20 мин.
C. 20-25 мин.
D. 25-30 мин.
E. 5 мин.

**69. Телехабар қолданғанда 3-4-сыныптар үшін көру ұзақтығы қанша минут?**

A. 15 мин.
B. 20 мин.

C. 20-25 мин.
D. 25-30 мин.
E. 10 мин.

**70. Телехабар қолданғанда 5-7-сыныптар үшін көру ұзақтығы қанша минут?**
A. 15 мин.
B. 20 мин.
C. 20-25 мин.
D. 25-30 мин.
E. 35 мин.

**71. Телехабар қолданғанда 9-11-сыныптар үшін көру ұзақтығы қанша минут?**
A. 15 мин.
B. 20 мин.
C. 20-25 мин.
D. 25-30 мин.
E. 35-40 мин.

**72. Апта ішінде техникалық құралдарды пайдалану бастауыш сыныптарда қанша сабақтан аспауы керек?**
A. 1-2 сабақ
B. 3-4 сабақ
C. 4-6 сабақ
D. 6-8 сабақ
E. 5-7 сабақ

**73. Апта ішінде техникалық құралдарды пайдалану жоғарғы сыныптарда қанша сабақтан аспауы керек?**
A. 1-2 сабақ
B. 3-4 сабақ
C. 4-6 сабақ
D. 6-8 сабақ
E. 10-12 сабақ

**74. Соңғы сабақ пен факультатив сабақтың арасында қанша минут үзіліс болуы қажет?**
A. 30 мин.
B. 35 мин.

**Отформатировано:** Справа: 0,63 см

C. 40 мин.
D. 45 мин.
E. 25 мин.

**75. Оқушыларға берілетін үй тапсырмасы 1-сыныпта жарты жылдықта берілмейді, ал екінші жарты жылдықта үй тапсырмасының көлемі қанша?**

A. 1 сағат
B. 2 сағат
C. 1,5 сағат
D. 2,5 сағат
E. 3 сағат

**76. 2-сыныпта оқушыларға берілетін үй тапсырмасының көлемі**

A. 1 сағат
B. 2 сағат
C. 1,5 сағат
D. 2,5 сағат
E. 3,5 сағат

**77. 3-4-сыныпта оқушыларға берілетін үй тапсырмасының көлемі**

A. 2 сағат
B. 2,5 сағат
C. 3 сағат
D. 4 сағат
E. 3,5 сағат

**78. 7-8-сыныпта оқушыларға берілетін үй тапсырмасының көлемі**

A. 2 сағат
B. 2,5 сағат
C. 3 сағат
D. 4 сағат
E. 5 сағат

**79. 9-11-сыныпта оқушыларға берілетін үй тапсырмасының көлемі**

A. 2 сағат
B. 2,5 сағат

C. 3 сағат
D. 4 сағат
E. 3,5 сағат

**80. Қай уақыттары мектеп жасындағы балалардың жұмыс қабілетінің жоғары деңгейі байқалады?**
A. 8-10 сағ.
B. 10-12 сағ.
C. 11-13 сағ.
D. 15-17 сағ.
E. 17-18 сағ.

**81. Оқу кабинетінің пайдалану ережесіне сәйкес оқу кабинеті сабақ басталардан қанша минут бұрын ашылуы қажет?**
A. 20 мин.
B. 30 мин.
C. 10 мин.
D. 15 мин.
E. 5 мин.

**82. Ұстаз сөзінің анықтамасын оқушы қалай түсіндіреді?**
A. Ұстамды, ұқыпты, ұлағатты
B. Сабырлы, салмақты, талапты, тәрбиелі, тәлімгер
C. Ақылды, адамгершілік иесі
D. Осылардың бәрі
E. Зиялы қауым өкілі

**83. Оқушылардың білімін бағалау нормативтері бойынша қоғамдық пәндер аясында «5» деген баға**

A. Тақырыпты терең ұғынып, өте жақсы түсінген, мәселені өзіндік ой-тұрғысынан талдай білетін, ойын жүйелі баяндайтын, тілі бай әрі арнайы термин тілінде сөйлей алатын, қорытынды пікірі бар тиянақты оқушыға қойылатын баға.

B. Негізінен, тақырып дұрыс ашылса, қажетті қорытындылар мен түйіндеулер дұрыс жазылса, ойын баяндауда бірен-саран дәлсіздіктер жіберілсе, ой-өрісінің шамалы бұзылуы байқалса қойылатын баға.

C. Тақырыптан айтарлықтай ауытқыған болса, материалды баяндау негізінен дұрыс, бірақ жекелеген деректердің дәлсіздіктері кездессе, сөздік қоры жұтаң, сөйлем құрылымы біркелкі болса, терминдік қоры аз болса қойылатын баға.

Отформатировано: Справа: 0,63 см

D. Тақырып мазмұны ашылмаған, көптеген деректер қате болса, баяндау жүйесі бұзылса қойылатын баға.

E. Тақырыпты мүлдем меңгермеген оқушыға қойылатын баға.

**84. Оқушылардың білімін бағалау нормативтері бойынша қоғамдық пәндер аясында «4» деген баға**

A. Тақырыпты терең ұғынып, өте жақсы түсінген, мәселені өзіндік ой-тұрғысынан талдай білетін, ойын жүйелі баяндайтын, тілі бай әрі арнайы термин тілінде сөйлей алатын, қорытынды пікірі бар тиянақты оқушыға қойылатын баға.

B. Негізінен, тақырып дұрыс ашылса, қажетті қорытындылар мен түйіндеулер дұрыс жазылса, ойын баяндауда бірен-саран дәлсіздіктер жіберілсе, ой-өрісінің шамалы бұзылуы байқалса қойылатын баға.

C. Тақырыптан айтарлықтай ауытқыған болса, материалды баяндау негізінен дұрыс, бірақ жекелеген деректердің дәлсіздіктері кездессе, сөздік қоры жұтаң, сөйлем құрылымы біркелкі болса, терминдік қоры аз болса қойылатын баға.

D. Тақырып мазмұны ашылмаған көптеген деректер қате болса, баяндау жүйесі бұзылса қойылатын баға.

E. Тақырыпты мүлдем меңгермеген оқушыға қойылатын баға.

**85. Оқушылардың білімін бағалау нормативтері бойынша қоғамдық пәндер аясында «3» деген баға**

A. Тақырыпты терең ұғынып, өте жақсы түсінген, мәселені өзіндік ой-тұрғысынан талдай білетін, ойын жүйелі баяндайтын, тілі бай әрі арнайы термин тілінде сөйлей алатын, қорытынды пікірі бар тиянақты оқушыға қойылатын баға.

B. Негізінен, тақырып дұрыс ашылса, қажетті қорытындылар мен түйіндеулер дұрыс жазылса, ойын баяндауда бірен-саран дәлсіздіктер жіберілсе, ой-өрісінің шамалы бұзылуы байқалса қойылатын баға.

C. Тақырыптан айтарлықтай ауытқыған болса, материалды баяндау негізінен дұрыс, бірақ жекелеген деректердің дәлсіздіктері кездессе, сөздік қоры жұтаң, сөйлем құрылымы біркелкі болса, терминдік қоры аз болса, қойылатын баға.

D. Тақырып мазмұны ашылмаған, көптеген деректер қате болса, баяндау жүйесі бұзылса қойылатын баға.

E. Тақырыпты мүлдем меңгермеген оқушыға қойылатын баға.

**86. Оқушылардың білімін бағалау нормативтері бойынша қоғамдық пәндер аясында «2» деген баға**

A. Тақырыпты терең ұғынып, өте жақсы түсінген, мәселені өзіндік ой-тұрғысынан талдай білетін, ойын жүйелі баяндайтын, тілі бай әрі арнайы термин тілінде сөйлей алатын, қорытынды пікірі бар тиянақты оқушыға қойылатын баға.

B. Негізінен, тақырып дұрыс ашылса, қажетті қорытындылар мен түйіндеулер дұрыс жазылса, ойын баяндауда бірен-саран дәлсіздіктер жіберілсе, ой-өрісінің шамалы бұзылуы байқалса қойылатын баға.

C. Тақырыптан айтарлықтай ауытқыған болса, материалды баяндау негізінен дұрыс, бірақ жекелеген деректердің дәлсіздіктері кездессе, сөздік қоры жұтаң, сөйлем құрылымы біркелкі болса, терминдік қоры аз болса қойылатын баға.

D. Тақырып мазмұны ашылмаса, көптеген деректер қате болса, баяндау жүйесі бұзылса қойылатын баға.

E. Тақырыпты мүлдем меңгермеген оқушыға қойылатын баға.

**87. Оқушылардың білімін бағалау нормативтері бойынша қоғамдық пәндер аясында «1» деген баға**

A. Тақырыпты терең ұғынып, өте жақсы түсінген, мәселені өзіндік ой-тұрғысынан талдай білетін, ойын жүйелі баяндайтын, тілі бай әрі арнайы термин тілінде сөйлей алатын, қорытынды пікірі бар тиянақты оқушыға қойылатын баға.

B. Негізінен, тақырып дұрыс ашылса, қажетті қорытындылар мен түйіндеулер дұрыс жазылса, ойын баяндауда бірен-саран дәлсіздіктер жіберілсе, ой-өрісінің шамалы бұзылуы байқалса қойылатын баға.

C. Тақырыптан айтарлықтай ауытқыған болса, материалды баяндау негізінен дұрыс, бірақ жекелеген деректердің дәлсіздіктері кездессе, сөздік қоры жұтаң, сөйлем құрылымы біркелкі болса, терминдік қоры аз болса қойылатын баға.

D. Тақырып мазмұны ашылмаса, көптеген деректер қате болса, баяндау жүйесі бұзылса қойылатын баға.

E. Тақырыпты мүлдем меңгермеген оқушыға қойылатын баға.

**88. «Тарихты білмей — өткенді, қазіргі жағдайды, келешекті болжау қиын» деген қай ғұлама?**

A. әл-Фараби

**Отформатировано:** Справа: 0,63 см

B. А.Байтұрсынов
C. Ы.Алтынсарин
D. С.Көбеев
E. Е.Бекмаханов

**89. «Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы — тарих» деген қай ғұлама?**
A. әл-Фараби
B. А.Байтұрсынов
C. Ы.Алтынсарин
D. С.Көбеев
E. Е.Бекмаханов

**90. Қазақстан тарихын оқып үйренудің қажеттігі туралы «Әрбір азамат тарих қойнауына ойша тереңдеу арқылы өзінің ата-бабалары қалдырған осындай кең байтақ жердің лайықты мұрагері болуға ұмтылсын» деген сөзді кім айтқан?**
A. Н.Назарбаев
B. Ы.Алтынсарин
C. әл-Фараби
D. А.Байтұрсынов
E. Е.Бекмаханов

**91. XIX ғасырдың ортасында ауылдың діни мектептерінде оқу-тәрбие жұмысының төменгі дәрежеде екенін қатты сынаған белгілі ғұламалар**
A. Абай, Шоқан, Ыбырай
B. Әбу Райхан Беруни
C. А.Яссауи
D. М.Қашқари
E. Ұлықбек

**92. «Қазақ хрестоматиясы» атты еңбегінің екінші бөліміне қазақ тарихынан мақалалар таба алмай отырмын» деп Н.И.Ильминскийге хат жазған кім?**
A. Абай
B. Шоқан
C. Ыбырай
D. Шәкәрім

E. С.Көбеев

